

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРЛІГІ
МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІНІҢ
«САРАЙШЫҚ» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ**

САРАЙШЫҚ ОҚУЛАРЫ-2023:
Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары

Сарайшық, 2023 ж.

ӘОЖ 94(574) (063)
КБЖ 63.3 (5 Қаз)
Т77

Жауапты редактор

Ә.Қ. Мұқтар - тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК директоры

Редакциялық алқа

А.Қ. Ахмет – т.ғ.д., профессор, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАҚ

У.Т. Ахметова – т.ғ.д., профессор, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАҚ

Ж.Ж. Мұстафин – т.ғ.к., профессор

Ж.К. Диярова – магистр, «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК директоры орынбасары

А. Тұрарұлы - «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК бас инспекторы

А.Ж. Жумабаев – магистр, «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК ғалым хатшысы

САРАЙШЫҚ ОҚУЛАРЫ-2023: Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары (17 мамыр, 2023 жыл) / Жалпы ред. басқ. Ә.Қ.Мұқтар. - Атырау-Сарайшық, 2023. – 260 б.

ISBN 978-9965-23-621-1

Жинақ 2023 жылғы 17 мамырда республикалық санаттағы тарих және мәдениет ескерткіші – ортағасырлық Сарайшық қаласының даму тарихын, оның өзге өңірлермен байланысын зерттеу, жаңа деректермен толықтыру мақсатында ұйымдастырылған «Сарайшық оқулары-2023» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарынан құралған. Жинақта тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін қорғаудағы өзекті мәселелер, Ұлық Ұлыс тарихы және Қазақстандағы зерттеулер, Ұлық Ұлыс аумағындағы халықтардың этнографиясы, Қазақстандағы және көршілес елдердегі археология: нәтижелері және келешегі, Ұлық Ұлыс тарихының білім беру саласында оқытылуы және Қазақстандағы музей ісін дамыту, туристік саладағы орны мәселелеріне баса назар аударылады. Басылым тарихшыларға, мектеп мұғалімдеріне, өлкетанушыларға, студенттерге, оқушыларға және ғылыми көпшілікке арналған.

Ескеру: Мақалалар мен баяндамалардың мазмұны мен мәтініне жинақты дайындап, шығарушы жақ жауап бермейді.

ӘОЖ 94(574) (063)
КБЖ 63.3 (5 Қаз)
Т77

ISBN 978-9965-23-621-1

© «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК, 2023

АЛҒЫ СӨЗ

Әбілсейіт Қапизұлы Мұқтар
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының
директоры

Құрметті конференцияға қатысушылар!

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК ұйымдастырып отырған «ІІ Сарайшық оқулары - 2023» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысып отырған ғалымдарға, тарихшы-өлкетанушыларға, мектеп ұстаздарына, оқушыларға барша тарихтың жанашырларына шын жүректен ыстық ықыласымдыз білдіреміз. Бүгінгі конференция «Сарайшық» музей-қорығы республикалық кәсіпорны болғаннан бері 2019, 2020, 2021 жылдары өткізілген «Туған өлкені зерттеу: оның маңызы және басым бағыттары», 2022 жылы өткізілген «І Сарайшық оқулары -2022» атты республикалық конференцияның жалғасы. Конференцияның басты мақсаты көне Сарайшықты республикалық деңгейде насихаттау, ортағасырлық қаланың даму тарихын, оның өзге тарихи ескерткіштермен байланыстарын зерттеу, жаңа деректермен толықтыру, өлкетану мәселелерін зерделеу.

Ұлық Ұлыс – көшпелілер мен отырықшылықты ұштастырған, түркілер арасында қалалық мәдениетті жоғары деңгейде өркендеткен мемлекет болды. Сол қалалардың бірегейі - Сарайшық – Ұлық Ұлыс хандары мен қазақтың әйгілі Қасым ханы билік құрып, мүрделері жатқан киелі топырақ. Бүгінде Сарайшықты көруге, зиярат етуге еліміз бен шетелдерден сан мыңдаған туристері келіп кетеді. Ағымдағы жылы Атырау облысы әкімдігімен қолдауымен бұл жерде туристерге арналып Сапар орталығының құрылысы аяқталды.

Бүгінгі конференция жұмысының нәтижесі тарихты зерделеуде жаңа серпілістерге жол ашатынына үміт етеміз. Бұл бас қосуға еліміздің әр аймағынан ғылыми ұйымдардың беделді өкілдерінің қатысуы қамтамасыз етілген. Әрбір баяндамашы халықтың тарихи санасын қалыптастыруға, мемлекет іргесін нығайтуға және елімізді әлемдік қауымдастыққа ықпалдастыруға елеулі үлес қоспақ.

Конференция жұмысына табыс тілейміз!

ПЛЕНАРАЛЫҚ МӘЖІЛІС

ҚАЛУ, САРЫ – МҰСА БИДІҢ ҰРПАҚТАРЫ

Жұманазар А. – ф.ғ.д.

Баишев Университетінің профессоры,

Ақтөбе қаласы

Төреханова Г. - Баишев Университетінің

аға оқытушысы,

Ақтөбе қаласы.

Андатпа: Мақалада «Қырымның қырық батыры» цикілдік жыры мен ноғайдың «Орақ-Мамай» эпосында, тарихи шежірелерде аттары кездесетін Қалу мен Сарының өмірбаяны мен олардан тараған ұрпақтар туралы зерттеу жасалған.

Кілт сөздер: Қалу, Сары, Мұса, Сейдақ, эпос, шежіре, Ноғай Ордасы.

Аннотация: В статье исследуются жизнеописания Калу и Сари и их потомков, имена которых фигурируют в исторических хрониках, в цикле песен «Сорок батыров Крыма» и ногайском эпосе «Орак-Мамай».

Ключевые слова: Калу, Сары, Муса, Сейдақ, эпос, генеалогия, Ногайская Орда.

Annotation: The article studies the biography and descendants of Kalu and Sary whose names are found in the cycle song “Forty heroes of Kryum”, in the epic of nogai “Orak-Mamay”, and in historical genealogies.

Keywords: Kalu, Sary, Mussa, Seidak, epic, genealogy, Nogai Orda

Қалу қаһармандық эпостарда, жырлар мен тарихи романда Мәку, Бәку аталып, біресе Ноғайлының ұлы биі Мұсаның ұлы, біресе (шежіреде) Сейдақтың (Сейдахметтің) баласы делінеді. Бірақ осылардың қайсысының баласы болғанда да Едігенің тұқымы болып шығады. Алайда, тым жастықтан, оның үстіне өз бауырларынан ерте ажырап кеткендіктен Орақ пен Мамай, Қарасай, Қазилар сияқты тарихи деректерде аты қалмаған.

Едіге мен Нұраддиннің, Оқас пен Мұсаның, Сейдақтың есімдері Ш.Уәлиханов, Мұхамеджан Тынышбаев, академик В.М.Жирмунский, Москвалық талантты тарихшы В.В.Трепавлов зерттеулері арқылы бұл күнде көпке мәлім. Енді «Қалу (Мәку), Сары кім еді?» деген мәселені тексеруге тура келеді.

Эпос нұсқаларында Қалу мен оның інісі Сары жаман аталады, себебі жас балалар Ысмайлдың алдауына түсіп, Орақты (тағы бір нұсқада Айдынділмашты) өлтіріп, өзге жұртқа қашып кетеді. Сол кеткеннен жоқ болады.

Қалу мен Сары «Қырымның қырық батыры» деп аталатын циклде әлденеше жерде айтылады. Мысалы:

«Мұсаның отыз баласы,

Расын оның сұрасаң
Қалу менен Сары еді» [1,179-б.].

«Айласын оның қарашы
Сонда кеңес құрыпты,
Мұсаның отыз баласы,
Белгілі құдай ұрыпты
Ең кенжесін сұрасаң
Қалу менен Сары еді» [1,185-б].

«Ақылға қамал ұғып ал,
Сен оларға жеткенше
Қази бала талай бар.
Бұл жиынның ішінде
Смайыл, Тобаяқ,

Қалу менен Сары бар» [1,192-б], – деп бір ғана «Телағыс» жырының өзінде үш рет аттары аталады. Мұнда Қалу мен Сары Телағысқа (Ағысқа) қарсы топтың ішінде жүр. Қалу – Нұртуған жырлаған «Орақ-Мамай» эпосының, эпостың ноғайша нұсқаларының кейіпкері.

Қазақтың белгілі жазушысы Зейнолла Шүкіров Совет үкіметі тұсында «Сыр бойы» атты тарихи роман жазған. Отарлық езгі астындағы жазушы көзінің тірісінде ол романын жариялай алмаған. Тәуелсіздікке қол жеткен соң ғана 1998 жылы Қызылордада баспадан шықты. Осы романда да Қалу әңгіме болады [2, 328 б.]. Мұндағы Бәкуміз – Қалу, жас бала. Ел ішіндегі тарихи аңызды жазушы өзінің тарихи романына пайдаланған.

«Орақ-Мамай» жырының ноғайша нұсқасында да Мұса бидің он екі баласы бар еді делінеді. Мұнда ***Қалу әлі ақылы толыспаған сәби.***

Мұсаның досы Асан абыз деген екен. Мұса жасы ұлғайған соң, «Менің он екі ұлым бар. Мен Асан абызды әкеліп, ұлдарымды сынатайын. Қандай болып шығар екен бұлардың ақылы, қылығы» деп ойлайды. Би Асанды шақырып, қой сояды, қонақ қылады. Түннің бір уақыты болады, балалар жатқан соң, Мұса би Абызға: «Менің жасым ұлғайды, сені шақыртқан себебім, балаларымды сынатайын деп едім, олар өскен кезде қандай болып шығар екен. Соны біліп, еншілерін берсем бе деп едім,» – дейді. Жақсы дейді Асан абыз. Балалар ұйықтасын, сосын барып көрейік дейді. Балалар ұйықтағаннан кейін қолдарына шырақ алып, олар жатқан бөлмеге кіреді. Сосын Абыз айтады, сен қай ұлыңның қалай жатқанын жазып ал дейді. Өзі зейін салып қарап шығады. Өз бөлмелеріне барған соң, досым сенің ұлдарыңның ішінде Мамайдан ақылдысы жоқ, өскен соң көп адам соның аузына қарар. Ұлдарыңның ішінде Орақтан батыры да, тентегі де жоқ. Ағысына да, Сейдағына да әңгіме жоқ, тек Смаил деген ұлың араға іріткі салар, пітнеші болар. Ұлдарыңды бұзса, сол Смаил бұзбақ. Мұса айтады менің ойым саған сынатып, өсиет айтып кетпек едім, Орақ тентек, әрі батыр болса, мұны Мамаймен бірге бол десем қалай қарайсың дейді. Асан мұны қоштайды. Қалу деген ұлымды ақылы аздау, өкпешіл болар дедің, мұны да

Мамайға қоссам қалай болар екен, бір тентек, бір ақылсызға Мамай ие болар дейді. «Жарар» дейді Асан.

Эпоста осы оқиға былай таңбаланған:

«*Кабульв* деп айтты бир уылын. Ол бир аз мазмун, сай акыллы, бакылшы, ыпкелевши болар дединь. Олай болганда, – деди Муса, – бу пакыр янъгыз яшап та болмаяк. Муны да Мамайга берейик. Мамай сакласын муны да. Бир тентекти де, бир ойсыз языкты да» [3,54-б.].

Ертеңіне Асан үйіне қайтады. Арада екі-үш күн өтеді. Содан соң Мұса би балаларын жинап алып, менің Мұса би деген атым бар, өлгенімде халыққа хабар жіберіндер. Маған тиесілі садақаны мал сойып, дұрыстап өткізіндер. Мен өлгеннен кейін Мұса бидің балалары бұлай болды деп жаманатқа қалдырмандар, бір жылға шейін бір-біріңе ащы сөйлемендер. Бір жылдан кейін еншілесіндер, сонда былай болыңдар деп Асанмен келіскен өсиетін айтады. Арада сегіз ай, бір жеті өткенде Мұса дүниеден озады. Жұрт көп жиналады. Жыл бойы келіп көңіл айтушылар үзілмейді.

«Баягы *Кабульв* уйге келген мусапирдинь атына-затына карайды. Байлайды, ем береді. Орак яс, колда-якта токтамайтаган. Дуныяда ба Оракты тербияламага Мамайдынъ колы тиймейди» [3,55-б.].

Қалу – жырдың ұлттық версияларының бірінде осылайша Мұсаның баласы, екіншісінде Алшағырдың баласы ретінде көрінеді.

Қалудың тек эпикалық кейіпкер ғана емес, тарихи адам болуы мүмкін екенін академик В.М. Жирмунский өзінің «Сказания об Едиге» деп аталатын тамаша еңбегінде атап көрсетеді [4,431-б.]. М.И.Ахметзянов жариялаған татарлар шежіресінде: «От Мусы родились **Калау**, Мамай хан, хан Исмагиль хайлче, Алчагир хан, Айдане Урак хан, Султан Сайдак, Нартлы желтый Юсуп, **Сары**, Мамай шейх, Ямгырчи» [4.534-б], – делінген. (Астын сызған – Ж.А.) Яғни, қазақ шежіресінде ғана емес, татар шежіресінде де жырдағы Қалу мен Сарының аты таңбалануы, олардың тарихта болған адамдар екендігіне сенімді арттыра түседі.

Аты мәшһүр жазушы һәм тарихшы Әнес Сарай өзінің «Ноғайлы» атты зерттеуінде «Қарасай-Қазидың» Мұрат ақын нұсқасын куәлікке тарта отырып Қалу мен Сары Орақ батырды өлтіріп, «Бұхарға қашып, Ноғайлыға оралмай қойған-ды», – дейді[5,145-б.]. Жазушы тағы да былай дейді: «1538 жылдан кейін Ноғайлыға қатысты ақпарларда Орақ аты кезікпейді. Ол Орақтың өлімімен байланысты болса керек, басқа себеп жоқ. Орақ тақырыбын әңгіме еткенде көнеліктің, әсіресе Ноғайлы заманының өрен жүйрік білгірі Мұрат Мөңкеұлының деректерін аттап өтуге болмайды. Орақ өлген соң, оның сексендегі шешесі Қараүлекке Оракты өлтіруді ұйымдастырушылар Алшы Ысмайыл, Тобаяқ, Қарабатыр, Тілеке бата қылып, көңіл айтуға келгендегі Қараүлектің ұзақ жоқтауын келтірген.

Қарауыл қарап болар ма,

Қара өлең жеген атпенен?

Қарусыз жүріп болар ма,

Қалудай атасы басқа жатпенен?

Қоңқалаған көп жаман

Орағымды өлтірдің,
Долай-долай шатпенен!..
Қарауыл басы қолбасым,
Жортуыл басы жолбарысым,
Ежелден сырлас мұңдасым,
Жау дегенде тынбасым!
Орағымды өлтірген
Қалу мен Сары оңбасын,
Ергізде екі болмасын»...

Мұрат белгілі эпостың бір нұсқасын тудырып отыр және оның не нәрсе екенін, батырлар жырының жүлгесі, құрлысы, мазмұны, әрлеуі қалай болатынын өте жақсы біледі. Өзінің шығармасының тарихи дерек жиынтығы емес, көркем туынды екенін тағы біледі. Сондықтан да өз жырын: «Өткен заманда Мұса деген би болыпты. Мұса биден отыз ұл қалады. Отыз ұлдың ішінде Мамай би болып ел басқарады. Орақ батыр болып ел қорғайды» – деп бастайды, эпосқа тән көне жүлгені сақтап. Ә.Сарай Мұсада дәл отыз ұлдың болмағанын, Мамайдың өз бауырлары Шихым, Алшағыр, Сейдахмет, Шейх-Мамай, Жүсіп, сияқты Ноғайлының ұлы биі дәрежесіне көтерілмегенін, ол – ол ма Орақтың Мұсаның емес, Алшағырдың ұлы екенін бізден гөрі жақсы біледі. Біле тұра эпостағы Мұраттың сөзін дерекке балауы жөнсіз. Мұрат: «Орақтың артында Қараүлек деген шешесі, бір аяғы ақсақ, бір көзі соқыр қатыны, Қарасай, Қазидеген екі баласы һәм Қибат деген бір қызы қалады» – дейді[6,145-б.]. Ә.Сарай: «Міне, осындай қосарлап, біріктіру салдарынан, батырларды ағалы-інілі туыс ретінде әліптеу дәстүріне әуестенушіліктен, олардың кімнен туғандары турасында жаңсақтық орын алған. Мәселен, «Орақ-Мамайда» екеуін де Мұса ханның ұлы деп көрсетеді. Ал шындығында, Мұсаның баласы Мамай да, Орақ – немересі, Алшағырдың баласы. Ал «Қарасай-Қазидеген» бұл екі батырды Орақ ұлы деп жырлайды, шындығында Қазидеген ғана Орақтың бел перзенті, Қарасай – Шейхмамайдың ұлы» – деп жазады. Сонда әлгі, «Ноғайлы заманының өрен жүйрік білгірі Мұрат Мөңкеұлының деректері» қайда қалады?

Бұл жерде Мұрат ақында еш кінә жоқ, жазушымыз тарих оқулығы мен қаһармандық эпосты шатыстырып отыр. «Ойбай-ау, бұл Қараүлектің жоқтауы ғой» дейтіндер табылып қалуы мүмкін, алайда, Қараүлек айтты дегеннің бәрі дәлме дәл тарих бола бермейді. Мәселен, 1926 жылы Москвада А. Байтұрсынов кітап түрінде бастырып шығарған «23 жоқтауда» «Қараүлектің Мамайды жоқтауы» деген бар. Сонда:

Мамайжан бойға біткенде,
Арыстан, бөрі етін жеп,

Қанып еді жерігім[7,16-б.], – дейді Қараүлек. Бұл жоқтау бойынша тек Орақтың ғана емес, Мамайдың шешесі де осы кісі. Оның:

Ай, Орағым, Орағым!
Жалғыз қалдың қарағым!
Бір құрсақтан дүреген
Екеу еді туысың.

Немесе:

Мамай кетіп алдында,
Туғансыз жалғыз қалды Орақ! – деуінен Орақтың
Мамаймен бірге туғандығы көрінеді.

Нұрпейіс Байғанин жаздырған осы аттас жоқтауда:

...Әскерге қару ілдірген, Мамай,
Егескен жауын бүлдірген, Мамай,
Орақай садақ, сайкез оқ,
Беліне құрсай ілдірген, Мамай!
Ноғайлының ерлерге,
Құмырсқа бел, құмар көз,
Қалмақтан сұлу сүйдірген, Мамай!
Ақкіреуке қамқадан,
Асыл киім кигізген, Мамай,
Құрал-сайман бәрі сай,
Ноғайлының жігітін,
Сансыз жауға тигізген, Мамай!
Сөйтіп жүрген Мамайға,
Не көрсеттің көп ноғай?! – деп аһ ұрған Қараүлек

каралы сөзін тағы да:

Ай, Орағым, Орағым,
...Өткір алмас қияғым,
Егізіңнен айырлып,

Сексенде еңсеп құладым! [8,150-б.], – деп қайырады.

Мұнда да Мамай Орақпен бірге туған. Жоқтауға сенсек, Мамай Орақтан бұрын өлген. Сондықтан батырлар жырына абай болу керек. Ол тарихтың ізі болғанымен, дәл өзі бола алмайды. Оның өз заңдылығы бар. Ол заңдылықты Ә.Сарай білмегенімен, Мұрат ақын біледі. Мұрат қажет болса: «Сонда қара ат сөйлейді, Сөйлегенде не дейді», – деп Орақтан қалған Қабанқұлақ қара атты да сөйлетіп жібереді.

Бұл Әнес Сарайдың «Ноғайлысы» нашар туынды деген сөз емес, жаңалығы көп озық дүние, оның үстіне жазуы кейбір ғалымдардыкіндей ойқы-шойқы, ерсілі-қарсылы емес, тайға таңба басқандай. Еркін, қиналыссыз оқи аласың. Жазушының Қалу мен Сары Орақ батырды өлтіріп, «Бұхарға қашып, Ноғайлыға оралмай қойған-ды» – деуі де біздің ішімізде ауызша айтылатын шежіреге келіп тұр. Ол шежіре бойынша «Еліне жазықты боп қашқан Қалу қазақ арасына жетіп Шыңғысқа, Сары бір Табын шалға бала болады».

«Елшілік кітабында » 1536жылы 26 қыркүйекте таңбаланған мынадай сөздер бар: «А в Азсторокань, государь, отъехали: Алач мырза, да Колыват мырза, да Сююнч Алей мырза, да Сарый мырза Агишев сын, Айван мырза Алачев сын. А всех, государь, сказывають, мырза их семьи – с тритцать и з женами» [9,146-б.]. Осы деректі Ә.Сарай: «1536 жылдың наурыз айында осы әулеттің үлкені Жаңбыршы ұлы Алаш баласы Абанмен, Ағыс ұлдары Қалу, Сүйінішәлі, Сары мырзалармен, 30 үй болып Әзітархан хандығына қашты»,

– деп өз сөзіне аударып жазады. Бізге керегі аударып жазуы емес, **Колыват** мырзаның **Қалуға** айналуы және **Колыватты Ағыс баласы** деуі болып тұр. Біріншіден, жоғарыдағы мәтінде Колыват Ағыстың ұлы емес. Екіншіден, «Отыз ұлды Мұсаның» үрім-бұтағы ішінде аттас адамдар көп, төрт Мамай бар, әлденеше Сары кездеседі. Үшіншіден, жоғарыда аталған «Телағыс» тарихи-қаһармандық эпосында, өзіміз оқығандай, Қалу мен Сары Мұсаның балалары есебінде Ағысқа қарсы топтың ішінде жүр. Сондықтан бұған абай болу керек.

Қалудың Шектіге шеттен келіп қосылғаны ауызша шежірелерде жиі айтылатын-ды. Ол шежірелер бойынша Қалудың қасында Сары деген бауыры болады. Бірі болмаса, екіншісі тірі қалу үшін екеуі бөлініп екі жаққа қашады. Сары Жетіруға жататын Табын аталығындағы перзенті жоқ бір шалға бала болады. Өсе келе қажырлы жігіттің ел арасында беделі көтеріледі. Дәулеті артып, мал санын көбейтеді. Әсіресе, қойы көбейіп, оларының түсі негізінен қара болады. Ұрпағы өсіп, үрім-бұтағы кең жайылады. Табындар арасында бұл аталық «Қарақойлы Табын» аталып кетеді. Ақтөбе жерінде «Асау-Барақ» атты тарихи дастан бар, Ақтөбеде «Асау-Барақ» дейтін көше бар. Осы Асау мен Барақ сол Сарының ұрпақтары. Барақтан Асау, Асаудан Дәуіт туған. Дәуіт Асауұлы 1868 жылғы патша үкіметі шығарған «Ереже» тұсында Торғай облысындағы ұлт-азаттық қозғалысын басқарушылардың бірі [10,420-б.]. Дәуіт жөнінде «Ақтөбе» энциклопедиясында төмендегідей дерек бар: «Асауов Дәуіт – XIX ғасырдың 50-ші жылдарында Кіші жүздің Орынбор ведомствосына қарайтын қазақтардың Шөмішкілі Табын руындағы Қарақойлы бөлімшесінің басқарушысы. Патша үкіметінің 1868-69 жылдағы әкімшілік пен сот ісі жөніндегі реформасы нанаразылық білдіріп, 1869жылы Орал мен Торғай облыстарының қазақтары көтеріліс жасағанда Асауов Дәуіт сол көтерілістің басшыларының бірі болған».

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Батырлар жыры. 5 т. – Алматы: Жазушы, 1989. – 381 б.
2. Шүкіров З. Сыр бойында. – Қызылорда, 1998ж.
3. Мамай. \ \ Ногайдынъ кырк баптири. Эдиге. – Махачкала, 1991. – 158 б.
4. Жирмунский В.М. Сказание об Едиге. // «Половецкая луна» №1, 1991
5. Сарай Ә. Ноғайлы. – Алматы: Арыс, 2009. – 480 б.
6. Мұрат. – Алматы: Арыс, 2001. – 232 б.
7. Байтұрсынов А. Қазақтың 23 жоқтауы. – Москва, 1927
8. Байғанин Н. Естеліктер. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Арыс, 2006. – 312 б.
9. Посольская книга по связям России с Ногайской Ордой. 1533-1538гг.
10. Қазақ ССР тарихы. – Алматы, 1957.

САРАЙШЫҚ ЖӘНЕ АЛТЫН ОРДАНЫҢ ДІНИ ЖАҒДАЙЫ

Бекежан Ө.Қ. – ф.ғ.д., профессор
Қазақстан Республикасы, Атырау қ.,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Атын Орданың қазіргі Евразия халықтарының тарихында үлкен орын алатыны белгілі. Соның ішінде Қазақстан да тәуелсіз мемлекет ретінде осы ортағасырлық алып империяның ішінен шыққаны белгілі, демек оның тарихы бүгінгі қазақ елінің тарихымен сабақтас, тарихи қайнар көздерінің бірі. Біз сондықтан да өзімізді сол империяның бір тарихи мұрагері ретінде қараймыз. Қазақстанда Алтын Орда туралы айтқан кезде ауызға ілінетін тарихи объект- Сарайшық қаласы. Оның Алтын Орда кезіндегі және қазіргі қазақ тарихындағы орны мен ролі жайлы көптеген зерттеулер жүріп жатыр. Бұл сұрақ көп аспектісі мен әртүрлі таласты факторлары бар кең көлемді мәеле. Біз бір нақты сұраққа-Сарайшық қаласындағы дін мәселесіне тоқталсақ дейміз. Бұл маңызды сұрақ біріншіден, жалпы Алтын Орда империясында қалыптасқан діни жағдаймен, діни қатынастар мәселесімен байланысты. Екіншіден, Сарайшық және оның маңайындағы діни жағдай, себебі, Сарайшық қаласының географиялық орналасуына байланысты оның маңайындағы діни ахуал Сарай Беркемен салыстырғанда өзгешерек болды деп жорамалдауға болады. Үшіншіден, бұл сұрақ Алтын Орда, Сарайшық құлағаннан кейінгі және қазіргі қазақтардың (батыс қазақтарының) діни тарихымен байланысты діни нанымдық, діни дүниетанымдық сабақтастық мәселесіне тарихи дінтанымдық тұрғыдан қарауға мүмкіндік берер еді.

Қазір Алтын Орданың тарихы Еуразия көлемінде кеңінен зерттелу аясында осы сұрақта жан-жақты қаралу үстінде. Демек, төртіншіден, бұл сұрақ қазіргі қазақстандағы діни ахуалға тарихи-мәдени сабақтастық тұрғысынан жауап іздеуге де мүмкіндік берер еді. Алтын Орданың дініне қатысты қалыптасқан негізгі дау шақырмайтын тұжырым, ол осы империяның көлемінде көпдінділік (поликонфессиялық) мәдениеттің болуы, соның ішінде орда билеушілерінің де әр кезеңде әртүрлі дінді ұстанғандары және соған қарамастан ордада белгілі бір діни толеранттылық сақталуы. Нақты айтқанда, Жошы ұрпағы, Батый яссаны ұстанса, одан басқа христиан дінінің бағыттары, иудаизм, буддизм, тәңірлік, шамандық сияқты нанымдар кеңінен тараған. Бірақ олардың өзі халықтар мен тайпалардың өмір сүру ареалында болып, мемлекеттік дінге ислам діні сияқты айнала алмады. Екінші ғалымдар арасында талас тудырмайтын факт Берке ханнан бастап Меңгу Темірден басқа билеушілер ислам дінін ұстанған және Өзбек хан ислам дінін мемлекеттік идеология ретінде кіргізіп, орда негізінен исламдық діни-идеологиялық бағыт ұстанды.

Тарихи тұрғыдан белгілі, Алтын Орданың негізін салушы Бату хан(1242-1256) Жошы Ұлысын Шыңғыс ханның Яса заңдарына сәйкес

басқаруға тырысты. Барынша басқа діндерге толерантты қараған ол ұлыстағы барлық діндердің еркін болуына, таралуына мүмкіндік берді. Бірақ, Бату ханнан кейін, билікке христиан діні сеніміндегі Сартақтың келуі және оның мұсылмандарға теріс пиғылы Ордада мұсылмандардың қарсылығын туғызды. Биліктегі мұсылмандарды қудалауы, христиандарға сүйеніп, оларға барлық жағынан көмек жасауы ақыры Орда билігіне мұсылман дінін жақтаушы және Шыңғыс хан ұрпағының ішінен шыққан мұсылман билеуші Беркенің таққа отыруына әкелді. Ғалымдардың пікірінше, билікке 1256-1257 жылдары келген Берке 1240 жылдардың ішінде Ислам дінін қабылдайды.

Алтын Орданың діни ахуалы жайлы жазылған зерттеулер, соның ішінде араб саяхатшылары, ресей, татар, отандық ғалымдардың көптеген еңбектері бар. Соның ішінде Өзбек ханның тұсында Орда жерінде болған, сол кездегі Сарайшықты көзімен көрген араб жиһангері Ибн Баттутаның «Қалалардың таңқаларлық ғажайыптары мен саяхат тамашасына тамсанушыларға тарту» кітабынан біраз тұжырымдар жасауға болады.

Атақты ортағасырлық Мароккадан шыққан араб (бербер) саяхатшысы Ибн Баттута саяхатшы, діни қызметкер, дипломат және культуртрегер болды. Бірақ, сонымен қатар мұсылман және діни қызметкер, миссионер ретінде басқа мәдениет өкілдеріне менсінбей қарағаны да көрініс беріп қалады. Себебі ол бүкіл бітім болмысымен сол кездегі мұсылман мәдениетінің өкілі болды және жүрген жерінде миссионер ретінде де сол діннің мүддесіне қызмет етті. Ол барған елдеріне ең біріншіден, сүннит мұсылман, миссионер көзімен, ислами дүниетаным тұрғысынан қарады. Бұл дәуір ислам дінінің дәуірлеп, көптеген елдерге тараған, діни-мәдени ареалы кеңейген кез болды. Сондықтан шынайы мұсылман ретінде ол ислам құндылықтарына жат болып көрінетін құбылыстарға шошына қарады. Ол өзге мәдениеттерге сол кезде әлемдегі озық өркениет болған ислам мәдениетінің қағидаттары, түсініктері, жетістіктері тұрғысынан қарады, сондықтан оның бойында исламдық емес салт-дәстүрлерге, қоғамдық қатынастарға жатырқай қараушылық болды, тіпті өзі ұстанған суниттік ислам дүниетанымы бойынша исламдық шиттерге де теріс көзқарас білдірді. Енді оны қандай бөтен мәдени құбылыстар таңқалдырды дегенге тоқталып өтсек. Мысалы, оған түріктердің ат қою дәстүрі тосын көрінеді. «Тюрки называют родившегося ребенка по имени первого входящего в шатер при его рождении». Бұл дәстүрді ол пұтқа табынушылықтан қалған деп санайды. Алтын Орданың ханы Өзбектің қызының есіміне таң қалып, оған өз түсінігін білдіреді: «Имя дочери Султана Узбека- Иткуджук (шамасы, толықтай «иттің күшігі» - Ө.Б). Имя это значит «Собачка», потому что «ит-собака, а куджук»-щенок. Мы уже сказали выше, что тюрки получают имена по случаю, как это делалось когда-то у арабов»[1]. Әрине, түрік халықтарының, соның ішінде сол кездегі ноғайлар мен қазіргі қазақтардың мәдениетінде олар ислам дінін қабылдағанына қарамастан дәстүрлі наным сенім, әсіресе, ырымдар тек Баттутаның заманы емес қазірде кей жерлерде сақталуда екені белгілі. Ол кезде арабтар ислам дінінің кіруімен ондай дәстүрден пұтқа табынушылықтың сарқыты ретінде

құтыла келген еді. Сондықтан сұлтанның қызына харам жануардың есімі қойылуы өзін шынайы мұсылман санаған Ибн Баттута үшін нағыз мұсылманға жат қылық болуы заңды еді.

Алтын Орданың ханы Өзбек алыстан, Араб елінен келген мұсылман ғұламасына барынша өзін таза мұсылман, ал елін мұсылман жолын ұстанған империя ретінде көрсетуге барынша тырысып бақты. Соған қарамастан Ибн Баттутаны орданың ислам діні таңқалдырды және оны бұл жаққа көп тараған суфизммен және Ханафит мазхабымен түсіндіруге болатын еді. Оның үстіне ежелгі түрік наным-сенімдерінің де сол кезде әлі жойылмаған (шынын айтқанда, әлі де исламмен қатар сақталып отырғанын) айтқан жөн. Ибн Баттута Сарайшық қаласы жайлы өзінің қысқа ғана пікірін білдіріп кетеді. Ол екі сарай қаласы бар екенін айта келе, қазіргі атырау жеріндегі сарайшықты кішкене ғана қалашық ретінде суреттейді: «Через десять дней после отъезда из Сараямы прибыли в город Сараджук, джук значит «маленький». Они таким образом хотели выразить, что это Сарай Малый. Город этот расположен на берегу полноводной, крупной реки, называемой Улусу, значение чего «великая вода». Через нее переброшен мост из лодок, такой же, как в Багдаде. В этом городе наше путешествие на лошадях, тянувших арбы, закончилось. Там мы продали их по четыре динара денег за лошадь и меньше этого, ввиду их слабости и дешевизны в этом городе, и наняли верблюдов, чтобы тянуть арбы. В этом городе находится завия праведного старца из тюрков, которого называют «ата» (бұл да әлі күнге өз ерекшелігін сақтаған біздің дәстүрлі исламның көрінісі Ө.Б.), что значит «отец». Он угостил нас в завии и благословил. Принимал нас также кади этого города, имени которого я уже не помню»[1]. «завия» сөзі арабша намаз оқитын үй дегенді білдіреді екен. Оның ішінде мешіт, медресе, қонақ үй немесе әулиенің моласы болуы мүмкін. Сөздіктер осыған мынандай анықтама береді: обитель суфиев и марабутов» «Ата» термині канондық исламның атақ дәреже номенклатурасында жоқ екені сөзсіз. Онда бәрі арабтан енген атаулар. Бұл сөзде тәңірлік дінге иек артқан түріктің сөзі, бірақ толерантты Сарайшық билеушілері ол сөзге сабырлықпен қараған сияқты екіншіден бұл атау далалықтардың жанына жақын, түсінікті ұғым болды. Сондықтан ескі сенімнен келген ұғым әдейі сақталған сияқты. Ал қазақ сопылық діндегі қайраткерлерді баяғыша «Ата» дей берген.

Енді Алтын Орданың, соның ішінде империяның маңызды қаласы болған Сарайшыққа келетін болсақ, бұл жерде діннің жағдайы бір қалыпты болған жоқ сияқты. Осы мәдени ареалда бұл жерде тұрғылықты халықтың ежелгі сенімі тәңірлік дін, шаманизм кеңінен тарады және қаладан алыстаған сайын оның ролі күшті бола түсті. Екіншіден, жоғарыда айтқандай, империяда әртүрлі дінді ұстаушы топтар көп болды. Шынын айтқанда оның қалдығын релкт ретінде сол территорияны мекендеген халықтардан әлі де көруге болады. осы маңда хрисиан дінін ұстаушылар да аз болған жоқ. Бірақ осы соған қарамастан ислам діні Беркеден бастап Ордада маңызды роль атқара бастады және жай діни сенімнен ресми мемлекеттік идеологияға айналды. Сондықтан Орда хандары ислам әлемімен тағыз байланыс орнатуға

тырысты. Өзбек ханның Баттутаға қатынасы осыны білдіреді. Сондықтан осындай көп дінділік, қазіргі тілмен айтқанда поликонфессионализм сырттай толеранттық қатынас сияқты көрінгенмен, іштей діни тартыстар үнемі жүріп жатты. Өзбек хан қалаларда ислам дінін енгізуге, оны ресми дінге айналдыруға барынша тырысқанымен далада, Серікбол Қондыбай айтуынша, Маңғыстау-Үстірт аймағына ресми діннен ығысқан сопылық оппозиция шоғырлана бастаған. Автор былай дейді: «Бірі далалық ескі сенімдерге сенсе, енді бірі шамандықты қолдады. Дуашылар, емшілер, балгерлер өз сенімін алға тартса, жергілікті түрікпендер 14 ғасырға дейін қарадүрсін исламды, ал аландар сауатсыз, шартты христиандықты ұстанған. Сол ғасырдағы суфийлік машайықтардың Түркістан мен Нұратадан Маңғыстау-үстіртке ағылуы есен-қазақтарды бір-екі ұрпақ ішінде суфий-мұсылмандарға айналдырып жіберді. Суфийлік таным өзіне дейінгі түсініктерді барынша өз сеніміне бейімдей білді, сондықтан Харазымда не Сарайшықта отырған ресми ханафиттік имам үшін маңғыстаулық сопылардың ілімі кәпірлік ілім деп түсіндірілді»-деген болжам айтады.. Өзімбай Ғали да суфизмнің далалық протестантизм түрінде болғанын айтады. Ол былай дейді: «Имамдық, вакуфтық ислам истеблишменті-пәни жалғанды мәңгі бақидан жоғары қойғандар, сол кездегі хан-сұлтанармен, би-бай-бектермен біртұтас материалдық тіршілік қатынаста болды. Сол тұстағы сопылар пәни жалғанға қызықпай, діни ордендерге шоғырланып, дервиштерді, муршидтерді, шейхтарды діни истеблишментке қарсы қойды. Қазақ жыршылары, дастаншылары, жыраулары, қожалары сопылық бағыттың рухани функционерлеріне айналды...». Шынында да исламды әуелі билеуші топ өкілдері қабылдады. Олардың араб елдерімен тығыз байланысы болды, олар барынша ислам әлемімен, олардың билеушілерімен тығыз саяси, экономикалық байланысты нығайтуға тырысты. Негізі қалаға да далалықтар арасында да ислам дінінің таралуына суфистік тарикаттар, әсіресе Ясауи тарикаты көп еңбек сіңірді. Ал қарапайым көшпелі халық жаңа дін мен өзінің дәстүрлі нанымын қоса ұстап жүрді.

Бұл мәселеде діни сенімді жіктеген кезде Алтын Орданы мекендеген халықтарды қалалық және далалық деген бөлініс бойынша қарасақ, біз белгілі бір объективті, әлеуметтік-мәдени факторға негізделген көзқарасқа сүйнеміз деуге болады. Ресей зерттеушілері Б.Греков пен А.Якубов та ордада ислам дінінің таралу ерекшелігін қала мен дала жіктелуі позициясынан қарастырып, ислам діні алғашқыда қалаларда, жергілікті элитаның арасында тарағанын, ал далалықтарда ежелгі наным-сенімдердің басым болғанын айтады. Тағы бір зерттеуші В.Огудин даладағы эклектикалық исламды «народный ислам» деп айырып көрсетеді. Енді осы қарсылық линиясын жалғастырар болсақ, біздің ресми муфтият пен сопылық арасындағы талас тартыстың немен аяқталғанын бәріміз білеміз.

Атақты жиһангердің Алтын Орда жеріне келіп кеткеніне 5-6 ғасыр өткенімен, осы жерді мекендеген түркі халықтарының базалық мәдени құндылықтары әлі де сақталғанын байқауға болады. Бұл осы жердегі халықтардың (оған қазақтарды да қосамыз) автохтондық екенін дәлелдейді.

Сонымен қатар сырттан таңылған мәдени факторлар (әсіресе, ресейлік, кеңестік колониялық) жергілікті халықтардың дәстүрлі мәдениеті мен әдет ғұрпын түбегейлі жоя алмады, әрбір халықта ежелгі салт-дәстүр сабақтастығы сақталды. Сондай-ақ, осы халықтардың діни көзқарасы да сол дәстүрмен тығыз байланысын сақтап қалды. Бұл елімізде қалыптасқан ислам дінінің тарихи сипатын, өзіндік ерекшелігін және бірнеше ғасырдан келе жатқан сенім екенін көрсетеді. Бұл орта азиялық немесе еуразиялық ислам мен Араб әлемі болмаса таяу шығыстағы ислам дәстүрлерлі арасындағы жиі көрініс беріп қалатын құндылықтық қайшылықтардың тамыры тереңдігін көрсетеді. Соның ішінде исламның осы ерекшелігі қазіргі қазақтарға да тән болып келеді. Сондықтан жоғарыда айтылып өткендей жергілікті, өзіміз «дәстүрлі» деп атайтын сенімге мұсылман елдерінен келген дін иелері баяғы Ибн Баттута сияқты сенімсіз қарайды және кейде өздерін баяғыша жоғары қояды. Өкінішке орай, біздің қоғамдағы және посткеңестік елдердегі радикализм мен дәстүрлі деп аталатын діни ұстаным арасындағы, ресми діни орындар мен сопылық бағыт арасындағы кейде жабық, кейде ашық тартыстар, төзімсіздік сияқты құбылыстар дін тарихы тұрғысынан қарасақ бастауы тарих қойнауына кеткен, тамыры тереңдегі құбылыс деуге болады. Соған қарамастан осының бәрі Сарайшық қаласының Алтын Орда дәуірінде қазақ даласына ислам дінін таратудың маңызды орталығы болғанын көрсетеді. Сонымен қатар даладағы сопылық дәстүрдің де белгілі бір деңгейде қазақтар арасында мұсылмандықтың тарауына зор үлес қосқанын көреміз және белгілі бір қайшылықтарға қарамастан бұл ислам дәстүрінің далада қалыптасуына әкелді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ибн Баттута. Сочинения. Электронный источник: <http://vostlit.borda.ru/>
2. Тимофеев И. В. Ибн Баттута. – М. Молодая гвардия, (Жизнь замечательных людей). 1983.- 272 с.
3. Крамаровский М.Г. Ибн Баттута о тюркском исламе. //Золотоордынское обозрение. №1(3). 2014. с.64
4. Шереметьев А.Г. Религиозный фактор в политической истории Золотой Орды. Саратов, 2014.
5. Очерки истории исламской цивилизации. М., 2008.
6. Ислам и власть в Золотой Орде. Сборник статей / Под ред. И.М. Миргалеева, Э.Г. Сайфетдиновой. – Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2012. – 332 с.
7. Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение. – М.; Л., 1950. – С. 248.

САРАЙШЫҚ-ҮРГЕНІШ-САРАЙШЫҚ КӨНЕ КЕРУЕН ЖОЛДАР МЕН КЕРУЕН САРАЙЛАР ІЗІМЕН (ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЭКСПЕДИЦИЯСЫ ЖҰМЫСЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ)

У.Т. Ахметова- т.ғ.д.,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
университеті Қазақстан және
дүниежүзі тарихы кафедрасының
профессоры
E-mail: ulzhan.a67@mail.ru

Андатпа. Мақалада Сарайшық-Үргеніш-Сарайшық көне керуен жолдар мен керуен сарайлардың орнына 2022 жылы жүргізілген далалық ғылыми-зерттеу экспедициясы жұмыстарының нәтижелері баяндалады.

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет Комитетінің 2021-2023 жылдарға арналған BR10164208 «Қазақстанның батыс өңіріндегі Алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» атты ғылыми жобасы аясында даярланды.

Тірек сөздер: Қазақстанның орта ғасыр тарихы, Сарайшық, Үргеніш, керуен жолдар, керуен сарайлар, ғылым, зерттеу, далалық экспедиция, нәтижелер

Кіріспе. Жоба зерттеу тақырыбы бойынша Сарайшық, Үргеніш, Сарайшық далалық ғылыми-зерттеу экспедициясы екі бағытта ұйымдастырылған болатын. Экспедиция мақсаты – Ұлық Ұлыс заманындағы Қазақстанның батыс өңіріндегі керуен жолдарына, керуен-сарай орындарына ғылыми-зерттеулер жүргізу. Мақсатты жүзеге асыру үшін төмендегідей бірнеше міндеттерді алға қойған болатынбыз. Олар Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалар мен керуен-сарайлар, елді мекендер, құдықтардың өзара байланысы өзімізге дейінгі жазба зерттеулерге назар аудару ортағасырлық нысандарда жүргізілген археологиялық зерттеулер жөнінде ақпараттар алу; жергілікті ғылыми зерттеу мекемелерімен, музейлермен байланыс орнату; көне ортағасырлық орындарда болып, материалдық жәдігерлермен танысу, туризм, өлкетану, этнография бағыттарына да зерттеулер жүргізу. Нәтижесінде жаңа туристік маршруттар перспективасын әзірлеу жоспарланған. Экспедициялық зерттеудің бірінші кезеңі 16-27 сәуір айында Өзбекстан Республикасы аумағында, Ташкент, Нүкіс қалаларының архив, кітапханаларында өтті. Жұмыс барысында қажетті материалдар жиналып, жергілікті тарихшы, этнограф, археологтармен кездесу өтті. Олар арқылы Ұлы Жібек жолындағы керуен жолдары, керуен-сарайлар, ортағасырлық қалалармен танысып, мәліметтер алынды. Онда ғылыми жоба зерттеу тобы мүшелері Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясы жанындағы Ұлттық археология орталығында, Өзбекстан Республикасы Ғылым Академиясының Әбу Райхан Беруни атындағы Шығыстану институтында, Өзбекстан

Республикасы А.Новаи атындағы Ұлттық кітапханада және Өзбекстан Республикасы Ғылым Академиясы Қарақалпақстан бөлімінің Қарақалпақ гуманитарлық ғылымдар зерттеу институтында ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізген болатын.

Негізгі зерттеу нәтижелері мен зерттеу әдіс-тәсілдері архивтер мен кітапханаларда, ғылыми мекемелерде алтынордалық қалалар, сауда жолдары мен керуен-сарайлар туралы жазба материалдармен қажетті ақпараттарды жинау, салыстыру, сараптау және зерттеу әдіс – тәсілдеріне назар аударылды. Бірнеше жылдық археологиялық зерттеулер нәтижелеріне, археологиялық лабораториялар қызметіне, табылған материалдық жәдігерлерді өңдеу, сақтау, ортағасырлық кесене, мазар, қала ғимараттарын сол қалпын сақтап қайта өңдеу жолдарына назар аударылып, кәсіби зерттеушілермен сұқбаттасып, пікір алмасылды. Сонымен бірнеше зерттеулер мен ғылыми есептерге шолу жасалынды. Атасақ, Н. Юсуповтың «К истории изучения археологических памятников Хорезмской области» мақаласында ежелгі Хорезм аймағындағы ерте және ортағасырлық қалалар және олардың арасындағы қатынас жолдары зерттеушілердің есептері және естелік жазбалары арқылы келтірілген [1, с.5].

Ю.П. Маныловтың «Археологические исследования караван-сараев центрального Устюрта» мақаласында онжылдықтар бойы Үстірт орталығында керуен-сарайларға жүргізілген зерттеулер мен деректерді жазады. Үстірттегі Білеулідегі ашық алаң, мешіт және құдық туралы және орталық Үстірт даласындағы керуенсарайларды келтіреді Ю.П. Манылов ғылыми мақаласында өзіне дейінгі зерттеулерге шолу жасаған [2, с.94].

Археолог Е.Бижанов 1964 жылы Бұлақ және Қосбұлақ керуен-сарайларына шурф салады. Олардың бірінен XIII-XIV ғғ. жататын керамикалық жәдігер табылды. Ал Бұлақтан 1359-1360 жылғы (хижрий 761 ж) мыс тиын табылады. 1972 жылы Белеулі керуен-сарайының жанынан сардоба жүйесі, қорым және қабырғаларды тұрғызу кезінде пайдаланылған тас өндіретін карьер табылған. Үшқұдық керуен-сарайы 31,70x28,45 – 28,65. Қабырға ені 0,76-0,84 м, сақталған қабырғасының биіктігі 1-1,5м. [2, С.95]. Кедергі қабырғаларының биіктігі 1,9 м, яғни, ол бір-бірінің үстіне қойылған екі плитаның биіктігіне тең. Керуен-сарайындағы қазба жұмыстары барлық үй-жайлардың бір қабатты екенін көрсетті. Олардың едені материк бетінің деңгейінде немесе қалыңдығы 0,1 м дейін құм төсемінің үстінде орналасқан. Керуен-сарайдан батысқа қарай көлемі 18x24 м тас өндіретін карьер ашылған. керуен-сарайдан оңтүстік-шығысқа қарай, «көктемде немесе жаңбыр кезінде сумен» толтырылған шұңқырдың түбінде үш құдық бар. Қазіргі уақытта олардың біреуінің қирандыға дейінгі тереңдігі 21 м құрайды. Н.Н. Белявскийдің айтуынша, екі құдық 1885 жылы жабылған. Олардың толығырақ сипаттамасын С.Н.Никитин мен О.С. Вялов келтірген. Құдықтардың айналасында ортағасырлық кезеңге жататын керамикалық материалы байқалады. Керуен-сарайда барлығы 18 ғимарат анықталған. Олардың 17-інде қазба жұмыстары жүргізілген. 14 ғимарат шеткі қабырға жанынан табылды. Анықталған ғимараттардың өлшемдері бір-бірінен

аймашылығы жоқ. Тек қана 18 ғимараттың өлшемі – 3,16x3,26 м. 10, 11, 14 ғимараттардың кіре берісіне қарама-қарсы суфалар орналасқан. Суфаның ені 1,50, 1,74 және 1,16 м, жер бетінен 0,18-0,26 м жоғарыға көтерілген. Оның қырларына плиткалы тастар вертикальды орналастырылған. Сонымен қатар, басқа да ғимараттардан пештер анықталды. 2, 14 ғимараттарда таштау тастары табылған. Атасақ, «К западной башне караван-сарая пристроена стена шириной 0,46 м из сырцовых кирпичей размером 29x24x5-6, 28x28x5-6, 27x25x5-6 см. К юго-западу от ворот отмечены выбросы культурного слоя, в котором обнаружены медные монеты, фрагменты бусин, стеклянных перстней и кашинной керамики» [2, с.98]. Жалпы, қазба жұмыстары барысында көрінген ғимараттардан көптеген жәдігерлер анықталды.

«Археология Приаралья» жинағында Арал маңындағы археологиялық нысандарда жүргізілген бірнеше ғылыми зерттеулер жарияланған. Мысалы, М.Ш. Қдырниязовтың «Культурные связи средневековых городов Хорезма» мақаласында Хорезм өлкесімен Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалардың сызбасы келтіріледі. Олардың арасында Сарайшық, Сарай-Бату және Сарай-Берке қалалары да кездеседі. Хорезм өлкесі мен Алтын Орданың еуропалық бағытындағы керамикалық жәдігерлер бір-біріне ұқсас келеді. М.Ш. Қдырниязов мақаласында Хорезм және Алтын Орданың шығыс еуропалық бөлігінде қыш ыдыстардың құс, аң бейнесін пайдаланудың ортақ белгілері бар екеніне тоқталған. Осыған ұқсас керамикалық жәдігерлер Сарайшық, Миздакхан және Көне Үргеніштен кездесетіндігін, әсіресе, бұл Хорезм аймағында ыдысқа құс суретін салу көп таралғандығын жазған [3, с. 95]. М.Ш. Қдырниязов қазба жұмыстары нәтижесінде қала аймағынан Жошы ұлысы тиындары, қытай тиыны, селадон, айналар, Ираннан келтірілген бұйымдар, көшпелілер қолданған заттар және басқа бағалы жәдігерлер табылған. Осыған орай Миздакхан қаласының ортағасырлық Сарайшық қаласымен тығыз байланыста болғанын айғақтайды.

Г.Хожаниязов, М.Ш. Қдырниязов, О.Доспановтың «Раскопки жилого квартала XII-XIV вв. в западной части Джанпык-кала» мақаласында алтынордалық қала орнында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысы баяндалады. Қаланы С.П. Толстов «...это самое живописное из хорезмских городищ», - деп баға береді [4, с.132]. Сонымен мақалада «Раскопанный жилой комплекс в Джанпык-кале пока единственный среди городских построек золотоордынского времени в низовьях Амударьи», деп келтіріледі. Оған 1971, 1981 және 1983 жылдарда жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған кірпіш қаландылары дерек болады. Мұндағы кірпіш қаландылары Ярбекир-қала, Көне Үргеніш қалаларының архитектуралық ғимараттарына өте ұқсас [4, с.140].

Миздакхандағы сауда қатынастары туралы М.Ш. Қдырниязов, Р.Бауетдиновтың «Торговые связи средневекового Миздакхана» атты мақаласында Хорезм өлкесіндегі соның ішінде Миздакхан қаласындағы сауданың рөлі туралы баяндалады. Қала орнында 15 жылдан астам уақыт аралығында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде бағалы материалдық деректер жинақталған. Олардан 1308-1347 жылдары

жасалған тиындардың табылуы қалада сауданың дамығандығы туралы деректер береді. Бұл тиындар Хорезм өлкесі және Алтын Орда қалаларында жасалған. Сонымен қатар көптеген қыш бұйымдары фрагменттері кездескен. Олардың арасында қытай селадондары да бар. Қытай селадондары Ұлы Жібек жолымен – Қытай – Самарқанд – Бұхара – Ургенч – Сарайшық арқылы Еуропаға жеткен.

Миздакханды зерттеуші ғалым А.Ю. Якубовский XIII-XIV ғасырлардағы Миздакхан қаласының дамуы Үргенішпен мәдени, экономикалық және саяси тікелей байланыста болғанын жазады. Миздакхан шеберлерінің ерекше сұр қыштан жасалған ыдыс бұйымдары Хорезм және Алтын Орда жерінен табылғандығын, атасақ, Миздаханнан 160 км радиусте, Джанпык-қаладан және 1600 км қашықтықта орналасқан Сарайшықтан табылғанын айтады [7, с.80-82].

Т.Н. Грановский еңбектерінде Әмір Темір жорықтарының саяси бағытына назар аударғанын атап, Әмір Темірдің Алтын Орданы қиратудағы негізгі 2 мақсатын атап көрсетеді. Біріншісі, өз мемлекетінің солтүстік шекараларын қорғау, екіншісі, Ұлы Жібек жолының негізгі солтүстік бағытындағы керуен сарайлар мен ортағасырлық қалаларды қирату арқылы, сауда жолын негізгі бағытты оңтүстікке қарату деген тұжырым келтіреді. Керуен сарайлардың қиратылу себептерімен таныса отырып, бұл пікірдің ақиқатқа жақын екенін аңғаруға болады [14, с.39].

В.В. Бартольдтың «Дорожник XIV века от Бистама до Куния-Урганча» атты мақаласында керамикалық жәдігерлердің Эрмитаж музейінің ортағасырлық бөлімінде шығыс елдерінің тарихи жәдігерлері сақталған. Солардың арасында №13 экземпляр Сарай қирандыларынан табылғанын жазады. Ондағы керамикалық жәдігерлер (сфераконус) өзінің ауырлығы және материалының тығыздығымен ерекшеленетініне назар аударған [16, с.125]. Бұл сфераконустың Сарайшықтан да табылғаны белгілі.

Д. Кобеконның «Путешествие Карелина по Каспийскому морю в 1836 году» еңбегінде зерттеуші Г.С. Карелиннің 1822 жылы Берг экспедициясына қатысуын, 1828 жылы Ішкі Орда ханы Жәңгір ханның ставкасында қызмет жасап, оның 4 рет «саяхат» ұйымдастырғанын жазады [18]. Олар біріншісі, 1832 жылы Каспий теңізінен солтүстік-шығыс жағалауларымен Гурьевтен 10 мамырда шығып, 4-ші тамызда қалаға кері қайтқан. Екінші 1834 жылдан Мертвый Култукқа Ново-Александровск бекінісін салу мақсатында барып қайтқан. Үшінші Каспий теңізінің оңтүстік және шығыс жағалауларымен 1836 жылы Астраханнан 17 сәуірде ол жүзіп шығып, 11 қазанда қайтып қалаға оралған. Төртінші саяхаты Алтай және Саян тауларына 1939 жылы тамызда Санкт-Петербургтен шығып, 1845 жылы тамыз айында Орынбор қаласынан кері қайтқан [18, с.79].

Келесі Ю.Н. Алескеровтің «Обсерватория Улугбек» атты еңбегінде Мырза Ұлықбек өмірі және ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы баяндалады. Біздің назарымызды аудартқан ғалымның обсерваториядағы зерттеулері нәтижесінде «Зижи жадидий Курагоний» атты астрономиялық каталогты жазғаны еді [19, 8 б.]. Онда бірнеше жылғы зерттеулері нәтижесінде негізгі

сауда жолдарын және теңіздерде кемелердің бағытын анықтаған. Мырза Ұлықбек заманында көптеген астрономиялық кестелер құрастырған. Олардың арасында ең маңыздысы 683 қаланың географиялық координатасы берілген кестесін ерекше атап өтуге болады [19, 9 б.]. Яғни, ортағасырлық Сарайшық қаласына келген сауда керуендерінің керуен жолдарын, оның бойында орналасқан керуен сарайлары мен ірі қалалардың Ұлықбек зерттеулеріне ілігуі әбден мүмкін. Ұлықбек обсерваториясы арқылы сауда керуен жолдарының әр жылғы жүру жүйесі, ауа райы, су басу тағы өзге де табиғи құбылыстарды алдын ала болжап біліп отырған Сонымен қатар, жұлдыздарды бақылау нәтижесінде 1019 жұлдыздың координатасын анықтап, кестесін жасақтаған.

Шермухаммад Мунис пен Мухаммадризо Огахийдің «Фирдавс ул-икбол» еңбегі көне дәуірлерден 1825 жылға дейін Хорезм өлкесі тарихы баяндалады. Еңбектің 3 тарауының 2-ші бөлімінде Шыңғыс хан және оның ұрпақтары туралы баяндалады. Оның ішінде Шыңғыс ханның өзі ұлдары Жошы, Бату, Берке, Бердібек, Меңгу Темір, Тоқтыхан, Өзбекхан, Жәнібек хандардың есімі келтіріледі. Жошы хан Дешті Қыпшақты билеген ақылды және әділетті басшы болды деп баға береді. Ал Бату хан елді 25 жыл билеген. 48 жасында дүниеден өтті», десе, ал Тоқты хан туралы алты жыл хандық биліктен кейін дүниеден өткенін, оның 23 жыл өмір сүргенін, 1347 жылы (725 хижрада) дүниеден озды. Қабірі Сарайшық қаласында. Автор Жәнібек ханды мұсылман болды, елін әділ биледі Автордың елді әділ биледі деген жолдары кездеседі. Сонымен қатар, хан Табризді басып алғаннан соң Бердібекті 50 мың әскерімен сонда қалдырғанын жазады. Хан Жәнібек 1380 жылы (758 хижрада) жылда дүниеден озып, ұлы Бердібекті мирасқор қылып тағайындайды. Жәнібек ханның Сарайшықта жерленгенін жазады [24, 40-42 б.].

Келесі еңбек түрік саудагері Сейди Али Раистың «Мирьотул-мамолик» еңбегі саяхатшының Хорезмнен Дешті Қыпшақ даласына жасаған саяхаты баяндалады [25]. Еңбегіндегі «Хорезм облысында және Дешті Қыпшақта болып өткен жағдай мазмұны» атты бөлімшесінде қазан айының соңында Хиуа қаласынан шығып, бес күн жүріп Хорезмге келген. «Одан Уәзір қаласына барып, діни ғұламалар басына тәж етіп, Ағатайханның ұлдары қажы Мұхаммед сұлтан, Темір сұлтан және Махмуд сұлтаннан біздерге барынша көмек беруін өтініп, маңғыт мырзалары атына жазылған хаттарды алғаннан кейін Хорезмге қайтып келдік. Хорезм арқылы Дешті Қыпшақ даласына бет бұрған. Барақханның елшісі Садри Әлем шейх та ізімізден жетіп келді. Содан кейін кетуге әзірлендік. Шейх Хусайн Хорезмийдің ұлы және әйелі, яғни, Махмуди Азамның қызы және бірқанша мұсылмандар бізбен бірге кетті. Арбалар дайындалды, бізбен жүргендердің әрбірі қой терісінен тігілген шапан киіп алған. Себебі, маңғыттан да қатал бір тайпа бар екен, олар басқалай киім киген кісілерді көргенде, оларды орыстар деп күмәнданады екен. Сол себепті, барлығының да шапан киюі міндеттелді [25,105 б.]. Барлығы бұл сөзіме келісіп, қажетті көрініске енді. Одан әрі Сейди Али Раис «Қасиетті зұлхижжа айының басында (22 шілдеде) жолға

шықтық. Бір айдан астам уақыт Дешті Қыпшақта жүрдік. Күз уақыты болғаны үшін бұл уақыттары осы шөлден құс ұшпай, тай жүрместей кез еді. Себебі, бұл шөлден бірде-бір дән және бір тамшы су табу қиын болды. Соңында көптеген еңбек пен қиыншылықтардан кейін күндердің бірінде Шам деген жерден өтіп, Сарайшық (Саройжик, Саройчик) қалашығына келдік. Бірнеше қажылар және одан алдын рұқсат алып Самарқандтан кеткен римдіктердің (Византиялықтар болуы мүмкін) үшеуі қарсы шығып, Қажы Тарханды басып алғандығын, соғысқа килікпей кері қайтуды ұсынады [25,106 б.]. Амалсыздан Хорезмге кері қайтуға мәжбүр болдық. Барақ ханның елшісі Самарқандқа қайтып кетті, ал басқалары болса сол жерде қалып қойды. Бұл түрік саудагерлерінің жазбасынан Жошы Ұлысында болып жатқан тарихи оқиғаларды, соның ішінде Сарайшықта болғандығы туралы мәліметті көре аламыз.

«Вступление к описанию бывшей в 1832 году экспедиций Г.С. Карелина» экспедиция журналына назар аудардық. Бұл күнделікте Хиуаға барар 19 күндік 20 нүктеге тоқтап жететін қысқа жолдың маршрутын көрсеткен [27, с. 29-30]. Жазбаларды салыстыра отыра Сарайшықтан Хиуаға дейін 19-20 күндік жол екені және сол жолда 20 нүктеге тоқтап баратынын жазған.

А.В. Панковтың «XVI-XVII ғасырлардағы Ресеймен Орта Азияның сауда тарихына» еңбегі қаралды [28]. Аталған еңбектің құндылығы, XVI және XVII ғасырлардағы Ресей мен Орта Азия сауда керуен жолдары қамтылған. Сонау көне дәуірден қолданыста келе жатқан жолдарды сипаттай келе, XVI-XVII ғасырларда Сібірден басқа (Тобольскіден) Орта Азияға баратын негізгі жол Еділ өзені арқылы өтті: I) бір жол Еділ арқылы Алтын Орданың астанасы Сарайға, ал XV ғасырдан бастап Астраханнан Жайық өзенін кесіп өтіп, оның төменгі ағысындағы Сарайшық қаласының маңында, одан жоғары орналасқан қазіргі Гурьевке келіп жол екі айырыққа бөлінеді: біріншісі одан әрі шығысқа қарай Сырдарияның төменгі ағысына қарай Отырар тауларына қарай жүрді. Ал жолдың екінші тармағы Сарайшық қаласының оңтүстік-шығысына қарай бұрылып, Сағыз өзені бойындағы Таскешу бекінісі мен Үстірт шөлі арқылы Шам қаласы арқылы одан әрі Үргенішке қарай жүріп, Хиуаға жетуге болатынын айтады [28, с.26]. Ал екінші жол Астраханнан теңіз арқылы басталатын келесі бір жол Маңғышлақтағы Қараған айлағына жетіп, Маңғышлаққа жетіп, Үргенішке одан әрі Хиуаға жеткен. Орыс елшілері – көпестер И.Фетодов пен Б.Пазухин, екіншісі – ағылшын теңізшісі Дженкинсон (1558), орыс елшісі Хохлов (1620), Даудов пен Касимов (1675) және Бұхара мен Хиуа елшілерінің көпшілігі осы су жолын таңдаған. Астраханнан Хиуаға немесе Үргенішке дейін құрылық жолы сусыз шөл арқылы түйе көлігімен 2 ай шамасы уақытында жететін болған. Бұл жолмен Мәскеу елшілері И.Федотов, Б.Синухин және басқалары жүрген. Астраханнан Қараған айлағына дейін 3 апта, ал одан әрі Хиуаға дейін 25 күн кеткен [28, с.27]. Келесі Орталық Азияға апарар үшінші жол, Терек өзені арқылы Таркіге, одан әрі Дербентке, одан Баку арқылы Ряшқа, оңтүстік Каспий жағалауы арқылы Острабад және Мешіт арқылы Хиуаға

шығар жолды көрсетеді. Астраханнан Мешітке дейін 10 апта. Бұл алдыңғы екі жолға қарағанда Каспий теңізінің дауылды толқындарынан бастап, көшпелі түрікмендердің, өзбектердің немесе қалмақтардың шабуылдарынан қауіпсіз Персия арқылы жүрер жолды дейінгі қауіптер барлық жерде таралған алғашқы екі жолға қарама-қарсы, бұл соңғы жолды Ресей елшілері Персияға Қауіпсіз жол ретінде XVI және XVII ғасырлардағы Орта Азияға шығар жол деп таңдаған [28, с.27].

В.Лебедевтің «1716, 1717 және 1718 жылдардағы Хиуадағы елшілігі» мақаласы салыстырмалы зерттеу үшін пайдаланылды [29]. Мақалада Александр Бекович экспедицияның Хиуаға баруы жайлы қарастырылады. Бекович экспедициясы Астраханнан Гурьевке келіп, одан әрі Хиуаға дейін құрғақ жолды таңдаған [29, с.148].

The article provides general historical information about Nukai's personality. Based on these primary sources, explanations are given and general conclusions are drawn.

Keywords:

Nukai, Hordaida, Natanzi «Anonymous Iskander», «Muntahab at Tavarikh Muini», «Majmu at Tavarikh», Heydar Razi, «Tarikh Jahan Ara», genealogy, Urus khan, Jochids, Ghaffari, Rashid ad Din «Jamiu at Tavarikh», Utemish Haji «Chingiz Nama»

ҚОРҒАНША МЕН ҚЫЗЫЛҚОРҒАН ҚАЛАЛАРЫ

Касенов М.С. – т.ғ.к., профессор
«Сармат» ЖК
E - mail: kasenov.1959@mail.ru

Батыс Қазақстан аймағындағы Атырау облысы жеріндегі ежелгі қалалар мен мекендер әлі жүйелі зерттелген емес. Соңғы 10 жылда ғана, Атырау-Каспий ойпатындағы ежелгі мекендер есепке алынып, археологиялық зерттеулер жүргізілуде. Атырау өңірінде қазір 10 қала мен 7 мекен белгілі. Өңірдегі ортағасырлық ескерткіштер туралы жазба деректер өте аз. Археологиялық зерттеулер арқылы мекендердің орны анықталып сипаттамасы жасалуда.

Каспий ойпатының қалаларының бір ерекшелігі бар. Ол Алтын Орда дәуірінде салынған қала мен мекендердің қорғаныс қамалдарының болмауы. Моңғолдар кезінде қорғаныс қамалдары бұзылып тасталған. Кейіннен салынған қалаларға қамал салынбаған. Бір орталыққа бағынған алып империяның сыртқы жауы болмады.

Бірақ ортағасырлық Қорғанша мен Қызылқорған қалаларының сыртында жойқын қамалы мен оры бар. Сыртқы түрі төрткул түрінде жасалған. Қазіргі кезеңде Батыс Қазақстан аймағында бұндай үлгіде салынған қалалар жоқ. Сондықтан оларды Алтын Орда қалаларына телуге болмайды. Бұндай қалалар оғыздарға тән. Бірақ қазақстан жерінде оғыз қалалары мен мекендері зерттелген емес. Бұл жұмыстар келешектің ісі, ал біз қолымыздағы бар деректерді жариялап отырмыз. Келешекте жаңа ортағасырлық қала мен мекендер табылаып археологиялық ашулар болатынына сенеміз. Ол өлкенің тарихын қалыптастыруға себебін тигізбек.

Батыс Қазақстан аймағындағы қалалар мен елді – мекендерді жүйелі зерттеу, аймақтың отырықшылық мәдениетінің дамуын мен сәулетін анықтауға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: қала, мекен, отырықшылық мәдениеті, сәулеттік құрлысы, құрлымы.

Древние города и поселения на землях Атырауской области Западно - Казахстанского региона пока систематически не изучены. Только за последний год были учтены древние населенные пункты Каспийской низменности, ведутся археологические исследования. В Атырауском регионе сейчас известно 10 городов и 7 поселение. Письменных данных о средневековых памятниках в регионе очень мало. Археологическими исследованиями определено и составлено описание, местообитаний.

Есть одна особенность городов Каспийской низменности. Он построен в эпоху Золотой Орды без защитных замков города и поселение. Во времена монголов оборонительные стены были разрушены. В городах, построенных позже, замок не строился. Гигантская империя, подчиненная одному центру, не имела внешнего врага.

Но есть замок и траншея в городов Курганша и Кызылкорган. Внешний вид выполнен в виде четвероугольный. В Западно - Казахстанской краях таких построенных городов нет. Так что это не города Золотой Орды. Такие города характерны для огузов. Но на казахстанской земле не изучены города и населенные пункты огузов. Эти работы - дело будущего, а мы публикуем имеющиеся данные.

В перспективе систематическое изучение городов и населенных пунктов Западно – Казахстанского региона позволит выявить развитие оседлой культуры региона.

Ключевые слова: замок город, адрес, культура, архитектура, строение.

Ancient cities and settlements on the lands of the Atyrau region of the West Kazakhstan region have not yet been systematically studied. Only in the last year, ancient settlements of the Caspian Lowland have been taken into account, archaeological research is underway. There are now 10 cities and 7 addresses in the Atyrau region. There is very little written information about medieval monuments in the region. Archaeological research has determined and compiled a description of the habitats.

There is one feature of the cities of the Caspian lowland. It was built in the era of the Golden Horde without the protective castles of the city and towns. At the time of the Mongols, the defensive forts were destroyed. In the cities built later, the castle was not built. The gigantic empire, subordinated to one center, had no external enemy.

But there is a castle and a Lair of the cities of Kurgan and Kyzylkorgan. The appearance is made in the form of a quatrain. There are no such built cities in the West Kazakhstan region. So these are not the cities of the Golden Horde. Such cities are typical for Oguz. But the cities and settlements of Oguz have not been studied on the Kazakh land. These works are a matter of the future, and we publish the available data.

Keywords: castle, city, address, culture, architecture, structure.

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет Комитетінің 2021-2023 жылдарға арналған BR10164208 «Қазақстанның батыс өңіріндегі Алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» атты ғылыми жобасы аясында даярланды.

Қорғанша қаласы Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Қаракөл ауылының солтүстік – шығысында, 15 км қашықтықта, Жаңақора мекенінен 4 км шығыста орналасқан. Координаты: N48°42.202. ЕО 52°59.14, жобасында төрткүл пішіндес. 1 сурет.

Қаланың маңынан Ойыл өзеннің бір саласы Құройыл өтеді. Ол қазір құрғап қалған, маңына қалың шалғын шөп өседі. Қала көлемі: 375 x 375 м сыртқы қорған жалының биіктігі 3 м, ені 25 м, оның сыртын ені 20 м, тереңдігі 1 м ор қоршап жатыр. Ішкі жағының солтүстігінде көлемі: 180 x 150 м, биіктігі 1 м болатын құрылыс қалдықтарының орындары бар.

Оңтүстік - шығысында көлемі: 120 x 150 м, тереңдігі 0,5 м ойпат алаң бар. Бұл су сақтаған хауз болса керек. 2 сурет.

Қала ішінің оңтүстік - батысында да биіктігі 1 м болатын құрылыс қалдықтары байқалады. Қала құрылыстары мен қамалы шикі кірпіштен қаланған. Қазір құрылыс үсті тегістелген. Қала көлемі мен қамал жалынның биіктігіне қарап, ол орта ғасырда үлкен қала болған деп есептеуге болады. 3 сурет.

Қорғанша қаласы туралы аңыз - жырлар халық арасында көп тараған. Аңыз бойынша оны Асан Қайғы салған дейді Қаланы алғаш зерттеген Мәскеулік археолог Л.Л. Галкин оны Урал өзенінің саласы «Қурайлы» бойында деп көрсеткен, жобасын алған, ал оның салынған уақытын, жоңғар шапқыншылығы кезінде деген. [1, с. 26].

Қорғанша қаласының жобасына қарап, ол қорғаныс қала қызметін атқарғаны айқын. Сонымен бірге ол «қала орда» қызметінде атқарған.

Қала туралы жазбаша деректер табылмай отыр. Негізгі дерек көзі жыр - дастандар мен аңыздар. Ел аузында Қорғанша үстіне қамал тұрғызып, жау келгенде хабарлау үшін қарауыл мұнарасын орнатқан деген аңыз бар.

Аңыз бойынша Асан Қайғы Еділден бері көшкенде бірнеше жүз адаммен сол жерге үйге салып он жыл отырған. Ол туралы жыршы Мұрат Мөңкеұлының (1843-1906 жж.) «Үш қиян» - деген жыр толғауынында кездестіреміз.

«Ақтөбе мен Қоғанша,
Асанқайғы бабаның,
Қызыл тастан үй салдырып,
Он жыл тұтас отырып.
Әңгіме құрып кеткен жер...» - дейді [2, 58 б.].

Мұрат Мөңкеұлы тағы бір жырында Асан Қайғының қызыл тастан үй салғанын айтады.

«Қаракұнан Қалдыбай,

Жалғыз ағаш Жақсыбай.
Асанқайғы бабаның,
Қызыл тастан үй салып.
Әңгіме құрып көшкен жер...» - еді дейді [3].

Мұнда Асан Қайғы бабамыз отырып кетсе, онда қала XV ғасырда салынған болады.

1860 жылдары ақын Нұрым Шыршығұлұлы «Байбоз - Жанбоз» - атты жырында Асан Қайғы жұрты Қорғанша (күдірі - белесі) - дейді.

Қарабау мен Тайсоған,
Ол Қайғы Асанның жұрты екен.
Қарауыл салып қараған,
Қорғанша деген күдірден - дейді. [4, 39 б.].

XIX ғасырдың ақындары Қорғанша қаласын Асан Қайғы салдыртқан дейді.

Алаштың ардақтысы Халел Досмұхамедов қазақ тарихын жазам деушілер Мұрат Мөңкеұлының шежіресін пайдалану қажет деген.

Ал, ақын Шығияз Шанайұлы (1819 - 1875 жж.) Қорғанша қаласын салдырған Нұралы хан деп жырлайды.

«Хан болған одан кейін Нұралы еді,
Төренің арқар деген ұраны еді.
Хан ауылын Сырым шауып тоздырғанда,
Ақылды Алдар биден сұрап еді.
Қараға хан баласы әкім болған,
Ежелден келе жатқан мұраң еді.
Тұрғызып Тайсоғаннан Қорғаншаны,
Он жылдай мекен еткен тұрағы еді» - деген. [5, 98 б.].

1786 жылы қол астындағы старшындардың оның саясатына қарсы болуына байланысты, Екатерина II император оны Уфа қаласына жер аударды. Төрт жылдан соң қайтыс болды. [6, с. 79].

Қорғанша қаласын Нұралы хан салдырған жоқ, ол патшадан қала салу үшін рұқсат сұраған, бірақ салмаған. Тайсойған құмында «Хан ставкасы» деген жер атауы бар.

Қорғанша қаласына 2006 – 2007 жылдары Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ұйымдастыруымен археологиялық қазба жүргізілді. Кірпіштен қаланған қамал мен үй орны ашылды. Қабырғалар көлемі: 38x20x9 см; 39x21x8 см болатын шикі кірпіштен қаланған. Күмістен жасалған зергерлік бұйымдар жиналды. 4, 5 сурет

Қала қамалының құрылысын және көлемін анықтау үшін кесінді қазба салынды.. 0,5 метр тереңдіктен шикі кірпіштен қаланған «қабырға қамал» ашылды. Оның сақталған биіктігі 1,5 метр, қалыңдығы 9 метр. Кірпіш көлемі: 40x25x10 см; 40x23x9 см. Қалану тәсілі: кірпіштер ұзынынан,

көлденеңнен қойылып отырған. Қамалдың ішкі қабырғасы тік қаланған, 13 қатар кірпіш қабырға қамал сақталған. Сыртқы қамал қабырғасы қатты бұзылған. [7].

Тарихта Қобыланды батырдың «Қорғанша» қаласы туралы аңызы бар. Содан көп зерттеушілер Ойыл бойындағы қаланы Қобыланды қаласы деген қате пікірде болды.

Ол туралы академик С.П. Толстов III-V ғасырларда салынған, тарихқа «Қорғанша» деген атаумен мәлім болған, қалада қазақ пен қарақалпақ халықтарының эпостық жырларында кездесетін Қобыланды батыр тұрған деген мәлімет келтірген болатын. [8, с.21]. Бұл пікірді профессор Т.Қоңыратбаевта қолдайды. [9, 3 б.].

Ал, профессор Ә. Қоңыратбаев «Қобыланды» жырында «Тақта көпір» шығысында 20 км жерде Қорғанша қаласы бар. Қарақалпақтар оны Қобыланды «қорғаны» дейді, қазақтар оның моласы Жемде дейді, деген дерек келтіреді. [10, 79 б.].

Бірақ бұл «Қорғанша» (Қобыланды) қаласы Амудария өзенінің сағасындағы аттас қала. Оның үстінде «Қобыланды» кесенесі деген бейіт бар [11].

Егер «Қобыланды батыр» жырының 26 нұсқасы бар екенін ескерсек, Амудария өзеніндегі «Қорғанша» қаласы батырдың қонысы болуы мүмкін. Қобыланды сүйегінің Қара Қобда өзенінің бойында жатқанын М.Тынышбаев жазған . [12, 20 б.].

2006 жылы тамызда мұнда Ақтөбе жеріндегі Қобда өзені өңіріне «Қобыландыға кесене» салынды. Оның бейіті зерттеліп, дәлелденді. [13].

Аңызда айтылған Асан Қайғының екінші қаласы Ақтөбе қаласының орны белгісіз.


Қызылқорған қаласы. Атырау облысы, Жылой ауданы, Құлсары қаласының солтүстік шығысында 31 шақырым және Құлсары - Мұқыр тас жолынан шығысқа 3 шақырымда орналасқан. Координаты: N47°11.217. EО 54°14.924. Қала көлемі: 400 x 400 м, сыртқы Қала қамалының биіктігі 2 м, ені 27 м. Оның сыртын ені 10 метр, тереңдігі 1 м ор сай қоршап жатыр. Қорған ішінің орталығында батыстан шығысқа созылған көлемі: 100 x 30 метр, биіктігі 1 м құрылыс құланды қалдықтарының орны байқалады. 6 - 8 сурет.

Қорған үстін шөп басқан. Беткі қабатынан қыш құмыра, көзе, қыш қазан сынықтары жиналды. Қыш ыдыстарын, қыш ұнтақтарын (шамот), қоға, қамыс үлпегін, кварц құмын қосып жасаған. Олар қара, қызыл түсті. Қалада қақпа орны байқалмайды. Оның шығыс жақ қамалының үстіне, қазіргі «геодезиялық триангуляция» белгісі орнатылған. Қаланың өмір сүрген уақыты ортағасырлық кезең. [14].

Батыс Қазақстан аумағындағы ондаған қалалар мен елді-мекендер осы кезеңде салынған. Келешекте Батыс Қазақстан аймағындағы ортағасырлық қалалар мен елді - мекендерге жүйелі зерттеулер жүргізу арқылы, өңірдегі отырықшылық мәдениеттің қалыптасуы мен өркендеуін ашу қажет. [15].

Әдебиеттер

1. Галкин Л.Л. «Отчет о работах Волго - Уральской археологической экспедиции в 1977 году». ВУАЭ. – 30 стр
2. Тарихи тұлғалар. Есет, Алдар, Мұрат, Шернияз. - А., 2004. – 17 - тарау. - 58 бет.
3. Сүйіншалиев Х. VIII-XVIII ғасырлардағы Қазақ әдебиеті. - А., 1989. -156 бет.
4. Досмұхамедов Х. Аламан. - А., 2002.
5. Шынияз Шанайұлы. Бойында Үштемірдің Әлім жүрген. // Алқаласа әлеумет. - А., 1991.
6. Ерофеева И.В. Казахские ханы и ханские династии в XVIII - середине XIX в. // Культура и история Центральной Азии и Казахстана; Проблемы и перспективы исследования: Материалы к летнему университету по истории и культуре Центральной Азии и Казахстана (4-23 августа 1997 г.) - Алматы, 1977. - 116 с.
7. Қорғанша қаласындағы, Жолайшағыл құмтөбелі қабіріндегі археологиялық зерттеу жұмысының және Атырау облысында жүргізілген археологиялық барлау жұмысының 2006 жылғы есебі. - Атырау, 2007.
8. Толстов С.П. По следам древнехорезмийской цивилизации. – М - Л., 1978.
9. Қоңыратбай Т. Эпостық жырдағы кісі, жер атауларының тарихи негізі. // Хабаршысы. ХҚТУ. № 5 (41). - 2003.
10. Қоңыратбай Ә. Қазақ фольклорының тарихы. - А., 1991.
11. Гудкова А.В., Ягодин В.Н. Археологические исследования в правобережной части приаральской дельты Аму - Дарьи в 1958-1959 г. // Полевые исследования Хорезмской экспедиции 1958. - М-Л., 1958.
12. Тынышбаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа. -Ташкент, 1925.
13. Бердібай Кемал. Қобыланды. // Егемен Қазақстан. №205. 30 тамыз. 2007 ж.
14. Атырау облысы тарихи - мәдени ескерткіштер жиынтығының археологиялық экспедициясы есебі. (АТЕАЭ) - 2006 ж.
15. Касенов М.С. Атырау - Каспий ойпатындағы отырықшылық ескерткіштері. - Атырау: «Ағатай» баспасы, 2011. -113 бет.; Соныкі: Атырау жерінің отырықшылық ескерткіштері. // Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. - Орал, 2012. №2.



1 сурет. Қорғанша қаласы картада



2 сурет. Қорғанша қаласы



3 сурет. Қорғанша қаласы



4 сурет. Қорғанша қаласы. Зергерлік бұйымдар.




5 сурет. Қорғанша қаласы. Зергерлік бұйымдар.



6 сурет. Қызылқорған қаласы



7 сурет. Қызылқорған қаласы



8 сурет. Қызылқорған қаласы

САРЫТОҒАЙЛЫҚ МАЙДАНГЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫ

Мұқтар Ә.Қ.- т.ғ.д., профессор



Сарытоғай ауылындағы шаруашылық тарихы өз бастауын өткен ғасырдың 30-шы жылдарынан алады. Жайық өзені қолтығындағы қолайлы жерді әу бастан қазақтар мен өзге ұлттардың жайлы мекен еткені белгілі. Дегенмен кешегі кеңестік заманда осы шұрайлы жерге Гурьев облысындағы мұнай кәсіпшіліктері назарын аударды. Басты мақсат «Үлкен Ембі» жоспарымен жаңа қарқынмен еңбек етіп жатқан мұнайшыларды жеміс-жидек, бау-бақша өнімдерімен қамтамасыз ету еді. Оны орындау үшін Жаманқалада «Нефтеработник» кеңшары құрылды. Кеңшар Сарытоғайдағы, Новобогат, Қызылқоға аудандарынан, Маңғыстаудан келген қазақтарды біріктіреді. Оларға қоса мұнай кәсіпшіліктері жолдамасымен кеңшарға түрлі мамандар жіберіледі. Бастапқы кезеңде жұмысшылар «Солтүстік плантация» (бүгінгі Махамбет елді мекенінің «Северный» аталған бөлігі), «Оңтүстік плантация» (Бекқали талындағы шаруашылық) болып екіге бөлініп еңбек еткен. Кеңшарда алғашқы жұмысшылардың қатарында Бисенбай Жұмағалиев, Көшербай Есениязев, Қабдол Нұржанов, Хасан Иманғалиев, М. Қожамұратов және өзгелер аталады. Ал 1934 жылы ауылға Маңғыстаудан Абдрахман Бекбасаров және Нығметияр Демегенов, Айдаровтар көшіп келеді [1]. Олардың қатарында Сарытоғай ауылының қалыптасуы мен дамуына айтарлықтай үлес қосқан Шажда және Ақкенже Қаржаубаевтар болатын. Қаржаубаевтар отбасы да «көппен көрген ұлы той» дегендей елмен бірге Маңғыстаудағы бұрынғы мал шаруашылығынан егіншікке бет бұрады. Шажда Қаржаубаев өз қатарластарынан алғыр болса керек, шаруашылық басшылары оны көп ұзамай есепші, кейін егістік бригадирі етіп тағайындайды. Ақкенже анамыз егінші болып таңның атысынанан кештің батысына дейін егін алқабында еңбек етеді. Бұл жылдары ауыл тұрғындары бүгінгі Ешей қауымының аржағында жертөледе тұратын. Таң ата егіншілердің бірі «Северный» плантациясына, ал екіншілері «Южный» плантациясына жол тартады[2]. Сол жылдары егіншілер үшін жұмыстың

басталу уақыты қызыл жалаудың жоғары көтерілуі, ал аяқталуы жалаудың төмен түсуі болатын. Бұл белгі сағат орнына жүретін. Картоп, жуа, қияр, қызанақ тағы өзге де көкөніс еккен егіншілер күзде алған өнімдерін қала арқылы Доссор мұнайшыларына жолдайтын. Шажда Қаржаубаевтың бастауымен егіншілер өз жоспарларын толық орындап межеден шығуға өз үлестерін қосты.

1937 жылы Қаржаубаевтар отбасында Дүйсен ағамыз жарық дүние есігін ашты. Отбасының қуанышында шек болмады. Өмір жалғасты. 1936 жылы шаруашылық Гурьев облыстық Атқару комитеті қарауына беріліп, 1939 жылы шаруашылық таратылып, жерлері МТС-қа, өзге колхоздарға тартылды. Дегенмен Сарытоғайда жинақталған халық егістікте еңбек етуін жалғастырды[3].

1940 жылы қайтадан күн тәртібіне мұнайшыларды көкөніс, жеміс-жидекпен қамтамасыз ету мәселесі көтерілген тұста, облыс басшылығы назары Жаманқала маңындағы дайын шаруашылыққа ауады. Содан 1941 жылы қаңтар айында «Орал» №1 қосалқы шаруашылығы құрылады. Жаңа шаруашылық ғұмыры осылай басталады.

Бұл кезеңде әлемде ІІ дүниежүзілік соғыс жүріп жатқан болатын. Көп ұзамай соғыс Кеңестер Одағы территориясына қарай ауды. Сарытоғай азаматтары соғысқа алына бастады. 1942 жылдың қаңтар айында қосалқы шаруашылықтан жұмыстан босатылып, соғысқа шақырылған Ташембай Думашев, К. Шулаков, А. Бекбасаров, А. Исағалиев, С. Селбаев, Муса Кусеков, А. Егоров, Б. Башенов, С. Бекешев, И.В. Тарабрин, И. Испусинов, Гаврюшенко қатарында Шажда Қаржаубаев та бар болатын. Дүйсен ағамыз: «Әкем соғысқа 1942 жылы алынды[4]. Ауыл алмабақтың аржағындағы Жайық жағалауында орналасқан. Әкем соғысқа аттанғанда жертөледе тұрып қалдық», - деп еске алады. Осылайша, ауыл балалары әкелерін қан майданға аттандырып, аналарының қасында жастайынан еңбекке араласты.

Елде қалғандар ертеңіне үмітпен қарап, жеңіс үшін аянбай еңбек етті. Ақкенже әжеміз ауыл әйел, қарттары, балаларымен бірге егістікте жұмыс жасады. Жанында Дүйсен баласы көмекші болды. Сол кеткеннен Шажда ағамыз 1945 жылдың сәуірі аралығына дейін ерлікпен шайқасады. Соғыста 3 рет жараланса да алдыңғы шептен кетпеді. Бүгінде қолымызға тиген анықтама қағаздарға назар аударсақ, ефрейтор болған ағамыз КСРО, Еуропа мемлекеттерін азат етуге қатысқан. Ол 1944 жылы 28 шілдеде Висла өзенінен өтер тұста бірінші болып фашистер ортасына келіп жасаған ерлігі үшін 1944 жылы 7 тамызда «ІІІ дәрежелі Даңқ», 1945 жылы 6 ақпанда Одер өзені бойындағы Лебус қаласын жаудан босатудағы ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталады. Нағыз мойындалған ерлік дегеніміз осы. Дегенмен батыр ағамызға елге аман есен оралу маңдайына бұйырмады. 1945 жылы сәуір айында ерлікпен қаза тапты. Араға уақыт сала Ақкенже анамыздың қолына қара қағаз да келіп жетті. Қанша қиын болса да анамыз мойымады, Шажда атамның көзі мен қарасындай артында қалған ұлы Дүйсенді арқалап өмірдің нешебір қиындығына төзді. Өмір жалғасты.

1946 жылы Сарытоғайлықтар қазіргі ауылға көше бастады. Ақкенже анамызға 1955 жылы жаңа үй берілді. Анамыз қосалқы шаруашылықтың алдыңғы қатарлы егіншісі болды. Архив құжаттары А. Қаржаубаеваның 1947 жылы 6 қарашада қажырлы еңбегі үшін 150 соммен, 1950 жылы 9 шілдеде 100 соммен, 1955 жылы 8 наурызда Алғыс хатпен, 1956 жылы 300 соммен марапатталады. 1965 жылы 6 қарашада шаруашылықта 20 жылдан астам уақытқа созылған адал және мінсіз еңбек еткен жұмысшылар А. Қаржаубаева және Б. Бердалиева зейнеткерлікке шығады. Ерен еңбекті ескерген шаруашылық олардың әрқайсысына 46 сом көлемінде көйлек пен бас киім және басқа естелік сыйлықтар ұсынады[5]. Міне, осыдан бастап Ақкенже анамыз бар ғұмырын ұрпақтарына арнады. Дүйсен ағамыз да ержетіп, құрылысшы мамандығын игеріп, ұзақ жылдар бойы облысымыздың түрлі құрылыс алаңында мастер, прораб болып еңбек етті. Ол тұрғызған мектеп, балабақша, универмаг, тұрғын үйлер өзге де құрылыс объектілері Махамбет ауданында жетіп артылады. Солардың бірі Сарытоғай орта мектебі. Бүгінде ол мектепте Дүйсен ағамыз бен Дәмелі апамыздан өрбіген Ардақ, Рүстем, Дина, Нұрғиса оқыса, ал қазірде немерелері білім алуда. Ұрпақ сабақтастығы деген осы шығар. Ақкенже анамыз осы қызықтың бәрін көріп, ел анасы деңгейінде бұл дүниеден өтті. Осылайша қазақтың орны бар оңалар деген ата сөзінің дұрыстығына куә боласың. Майдангер Шажда ағамыз оларды көрмесе де ұрпағы батыр аталарын мақтан тұтады. Атамыз Шажда Қаржаубаевтың екінші дүниежүзілік соғыстағы Отаны үшін шайқасқан ерлігін бүкіл Сарытоғайлықтар қазірде бас иіп, мақтаншыпен еске алады. Сіз біздің мәңгі жадымыздасыз Ата!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Ә. Мұқтардың жеке архивінен
- 2 Атырау облысы мемлекеттік архивінің Махамбет аудандық филиалы (алда – АОМАМАФ) 3 қ., 1 т/қ., 18 іс, 1-15 п.
- 3 Атырау облысы мемлекеттік архиві (алда - АОМА. 146 қ., 1 т., 4136 іс, 96-98 п.
- 4 АОМАМАФ. 3 қ., 1 т/қ., 26 іс, 1-4 п.
- 5 АОМАМАФ 146/103 қ., 12 т., 23 іс, 50 п.

САРАЙШЫҚ ҚҰРЫЛЫСТАРЫ ТУРАЛЫ КЕЙБІР АҢЫЗДАР, ЖАЗБА ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕР

Қожа М.Б. – т.ғ.д., профессор
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-
мәдени музей-қорығының аға
ғылыми қызметкері

Моңғол империясы, Жошы, Шағатай ұлыстары аймағында болған қалалар тарихы күрделі болды. Олар бірде өсіп өркендей түссе, бірде тоқырау мен құлдырауға тап болды. XIII–XIV ғасырларда империялық билік далалық аймақтарда жаңа қалалар мен елді мекендерді тұрғызушы рөл атқарды. Батыс Қазақстанда Сарайшық, Ақтөбе-Лаэти; Жайық сияқты жаңа қалалық орталықтар пайда болады [1; 2; 3; 4].

Тарихи деректер XIII–XIV ғасырларда пайда болған жаңа қалалар көп жағдайда билеушінің сарайы, ордасы, резиденциясы, ақсүйектердің сарайлары мен әкімшілік ғимараттар салудан басталған. Осындай нысандар айналасында күштеп көшірілген қолөнершілер мен құрылысшылардың, құлдардың тұрғын үйлері болған [5, с. 218].

Алтын орда хандары ішінде жаңа қала салдыру мен көркейту тұрғысынан халық жадында ерекше есте қалған Жәнібек хан (1342–1357) болды. Мұрат Мөңкеұлының шығармасында

Алты жыл балшық бастырып,
Тоғыз жыл керіш соқтырған,
....
Адыра қалғыр, Аштархан,
Өз Жәнібек хан салдырған.
[6, 143 б.].

Ақын шығармасындағы «керіш» сөзіне назар аудармақпыз. Осы жердегі «керіш» моңғол тілінде «карши», яғни билеуші сарайы дегенді білдіретін сөздің қазақшаланған түрі деп санаймыз. Өзбекстандағы моңғол дәуіріндегі бір қала Карши деп аталады. Ол сол жерде моңғол билеушілерінің сарайы, резиденциясы орналасқандықтан осындай атауға ие болды [7, с. 190].

Сарайшық атауы да оның негізінде хан сарайы бар елді мекен ретінде әйгілі болғанын байқатады. Жазба және нумизматикалық деректердегі араб әліпбиімен Сарайчук, Сарайджук, Сараджик, Сараджук деп жазылған қала аты «билеушінің кіші ордасы» дегенді білдіреді. 1330-шы жылдары Сарайшықта болған араб саяхатшысы Ибн Баттута жергілікті тұрғындар урбонимінің мәнін қалай түсінетінін бізге жеткізген: «ас-Сарра шаһарынан шыққан соң 10 күннен соң Сараджук қаласына келдік, джук, яғни «шағын» делінеді. Олар осылайша «ас-Сарра (Сарай) шаһарының шағыны» дегенді білдірмек болған.

Сарай сөзі негізінде парсыныке, ол үй, жеке тұрғын үй, билеуші мекені, қонақ үй, керуен-сарай дегенді білдіреді. Әмір Темірдің көшпелі ордасы жазба деректер бойынша «Сарай-Ордум» немесе «Ордум-Сарай» деп аталған екен.

Сарайшық атауында нақ билеуші сарайы, ордасы дегенді білдіреді [9, с. 339–341].

Тарихшы Әбілғазының (1644-1664) жазуынша Сарайшық қаласын салдырған әйгілі Батудың өзі болған. Ал Бату ханның билік құрған мезгілі 1227–1255 жж. Қала атауы осы елді мекенінде жобамен XIII ғ. ортасында сарай ғимараты болғанын көрсетіп тұр.

Сарайшық тарихын тануда да ортағасырлық шығыс жаза деректерде көрсетілуімен қатар халқымыздың аңыз-әңгімелерін тарихи дерек ретінде пайдалануымыз керек. Сарайшық туралы бізге белгілі аңыз-әңгімелер алғаш рет орыс тіліне аударылып «Тургайская газета» атты басылымда 1897 жылы, кейін 1900 жылы жеке кітап ішінде жариялана бастайды. Оларды жергілікті халық өкілдерінен жазып алып көпшілікке ұсынған белгілі этнограф, хұқықтанушы Иван Иванович Крафт болды. Алдымен газета бетінде, кейін жеке кітабында жарияланған мәтіндер жазбагердің көрсетуінше «записано в Буртинской волости, Актюбинского уезда со слов почетного аксакала; народного судьи №4 аула Мамбета Асава», яғни есімді № 4 ауылдың халық соты, құрметті ақсақал лауызымы иесінен жазып алынған.

Бірінші аңыз «Предсказания кудесника (Киргизская легенде)» деп аталады. Қазақша айтсақ «Сиқыршаның болжамдары» атты аңызда Еділ мен Жайық бойындағы жерлер мен далалық аймақтардың билеушісі Жәнібек атты хан мен 95 жастағы көреген, данағөй қария Асан Қайғы қарым қатынасы бейнеленген. Онда мынадай қызық ақпар бар: «Бірде хан өзіне Сарайшықта үлкен жаңа сарай салмақ болады. Сарай салу барысында оның іргесі мықты болу үшін орыс жұмысшыларды шақыруға өкім шығарады. Сарай ғимараты билеушінің абыройын артыратыратындай сәулетті құрылыс болып шығып хан осының құрметіне үлкен той жасамақ болады» - «Однажды хан вздумал выстроить для себя в Сарайчике большой новый дворец. При постройке этого дворца для возведения прочного фундамента хан распорядился пригласить русских рабочих. Дворец был выстроен на славу, к великому удовольствию хана, который вздумал по этому случаю сделать большой пир» [10, с. 119].

Билеушінің сарайы қарапайым саз балшықтан тұрғызылмаса керек-ті. Ханнан төмен шен иелерінің өзі, белгілі билік иелерінің өзі құрылыстарын, тұрғын бкем материалдардан соқтырған. Мұрат Мөңкеұлының бір толғауына назар салсақ:

Ақтөбе мен Қорғанша –
Асан Қайғы бабаның
Қызыл тастан үй салдырып,
Он жыл тұтас отырып,
Әңгіме құрып кеткен жер [6, 143 б.].

Осы жолдарға қарасақ Асан Қайғының өзі үйін «қызыл тастан», яғни күйдірген кірпіштен тұрғызған. XX аяғы мен XXI ғасырдың басында археологтар қазба барысында аршылған тұрғын жайлардың бірде бірінің қабырғалары қызыл тастан қаланғаны кездескен емес.

Алайда Әлкей Марғұлан 1950 жылы басшылық еткен экспедиция археологтары Жайық бойында қазып тазалаған қазба орны №1-деп шыққан

құрылыс қалдықтары «қызыл тастан» қаланыпты. Күйдірген кірпіштен тұрғызылған қабырғалар қалыңдығы 1 м. Өкінішке орай қазба жұмыстары жалғасын таппай бұл нысан өзең жағалауымен бірге сумен шайылып кеткен. Осы құрылыс сарай бөлігі болуы ықтимал.

«Иван Калита» деп аталатын екінші аңыз мәтінінде Сарайшық деп көрсеткен жерде жұлдызша қойылып қамалдың Орал облысында орналасқаны айтылады және онда Жәнібек хан салдырған мешіт бары айтылады: «В Сарайчике, по словам киргиз, имеется мечеть, выстроенная ханом Джанибеком» [10, с. 112]. Өкінішке орай осы уақытқа дейін Сарайшықта Алтын орда дәуірі мешіті қалдықтары әлі табылмады.

Араб саяхатшысы Ибн Баттута Сарайшықта тағы бір құрылыс орны болғанын жазып кеткен: «Бұл қалада ата, яғни «әке» деп атайтын тегі түркі әулие қариясының завийасы (діни ғимараты) орналасқан. Ол бізді қонақ етті және бата берді» [8, с. 255]. Завия, немесе ханака деп дәуіріштер туратын, олар тегін тамақтанатын ғимаратты айтады. Ондай құрылыстарда қажылықтан қайтқандар да қонатын. Мысалы Түркістандағы «Қожа Ахмет Ясауи кесенесі» деп жүрген ғимарат шын мәнінде ханака болып табылады. Ханака әдетте әулие мазары, бейіті қасында тұрғызылады.

Сарайшықтағы қазба жұмыстар барысында біршама жақсы сақталған сәулет кешен аршылды. Ол зерттеушілердің пікірінше ортаазиялық сопылар тұрған «ханака» ғимаратына да, билеушілердің резиденциясына да, көпес саудагерлер тұрақтайтын ғимаратқа ұқсайды. Құрылыс ішіндегі табылған теңгелерге қарап нысан XIV ғ. 70-жж. салынғаны анықталды [1, 25 б.; 11, с. 60-78]. Яғни бұл араб саяхатшысы Ибн Баттута атап өткен завия емес.

Кешеннің алдыңғы салтанатты кіреберіс бөлігі екі метрлік платформа үстіне салыныпты. Ол күйдірген кірпішпен қапталып ою-өрнекті алебастрлық панельдермен нақышталыпты. Шикі кірпіштен салынған ғимарат қабырғалары 6 м аса биік етіп көтерілген екен. Құрылыс ауданы ауқымды, 40 x 20 м. Болжам бойынша бұл ғимаратты Жошы хан ұрпағы, қазақ хандарының бабасы Орыс хан салдырған. Көп ұзамай ғимарат кеңейе түскен: бүйір жағынан оған симметриялы көпбөлмелі қанаттар қосылған. Артқы бөлігі қосылған бөлмелер арқасында өсе түскен. Олардың саны шамамен 40-қа жеткен. Ортадағы негізгі ғимарат бөлігі кейін қосылған бөлмелердің шатырларынан биігірек, үстем болып тұрған. Ғимарат алдында кең алаң сақталып одан түзу көшелер тараған екен.

2005 ж. жоғарыда аталған ҚР БҒМ Ә. Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы құрамында осы жолдар авторы монша қалдықтарын қазуды басқарды. Археологиялық зерттеулер нәтижесінде Сарайшық моншасы жоспарда созыңқы төртбұрышты үш бөлмеден тұратын құрылыс болғаны анықталды. Алдыңғы шешіну бөлмесі жартылай, ал қалған жуынатын екі бөлме толығымен еден астынан жылытылатыны, жеке от жағатын орын да болғаны белгілі болды. Ыстық су қабырға арасына орналастырылған құбырлар ішімен жуыну бөлмелерге жеткізілді. Басқа зерттелген моншаларға қарап жуынатын бөлмелердің төбесі күмбезді етіп жабылған, ал шешінетін бөлме шатыры тегіс не итарқа үлгісінде

болса керек деп болжаймыз. Сарайшық моншасының ерекшелігі жуыну бөлмелерінің ішкі қабырғалары 24 x 24 x 5 см күйдірген кірпіштен, ал негізгі сыртқы қабырғасы қам кесектен қаланғанында (Сурет 1, 2). Монша XIV ғ. бірінші жартысымен мерзімделеді [12, с. 159-164].

1997 жылы Сарайшықта жуынатын құрылыстардың бір түріне жататын қалдықтар табылған. Өкінішке орай, құрылыстың көп бөлігі өзен жағалауының құлауы нәтижесінде жоғалып кеткен. Жариялыным бойынша бірнеше бөлмелердің қабырғаларының іргетасы ғана сақталған, олардың қабырғалары қыш тақтайшалармен қапталған және еденіне күйдірілген кірпіш төселген. Бөлмелердің бірінің еденінде суағар құрылым байқалды. Бөлмеде жылыту пешпен үлкен құмыра- хум тұрған. Бұл 1997 жылы Сарайшықта табылған ғимарат таарат-хана болуы мүмкін. Ортағасырда кез келген намаз оқитын орында дәрет алуға арналған құрылыс [1, 20 б.; 12, с. 164].

Сарайшықта жоғарыда аталған құрылыстармен қатар Алтын Орда хандары: Менгу-Тимур (1266-1280), Тоқтағу (1290-1312), Жаныбек (1342-1357), Әмір Едіге туралы жырдың бір нұсқасы бойынша хан Тоқтамыстың басы Сарайшықта жерленген [1, 15]. Қазақтың атақты ханы Касымның мәйіті Сарайшықта жатқаны туралы XVII ғ. басында Қадырғали би жазған [13, с. 240-241]. Бірақ осы уақытқа дейін олардың бірде бірінің кесене қалдықтарының орны табылған жоқ. Археологиялық қазба барысында табылған архитектуралық керамика үлгілері Сарайшықта небір зәулім, көркем құрылыстар болғанын айғақтайды. Мысалы жоғарыда моншаны қазу барысында табылған кашинды сырлы, өрнекті алтын жалатылған қаптаманы айтуға болады. Қыш қаптама кашинді керамика болып табылады. Көк сыр астында үшбұрыштардан құрастырылған геометриялық фигура мен розетка салынған. Розетка бөлігі алтынмен жалатылған. Оның өлшемі 7,5 x 6 см, қалыңдығы 2,5 см (Сурет 3).

Ноғай мен Қазақ хандықтары дәуірі құрылыстары кезеңіне жататын мешіт пен кесене орны анықталғандай. Қазба барысында аршылған күйдірген кірпіштер қаланған диаметрі шамамен 84-90 см сырты алебастрмен сыланған үш бағана (ұстын, тіреу) бөлігі мешіт бөлігі болса керек. Осы жердегі қазба барысында табылған сылақ бетінен Аллах сөзінің бөлігі байқалды. Мешіт деп болжап отырған құрылыстың сырт жағында көрханасы бар кесене және жеке көрхана-сағана зерттелді (Сурет 4, 5, 6). Бағаналар едені қабаты үстінен екі тиын табылған. Бірі Қырым ханы Меңлі-Керей 1480-1490 жж. тиыны. Бұл жердегі құрылыстар арнайы мақаламызда сипаталады [15, с. 85-88]. Ресей мұрағаттарында ноғай билеушілерінің Сарайшықта 1562 ж. «би сарайын», ал 1564 ж. мешіт тұрғызу ниеттері бары айтылатын ақпарлар кездеседі [14, с. 569, 587-588]. Алайда осы құрылыстар анық салынғаны не салынбағаны туралы нақты не жазба, не археологиялық мәлімет жоқ.

Сонымен аңыздарда аталатын Жәнібек сарайы мен мешіті табылмағанмен археологиялық зерттеулер барысында Сарайшық қалашығы аумағынан Алтын Орда дәуіріне жататын келесі архитектуралық құрылыстар: билеуші сарайы немесе әкімшілік ғимараты, монша, дәретхана қалдықтары табылған. Алтын Орда кезеңіндегі кірпіштердің, мозаикалық панорамалардың фрагменттерінің табылуына қарағанда, Сарайшықта безендіру жағынан керемет монументалды

басқа да құрылыстар болған: мешіттер, кесенелер, сарайлар. Бірқатар ғимараттарда көк кірпішпен қапталған күмбездер болған. Ал Ноғай-Қазақ хандықтары дәуіріне жататын мешіт, кесене, көрханалар табылып отыр.

- 1 Тасмағамбетов И.Н., Самашев З. Сарайшық. Сарайчик. Алматы, 2001.
- 2 Пацевич Г.И. Раскопки развалин древнего города Сарайчика / По материалам Западно-Казахстанской археологической экспедиции 1950 г. // Архив ИА МОН-АН РК. Инв №9.
- 3 Кожа М.Б. Сарайчик // Краткий энциклопедический словарь исторических топонимов Казахстана. Алматы, 2014. С. 339-341.
- 4 Путешествия Ибн Баттуты (Арабский мир и Центральная Азия). Перевод, введ., коммен. Н.Л.Ибрагимова, Т.Мухтарова. Ташкент, 1996.
- 5 Федоров-Давыдов Г.А. Исторические особенности городов монгольских государствах Азии в XIII- XIV вв. // Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. Алма-Ата, 1983. С. 215-220.
- 6 Самашев З., Кузнецова О., Плахов В. Сарайшықтың қыш бұйымдары. Алматы, 2008.
- 7 Самашев З., Плахов В. Об одном архитектурном комплексе Сарайчика. // Материалы пленарного заседания международной научно-практической конференции «История цивилизации и духовной культуры кочевников», посвященной 100-летию академика А.Х. Маргулана. Павлодар. 2004.
- 8 Кожа М., Самашев З. Новые материалы к изучению бань золотоордынского времени // Вестник КазНУ. Серия историческая. 2006, № 2 (41). С. 159-174.
- 9 Валиханов Ч. Собр.соч. в пяти томах. Т.1. Алма-Ата, 1984.
- 10 Самашев З., Кожа М. Элитный культовый комплекс Сарайчика // Ногайцы: XXI век. Черкесск. 2014. С.83-91.
- 11 Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. М., 2002.




Сурет 1. Монша қалдықтарын қазу.



Сурет 2. Моншаның жуынатын бөлмелерінің қыш қабырғалары.



Сурет 3. Монша қалдықтарын қазған кезде табылған кашинді сырлы қаптама ҚЫШ.



Сурет 4. Ноғай мен Қазақ хандықтары дәуіріндегі сәулетті құрылыстар орны жоспары.



Сурет 5. Ноғай мен Қазақ хандықтары дәуіріндегі сәулетті құрылыстар орны.
Фото.



Сурет 6. Ноғай мен Қазақ хандықтары дәуіріндегі сәулетті құрылыстар орны.
Үстінен қарағанда.

ҚАРАҚАЛПАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ КЕРУЕН-САРАЙЛАР

Жумабаев А.Ж. – магистр,
«Сарайшық» мемлекеттік
тарихи-мәдени музей-
қорығының ғалым хатшысы

Аннотация: Мақалада Үргеніш пен Сарайшық арасындағы керуен жолында Алтын Орда дәуіріне жататын Өзбекстан Республикасы Қарақалпақстан аумағында орналасқан Үшқұдық, Әжікелді, Қосбұлақ, Белеулі және Шұрық керуен-сарайлары туралы қамтылады.

Кілт сөздер: Алтын Орда, керуен жолдары, керуен-сарайлар, Үшқұдық, Әжікелді, Қосбұлақ, Белеулі, Шұрық.

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет Комитетінің 2021-2023 жылдарға арналған BR10164208 «Қазақстанның батыс өңіріндегі Алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» атты ғылыми жобасы аясында даярланды.

Бүгінгі таңда Үргеніш пен Сарайшық арасындағы керуен жолында Алтын Орда дәуіріне жататын бірнеше керуен-сарай белгілі. Олардың бесеуі қазіргі Қарақалпақстан жерінде орналасқан: Үшқұдық, Әжікелді, Қосбұлақ, Белеулі және Шұрық керуен-сарайлары.

2022 жылы Нүкіс қаласында «Сарайшық» музей-қорығының ғалымдары Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің 2021-2023 жылғы BR10164208 «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» жобасы аясында Қарақалпақстан Ғылым академиясында сақталған Қарақалпақстан жерінде орналасқан керуен-сарайлар туралы ғылыми есептермен, жарық көрген зерттеулермен танысты [1].

Е. Бижанов пен В. Лоховицтың «Устюртский караванный путь из Хорезма в Восточную Европу и Поволжье» [2], Ю.П. Манылов пен Н.Ю. Юсуповтың «Караван-сараи Центрального Устюрта» [3] атты мақалаларында жоғарыда аталған Қарақалпақстан аумағында орналасқан керуен-сарайларға сипаттама берілген. Ю.П. Манылов пен Н.Ю. Юсуповтың мақаласында керуен-сарайлар С.П. Толстов басқарған Хорезм архео-этнографиялық экспедициясы нәтижесінде нақтыланғанын айтады. 1946 жылы Үстірттің оңтүстік-шығысында С.П. Толстов жетекшілігімен Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы Үргеніштен Үстіртке бағыт алған керуен жолы бойында орналасқан тастан тұрғызылған керемет керуен-сарайлар және құдықтарды тапты. «Только работами Хорезмской археолого-этнографической экспедиции АН СССР 1946 г. на территории Устюрта, входящей в административные границы Каракалпакской АССР, было определено назначение этих памятников в качестве караван-сараев. Во время

авиаразведок С.П. Толстовым открыты развалины караван-сараяв Учкудук, Булак, Косбулак и Белеули» [3, С.170]. 1950 жылы да Хорезм экспедициясының Орал-Үстірт отряды Шұрық, Белеулі, Қосбулак және Үшқұдық керуен-сарайларын зерттеп өтеді [4, С.14,18]. Ал, 1964 жылы бұл ескерткіштерге Өзбек КСР ҒА Қарақалпақ филиалының Н.Дауқараев атындағы тарих, тіл және әдебиет институтының Үстірт отряды Е.Бижановтың жетекшілігімен зерттеу жүргізді.

Қарақалпақстан жеріндегі Үшқұдық керуен-сарайының жалпы анықтамасын Ю.И. Манылов, Н.Ю. Юсуповтың «Отчет об археологических раскопках на караван-сараяв Учкудук» есебінде төмендегіше келтірген: «Караван-сарай Учкудук находится на северном крае Барсакельмесской котловины, в 10-11 км к востоку от станции Абадан. В настоящее время памятник сильно разрушен, но без раскопок читается прямоугольник сильно оплывших стен с помещениями вдоль них. Он ориентирован стенами по странам света. Вход находится в середине южной стены. Размеры караван-сарая – 31,70 х 28,45-28,65 м. Стены караван-сарая возведены из вертикальностоящих плит кальцита, размером 1,04-1,35 х 0,72-1,01 х 0,11 х 0,28 м, которые поставлены на алебастровом растворе. Наружные стены сохранились, в основном, на высоту одной такой плиты. Аналогичном образом возведены стены караван-сарая Коскудук на северо-западном Устюрте [5, С.3].

Үшқұдық керуен-сарайының жоспарында 17 бөлме көрсетілген. №1 бөлменің көлемі 4,2 – 3,8 м, ол керуен-сарайдың оңтүстік-батыс бұрышында орналасқан. Аталған бөлмеден Құлына ханның Хорезмде 1359-1360 жылдары соғылған екі мыс пұлы табылған. №2 бөлме еденінен ортаңғы бөліктен Наурыз ханның Хорезм қаласында соғылған мыс пұлы табылды. Мыс пұлдың жазуы оқылмаған, бірақ сипаты бойынша 1359-1360 жылдарға сай келеді [5, С.18].

Керуен-сарайдан табылған қыш бұйымдар негізінен алтынордалық кезеңдегі хорезмдік қыштарға сәйкес келетінін атап өтеді. Есепте көрсетілген 6-суреттегі №10 құмыраның жоғары бөлігі сипаты бойынша хорезмдік емес, Төменгі Еділ бойына тән екені жазылған [5, С.19]. Үшқұдық керуен-сарайынан табылған керамикалар кезеңі бойынша XIII-XIV ғасырларды қамтыса, нумизматикалық мәліметтер XIV ғасырдың екінші жартысына жататыны анықталған. Үшқұдық керуен-сарайынан пұлдар мен қыш бұйымдар Хорезм қалалары мен Төменгі Еділ бойындағы қалалар арасындағы байланысты көрсете алады.

Үшқұдық керуен-сарайынан кейінгі ат-көлік тоқтайтын орын Әжікелді керуен-сарайы. Е. Бижанов пен В. Лоховицтың жоғарыда мақаласында Әжікелді керуен-сарайы Бұлақ керуен-сарайы деп аталған [2, С.54]. Э.Д. Зиливинская «Караван-сарай в Золотой Орде» мақаласында Әжікелді керуен-сарайы Бұлақ атауымен белгілі екенін айтады. «Он называется Ажигельды по имени котловины и расположенных здесь колодцев, но в работах ХАЭЭ известен под именем Булак. Ажигельды имеет планировку,

почти идентичную Учкудуку, но сложен он из кирпича. Размеры здания 29,3 х 24,3 м.» [6, С.178].

Әжігелді керуен-сарайынан батысқа шыққан керуендер Қосбұлақ керуен-сарайына келетін болған. Ю.П. Манылов пен Н.Ю. Юсупов Қосбұлақ керуен-сарайына төмендегідей сипаттама берген: «Его название происходит от пяти одноименных колодцев. Он, как и предыдущей, ориентирован углами по сторонам света. Его размеры – 39х33,5 м.» [3, С.177].

Белеулі керуен-сарайы Қосбұлақ керуен-сарайының солтүстігінен 50 шақырым жерде орналасқан. 1950 жылы Белеулі керуен-сарайына шурф салып, алғашқы құрылысын С.П. Толстов ІХ-ХІ ғасырларға тән екенін атайды.

Қарақалпақстан Ғылым академиясы қорында сақталған Үстірт археологиялық экспедициясының «Отчет об археолого-топографических изысканиях на плато Устюрт в 1972 г.» есебінің 3 тарауы М. Мамбетулаевтың «Караван-сарай Белеули» археологиялық есебіне арналған. Есепте Үстірттің археологиялық зерттелу тарихы бөлімінде ХІV ғасырда Ибн Баттутаның 1333 жылы Сарайшықтан 40 күнде Үстірт арқылы Үргеніш қаласына келгені келтіріледі [7, С.11]. Сонымен қатар, орыс зерттеушілерінің еңбектеріндегі керуен жолдарының зерттелуі де қамтылған. «Караван-сарай Белеули представляет собой постройку прямоугольную в плане, размером 30х35 м, возведенную из плит ракушечника. На углах постройки имеются следы круглых декоративных башенок. Вход оформлен высоким каменным порталом, находятся изваяния львов исполнение в плоском рельефе в архаической «сасанидской» манере. В центре постройки находится пустое пространство /двор/ окруженной рядами худжр – небольших комнат, первоначально, очевидно, расположенных в два этажа. Особый интерес представляет сохранившийся портал. Высота портала Белеули достигает 9 м. Сейчас он возвышается на 7,6 м. Портал и стены караван-сарая выложены из двойного ряда камней, те самые грани которых были обращены к внешней стороне, а пространство между ними были заполнены мелкими камнями. Техника кладки арок портала повторяет традиции кирпичной кладки» [7, С. 49-50].

Таким образом, средневековый караван-сарай в ХІ-ХІV вв. снабжался по водосборной системе водой с окружающих его такыров. Водосборная система состоит из двух групп сардоб, в которые попадала вода с восточного и южного такыра, сардобы должно быть связаны системой водопроводов [7, С.63].

Сонымен қатар, ХІ-ХІV ғасырларда керуен-сарайдың, құдықтардың, сардобаның, жерленімдердің құрылыстары үшін тас өндірген. Керуен-сарай кешенінің аумағында қазақ жерленімдері бар. Белеуліде су жүйесі жұмыс істеген. Қорытындылай келгенде, Белеулі керуен-сарайы Орта Азияда теңдессіз құрылыс болып саналады.

Белеулі керуен-сарайына келесі археологиялық зерттеу жұмыстары Ю.П. Маныловтың жетекшілігімен 1978 жылы жүргізілді [8]. Керуен-сарайдағы археологиялық қазба жұмыстары барысында №4 бөлмеден 1355

жылы Хорезмде соғылған Жәнібек ханның пұлы табылған. Пұлдың салмағы – 2,77 грамм, диаметрі 17,2-17,3 мм.

Керуен-сарайдың Еділ бойындағы Сарайлармен, Сарайшықпен ортақ байланысы жөніндегі мәліметті төменде түпнұсқа түрінде келтірсек: «Плитки с геометрическим орнаментом найдены в пом.4. Они имеют прямоугольные очертания размером 24x26,1x7,2 см и 20,5x17,5x5,8 см (рис.8, 1-2). На одной из сторон прорезаны три фигуры, приближающиеся по форме к прямоугольникам, вписанные друг в друга. Их углы и середины соединены между собой небольшими отрезками. Смысл этих изображений нами пока не понят. Аналогичные «вавилонно». Они найдены в Новом Сарае, в Саркеле и в Сарайчике. В.Л. Егоров высказал предположение, что эти изображения в виде вписанных друг в друга прямоугольников поразительно напоминает чертежи планов квадратных домов [8, С.16].

Белеуліден табылған қыш бұйымдар жиынтығы XIII-XIV ғасырлармен мерзімделеді. Керуен-сарайдан табылған қыш ыдыстар, моншақтардың барлығы алтынордалық кезеңге тән екені есепте келтіріледі.

Белеулінің алтынордалық керуен-сарай екенін нақтылайтын қорытындылар есепте төмендегіше қарастырылады: «Изучение археологическое комплексе Белеули позволило сделать следующие выводы:

1 Караван-сарай Белеули взводится на торговом пути, связывающим Хорезм с Золотой Ордой, одновременно с другими караван-сараями на этом пути.

2 Караван-сарай входит в единовременным комплекс оборудованной караван-сараями торговой трассы середины XIV в.

3 Караван-сарай построен в единых архитектурных традициях с применением сходных строительных приемов.

4 Материальная культура караван-сарая отражает взаимоотношения Хорезма с Золотой Ордой.

5 В мусульманском погребальном обряде центрального Устюрта середины XIV в отмечено появление сложных форм надмогильных сооружений.

6 Техника добычи камня по материалам Белеули находит много общего в материалах по горному делу Султануиздага» [8, С.27-28].

Қарақалпақстан аумағындағы Шұрық керуен-сарайын да алғаш Хорезм экспедициясы анықтаған. «Работы Хорезмийской археолого-этнографической экспедиции АН СССР в 1949–1953 гг.» еңбегінде «После перехода через пески отряд достиг уроч. Чурук; здесь также встречены остатки караван-сарая, квадратного в плане (около 40x40 м), сложенного из больших блоков тесаного камня» деп жазылған [4, С.18]. Э.Д. Зиливинская Шұрық керуен-сарайы туралы: «Размеры здания составляют 31,7x29,55 м, по всем четырем углам находятся круглые башни диаметром 2,8 м. Стены и башни сложены из плит известняка в той-же технике, что и в Белеули. Вход в постройку шириной 3,5 м находился в северо-западной стене. Пилоны портала довольно мощные, размерами 2x2 м. Вдоль северо-западной и юго-восточной стен располагалось по шесть жилых комнат, причем две из них

были изолированными и соединялись только с двором, а остальные были сгруппированы в два блока из двух смежных комнат. Размеры помещений 3,7х3.3-3,8 м. Интерьеры жилых помещений такие же, как и на других памятниках» келтіреді [6, С.181].

С.А. Уталиев «Хорезмийские караванные трассы в Европу в эпоху средневековья» мақаласында Үстірттегі керуен-сарайлар бір-біріне ұқсас екендігін нақтылайды. «Устюртские караван-сарайы Белеули, Булак, Косбулак, Учкудук, Чурук схожи по планировке. Они имеют либо прямоугольную форму, но приближающуюся к квадрату, либо просто квадратную форму. Памятники по размерам близки между собой и сложены из плиток устюртского камня размерами 30-33х30-33х6х10 см [9, 19 б.].

М.Д. Калменов өз зерттеуінде Е.Б. Бижановтың пікірінше Үстірттегі керуен-сарайлар XII-XIII ғасырда пайда болып, Алтын Орда дәуірінде қайта жанданған деп келтіреді. «В этом же году сотрудниками сектора археологии ИИЯЛ КФ АН УзССР были обследованы караван-сарайы Учкудук, Булак, Косбулак, Белеули, Чурук. На караван-сараях Булак, Косбулак заложены шурф и собран подъемный материал. Е.Б. Бижанов датировал их XIII-XIV вв. На Белеули и Чуруке собран подъемный материал. По мнению Е.Б. Бижанова, караван-сарайы Устюрта возникли в XII-XIII вв. и повторно обживались в золотоордынский период» [10, С.28].

Қорытындылай келгенде, Үстірттегі керуен-сарайлар XIV ғасырда Алтын Орданың гүлденген шағында, шамамен Өзбек хан билігі кезінде салынып, XVI ғасырға дейін қызмет атқарған. Олар жоспарлы түрде, кешенді, бір типті, өзара ара қашықтықтары географиялық қолайлы орынға байланысты есептелініп тұрғызылған болса керек. Оларды тұрғызған сәулетшілер мен құрылысшылар Орта Азиядан келген болуы мүмкін. Ғимараттардың сәулеттік ерекшелігі хорезмдік стильге жақын келеді.

Әдебиеттер тізімі.

1 Ахметова У.Т. BR10164208 «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» ғылыми жобасының 2022 жылға арналған жылдық есебі (аралық есеп). Сарайшық: «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы, 2022. –191 б.

2 Бижанов Е., Лоховиц В. Устюртский караванный путь из Хорезма в Восточную Европу и Поволжье. // Вестник Каракалпакского филиала АН Уз. ССР. Нукус, 1969. № 2(36). С. 52–59.

3 Манылов Ю.П., Юсупов Н.Ю. Караван-сарай Центрального Устюрта // Советская археология. 1982. № 1. С. 170–182.

4 Толстов П.С. Работы Хорезмийской археолого-этнографической экспедиции АН СССР в 1949–1953 гг. // Археологические и этнографические

работы Хорезмийской экспедиции 1949–1953 гг. Том II. М.: изд-во АН СССР, 1958. 811 с.

5 Ю.И. Манылов, Н. Юсупов. Отчет об археологических раскопках на караван-сараях Учкудук// Нукус, 1976 – 21с.

6 Зиливинская Э.Д. Караван-сарай в Золотой Орде // Золотоордынская цивилизация. 2017. № 10. С. 168–187.

7 Отчет об археолого-топографических изысканиях на плато Устюрт в 1972 г. Отчет составили: Бижанов Е., Мамбетуллаев М., Юсупов Н., Ягодин В.Н. Нукус, 1972 г. – 99 с.

8 Отчет об археологических исследованиях на археологическом комплексе Белеули. Отчет составил Манылов Ю.П. Нукус, 1979. – 45 с.

9 С.А. Уталиев. Хорезмийские караванные трассы в Европу в эпоху средневековья // С.Бәйішев атындағы АУ Хабаршысы №1 (23), 2009 ж. 18-21 б.

10 Калменов М.Д. Археологические памятники Устюрта и Мангистау на средневековых караванных путях: X - XIV вв. / Дис. .. канд. истор. наук. – Казань, 2013. – 275 с.

ЖОЙЫЛУ ҚАУІП БАР МӘДЕНИ МҰРА ОБЪЕКТІЛЕРІМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУДІҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІН ТАЛДАУ

Абилова А.Ж. – магистр, аға оқытушы
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Аңдатпа. Мақалада еуропалық ғылыми дәстүр (Италия, Германия, Словения) аясында қирандыларды сақтау және мәдени мұра нысандарын біріктіру әдістері қарастырылады. Авторлар заманауи сәулеттік ортадағы ескерткіштерді қирату жолдарын талдаған. Шетелдік тәжірибені пайдаланудың мақсаттылығы анықталды.

Түйін сөздер: мәдени мұра, қираған нысандар, консервациялау әдістері, реставрация, қайта құру, қала кеңістігі.

Аннотация. В статье рассматриваются методы сохранения руинирования и интегрирования объектов культурного наследия в рамках европейской научной традиции (Италия, Германия, Словения). Авторами проанализированы способы руинирования памятников в современную архитектурную среду. Определена целесообразность использования зарубежного опыта.

Ключевые слова: культурное наследия, руинированные объекты, методы сохранения, реставрация, реконструкция, городское пространство.

Abstract. The article discusses the methods of preserving the ruins and integrating cultural heritage objects within the framework of the European scientific tradition (Italy, Germany, Slovenia). The authors analyzed the ways of ruining monuments in the modern architectural environment. The expediency of using foreign experience is determined.


Keywords: cultural heritage, ruined objects, conservation methods, restoration, reconstruction, urban space.

Қалалар-адамдардың шоғырлану орталығы. Қалалардың стихиялық және жылдам дамуы бірқатар проблемалық факторларды тудырды, соның ішінде жағымсыз қалалық орта, ретсіз нүктелік даму және т.б. бүгінгі күні адамдарға өздерін жайлы, қауіпсіз және сенімді сезінуге мүмкіндік беру бұрынғыдан да маңызды. Тарих көрсеткендей, қоғамдық кеңістік пен архитектуралық көрініс адамның мінез-құлқына, әл-ауқатына және көңіл-күйіне әсер етеді [1, 43 б.]. Бұл әсер мүлдем өзгеше болуы мүмкін және сыртқы белгілерде де, мінез-құлықта, Психологияда және әдепте де көрінеді. "Алдымен біз өз үйлерімізді жасаймыз, содан кейін олар бізді жасайды" – деп Уинстон Черчилль бекер айтпаса керек [2, 58 б.].

Қалалық кеңістіктің рөлі де өзгерді-енді бұл жай ғана сыртқы орта емес, қазіргі адамның өмірін анықтайтын және коммуникация мен әлеуметтенуге ықпал ететін әлеуметтік пайдалы функцияларды орындайтын жүйенің құрамдас бөлігі. Әрбір қоғамдық орын бірегей байланыстарға, сәулет құрылымдарының қарым-қатынастарына байланысты орын алады. Рем Колхас "қаладағы әлеуетті қалалар сияқты" құрылымдар туралы айтады [3, 105 б.] және бұл ұғым барлық объектілерге қатысты, олардың сыртқы келбеті әлі уақыт жоғалтпаған жаңа, жаңашылдықтың көрінісі ретінде, тарихи құнды ғимараттар болуы керек. Бүгінгі таңда әрбір еуропалық Астанада немесе ірі орталықта сәулет көрікті жерлерінің әсерлі тізімі бар, олардың арасында бір кездері тартымдылық пен өмірдің орталығы болған, бірақ даңқын жоғалтқан қираған (әртүрлі факторлар бойынша) нысандар бар.



Тарихи сурет, 1893 жыл



Тарихи сурет, 1953 жыл



Айша биби кесеңесі 1893-1953 жж. Қалпына келтіру 2001-2004 жж.

Қираған нысандар-мәдени мұраның нәзік құрамдас бөлігі, мәңгілік пен уақыт арасындағы шекарада жатқан бірегей туындылардың қалдықтары [4, 3 б.]. Олар негізінен тарихи жадты сақтайды және құндылығы объектінің жасына, өлшеміне, орналасуына және мемориалдық, ғылыми, археологиялық, діни немесе эстетикалық құрамдас бөлігінің болуына байланысты өзгереді. Қирандылар бақылаушының ойларын қоздырады-тұтас пішінді қайта құру, олардың қазіргі ерекшеліктерін қалай алғанын ашуға және зерттеп білуге шақырады. Сонымен қатар, әлеуметтік – мәдени кеңістіктің қазіргі шындықтары қоғамның құндылық жүйесінің қалыптасуына және негізінен қаланың орталық бөліктерінде орналасуын ескере отырып, қала өмірі мен адамның мінез-құлқына айтарлықтай әсер етеді. Бүгінгі таңда "депрессиялық" кеңістіктер дәл осындай құрылымдардың айналасында қалыптасады, олардың кейбіреулері Дүниежүзілік мұра

объектілері болып табылады. Тарихи ескерткіштер мен архитектура қаланың үстемдігіне айналады. Осылайша, оларды сақтау университеттегі тарих мамандығында оқитын білімгерлерді дайындауда мұрағаттану, мұражайтану пәндердің маңызды бөлігі болып табылады.

50 жылдан астам уақыт бұрын Джейн Джекобс "ірі қалаларға ескі ғимараттар өте қажет, сондықтан оларсыз толық қанды көшелер мен аудандарды дамыту мүмкін емес" деп мәлімдеді, бұл тек қалпына келтірілген ғимараттарға ғана емес, сонымен қатар "маңызды емес күйдегі" ғимараттарға да қатысты екенін баса айтты [5, 243 б.]. Көбінесе нысандар әртүрлі дәрежеде күрделілікке ие және оны барлық жерде қолдана отырып, жақсарту мен қайта құрудың бірыңғай әдісін ұсыну мүмкін емес. Әрқайсысы үшін сақтау, бағалау, нақтылау, қалпына келтіру және жетілдіру әдісін жеке таңдау керек, бірақ берік теориялық негізге сүйене отырып.

Мәдени мұраны сақтау және қорғау Жаңа мәселе емес, ол бір ғасырлар бойы келе жатқан өзекті мәселе. Жою процесі баяу, бірақ сыртқы араласусыз тоқтатылмайды.

Шетелдік тәжірибе мәселені шешудің көптеген практикалық мысалдарын, тозығы жеткен құрылыстарды сақтау жолының әртүрлі жақтарын, олардың қалалық кеңістікке әсерін ұсынады.

Мәселеге сүйене отырып, - архитектуралық ортаның заманауи келбетін ескере отырып қолданылатын қираған мәдени мұра объектілерін сақтау әдістерін талдау және жалпылау.

Теориялық база Италияда қаланды. Түрлі ғылыми салалардың мамандары тарихи-мәдени мұраны сақтау мәселелерін зерттеді. Олардың бірегей тәжірибесі жеке аспектілермен ұсынылған:

Қазіргі қайта құру теориясының негізі: Камилло Бойто, Густаво Джованнони, Чезаре Бранди, Лука Балтр;

сәулеттік қалпына келтірудің теориялық және әдістемелік мәселелері: б.Фукара, Дж. Джокилето, Г. Чиезова;

қоғамдық кеңістікті дамыту: Дж. Джекобс, Р. Олденбург, Р. Грац, Б. Рудофский;

табиғатты қорғау әдістерін дамыту: Р. Пане, г. Де Анжелис Д'Оссат, Б. Кроче, П. Санпаолеси, Д. Карбонару;

Функцияларды өзгерту, қалалық ортада бейімделу бойынша жұмыстар, бірақ біртұтас келбетін жоғалтудың және бейнесін жоғалтудың көп бөлігі: Ф. Боллак, ч. Блосес, М. Дэвис, Б. Диллон, к. Линч;

қалалық кеңістіктегі қираған нысандардың рөлі мен маңызы: М.Козеч, Ф. Буонинконтри, к. Норберг-Шульц, Р. Колхас.

Бөлшектелген және толық емес аспектіге байланысты қираған нысандар құрылымды көзбен жоя алатын орынсыз пішіндер мен материалдардан аулақ болу үшін нақты қалпына келтіру логикасын қажет етеді. Әдістің әрекеті мұраның мәнін бұзуға немесе өзгертуге бағытталған емес. Джованни Карбонара ақпаратты оқуды жеңілдеті отырып, болашаққа сақтауға және жеткізуге бағытталған кез келген араласу (қалпына келтіру) екенін атап өтті [6, 78 б.]. Болашақ мамандар уақыт өте келе өмірдің іздерін

өшірмеуі керек. Сондықтан қалпына келтіру міндеті, шығармашылық процесс ретінде, сәулет кеңістігінің тарихи және эстетикалық талаптарын үйлестіру болып табылады.

Қалпына келтіруден айырмашылығы, негізінен ғимараттың сыртқы түрін емес, функционалдық қасиеттерін қалпына келтіруге бағытталған қайта құру да қолданылатынын ескерген жөн: қайта құру, жалпы өлшемдерінің өзгеруі, техникалық сипаттамалары, қосымша толықтырулар және т.б. сондықтан қазіргі жағдайда сәулетшілер шетелдік тәжірибені талдау кезінде тұжырымдамалық аппаратпен жұмыс істеуі керек. Италияндық авторлардың түсіндіруінше, қайта құру объектінің құндылығын сақтауға жауап бермейді және сәулет ескерткіштерін сақтау әдісі ретінде қарастырылмайды.

Сассариядағы конференцияда (2003) №9 "I Esteticadellerovinenelrecuperodiforma, imagine e materia" бөлімінде қираған нысандармен жұмыс істеудің 4 бағыты тұжырымдалған:

1. бастапқы сыртқы түрінің тарихи құндылығын арттыру және нығайту;
2. құрылыстарды табиғи түрде сақтау (консервациялау);
3. мұражай экспонаты ретінде сақтау;
4. қазіргі заманғы сәулет арқылы пішіндік фрагментті сақтау және қалпына келтіру [4, 3 б.].

Соңғы бағыт ең қызықты, өйткені ол көріністің алатын орынның ауқымдылығы мен мүмкіндіктерін береді:

-біріншіден, ол құрылымның жаңа функциясын қолдана отырып қарастырылады. Бұл объектінің "бақыланатын трансформациясы" деп ұсынылады. Ескі мен жаңаның, тамаша теңдестірілген және эстетикалық әдемілігі үшін байланысты тудыратын жаңа түпнұсқа көріністе қирандыларды пайдалануды қамтамасыз ететін әрекеттерге рұқсат етіледі;

-екіншіден, қираған нысандарды жаңа құрылымның көрнекі қарама-қарсы бөлігі ретінде қарастыруға болады, бұл объектінің мәртебесінің өзгеруіне әкеледі;

-үшіншіден, бағыт қираған нысандардың қалалық кеңістіктің бір бөлігіне сауатты сәйкес келуіне және жаңа сапалы қоғамдық орталыққа айналуына мүмкіндік береді.

Мәдени-тарихи мұра объектілерін сақтаудың жоғарыда қарастырылған бағыттары шетелдік тәжірибеде кеңінен қолданылады.

Егер біз Словендік тәсілді қарастыратын болсақ, сәулетші Милош Козечтің қолданыстағы құрылым мен жаңа функциялар арасындағы өнімді қақтығысты көрсететін іс-әрекетін мысалға келтіре отырып [7, 308 б.], онда осындай объектілердің ресурсының әлеуетін аша алатын екі негізгі әдісті бөліп көрсетуге болады: даму және жетілдіру арқылы немесе сәулет құралдары.

Еуропалық тәсілдердің нұсқаларын талдай отырып, архитектура ол алып жатқан кеңістікке қарағанда құндылығы төмен объект болған кезде Еуропалық заңмен рұқсат етілгенімен, "нысанды бұзу" қарастырылмайтынын атап өткен жөн [8, 103 б.].

Осылайша, қираған сәулет нысандарын сақтау әдістері ұзақ уақыт бойы қалыптасып, жеке әдістемелер әзірленіп, бүгінгі күнге дейін жетілдірілді. Олармен жұмыс істегенде, пішінің және түп нұсқасын өзгерту арқылы құндылық пен мағынадан айырылған «жалған» шығарманы жасауға әкелетінін ескеру қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ян Гейл Города для людей. М.: ООО "ПСФ "Крост", 2012.
2. Мегатех. Технологии и общество 2050 года в прогнозах ученых и писателей / «Litres», 2018.
3. Лео Холлис Города вам на пользу. Гений мегаполиса. М: Институт медиа, архитектуры и дизайна "Стрелка", 2015.
4. Сайт регионального совета административной области Базиликата [Электронный ресурс]. – URL:https://consiglio.basilicata.it/archivio-news/files/docs/43/96/56/DOCUMENT_FILE_439656.pdf
5. Агеев С. Как оставлять старое старым [Электронный ресурс]. – URL: <http://arzamas.academy/materials/487>
6. Буш П. Д. Интеграция руинированных объектов культурного наследия в современный архитектурный контекст: диссертация на соискание ученой степени кандидата архитектуры: 05.23.20 / Московский архитектурный институт (Государственная академия), Москва, 2017.
7. Горячева А. В. Архитектурная реставрация в Италии в 1990-2000-х гг.: диссертация на соискание ученой степени кандидата архитектуры: 05.23.20 / Московский архитектурный институт (Государственная академия), Москва, 2017.
8. Джейн Джекобс Смерть и жизнь больших американских городов/ 3-е издание изд. «Новое издательство», 2019.

УДК 902.904 (574)

МРНТИ 03.41.91

МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ИЗУЧЕНИЮ ГОРОДИЩА САРАЙШИК НА ПРИМЕРАХ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ РАСКОПОК В ШКОЛЬНОЙ ПРОГРАММЕ

Бейсенбаева Г.К. - магистр
Казахский Национальный
Педагогический университет имени Абая
Казахстан, г.Алматы

Аннотация. В школьной программе казахстанского образования предусмотрен факультативный предмет «Занимательная археология». Ведется в среднем звене для 6-7 классов. По программе факультатива

предусмотрена тема «Городище Сарайшик - сакральная история средневекового периода». В силу возрастных особенностей ребят шестого класса, учителю необходимо легко и доступно преподнести вышеуказанную тему. В противном случае, ребята просто не поймут эту интересную и одновременно сложную тему. Учителя казахстанских школ применяют на уроках разную методику и технологии, в целях заинтересовать школьников и привить любовь к своей родине. В статье предлагаются методы и приемы для успешного изучения данной темы учащимися школ, а так же опыт проведения практического занятия.

Ключевые слова: археология, казахстанское образование, учащиеся, школа, учитель, Сарайшик, история, школьная программа, исследования, методология, критическое мышление

Аннотация. Қазақстандық білім берудің мектеп бағдарламасында «Қызықты археология» факультативтік пәні қарастырылған. Орта буын, 6 сыныпқа жүргізіледі. Таңдау бағдарламасы бойынша «Сарайшық қонысы - ортағасырлық кезеңнің киелі тарихы» тақырыбы берілген. Алтыншы сынып балаларының жас ерекшеліктеріне байланысты мұғалім жоғарыда аталған тақырыпты жеңіл және оңай баяндау үшін бірнеше әдістер қарастырылған. Себебі, балалар бұл қызықты және сонымен бірге күрделі тақырыпты түсінбейді. Қазақ мектептерінің мұғалімдері мектеп оқушыларын қызықтыру, туған жерге деген сүйіспеншілікті ояту мақсатында сабақта түрлі әдіс-тәсілдерді, технологияларды пайдаланады. Мақалада мектеп оқушыларының осы тақырыпты ойдағыдай меңгеруінің әдістері мен тәсілдері, сонымен қатар практикалық сабақты өткізу тәжірибесі ұсынылған.

Түйін сөздер: археология, қазақстандық білім, оқушылар, мектеп, мұғалім, Сарайшық, тарих, мектеп бағдарламасы, зерттеу, әдістеме, сыни тұрғыдан ойлау.

Annotation. The school curriculum of Kazakhstan education provides for an optional subject "Entertaining archeology". Conducted in the middle link for 6 classes. According to the elective program, the topic "Sarayshik Settlement - the sacred history of the medieval period" is provided. Due to the age characteristics of the children of the sixth grade, the teacher needs to easily present the above topic. Otherwise, the guys simply will not understand this interesting and at the same time complex topic. Teachers of Kazakh schools use different methods and technologies in the classroom in order to interest schoolchildren and instill love for their homeland. The article offers methods and techniques for the successful study of this topic by school students, as well as the experience of conducting a practical lesson.

Keywords: archeology, Kazakhstani education, students, school, teacher, Saraishik, history, school curriculum, research, methodology, critical thinking.

Введение. В современной системе образования в последние годы происходят коренные перемены в методике преподавания истории Казахстана. Происходит модернизация содержания и методов организации учебного процесса. Требования к современному уроку изменили парадигму образования. Знание теперь не преподносится в готовом виде «на блюде с голубой каемочкой». Теперь важен деятельностный подход учителя: не рассказать, а показать и создать условия для самостоятельного изучения. Соответственно, меняется методика и технология преподавания предмета история. В казахстанских школах по обновленной программе используют критическое мышление и применяют критериальное оценивание знаний по бальной системе. Данная обновленная система образования позволяют учителям страны применять на практике разные методы и технологии построения урока по истории Казахстана, равно как и другие предметы.

Изучать историю без изучения археологических артефактов очень сложно, в связи с этим в школах все чаще стали открываться краеведческие и исторические кружки. Все больше делается уклон на интерактивные практические задания для учащихся. Большое значение придается работе археологических кружков в школах. Прежде всего, потому что использование археологического материала в школе дает возможность для приобщения учащихся к посильной научно-исследовательской работе. Археологический материал не только позволяет придать урокам дополнительную заинтересованность, но и формирует уважительное отношение к историческому знанию, как знанию научному [1, с. 75].

Кроме того, археология может способствовать развитию критического и логического мышления, умению анализировать информацию. В рамках учебной программы во время изучения темы «Городище Сарайшик - сакральная история средневекового периода» учителю необходимо раскрыть секреты, как археологи проводят свои исследования местности, включая методы раскопок, документирование и интерпретацию находок с Сарайшика. Они могут также изучить различные периоды и культуры, включая их историю, образ жизни, религию, технологии и искусство.

Основная цель преподавания археологии по истории Сарайшик в школе - это познакомить учащихся с этим удивительным городом и дать им возможность развивать свой интерес к истории и археологии.

Автор статьи на своих уроках по «Занимательной археологии» проводит уроки с разной технологией, учитывая при этом таланты и настрой учащихся. Например, учащиеся создали макет городища Сарайшик. При этом у детей развивается моторика рук и пальцев, срабатывает инстинкт у кого лучше получится работа, а главное, перед началом создания макета ребята должны были самостоятельно изучить археологические документы по архитектурному строению города. Конечно, эта работа в целом, начиная с поиска информации, ее обработки до окончания макета заняло около двух месяцев учебы. Но, результат был ошеломляющий. У учителя был риск, что ребята устанут от тяжелой и кропотливой работы, и не доделают работу до конца. Так и случилось, из 28 учащихся, 12 ребят в течении процесса

отстранились от выполнения, произошло творческое выгорание. Во время изучения археологических материалов, ребятами и учителем были первоначально изучены музейные экспонаты. Задачей школьников было посмотреть технологию макетов. В Центральном музее города Алматы на втором этаже второго зала есть макет городища Отырар. А так же познакомились с музеем-заповедником «Хан Ордалы Сарайшык» посредством интернета. В музее собраны экспонаты учеными за многие годы археологических раскопок. В музее можно увидеть реконструированный макет города Сарайшык, на нем в точности воспроизведен облик города в XIV веке. Кроме музея в состав комплекса входит Ханский Пантеон, который представляет из себя восьмигранное сооружение, высотой 17 метров. [<https://qazaqstan3d.kz/ru/place/view?id=30>]. Он и стал нашей отправной точкой.

Автор просил детей искать документы, видеоролики, фотографии Сарайшик в интернете. Дал полную свободу для проявления фантазии, для развития своих творческих и технических навыков. В ходе работы ученики могут изучать различные источники данных, включая артефакты, документы, рисунки и другие материалы, и использовать их для составления своих собственных выводов и гипотез.

В дальнейшем у учителя есть грандиозный план: создать интерактивный мультфильм на тему городища Сарайшик с использованием смартфонов, для этого достаточно использовать обычный смартфон и бесплатное приложение (например, Stop Motion Studio). Таким способом можно оживить любой исторический документ или снять мультфильм по историческому событию.

Для развития краеведческой работы автором рекомендуется разработать аудиогиды. Еще один творческий продукт. Например, можно создать виртуальную экскурсию по историческим достопримечательностям по определенной эпохе. Для создания аудиогиды можно использовать бесплатные программы и приложения, например, izi.TRAVEL.

Методика. В начале урока рекомендуется увлечь ребят цитатой археолога Джона Смита: "Археология - это своего рода детективная работа, где мы пытаемся собрать все фрагменты истории и культуры и сделать из них целое. Но это также и способ сохранить историческое наследие для будущих поколений, чтобы они могли лучше понимать свою культуру и корни своего народа." Ребята должны почувствовать себя сопричастными к истории, почувствовать, как раскрывается история благодаря их собственным «расследованиям». Обязательно указать, что в настоящее время рядом с историческим памятником расположено село Сарайчик Махамбетского района Атырауской области. В результате подмыва рекой Урал исторический слой безвозвратно разрушается. В 1999 году в этих местах был воздвигнут мемориальный комплекс «Ханская ставка — Сарайчик» [2, с. 181]

Учителю очень важно учитывать возраст ребят 6 класса, нужно подойти творчески, как преподнести изучение археологии городища Сарайшик. Рекомендуется использовать следующие методические подходы:

- сделать уроки интересными и занимательными: использовать интерактивные методы обучения, игры, видеоматериалы городища и демонстрации фото для привлечения внимания учащихся;
- связать археологию с реальным миром: рассказать ученикам о том, как археологические находки помогают нам понимать прошлое, объяснить, как их использование может быть полезно для современного общества;
- уделять внимание различным аспектам археологии: включать изучение различных периодов и культур, а также методов раскопок, документирования и интерпретации находок.
- показать значение научного метода: объяснить, как археологи используют научный метод для получения знаний о прошлом Сарайшик и подчеркнуть важность критического мышления и анализа данных по тематике;
- использовать примеры из реальной жизни: рассказать о конкретных археологических находках Сарайшик. В ряде персидских и арабских источников именовался Сарай-Джук, Сар-Учуг и схожими названиями. Первоначально один из городов Золотой Орды на древнем торговом пути из Европы в Китай через Поволжье и Хорезм. В 1242-1280 годах - столица Улус Шибана. [3, с. 413]
- проводить практические занятия: позволить ученикам провести собственные исследования, создать свой собственный археологический проект или посетить местные археологические раскопки;
- интегрировать археологию с другими предметами: показать, как археология связана с историей, антропологией, геологией и другими предметами, что позволит ученикам получить более широкое понимание прошлого и современного мира.

Обсуждение Прежде чем начать раскрывать тему, школьникам необходимо дать опережающее задание, с тем, что бы они уже имели представление о чем пойдет речь на уроке. Например, прочитать в интернете краткую информацию о Сарайшик, или скинуть для самостоятельного просмотра видео-урок. Тем самым, учитель использует рационально время на уроке, что бы более подробно остановится на методах изучения археологии в изучении раскопок в Сарайшик.

Очень важно учителю уметь преподнести информацию про Сарайшик учащимся с точки зрения археологии, так как это поможет им получить представление о том, как археологи исследуют исторические объекты и реконструируют прошлое.

Сарайшик - это древний город, расположенный на территории современного Казахстана. Он был основан в VI веке и существовал до XIII века. Для учащихся, интересным будет узнать, что разведочные археологические раскопки Сарайчика проводились несколько раз - в 1861, 1937 и 1950 гг. [4, с. 8] В 2018 году на раскопках побывал доктор исторических наук Зейнолла Самашев. Ученый отмечает, «что не все вопросы, связанные с историей возникновения Сарайшыка, еще выяснены. Поэтому нужно продолжать археологические изыскания, изучение письменных архивных источников. Это крайне важно. Ведь некоторые

ученые предполагают, что на месте города находились поселения и более древних периодов, например, еще в X веке» [<https://kazpravda.kz/n/v-sarayshyke-vozobnovilis-raskopki/>] Так считал известный советский археолог, ученый-востоковед Сергей Толстов. Но пока его предположения конкретными материалами не подтверждаются.

Для преподнесения информации о Сарайшике учащимся, можно использовать следующие подходы:

- объяснить ученикам, кто основал Сарайшик и как он развивался в течение времени. Показать, как археологические находки помогают нам понимать жизнь и культуру людей, которые жили там в прошлом;

- рассказать об археологических раскопках, привести пример, что при раскопках в 1861 году штабс-капитаном А. Е. Алексеевым было найдено много мраморных обломков, изразцов своеобразного кирпича, а в древних могилах близ Сарайчика большое количество золотых, серебряных и медных украшений и монет [5, с. 308].

- показать ученикам, как археологи используют различные методы и технологии для изучения исторических объектов;

- рассказать ученикам, как археологи интерпретируют данные, полученные в результате раскопок, и как они используют эту информацию для реконструкции прошлого;

- объяснить, как археология связана с историей, антропологией, геологией и другими предметами, что поможет ученикам получить более широкое представление о прошлом и его значении;

Результат Пачкалов А.В. в своей статье «Время возникновения города Сарайчука: нумизматика и археологические материалы, письменные источники» доказывает, что в Сарайшике в древности процветала кочевая культура, а жители города были заняты скотоводством, охотой и рыболовством. Они также обнаружили следы ремесла, такие как кузнечное дело, изготовление керамики и ювелирных изделий. Что археологические раскопки Сарайшика помогут современникам лучше понять процессы миграции и обмена культурами между различными народами и регионами. [8, с.12-14]. Например, изучение керамики, найденной в Сарайшике, позволило ученым сделать выводы о торговых связях города с другими регионами и о том, какие народы и культуры взаимодействовали между собой.

Также ученые отмечают, что изучение археологических находок помогает нам лучше понять, какие факторы влияли на жизнь и культуру древних народов. Необходимо отметить заметки арабского географа Ибн Батута в своих записях в труде «Путешествие в Дешт-и Кыпчак», во время своего путешествия в 1334 году описывает Сарайчик, сообщает о паромах на протоке Улы-су, напомнивших ему Багдад. Окрестности города были своеобразным курортным центром, сюда приезжали поохотиться и порыбачить знатные люди со всей Орды. [6, с. 178] Археологические находки показывают, как изменения климата и окружающей среды влияли на жизнь жителей Сарайшика.

Задачи преподавания урока по истории Сарайшик в школе могут быть различными и зависят от уровня и целей образовательной программы. Ниже приведены задачи при изучении этой темы, как рекомендации учителю:

- необходимо начать с изучения культурного и исторического значения города Сарайшик в различные периоды его существования. Сделать акцент на исторические данные, что Основан в монгольский период в месте, где находилась зимняя кочевая ставка. Время возникновения относится к XIII веку, по предположению А. В. Пачкалова - к началу XIV века, первой половине правления Узбек-хана [7, с. 82]

- ознакомить с основными методами археологических исследований, которые позволяют находить и анализировать следы древних цивилизаций. По легенде, о которой пишет историк Абу-ль-Гази, город основан Батыем. До конца XIV века не обносился стеной. В XIV веке переживал расцвет, обусловленный стратегическим положением на путях из столиц Золотой империи в Хорезм, соединявших страны Европы и Средней, Центральной (Согдиана) и Восточной Азии (Китай). В Сарайчике чеканились монеты [8, с. 84]

- понимание связей между различными этническими группами и их влияния на развитие города Сарайшик;

- развитие навыков анализа и интерпретации археологических находок, чтобы лучше понимать социально-экономические, культурные и религиозные аспекты жизни древних обществ. Рассказать учащимся, что Сарайчик был одним из крупнейших городов Золотой Орды и центром городской агломерации (имеется ряд городищ, разрушенных хозяйственной деятельностью XX века, на окраине Атырау расположено городище Актобе-Лаэти). Судя по археологическим находкам, в частности, сосудам с надписями, Сарайчик был городом с развитой культурой [5, с. 312]. В городе действовали уникальные водопровод и канализация из керамических труб [3, с. 422]. Имелось металлургическое и гончарное производство [9, с. 83]. Его жители также занимались ремёслами, бахчеводством, огородничеством и рыболовством. Стратегическое расположение, связывавшее Восток с Западом, сделало город крупным центром торговли.

- ознакомление с техникой обработки и сохранения археологических находок, понимание важности их сохранения для будущих исследований.

После приведенного примера школьного урока в начале статьи школьного урока автор подводит итог выполненного задания, какой получился результат. Надо ли и дальше проводить подобную исследовательско - поисковую работу совместно со школьниками? Результат проделанной работы очень удивил школьников, считаем, что подобный опыт практического занятия дало возможность подрастающему поколению соприкоснуться с прошлым, почувствовать себя современником городища Сарайшик, получше изучить историю средневекового периода.

Заключение. Не все школы могут предложить археологию как отдельный предмет, а другие могут интегрировать ее в более широкую программу по истории или социальным наукам. Кроме того, некоторые школы могут

предлагать практические занятия, включая участие в местных археологических раскопках или создание своих собственных археологических проектов, школьных археологических клубов [1,с.75]. Однако, важно понимать, что археология может быть сложной и специализированной наукой, и требует соответствующего обучения и квалификации. Поэтому, если школа решит включить археологию в свою программу, необходимо обеспечить компетентных преподавателей и соответствующие учебные материалы [10, с. 7].

В целом, важно подчеркнуть, на примере изучения городища Сарайшик, археология может быть интересным и полезным предметом, который может помочь ученикам лучше понимать наш мир и историю человечества. Развитие у учащихся уважительного отношения к культурному наследию своей страны и мира в целом, понимание значимости археологических находок и их вклада в наше понимание истории человечества.

Список использованной литературы

1. Глазырина, Т. Н. Методика преподавания истории: учеб.-метод. комплекс для студентов специальности 1-21 03 01 «История» / Т. Н. Глазырина. – Новополюцк: ПГУ, 2011 г
2. Яценко, А. И. Использование археологического материала в школе: из опыта работы // XV Урал. археол. совещание: тез. докл. междунар. науч. конф. Оренбург, 2001. С. 181
3. Сарайчик/ Волков И. В. // Румыния — Сен-Жан-де-Люз [Электронный ресурс]. - 2015. - С. 413. - (Большая российская энциклопедия : [в 35 т.] / гл. ред. Ю. С. Осипов ; 2004-2017, т. 29). - ISBN 978-5-85270-366-8.
4. Сарайчик // Ремень - Сафи. - М.: Советская энциклопедия, 1975. - (Большая советская энциклопедия : [в 30 т.] / гл. ред. А. М. Прохоров ; 1969-1978, т. 22).
5. Пачкалов А. В. Новые книги по археологии и нумизматике городища Сарайчик // Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. - Уральск, 2007. - № 1. - С. 308-331. Архивировано 16 июля 2021 года.
6. Морозов, Ю. А. Археология как одна из форм работы по историческому краеведению со школьниками // XV Урал. археол. совещание: тез. докл. междунар. науч. конф. Оренбург, 2001. С. 178–179
7. Сарайчик// Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона : в 86 т. (82 т. и 4 доп.). - СПб., 1900. - Т. XXVIIIа. - С. 399—400.
8. Пачкалов А. В. Время возникновения города Сарайчука: нумизматика и археологические материалы, письменные источники // Международное (XVI Уральское) археологическое совещание. Материалы международной научной конференции. - Пермь, 2003.
9. Пачкалов А. В. Монеты города Сарайчук // Восьмая Всероссийская нумизматическая конференция. Тезисы докладов и сообщений. - М., 2000. - С. 82-84.

10. Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. Алма-Ата: Энциклопедия, 1994. Т. I. 367 с. (в соавт. с К.М. Байпаковым, А.Н. Подушкиным и др.).

11. Очерки по истории и культуре Казахстана. Алматы: «Казакпарат», 2003. 380 с. (в соавт. с А.Н. Подушкиным).

12. К.Байпаков, Древние города Казахстана. Детская энциклопедия Казахстана. Алматы: Аруна, 2005 г

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МӘДЕНИ ТУРИЗМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУ ДЕҢГЕЙІ

Данабекова Д.И. - магистр
М.Х.Дулати атындағы Тараз
Өңірлік Университеті
Қазақстан, Тараз қаласы.

Андатпа: Бұл мақалада музей ісі жайлы, ұлттың мәдениетінен хабар беретін тарихтың қайнар көзі жайлы және туризм мен мәдениетті ұштастыру арқылы мәдени-туристік кластерлер құрылуы, дамыту жолдары жайлы жазылған.

Тірек сөздер: Мәдениет, туризм, турист, музей, көрме, дәстүр. Культура, туризм, турист, музей, выставка, традиция. Culture, tourism, tourist, museum, exhibition, tradition.


Туризм ХХ ғасырда бұқаралық сипатқа ие болып көптеген елдердің мамандану саласына айналды. Экономикалық, саяси кедергілердің азаюы, техникалық және технологиялық мүмкіндіктердің артуы мен дамыған елдерде орта таптың пайда болуы сияқты факторлар туристік саланың қарқынды дамуына мүмкіндік ашты. Туристік индустрияны ғаламдану үрдісінің бір қыры десек те болады. Экономикалық тұрғыда туризм қазіргі таңда ақпаратты технологиялармен қатар жылдам дамып келе жатқан табысты салалардың бірі болып саналады. Сондықтан көптеген елдердің өзінің туристік әлеуетін арттыруға тырысуы заңдылық.

Туристерді елдің табиғи рекреациялық немесе әлеуметтік- экономикалық жағдайы ғана емес, сонымен бірге ол жердің мәдениеті, белгілі тарихи нысандары да үлкен қызығушылық тудырады. Мысалы Египетте «Пирамидалар», Парижде «Эйфель мұнарасы» мен «Лувр музейі», Нью-Йоркте «Азаттық мүсіні», Мәскеуде «Қызыл алаң» мен «Кремль», Санкт-Петербургта «Эрмитаж», Қытайда «Ұлы Қытай қорғаны» және т.б. мәдениет пен тарихқа қатысты сол елдің тұрмыс-салт ерекшеліктеріне байланысты туындайтын сұрақтарды мәдени туризм қарастырады. [1]

Мәдени туризм – бұл баратын ел мен жердің мәдениеті, мәдени ортасы, дәстүрлері мен мәдени ландшафтарымен танысуды көздейтін туризмнің бір түрі. Мәдени туризмге жергілікті халықтардың мәдениетіне қатысты іс-шараларына қатысу, музейлерді, ескерткіштерді аралау да кіреді. «Мәдени

туризм» салыстырмалы түрде жақында пайда болған термин. XX ғасырдың 70-ші жылдары «мұралық туризм» деген атпен көпшілікке танымал болып, әлемге кең тарай бастады. Дамыған батыс елдерінде соңғы 30-40 жылдарда басқа елдерге түрлі мақсатта сапар шегу бұқаралық мәдениеттің бір бөлігіне айналып, соңғы кездері басқа да елдерге де тарала бастады.

Қазақстанда да 2000 жылдан басталған экономикалық өсім сыртқы туризмге деген сұраныстың жылдам өсуіне алып келді. Оны төмендегі диаграммадан (диаграмма -1) анық көруге болады. Алайда 2015 жылдың соңында елімізде орын алған ұлттық валютаның девальвациясы сыртқы туризмді 2016 жылы 70 % дейін қысқартады деп болжанып отыр. Бұл өз кезегінде ішкі туризмге деген сұранысты арттыруы мүмкін, яғни ішкі туризмге жұмыс жасайтын туроператорларға жол ашады.



1-Диаграмма. Статистика агенттігі мәліметтері негізінде жасалды.

2017 жылы Қазақстанда «Халықаралық көрменің» өтуі тек Астана қаласының ғана емес, бүкіл еліміздің имиджін көтеретін, шетелден туристердің келуіне ықпал ететін халықаралық деңгейдегі шара болмақ. Астана мен оның маңайы халқымыздың төл көшпелі мәдениетінің, сондай-ақ, отандық шеберлердің орындауындағы ұлттық және әлемдік музыка, би, театр өнерінің үздік туындыларын таныстыру орталығына айналады. Көрме шеңберінде салынған павильондар мен кешендер Елорданың мәдени инфрақұрылымын байыта түседі деп күтіліп отыр. Бірегей дала мәдениетінің тумасы болып табылатын қазақ мәдениетінің өткені мен қазіргі жай-күйін жан-жақты көрсететін жобалар мен іс-шаралар халықаралық, республикалық деңгейде ғана емес, сондай-ақ, облыстық, аудандық деңгейде өткізіліп тұруы ішіміздегі халықтың өз мәдениетіне тарихына деген сүйіспеншілікті қалыптастырып қана қоймай, келешек ұрпақ үшін үлкен танымдық маңызы бар.

Мәдени саясат тұжырымдамасы. Жобалардың ғылыми-теориялық және әдістемелік жағын мәдениетті 2030 жылға дейін дамытудың басым бағыттары туралы 2014 жылдың 4 қарашасында Президент жарлығымен

бекітілген мәдени саясат тұжырымдамасына сәйкес музей ұйымдастырушы және үйлестіруші орталық ретінде көрсетілген. [2] Онда «бүгінгі күні мәдениет пен мәдени әлеуетті дамыту әлем халқы мен мемлекеттерінің көпшілігінің аса маңызды даму басымдықтарының қатарына кіреді. Мәдениеттің даму деңгейі, ұлттық және әлемдік мәдени мұраны сақтап қалу мен байытуды, сапалы мәдени құндылықтардың жасалуын, таратылуы мен қолданылуын, жемісті мәдени алмасу мен тұлғаның рухани-шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетуін қамтамасыз ететін, тиімді жұмыс істейтін мәдени институттар инфрақұрылымы мен тетіктерінің болуы табыстың аса маңызды критерийлерінің бірі болып табылады» делінген. Көріп отырғанымыздай тұжырымдамада әлемдік үрдістерден қалыспай еліміздің бай мұрасы мен мәдениетін түрлі заманауи әдістер мен тиісті инфрақұрылым құру арқылы қалың көпшілікке тарату көзделген. Сонымен қатар, оны экономикалық тұрғыдан өзін-өзі ақтайтын аймақтың экономикалық әлеуетінің өсу факторына айналдыру көзделген. Осы мақсатқа жету үшін туризм мен мәдениетті ұштастыру арқылы Мәдени-туристік кластерлер құрып, дамыту жолдары ұсынылған. Мәдени –туристік кластерлерге: «Астана – Еуразия жүрегі», «Алматы – Қазақстанның еркін мәдени аймағы», «Шығыс Қазақстан – Алтай маржаны», «Оңтүстік Қазақстан – Ұлы Жібек Жолын жаңғырту» кластері, «Батыс Қазақстан – Каспий қақпалары» кіреді. Тұжырымдамада мәдени туризмді дамытуға қатысты пункттердің барлығында дерлік музейлер жайлы сөз қозғалған. Музейлердің арасында дала мәдениетін танытуда қорық музейлерінің зор әлеуеті баса көрсетіліп, болашақта оларды әлемдік мәдени туризмнің орталықтарына айналдыру мүмкіндігі айтылған. Оларды дамыту аймақтарды 2020 жылға дейін дамыту бағдарламаларының аясында жүргізілетін болады. Мәдени саясат тұжырымдамасын іске асырудың бірінші кезеңінің (2015 – 2019 жылдар) түйінді индикаторы ретінде музейге келушілер санын 3 есеге арттыру мақсаты қойылған. Жергілікті және өңірлік музейлерді дамыту үшін әлемнің алдыңғы қатарлы музейлерімен ғылыми және шығармашылық алмасуды қамтамасыз етіп, мәдениет саласына инвестициялар мен жаңа технологияларды тарту арқылы табысты салаға айналдыру көзделген. [3]

Өзінің классикалық қызметтерінен ауытқып, талабы мен сыны жоғары, ақпаратты технологиялар шарықтаған заманда, «Музейге келушілерді қалай көптеп тартуға болады» деген сұрақ қазірде көптеген шетелдік музейлердің алдында тұрған мәселе. Жаңа мәдениет саясат тұжырымдамасына сәйкес келушілер санын арттыру мен қосымша табыс табу арқылы өз рентабельділігін арттыру біздің музейлердің де негізгі мәселесіне айналуы заман талабы. [4] Қазір интернет арқылы кез келген адам өзіне қызықты ақпаратты жылдам ала алады. Көптеген музейлердің виртуалды сайттары арқылы оларды аралай алады. Әлеуметтік желілерде, түрлі интернет форумдарда көптеген тақырыптарға байланысты ой-пікірлермен бөлісу қазіргі заманның шындығына айналғанына да біршама уақыт болып қалды. Егер қандай да бір жағымен музейлер өз ісімен көрініп жатса, ол осындай виртуалдық форумдарда тиісті пікірлерімен бөлісіп, бағасын береді.

Музейдің экономикалық тұрғыдан тиімді қызмет етуі келушілердің санына байланысты. Бірақ бұл жерде музей қаржы табу жолында өзінің дәстүрлі қызметтері болып табылатын танымдық, рухани, әлеуметтік миссиясын жеңіл ойын-сауықтық формалармен алмастырып алмауын терең ойластыру қажет. Өйткені әлемде көптеген музейлер табыс табу мақсатында классикалық музейлік тұрпаттан ауытқып бара жатқан жайы тағы бар. [5]

Мақаланы қорытындылай келе, мынадай түйіндер жасауға болады:

- Музейлер мәдени туризм саласының негізгі жүйе құрушы бөлігі. Бұл тұжырым Қазақстан сияқты көшпелі өркениеттің өзегі болып табылатын ел үшін айырықша өзекті.

- Музейлердің туристік әлеуетін көтеруді еліміздің жалпы туристік, инфрақұрылымдық жұмысымен тығыз кіріктіріле және оның дамытуға мүдделі жақтардың қаржы-экономикалық, интеллектуалды-шығармашылық, әкімшілік ресурстарын үйлестіріп, нақты жоспармен жұмыс жасағанда ғана жүзеге асыруға болады.

- Музейге келушілерді арттыруда жаңа шығармашылық шешімдерді қолдану, әлемдік музей ісіндегі сәтті тәжірибелерді енгізу жылдам қарқынмен өзгеріп бара жатқан дәуірде аса өзекті.

Музейлердің басшылығы мен ұжымдарына жаңа ұйымдық формаға өткеннен бастап, келушілерді тарту жұмысында жаңашылдық пен шығармашылық таныту негізгі қағидаларына айналуы тиіс. Жаңа технологиялар мен бірге түрлі маркетингтік амалдарды ойластыру жұмыс бағыттарын әртараптандыру, туристік, білім беру ошақтарымен тығыз әріптестік орнату, түрлі тақырыптық көрмелер ұйымдастыру, республиканың басқа музейлерімен, шетелдік музейлермен қарым-қатынасты белсендіру музейлерге деген халықтың қызығушылығын арттыратын негізгі факторлары деп есептейміз.

Ұсыныстар:

Мәдени туризмді дамыту аясында музейлерге ішкі және сыртқы туристер легін арттыруға бағытталған арнайы жұмыс тобын мәдениет және спорт министрлігі үйлестіруімен Ұлттық музей қабырғасында құру;

Музейлердің туристік әлеуетін арттыру жолдарын талқылайтын халықаралық немесе республикалық деңгейдегі конференция ұйымдастыру;

Мемлекеттік музей жұмыстарының тиімділігін бағалайтын индикаторларға қоғамдық бақылау мен қатысу пунктерін енгізу;

Музейлердің туристік бизнес, білім беру орындары, БАҚ өкілдерімен, ықтимал инвесторлармен әріптестікті белсендіру.

Шетелдік сәтті маркетингтік шешімдерді отандық музейлерде қолдану.

Осы жасалған талдауымыз ескеріліп, болашақта үлкен ғылыми зерттеулерде жалғасын тауып, жақын болашақта тиімді шешімдерге айналады деп үміттенеміз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. <http://365info.kz/2016/02/vyezdnoj-turizm-v-kazahstane-upadet-na-70-vnutrennij-uzhe-rastet/>
2. "Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 22 қыркүйектегі № 998 қаулысы
3. А.Ю. Гиль: Изменения в деятельности музеев с учетом тенденций развития современного общества
4. <https://lenta.ru/articles/2012/03/29/kultur/>
5. Л.И. Бородкин Digital Humanities и виртуальные реконструкции в музейном пространстве. Современные тенденции в развитии музеев и музееведения Материалы II Всероссийской научно-практической конференции (Новосибирск, 29 сентября-3 октября 2014 г.)

САРАЙШЫҚТАҒЫ ҚОНАҚ ҚАБЫЛДАЙТЫН КЕШЕНДІ ҒИМАРАТ – ХАННЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ (1996-2017 ЖЖ.)

Тұрарұлы А. – бас инспектор
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-
мәдени музей-қорығы РМҚК

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет Комитетінің 2021-2023 жылдарға арналған BR10164208 «Қазақстанның батыс өңіріндегі Алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» атты ғылыми жобасы аясында даярланды.

Сарайшықта 1996 жылы тамыз айында археолог Зайнолла Самашевтің жетекшілігімен Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясының қазба жұмыстары басталған кезде алғаш Жайық өзені жағалауы аймағына 4 жерге қазба салынған болатын. Соның ішінде, V қазба қала орнындағы төбелердің бірінің үстінен қазылды. Төбе көлемі 20x15 м шамасында. Шурф ретінде салынған бақылау қазбасы қала тұрғын үйлерінің шикі кірпішті қабырғасын анықтады. Сондықтан кейінгі экспедиция жұмыстарының бәрі осы нысанға шоғырланды. Анықталған саман кірпішті қабырға жер бетінен 1,5 м тереңдікке дейін баратынын көрсетті.

Жер бетіне жақын, жоғарғы қабатта, кейінгі кезге (XVI-XIX ғасырлар шамасы) жататын іргелі құрылыс орны ашылды. Құрылыс орнынан жылыту жүйесі, түтіндік мұржа табылған. Қабырғасы, едені сыланғаны байқалады.

Бірақ қазбадағы жұмыс бұдан төменгі қабаттардағы алтынордалық кезең құрылыстарына назар аудартты. 1,5-2 м тереңдіктегі еден деңгейінен XIV ғасырмен мерзімделетін олжалар табылды. Олар сырлы керамика, сырлы көгілдір плиткалардың түрлері, кірпіш сынықтары болып келеді.

Ең алғашында, қазбадан қаз-қатар орналасқан 4 бөлме ашылды. Бөлме есіктері шығыс бағытқа қараған, кеңдігі 1 м. Қабырғалар саман кірпіштен қаланған, кірпіш көлемі 41x19x22 см. Кірпіштердің қалану тәсілі: «қырымен» және «бойымен» жатқызып, қатарларды кезектестіре байланыстырып қалау. Сыртқы іргелі қабырғаның қалыңдығы 1,3 м. Ішкі қабырғалардың қалыңдығы 60-70 см шамасында. Биіктігі 1,5 м.

Ашылған бөлмелердің көлемі: 1-бөлме көлемі 3,2x2,7 м; 2-бөлме көлемі 3,2x3,4 м; 3-бөлме көлемі 3x3,5 м; 4-бөлме көлемі 3,1x3 м. Бөлмелер ішінен сырлы және сырланбаған қыш ыдыстар сынықтары, кашин керамикасының ұсақ бөліктері, көк сырлы плита бөліктері, бірнеше мыс тиындар табылды.

Қазбаның беткі қабаты кейінгі кезеңдегі адам жерленімдеріне толы болды. Жерлеу шұңқырлары 60 см тереңдікке дейін жетеді. Бөлмелер қабырғалары жер бетінен 50 см тереңдіктен анықталды. 4-бөлмеден басқа бөлмелердің солтүстік қабырғасы бойында тандыр пеш қалдығы мен кан арналары бар. Түтін жүретін арналардың ені 20 см, тереңдігі 15-20 см. Бұл пештер, едендер екінші құрылыс қабаты кезеңіне тиесілі. Осы деңгейде екінші құрылыс қабаты тұрғын-жайларының қабырғалары да анықталды. Бұл қабырға қалыңдығы бірінші құрылыс қабаты қабырғаларынан әлдеқайда жіңішке келген, шамамен қалыңдығы 40 см.

3-бөлменің оңтүстік-батыс қабырғасының оңтүстік бұрышына тақала тік бұрышты ернеулі ошақ салынған. Көлемі 50x40 см, іші қызғылт-ақшыл түсті күлмен толып тұр. Солтүстік жағында ауыз қуысы бар.

Бөлме есіктері орналасқан шығыс қабырғамен параллель тағы бір қабырға орналасқан, сондықтан бұл екі қабырға арасында ұзын «дәліз» пайда болды. Бұл қабырғалар құрылысы бірнеше рет қайта өзгертіліп салынғаны байқалады. Яғни, бірнеше құрылыс қабаттары бар екенін дәлелдейді.

Кейіннен анықталғандай, бұл ортағасырлық ат-көлік тоқтайтын, қонақ қабылдау мақсатында салынған – хан ғимараты деп есептелді. Бастапқыда олар қарапайым баспаналар болса, кейіннен қонақтардың ат-көлігімен бірге тоқтайтын егжей-тегжейлі қамтылған, әдемі безендірілген тұтас кешендерге айналады.

Қазба орындарынан табылған қыш өндірісі бұйымдары жіктелініп, сараланды. Сарайшық қыш бұйым жасаушыларының шеберлігі мен жан-жақтылығына баса назар аударылды. Өндірістің жоғары дамуына Ұлық Ұлыс мемлекетіндегі Сарайшықтың экономикалық дербестігі басты роль атқарған. Бұл жазба деректермен құжатталған.

Сарайшық қазбасынан Сарай, Сарай әл-Жәдид, Гүлістан, Азақ, Қажы-Тархан, Хорезм ақша сарайларында соғылған тиындар табылған, олар Тоқты ханнан Тоқтамыс кезеңіне дейінгі хандардың соғылымдары.

1997 жылы экспедиция жұмысы V қазбадағы хан ғимаратында жалғасып, оның орталық бөлігінен 21 бөлмені ашады.

1998 жылы V қазба көлемі 50x50 м дейін кеңейеді. Қазбаның жаңа аудандарында беткі қабатты тазалау кезінде шағын шаруашылық шұңқырлары мен күлге толы онша терең емес шұңқырлар анықталды. Әрі

осы жерлерден дөңгелек келген топырағы қыздырылған орындар байқалды. Айналадан паста моншақтар, шыны, қола бұйымдардың сынықтары, қызыл түсті қыш ыдыстар сынықтары табылды. Осы нышандарға қарап бұл жерде кейінгі кезде киіз үйлер тігілген қоныстанушылар болған деп болжам жасалды. Бұл шамамен XVI ғасырдың II-жартысы - XVII ғасырларға келеді. Соған қарағанда, Сарайшықтың бұл жерінде тіршілік XVII ғасыр басындағы қалмақтар шапқыншылығынан кейін де жалғаса берген секілді.

Кейінгі қабаттардан жерленімдер орындары ашылды. Жалпы саны 150-ден астам адам сүйегі табылды. Барлық мәйіт басымен солтүстік-батысқа бағытталған. Жерленімдерден 3 типті шұңқырда жерлеу түрлері анықталған және төртінші - қыш кірпішті склептер - көрханаларда жерлеу дәстүрі де бар. Бұл кездескен жерлеу салты материалдары арнайы зерттеулерді қажет етеді, әрі мол деректер қоры боп табылады. Жерленімдер зерттеуі сол замандағы қала мен даланың, ислам мен исламға дейінгі далалық дәстүрлі сенімдердің, түрлі халық санаттарының қарым-қатынасы көрінісін қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

XIV ғасырдың II-жартысында хан ғимаратының 1997 жылы ашылған орталық бөлігіне жалғаса, барлық бағыттарда, жанама шаруашылық бөлмелері қосылып салынғаны анықталды. Шығыс жағынан көлемі кең 3 бөлме салынған. Ішкі интерьері әдеттегідей, сол кездің дәстүрінде жасалған, суфа, кан жүйесі, тандыр пеш салынған. Бөлмелер көлемі 5x5 м, ортасы қалыңдығы 60 см қабырғалармен бөлінген. Бөлмелерден табылған олжалардан қола кесе, жылқы бейнесіндегі қола құлыптың жарты бөлігі, темір пышақ, т.б. айтуға болады. Бөлмеден табылған тиындар XIV ғасырдың II-жартысында соғылған, ең кейінгісі Тоқтамыс ханның билігі кезеңіне келеді.

Солтүстік бөлікте бірқатар кең көлемді бөлмелер ашылып, сонымен кешенді хан ғимаратының шекарасы анықталды. Бөлмелердің бірінде суфаның сырты қыш кірпішпен қапталған. Тағы бір бөлменің аумағы 8x8 м құрайды, оның ішінде 18 см қалыңдықта мал қиының қабаты түзілген. Шамасы, бұл қыс кезінде арық-тұрық ұсақ малды ұстайтын жер болса керек.

Ханның орталық бөлігінің батыс жағында да 5x5 м көлемді бөлмелер қалдығы табылды. Бөлмелердегі суфаның көлемі 4x3 м болады. Бұл бөлмелерден әрі қарай, батыс бағытқа тағы қосымша бөлмелер немесе шаруашылық ғимараттары орналасқан. Оның бірінде қарапайым жазғы ошақ сақталған. Бұл анықталған бөлмелердің жартысын сол кезде-ақ өзен сағасы қиып кеткен еді. 1998 жылғы Жайық өзенінің көктемгі су тасуы Сарайшықтың тұсында мәдени қабаттың 3-5 м шамасындай жағалау аумағын ағызып әкеткені ғылыми есепте айтылады. Ал оңтүстік-батыс шетінде өзен тасуы мәдени қабатты 30 м-ге дейін жойып кеткені жазылған. З.Самашев келесі 1999 жылғы су тасуы кезінде «хан» қазбасының бір бөлігі табиғаттың күшімен жойылатыны ақиқат екенін ескертеді. Сондай-ақ, қазба орындарын көріп тамашалаушылардың осы маусымда өте көп келуі себепті, қала өмірінің элементтерімен таныстыру үшін белгілі бір нысандарды реставрациялау, туристер үшін экспозициялық алаңдар жасау керектігі

туралы да мәселе көтереді. Патриоттық тәрбие беру, тарихымызға деген құрмет пен қызығушылық тудыру мақсатында бұл қайта қалпына келтіру шаралары зор табыстарға жеткізері сөзсіз деп қорытындылайды.

Хандағы қазба жұмысы кезінде Сарай-әл-Жәдитте 791 хижра жылы (б.з. 1391 ж.) соғылған тиын мен Хорезмде 782 хижра жылы (б.з. 1382 ж.) соғылған тиын және 1380 жылдары Орда-Муаззамда соғылған тиын табылды. Бәрі де мыс пұлдар. Осы 1998 жылы қазбадан 70-тен аса тиындар табылған екен. Олардан алынған ақпараттар археологиялық қабаттардың хронологиясын шығаруға септігін тигізді. Сол жылы Әмір Темірдің таңбасы соғылған мыс тиын Каспий маңы аумағынан алғаш рет табылды. Нумизматикалық материалдар бойынша, XIV ғасырдың 60-70 жылдарына дейін соғылған тиындар Еділ бойындағы қалалардан шығарылған, кейін Сарайшыққа келгені анық. Тоқтамыс ханның билігі кезінде Хорезмде соғылған тиындар саны көбейген. Бұл өзгеріс XIV ғасырдың II-жартысындағы саяси оқиғалардың кейбір сәттерінен хабар береді. Бұл кезде Хорезм Ордадан тәуелсіз саясат жүргізген. Билік басында Қоңырат сопыларынан шыққан әмірлер болған еді. 1372-1374 жылдары Хорезмді Әмір Темір басып алады, 1380 жылдары Алтын Орда ханы Тоқтамыстың қол астына қарайды. Осыған байланысты хорезмдік тиындар Тоқтамыс тиындарымен бірге кездеседі. 1391 жылы Хорезм қайтадан Әмір Темірге қарады, сол кезден бастап оның атымен соғылған тиындар Сарайшықта пайда бола бастаған. XIV, XV, XVI ғасырларда Қырымда соғылған тиындар (Меңлі-Герей, т.б. хандар) Сарайшық қазбасынан үздіксіз кездесіп отырды, бұл Қырым мен Сарайшық арасындағы қарым-қатынас еш тоқтамағанын көрсетеді. Осы 1998 жылғы маусымда XV-XVI ғасырлардың мәдени қабатынан свастика тәріздес таңбасы бар мыс тиындар кездесті. Оларды Ноғай Ордасы хандары шығарған болуы мүмкін деген жорамал бар. Бұл тиындардағы мөрдің толық мағынасын ашу Ноғай Ордасы өмірінен жаңа мәліметтер берер еді.

1999 жылы да зерттеу қазба жұмыстары хан кешенінде жалғасты. V-қазба орнына қарасты және оның маңындағы тұрғын-жайлар ашылып, 45-тің үстіндегі бөлмелердің сипаттамасы жазылады. Бөлмелер құрылысы мен ішкі интерьерінде айтарлықтай өзгешелік жоқ. Тандыр пеш, суфа, кан жүйесі кездеседі. Гипс күйдіретін пеш құландысы табылды.

2000 жылы V-қазбада бөлмелер қайта сипатталып, тереңдетіле қазылды. Сонымен қатар, осыдан анықталған шаруашылық шұңқырлары мен құрылыс бөліктеріне сипаттама берілген.

2003 жылы екі жылдық үзілістен соң Сарайшықта авариялық-құтқару мақсатында археологиялық қазба жұмыстары қайта қолға алынды.

Қазба барысында хан ғимараты астында тағы бір ғимараттың бар екені анықталды. Ханды тұрғызған кезде ол ғимараттың әлсіз қабырға бөліктері бұзылып тасталған, мықты қабырғалары ханға іргетас ретінде қызмет атқарған. Бұл қабырғалар төртбұрышты пахса блоктарынан құралған. Бөлмелерде тандырлар мен кандар жасақталған. Кейбір бөлмелерде тік бұрышты ошақтар болған. Ал бір бөлмелерде үлкен көлемді тандыр пештер

салынған. Оларға отынды үстінен салатын болған, жанында отын салатын қуысы болған жоқ. Әдетте осындай тандыр пештер оңтүстік өңірлерге, Жетісу өңіріне тән келеді.

Қазба материалдары бойынша нумизматикалық тиындарға, керамикалық бұйымдар түрлеріне, остеологиялық материалдар мен сүйек бұйымдарға кең көлемді сипаттама берілді. Қазбада бес құрылыс кезеңі болғаны анықталды.

2004 жылғы қазбада хан типті сарай кешенінің көлемі 20x25 м шамасында, тік бұрышты келген, оңтүстіктен солтүстікке созылған пішінде болды. Ғимарат шикі саман кірпіштен салынған, қабырғалар қалыңдықтары 80 см-ден 160 см-ге дейін жетеді, биіктігі 2 м болды. Іргетасының маңы 1330-1360 жылдарға жататын мәдени қабатпен жабылған. Кейіннен, жанама құрылыстар салу есебінен ғимарат 40x40 м көлемге дейін кеңейген.

Ғимараттың шығыс бөлігі оңтүстік-солтүстік бағытта қатар орналасқан 4 бөлмеден тұрады. Бөлмелердің ішкі көлемі 3x5 м. Олар қоғамдық мақсатта қолданылған. Шығыс жағымен ұзын дәліз арқылы жалғасады. Олардың құрылысы жобасында қазіргі кездегі мектеп немесе қонақ үй тәрізді салынған, өтпелі ұзын дәлізден бөлмелерге кіретін болған. Бөлмелер интерьерінде жатын суфа, жылытуға арналған қан арналары, тандыр пеш бар. Тандыр аузына жақын жерде ташнау орналасқан. Ташнау - ұлутастан жасалған жуынып-шайынуға арналған гигиеналық шұңғылша, дискі пішінді бір жағына қарай ойыс келген. Диаметрі 1 м шамасында, ортасында су ағуға арналған ойық тесігі бар. Барлық ташнаулардың бірдей болуы, ғимарат иесінің ташнауларды бір жерден тапсырыс бойынша жасатқанын көрсетеді. Ташнаулар жиынтығын жасатуға қаражаты жеткілікті болғанын да байқатады. Сірә, бірнеше жүздеген шақырым алыстағы тас қашаушы орындардан жеткізілген болса керек.

Ғимараттың солтүстік бөлігі 4 бөлмеден тұрады. Көлемі 4x5 м. Бөлме интерьері шаруашылық мақсатта қолданылғанынан хабар береді. Олардан қабырғасы саман кірпіштермен өрілген шаруашылық шұңқырлары, ірі көлемді тандырлар, тамақ сақтауға арналған шұңқырлар табылды. Шұңқырлардың бірінен тары дәндері анықталды. Ғимараттың бұл бөлігі азық-түлік сақтауға және көп мөлшерде тамақ дайындауға арналғаны анық.

Ханның батыс бөлігіндегі қазба бөлмелерді анықтаған жоқ. Алынған деректерді сараптасақ, ғимараттың функционалды мақсаты саяхаттаушы жұрттың (саудагерлер, саяхатшылар, зиярат етушілер, т.б.) уақытша паналауына арналған. Ғимараттың алдында 20x30 м шамасында алаң бар. Ал, оңтүстік-батыс жағында тұрғын үйлер бөлмелері ашылды. Тұрғын үйлердегі шаруашылық шұңқырларының бірінен қара түсті жапсырма әдісімен жасалған қыпшақ керамикасының бөлшегі табылды.

2005 жылы қазба кезінде хан маңынан қыш күйдіру пеші табылды. Күйдіру камерасының радиусы 50-60 см, камераның сақталған биіктігі 50 см. Камера қабырғасы қатты қызудан балқыған, соның әсерінен шыңылтырланып жасыл түске айналған. Камера қабырғасының қалыңдығы 12-16 см.

2006 жылы V-қазбадағы жұмыстар неізінен хан ғимараты айналасында, жерленімдерден тазалау бойынша жүрді

2007 жылы негізгі қазба жұмыстары V-қазбада шамамен 300 шаршы метр аумақ қазылды. Ханның солтүстік-батыс жағы өзеннің өр суына тез шайылып бара жатуынан нысанның архитектуралық кезеңдеріне зерттеу жүргізілді. Мұнда төрт құрылыс кезеңі бар екені анықталды. Бірінші құрылыс кезеңіне XV ғасырдың II-жартысы мен XVII ғасырға жататын жерлеу құрылыстары кіреді. Бұл құрылыстар жер бетінен 4-тен 7 см-ге дейін тереңдікте анықталды. Екінші құрылыс кезеңі құрылыс қалдықтары, шұңқырлар, от жағылған орындардан тұрады, тереңдігі 140-160 см-ге дейін. Үшінші құрылыс кезеңі хан тұрғызылғанға дейінгі төмен орналасқан құрылыстар. Кейбір құрылыс ғимараттары төртінші құрылыс кезеңінде де қолданыста болғанын атап өткен жөн. Төртінші құрылыс кезеңіне XIII ғасырға жататын барлық құрылыстар кіреді.

Ғимарат туралы «Сарайшықтың қыш бұйымдары» атты еңбекте: «Оның пішіні, негізінде архитектуралық «хан» тектес жобаланған сарай кешенді. «Хандар» қадірлі қонаққа, көпестер мен тәу етушілер, саяхатшылар үшін тұрғызылатын. Ол XIV-XVII ғасырларда Шығыстағы мұсылман елдерінде өте кең таралған еді. Құрылыстың көлемі зәулім 40x20 метрлік. Бұл жерде бұрын болған құрылыс нышандары кезінде тегістеліп, бітеліп те тасталған.

Ғимараттың 20x20 метрлік орталық бөлігінің негізгі қаңқасы екі метрлік құйылған платформаның үстіне мықтап шикі кірпіштен қаланған. Қаңқаның қабырғаларының іші де әртүрлі материалдармен толтырылып бекітілген. Ғимараттан 25 бөлме тазартылды. Оның оңтүстік жағындағы порталдық бөлігі аркалы, кіре-берісіндегі шығыңқы тұсында пештакты баспалдақты кең пандусы бар. Бұрыш-бұрышында сәл шығыңқылау жасалған мұнаралар орналастырылған. Портал күйдірілген кірпіштен қаланып, бедерлі панель және кестелі өрнектер түрінде ақ алебастрден жасалып, сәндік элементтермен қапталған.

Кіре берісінде кең алаң бар. Бұл ғимаратты, болжам бойынша Жошының ұрпағы Орыс хан салдырған. Ол 1370 жылдары Дешті-Қыпшақтың шығысындағы өз иелігіне өткен жерлерде билігін нығайтып, күйреуге бет бұрған империяны қайта қалпына келтіруге тырысты. Сығанақтағы резиденциясын ұстай отырып, Сарайжұқты өз иелігінің астанасына айналдырғысы да келді. «Көптеген медресе, ханака, мешіт және басқа игілікті ғимараттар салдыртқан» атасы Еженнің үлгісіне сай, Орыс хан да орталық қалаларды гүлдендіруді қолға алады (Сұлтанов, 1992, 198).

Көп ұзамай ғимарат нысандары да өсе бастайды, оның қапталдарына симметриялық түрде қанат секілдендіріліп бөлмелер жалғанған. Арт жағы да көптеген жанама құрылыс нысандарының есебінен өсе түседі. Құрылыс саны 40 шақты болып көбейді. Ансамбльдің орта тұсы жанамалап салынған тұрғынжайдың шатырларының үстінен биік тұрды. Негізінен олардың көбісі тұрғылықты бөлмелер болған» деп сипатталады [Самашев, 2008: 19-20].

2008 жылы қазба жұмыстар V-қазба орнында 500 шаршы метр көлеміндей ауданда өтті. Жұмыс нәтижесінде XIII ғасырдың II-жартысы - XIV ғасырдың I-жартысымен кезеңделетін тұрғын және шаруашылық бөлмелері зерттелді. Қаланың мәдени қабаттарында осы кезеңнің қарқынды оқиғаларына куә болар материалдық дәлелдер көп кездесті. Сонымен қатар, Сарайшықтың қалалық мәдениеті мен оның маңайы Поволжье, Хорезмнің синхронды мәдениеттерімен салыстырғанда терең далалық түп-тамырларының барын, Дешті Қыпшақпен тығыз байланысты көрсететін өзіндік ерекшелікке ие. Зерттеушілер Сарайшықта зерттеуді жалғастыру Алтын Орданың құрылуы мен ыдырауының тарихи салдарын бағалауға жаңа көзқарас тұрғысынан маңызды екеніне тоқталады. Сарайшықтың дәуірлеуі, өшуі және күйреу тарихы қазақ мемлекеттілігі қалыптасуының бастапқы кезеңіндегі оқиғалармен және оның этникалық аумағының қалыптасуымен тікелей байланысты екенін атап өткен.

Хан маңындағы өзен бойы жағалауы аймағы топырақтан ең алғашқы алтынордалық құрылыс қабаттары кезеңіне дейін ашылды. Ашылған үйлерді сипатына қарай екі түрге бөлуге болады. Біріншісі, 2-4 бөлмелі саман кірпіштен тұрғызылған үйлер. Бөлмелердің көлемі 4x5 м, суфа үш қабырғаны бойлай салынған. Екінші түрге блоктардан тұрғызылған көпбөлмелі қоғамдық мақсаттағы үйлер жатады. Блоктар шығыстан батысқа ұзынынан жатыр. Пахса блоктардың көлемі 70x50x20 см. Оларды бекіткен балшық ерітіндісі арасында алебастр қиыршықтары бар. Бөлмелерді ортасынан фахверк қабырғалармен бөлген. Суфалар бір, кейде екі қабырғаны бойлай орналасқан. Бұл ғимараттар сипатына қарағанда жатақхана типтес келген.

Қазба материалдарын Жошы Ұлысының тарихымен сабақтастыра отырып сараптайтын болсақ, Сарайшық Жошы Ұлысының алғашқы онжылдықтарынан бастап қала ретінде салына бастаған. Бұған дейін шағындау қоныс болған қолайлы жерге салынған қалада XIII-XIV ғасырларда қазба жүрген жерде қолөнершілердің, көпестердің, т.б. еркін тұрғындардың баспаналары салынғанын көрсетеді. Олардың қызметі трансконтинентальды керуен жолының қалыпты өмірін қамтамасыз ету болды. Еуропа елдерінен Хорезм, Иран, Үндістан мен Қытай қалаларына және кері бағытта жүретін сауда керуендері аялдап тынығу, күш толықтыру үшін осы қазба жүргізілген жердегі нысандар пайдаланылған.

1312 жылы Мұхаммед Өзбек ханның билік басына келуімен Сарайшықта күшті экономикалық дүмпу болғанын байқауға болады. Қазба орны басқа қалалардан келген адамдар тұру үшін әдейі бөлінген болса керек. Кейін Жәнібек ханның билігі тұсында (1342-1357 жж.) Сарайшықтың өркендеуі сауда-қолөнер орталығы ретінде жалғаса берді, зерттеу нысандары кеңейіп, ауданы өсе түсті.

Жәнібек ханның өлімінен кейін империяда күшті билігі жоқ хандар бірінен соң бірі ауысқандықтан тәртіп ретке келтірілмеді. Орталық биліктің беделі түскен кезде Сарайшық тағына Жайық пен Ертіс аралығының аумағын басқарған Ақ Орда хандары таласа бастады. Бұл аралықта зерттеу аймағы еш өзгеріс көрген жоқ. 1380 жылдары Ақ Орда ханы Орыс хан билікке келуімен

зерттеу аумағында айтарлықтай қайта құрылыс жұмыстары басталды. Құрылыс жүргізген шеберлер ханның өз ұлысынан шақыртылған болса керек, өзгеше құрылыс тәсілін өздерімен бірге әкелген, яғни Орта Азияда кең тараған пахса блоктарын қолданған. Кейіннен Тоқтамыс ханның билігі тұсында (1380-1396 жж.) кешен қанатын кеңге жайып ірі орталыққа айналған. Ақырында кешеннің қаңырап қалуына Тоқтамыс пен Әмір Темір арасындағы қарым-қатынасқа байланысты оқиғалар әсер еткен болуы мүмкін деп жорамалдауға болады. 1391 жылы екеуінің ара қатынасы жауласумен соғысқа ұласты.

Тоғыз жылғы үзілістен соң, 2017 жылы З.Самашевтің ғылыми жетекшілігімен Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі ортағасырлық Сарайшық қаласындағы далалық зерттеулерді қайта қолға алады. 2008-2017 жылдар аралығында көктемгі су тасуы әсерінен үштен бірі бөлігі жойылған V-қазба орнында, кешенді сарай ғимараты қабырғаларын тұрғызу сипаты бойынша қосымша мәліметтер алынды. Ол алға қарай қоғамдық және діни ғимараттар тұрғызуда осындай сәулеттік шешімдердің даму бағытын анықтауға мүмкіндік береді. Сондай тәсілдің бірі ғимараттың бүкіл алаңы астына ірі көлемдегі пахса блоктарды төсеуден көрінеді. Хан бөлмелерін топырақтан аршу кезінде пахса төселген деңгейден төмен, төменгі құрылыс қабатында көптеген бөлмелер жүйесі анықталды. Бұл бөлмелер қабырғалары саман кірпіштерден, ал, кейбірі шикі балшықты ағаш қалыпқа құю әдісін қолдану жолымен тұрғызылған. Осындай төменгі қабаттың бір қабырғасын зерттеу кезінде қабырға астында қамыстан төселген төсенді қалдығы бары анықталды.

Хан ғимаратын зерттеу барысында басқа да маңызы бар жәдігерлер туралы айта кетсек, олар Қызыл теңіз жағалауынан әкелінген қызғылт түсті маржан, Үндістаннан тасылған халцедон моншақтар, Хорезмдік тальк тас қазандары, Ирандық люстр қыш ыдыстары, Қытайдан әкелінген фарфор тектес селадон ыдыстарын атауға болады. Түрлі түсті шынылар Сирия мен Түркістаннан келген болуы мүмкін.

«ЕДІГЕ» ТАРИХИ-ҚАҒАРМАНДЫҚ ЭПОСЫНДАҒЫ ТҮТАСТАНУ ҚҰБЫЛЫСЫ: СЮЖЕТТІК ЖӘНЕ ҒҰМЫРНАМАЛЫҚ ТҮТАСТАНУ

Жұманазар А. – ф.ғ.д.

С.Баишев Университеті профессоры

Қалдыбай Б. – аға оқытушы

С.Баишев Университеті

Ақтөбе қаласы

Түйіндеме. «Едіге» эпосы «Қырымның қырық батыры» аталатын тұтастанған жырдың құрамына енген. Сондықтан «Едігенің» поэтикасының бір қыры тұтастануға байланысты екендігін ескеруге тура келеді.

Кілт сөздер: Фольклор, қаһармандық эпос, тұтастану, сюжеттік тұтастану, ғұмырнамалық тұтастану.

Аннотация. Эпос «Едіге» входит в состав целостного сказания «Қырымның қырық батыры». Таким образом, надо отметить, что одна из граней поэтики эпоса «Едіге» связана с циклизацией.

Ключевые слова: фольклор, героический эпос, циклизация, сюжетная циклизация, биографическая циклизация.

Annotation. The epic "Edige" is part of the integral legend "Kyrymnyn kyryk batyrs". Thus, it should be noted that one of the facets of the poetics of the epic "Edige" is associated with cyclization.

Key words: folklore, heroic epic, cyclization, plot cyclization, biographical cyclization.

Қаһармандық эпостарда көркем жинақтауға аса зор мән беріледі. Онда батырдың басына батырлық, ақылдылық, ата қонысын, ел-жұртын шексіз сүюшілікке қоса халықтың ең үлкен арман-мұраттары, осылай болса екен деген тілектері жинақталады. Соған байланысты өмірдегіден гөрі қиялдағы іс-әрекет шығармаға, оның басты кейіпкерлеріне тұлғалық сипат береді. Фольклордағы жинақтау туралы С.Қасқабасов: «...көркем жинақтау – фольклордың басты бейнелеу әдістерінің бірі. Ол, сайып келгенде, өмірді, қаһарманды фольклорлық түсінікпен дәріптеуге қызмет етеді және тұтастану құбылысын күшейтеді, өйткені, тұтастанудың өзі, мұнда да тарихи оқиғалар, кейіпкердің өмір жолы мен іс-әрекеті, оның ұрпағының ғұмыры мен қимыл-ерліктері түгел жинақталып, топталып, біртұтас дүние құрайды. Тұтастану да қаһарманды, оның ұрпағын дәріптеуге бағытталады. Ендеше, фольклордағы тұтастану – көркем құралдың, яғни поэтиканың бір бөлігі, тармағы деуге негіз бар» [1], – дейді.

«Едіге» эпосының «Қырымның қырық батыры» эпопеясындағы «Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары» туралы негізгі бөлімнің басты шығармасы екендігін ескерсек, бұл жерде тұтастану (циклизация) құбылысына айрықша көңіл қоюға тура келеді. Қаһармандық эпостағы тұтастану құбылысын алғаш ғылыми тұрғыдан классификациялаған В.М.Жирмунский шығыс пен батыс халықтары эпосындағы тұтастануды өзара салғастыра келіп, оның төрт түрін анықтады: 1. Сюжеттік тұтастану; 2. Биографиялық тұтастану; 3. Генеологиялық тұтастану 4. Эпопеялық (дәуірлік) тұтастану, яғни бір ел басшысының немесе батырдың айналасына әр дәуірдің батырларының топтасуы. Тұтастанудың осы төрт түрінің қазақ эпосындағы көрінісі бойынша С.Садырбаев кандидаттық диссертация қорғады. С.Садырбаев «Қырымның қырық батырындағы» «Қарадөң батыр мен оның ұрпақтары» бөлімі бойынша зерттеу жасады. Ол өз зерттеуінде қазақ эпосына сюжеттік, өмірбаяндық, генеологиялық тұтастанулардың тән екенін атап көрсетті [2, 104-б.]. Фольклортанушы Ш.Ыбыраев та өзінің батырлық жырлардың поэтикасын қарастырған «Эпос әлемі» атты еңбегінде тұтастанған жырлардың кейбір ерекшеліктеріне тоқталып өтеді [3, 254-б.].

Ал С.Қасқабасов «Қазақ фольклорындағы тұтастану құбылысы» деп аталатын іргелі еңбегінде қазақ фольклорында тұтастанудың алты түрі бар екенін анықтады. Олар: 1. Сюжеттік тұтастану; 2. Ғұмырнамалық тұтастану; 3. Шежірелік тұтастану; 4. Тарихи тұтастану; 5. Орталықтық тұтастану; 6. Географиялық тұтастану.

Ғалымның пікірінше, *сюжеттік тұтастану* екі сатыдан тұрады. Алғашқысы – фольклорлық сюжеттің пайда болып, тұтастануы да, екіншісі – тұрақталған сюжеттердің бір кейіпкерге телініп, топталуы. Былайша айтқанда, әуелі бір оқиғаның тұрақты сюжетке айналуы қажет, сосын осы сюжет кеңейе келе, бірнеше сюжетті қамтыған шығармаға, эпикалық туындыға айналуы керек. Бұған мысал ретінде: «Мәселен, Едіге батыр туралы жырды алайық. Мұнда басты оқиға – Едігенің Тоқтамысқа қарсы күресі. Бұл – тарихи факт. Ал осы шындық эпоста көптеген қосымша сюжеттермен, мотивтермен көмкерілген, өйтпеген күнде Едігенің өмірі эпикалық күйге түспеген болар еді. Сөйтіп, Едігенің ғұмырнамасы оның ғажайып жағдайда тууымен басталады, – дейді ғалым [4, 447-б.].

Соңғы нұсқалардың біразында (татар, қарақалпақ тіліндегі) Нұраддинге байланысты сюжет аса зор көлемде, өз алдына бөлек эпос іспетті. Қарақалпақтардағы бұл «бөлек эпос» алдыңғы Едіге туралы сюжетке қосылып көлемі зор, кең құлашты он алты мың жолдық қаһармандық эпос тудырып тұр. Мұрын жырау нұсқасында да «Нұраддин» жыры – өз алдына жеке шығарма. Бұлар – талдап отырған эпосымыздың сюжеттік тұтастану процесінен өткендігін көрсететін тағы бір айғақ. «Едіге», негізінен, үлкен төрт бөлімнен тұрады: 1. Батырдың дүниеге келуі мен балалық шағы. 2. Батырдың Сәтемір еліне қашуы және үйленуі. 3. Едігенің елге оралуы. Ерліктері. 4. Батырдың баласының ерліктері.

Батырдың дүниеге келуі мен балалық шағы турасындағы сюжет кейіннен пайда болса, Сәтемір еліне қашуы – В.М.Жирмунский атап көрсеткендей, шығарманың тууына себеп болған басты жағдай. Едігенің елге оралуы мен батырдың баласының ерліктері тарихи оқиғаларға қатысты туындаған. Осы төртеуі жинақталып эпостың қаңқасын құраған. Кейін әр түрлі талантты жыршылардың жетілдіріп айтуы, тыңдаушылардың талап-талғамы нәтижесінде осы күнгі ұлттық версиялары пайда болған.

Эпикалық туындылардағы тұтастану жыршыға да байланысты. Нұртуған нұсқасында Едіге бала кезінде атастырған қалыңдығы Қағазды іздеп барғанда, ол елді қалмақтың ханы Қараманның батыры Қабантин шауып кеткен болып шығады. Жеңіске жетіп, Қағазға үйленген Едігеден туған бала Нұрадын да батыр болып, Тоқтамысқа аттанып, соғыс ашып, қырғын салып, ханның қыздары Қаныкей мен Тыныкейді олжалайды. Эпостың бұл бөлігі бөлек өз сюжеті бар дара туынды іспетті. Біз бұған қарай отырып, өмірде болған тарихи оқиғалардың күңгірттеніп, олардың орнына ертегілік, эпсаналық сарындар келетінін, тағы бір ретте басқа эпостық аңыздаулардың сюжеті кірігетінін, яғни контаминациялану жүретінін аңғарамыз. Контаминация жалғыз Нұртуған нұсқасында емес, эпостың Мұрын жырлаған нұсқасында да, өзбек версиясында да бар. Бұл екеуінде де

эпостың аяғы қалмақпен соғыс болып кетеді. Алайда, жаудың үнемі дерлік қалмақ болатыны да – қисынды нәрсе, себебі қалмақ пен қазақ халықтарының арасындағы соғыс бір жарым ғасырға созылғаны мәлім.

Ертегілердің барлығы, ғашықтық дастандар басты кейіпкердің үйленуімен бітсе, эпоста басты қаһарманның үйленуі – оның кәмелетке толғандығының белгісі ғана. Одан әрі оның ерлік жорықтары, қаһармандық істері жалғасады. Сөйтіп, батырдың бүкіл өмірін көрсететін жүйелі жыр туындайды. Осыдан келіп, эпостағы *ғұмырнамалық тұтастану* пайда болады. С.Қасқабасов ғұмырнамалық тұтастану туралы: «Асылы, ғұмырнамалық тұтастану – елдің батырға, оның өміріне деген зор ықыласынан пайда болған секілді. Халық өзінің қорғанышы болған сүйікті батырдың қалай туып, қалай өскенін, қалай үйленгенін білгісі келген. Тіпті оның бала-шағасына да мән берген, ал ата-анасы кім болған деген мәселеге айрықша көңіл бөлген. Тыңдаушыларының осындай ықыласын білген жыршылар, сөз жоқ, бар мүмкіндігінше, олардың талабына жауап беруге тырысқан», – дейді [4, Б.452-453]. Аталған талаптың үдесінен шығу үшін «Едіге» эпосын тудырушылар нақты оқиғаларды ғана айтып қоймай, әдеттегідей дайын формулаларды, көркем құралдарды, оған қоса дайын тұрған сюжеттерді, мотивтерді, ескі наным-сенімдерді, мифтерді ретімен пайдаланған. Осылайша қаһарманның туғаннан өлгенге дейінгі өмірін бір жүйеге түсіріп, әсерлеп, эпикалық жыр арқылы баяндап берген. Эпикалық шығармалардың талаптарының орындалуы нәтижесінде туындымыз басты қаһарманның құрғақ өмірбаяны ғана емес, ол туралы поэзиялық ғұмырнама болып шыққан. «Едігедегі» ғұмырнамалық тұтастану рет-ретімен бірнеше кезеңнен тұрады. Олар – жоғарыда айтқанымыздай, періден ерекше жағдайда дүниеге келуі, алғашқы ерлігі, ой-санасының тез өсіп-жетілуі, үйленуі, батырлық істері, қартайып зәбірден немесе ұрыс майданында ат үстінде өлуі.

Ғұмырнамалық тұтастанудың алғашқы бөлігі болашақ батырдың ғажайып туысы болса, келесі бөлігі әуелгі ерлігі екені мәлім. Себебі қаһармандық эпоста болашақ батыр «батырлық ойындарын» көрсетпейінше үйлене алмайды. Бірінші ерлік оның үйленуіне құқ береді. Едігенің әуелгі ерлігі: «Одан соң сегіз жасқаша оқуда тұрды, тоқсан бала бірлән. Сол балалар бірлән күрессе бәрісін де жықты. Бәрісінің киімдерін алып бір жарға үйіп салды; киімдерінің үстіне шығып олтырып айтты: «Міне, Тоқтамыс ханның тағының үстіне олтырдым», – деді. Емді киімдерін қайтарып берді», – деп баяндалған [5, 25-б.].

Батыр үйленуі үшін әр түрлі сынақтардан өтуі тиіс. Эпостың ұлттық версияларында Едігенің Ақбілекке қосылар алдында өзінің кім екенін білдірмей, Алыптың (немесе Дәудің) малын бағуы, Нұртуған нұсқасы мен қарақалпақ версиясындағы Алыппен күш сынасуы, қызды жаудан құтқаруы бұған нақтылы мысалдар бола алады.

Шоқан нұсқасында батыр Ақбілекке Сәтемір хан еліне бара жатқанында кездесе, қарақалпақ версиясында әдеттегідей елді жау шауып, ханның қызын тартып алып кеткен оқиғаның үстінен шығады. Қазақтағы Нұртуған нұсқасында да осындай оқиғаға тап болады.

Ыңырсыған мал кетті,
Рахатын дұшпан көреді.
Патшалықтан сән кетті,
Тағдырдың алла шебері.
Қайғыдан қан жылады,
Болмай айла, өнері.
... Түнеріп тұрған мұнартып,
Хан жайлаған Қаратау.
Жайылатын енді малы жоқ,
Құлазып жатыр Сарытау.
Көл жағалай, сабатта,
Тігілуші еді ақ отау.
Осылар еске түскенде,
Болмайды жұрттың тағаты – ау [6, Б.254-255].

Мұнда Сәтемір ханның қызы Қағаз – Едігенің атастырып қойған қалыңдығы. Атасының елін жау шауып, қалыңдығын басқа елдің батырының күштеп алмақ болуы – қаһармандық эпоста қалыптасқан мотив. Қалыңдығын жау қолынан құтқару – батыр үшін сынның ең үлкені.

Батырлық эпоста қаһарманның үйленгеннен кейінгі басынан өтетін оқиғалар – жорықтар, соғыстар, батырдың көрген қиындықтары болып келеді. Себебі батырлық эпостың талабына орай басты кейіпкердің негізгі мақсаты – өзіне қарасты жұрттың намысын жоқтау, оны дұшпаннан қорғау.

Эпостағы ғұмырнамалық тұтастанудың соңғы бөлігі – кейіпкердің қайтыс болуы. Тұтастануға түскен қазақтың батырлық эпостарында кейіпкерлердің қалай өлгені кең түрде баяндалмай, қысқаша ғана қайырылады. Ал «Едігенің» біраз нұсқаларында қырғыздың «Манасындағыдай» батырдың өліміне жан-жақты тоқталынған. Бұған нақты айғақ ретінде эпостың Н.Хәкім, В.В.Радлов жазып алған татар нұсқаларының шешімдерін алуға болады [7, 286-б.]. Оларда Едігенің өлімі тәптіштеп баяндалған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қасқабасов С. Қазақ фольклорындағы тұтастану құбылысы // Жұлдыз, – 1992. – №11. – Б.181-198.
2. Садырбаев С. Фольклор және эстетика.– Алматы:Жазушы,1976.–152 б.
3. Ыбыраев Ш. «Эпос әлемі». – Алматы: Ғылым, 1993. – 296 б.
4. Қасқабасов С. Жаназық. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.
5. Мағауин Е. Едіге. – Алматы: Айқап, 1993. – 76 б.
6. Едіге батыр. Жинақ. – Алматы: Ы. Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының республикалық баспа кабинеті, 1999. – 363 б.
7. Идегә дастаны. Нығымет Хәкім нұсқасы // Дастаннар. – Казан: Раннур нәшрияты, 2004.

«ЕДІГЕ» ТАРИХИ-ҚАҺАРМАНДЫҚ ЭПОСЫНДАҒЫ ТАРИХИ, ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚТЫҚ ТҰТАСТАНУ

Жұманазар А. – ф.ғ.д.
С.Баишев Университеті профессоры
Қалдыбай Б. – аға оқытушы
С.Баишев Университеті
Ақтөбе қаласы

Түйіндеме. Қаһармандық эпостың негізгі бейнелеу әдісі – күрделі көркем жинақтау мен романтикалық дәріптеу. Ондағы уақыт пен кеңістік, тарих пен қиял, тұтастану түрлері осы мақсатқа қызмет етеді.

Кілт сөздер: Фольклор, қаһармандық эпос, тұтастану, географиялық тұтастану, орталықтық тұтастану.

Аннотация. Основной метод изображения в героическом эпосе – сложное художественное накопление и романтическое возвеличивание. Виды циклизации в эпосе: время и пространство, история и вымысел – служат этой цели.

Ключевые слова: фольклор, героический эпос, циклизация, географическая циклизация, центральная циклизация.

Annotation. The main method of portrayal in the heroic epic is complex artistic accumulation and romantic exaltation. The types of cyclization in the epic: time and space, history and fiction – serve this purpose.

Key words: folklore, heroic epic, cyclization, geographic cyclization, central cyclization.

«Едіге» эпосында көркемдеуіш құралдың бір түрі *тарихи тұтастану* құбылысы орын алған. Эпос әуелде тарихи оқиғаға негізделіп шығарылған. Алтын Орданың іргесін қайта бекітуі, Едігенің оған сіңірген еңбегі ел жадынан өшпей тұрғанда жырдың әуелгі нұсқасы айтыла бастаған. Едіге – батыс пен шығысқа танымал зор тарихи тұлға. Жырды шығарушылар оның кім екенін жақсы білгеніне шүбә келтіруге болмайды. Әйтсе де, әуелде тарихи оқиғаларды негізге алып шығарылған жырлардың өзі бірте-бірте ол тарихи негізінен қашықтай береді. Қаһармандық эпосқа тән сипаттарды бойына сіңіреді. Едігенің басынан өткен нақты оқиғалар эпос табиғатына орай өзгерістерге түскені аңдалады. Орманбет бидің көрініс беруіне карағанда, эпосқа XVI ғасырдың екінші жартысында өзгерістер енгізіліп, толықтырылған. Осы кездегі Мұса балаларының, оның ішінде Әнжі Смайылдың тақ тартысын үдетуіне байланысты Ноғай, Қырым, Астрахань хандықтарының берекеті қашып, халық дүрбелеңге түскен. Берекеті қаша бастаған халық баяғы Еуразия құрлығында Алтын Орда сияқты Ұлы мемлекет құрғандығын, оны кейінгі билеген Тоқтамыс, Едіге сияқты ұлы тұлғаларын еске алып, өткенді көксеп, жаңғырта жырлаған.

Мысалы, Тоқтамыстың халқымен қоштасу жырының басында әр түрлі кезеңде өмір сүрген Орманбет бидің, Саназар батырдың, Алаша ханның есімдерінің қатар аталуы осының нақты айғағы бола алады. Тарихи тұтастану кезінде әр замандағы оқиғалар, адамдардың аттары ғана араласып кетпейді, оқиға өткен жерлер, ру аттары, хан жанындағы уәзірлер, батырлар араласып кетеді. Бұл аталғандардың барлығы «Едіге» жырының ұлттық версияларында кездеседі. Тарихи тұтастану халықтың басынан әр заманда өтіп жатқан маңызды, есте қаларлық тарихи оқиғалармен тығыз байланысты екендігі эпос версияларында анық көрініп тұр. Мәселен, «Едіге» эпосының архаитиптік нұсқаларында қалмақпен соғыс жоқ, ал кейінгі нұсқаларының біразында, мысалы, Мұрын, Нұртуған нұсқаларының соңғы бөлімдерінде, өзбек версиясында Едіге қалмақтармен соғысады. Түркілердің қалмақпен соғысуы – Едіге мен Нұраддин дүниеден озғаннан көп кейін болған оқиғалар. Бұл құбылысты В.М.Жирмунский егжей-тегжейлі зерттеген «Алпамыс батыр» жырын үлгіге ала отырып оңай түсіндіруге болады. «Алпамыс батыр» жетінші-сегізінші ғасырларда Алтайда пайда болып, тоғызыншы-оныншы ғасырларда түркілер осы күнгі қазақ жеріне әкеледі. Оның алғашқы нұсқаларында қалмақтар туралы ештеңе айтылмаған. Қазіргі нұсқадағы Алпамыстың қалмақ батыры Қараманмен соғысы, қалмақ Тайшық хан еліне жорығы тарихи тұтастанудың нәтижесінде енген мотивтер болып табылады. «Едіге» жырындағы батырдың қалмақтармен соғысы осындай негізде пайда болған.

Едіге енді қарады,
Алла деп ұран салады,
Екі жүз кісі қолменен,
Едіге кіріп барады,
Екі мың кісі қалмақпен,
Екі жүз кісі салысты.
Неше күндей ұрысып,
Қырғын болып табысты [1, 86-б.].

Осылайша тарихи жағдайға, халықтың аңсарына байланысты бұрынғы замандардағы кейбір ескі сюжет жаңаша жырланып, тарихи тұтастануға түсіп, жаңа сюжеттер пайда болады.

Эпос нұсқаларының кейбіріне халықтың, заманның талабына орайласпайтын сюжеттер де араласып кететін жағдайлар ұшырасады. Мәселен, «Едігенің» Ә.Диваев нұсқасының соңғы бөлімінде батырдың сұлу пері әйелін Сәтемір хан тартып алу үшін Едігені Көлкүн дарияның арғы жағындағы, Сынып дарияның бергі жағындағы «Қызыл гүлді» әкелуге жұмсайды. Бұл – дүние жүзі халықтарының ертегілерінде кездесетін көне сюжет. Мұнда ескі сюжет кейінгі дәуірде өмір сүрген кейіпкерлерге телініп, тұтастануға түскен.

Тұтастанудың тағы бір түрі *орталықтық тұтастану* болып табылады. Мұнда бір басшы адам немесе басты батырдың айналасына басқа

батырлардың топтасуы сөз болады. Мысалы, қаһармандық эпостың классикалық нұсқасы «Манаста» Манастың айналасына атақты батырлар топтасады. Тіпті олардың ішінен қазақ батырлары Ер Көкше мен Ер Қосайды көреміз. «Едіге» эпосының Шоқан нұсқасында мемлекет басшысы Тоқтамыс ханның айналасына Есентайұлы Құдайберді, салтанатын хан ұлынан арттырған Мүйтен Қосдаулет, жауырыны үлкен қақпақтай, айдары үлкен тоқпақтай Қара қыпшақ Қобыланды, күнде сүңгі сындырған, ер көңілін тындырған Ақбалтырұлы Уақ пен Мәнжүрұлы Шуақ, садағын қырық нарға тарттырған, салтанатқа үлде мен бүлде арттырған Кеңестің ұлы Кеңжанбай топтасқан. Бұл батырлардың кейбіреулері туралы жеке жырлар бар. Эпостың ұлттық версияларында бұл батырлардың аттары өзгеріп отырады. Мәселен, татар версиясындағы Тоқтамыс батырлары – Есентайұлы Құдайберді, Қара Қожа, Мүйтен Қыпшақ би, Тоқтарұлы Тұғаша, Айбалталы Дөрмен, Уақ пен Шуақ, Кеңжанбай болса, ноғай версиясында мыңның Болат батыры, жүздің Ноғай батыры, найманның Қасай батыры, Толышұлы Жанмұханбет, қыпшақтың Құба батыры, қаңлының Қарабайысы, қоңыраттың Ұзынайдары, шырынның сұлу Мәмбеті, маңғыттың Маңқа жырауы, Болат, Жанбай батырлардың аты аталады. Батырлардың есімі өзгергенімен оларға қатысты негізгі сюжет сақталған.

Ғалымдардың зерттеуінше, *географиялық тұтастану* дегеніміз бір фольклорлық шығармада көптеген жер атауларының басты кейіпкерге байланысты көрінуі болып шығады. Біз қарастырып отырған эпос та географиялық тұтастануға түскен, себебі басты кейіпкерлер Едіге мен Нұраддиннің бүкіл өмірі, іс-әрекеті бір жерде өтпейді. Олар шарлаған кеңістіктің бір шеті Еділ болса, екінші шеті – Сәтемір ханның елі. Татар версиясында – бұған қоса Булгар жерлері, башқұрт версиясында – Орал тауының өңірі. Сонда Едігенің алып Алтын Орда мемлекетінің бар аймағында болғанын көреміз. Мұның себебі жырды орындаушылар өздері тұратын, жақсы білетін жерлерді эпосқа енгізген.

Мәселен, башқұртшада:

Ай, Уралтау, Уралтау,
Урал тигән данлы тау,
Күп ырыузы ызғытып,
Яу астырған шанлы тау! –

деп негізгі уақиға өткен орынға Орал тауын жатқызса [2, 57-б.], өзбек версиясында «Аммо ровийлар андоғ ривоят қилурларким, қадим замонда Хоразм вилоятида Қунғирот деган шахарда бир подша бор эрди. Зиета,улуғ подшо эрди», – делінген. Әйтсе де, бұлар тарихи шындыққа да қайшы келмейді, себебі Алтын Ордада ұзақ жыл билік құрған Едіге үшін аталған жерлер – өз жері, талай барып кеңес құрған елді мекендері. Басты қаһарманның аталған елді мекендерге сапарлары қалай болса солай емес, белгілі бір жүйелі оқиғаға байланысты өткен. Батырдың жүрген жерлері – шын географиялық атаулар, Алтын Орданың құтты қоныстары.

Қарақалпақшада:

Жерім жырақ үш айшылық шөл майдан,
Шыққан жерім – Қарғалы, Елек, Кеңсайдан,
Үш ай он күн болды елден шыққалы,
Сапар тартып келе жатырмын ноғайдан [3, 289-б.].

Немесе,

Ойыл менен Қиылдан,
Құмкент деген қаламнан, –

деп қазіргі Қазақстанның елді мекендері таңбаланған [3, 291-б.].

Бірақ эпостың бір нұсқасындағы жер атауларына қарап, ондағы оқиғалар тап осы жерде туған екен деп шешім шығаруға болмайды. «Оқиға пәлен жерде өтті» деушілік халық әдебиеті шығармаларына тән көркемдік тәсіл ғана.

Ұлттық версиялар үшін көптеген жер аттары ортақ. Батырлар іс-әрекет жүргізетін жер атаулары тарихтан алшақ емес. Ақсақ Темір турасында татардың Нығымет Хәкім нұсқасындағы: «Сәмаркәнддан Ишем, Тубыл суларының башларына килеп, Урал таулары буйлап килеп чыкты» [4, 305]. «Сарай, Әстерхан шәһәрләрән алгач, Шаһ Тимир Сәмәрқандка кайтып китте», – деген жолдар да шындықтан алшақ жатпаса керек .

Шығармадағы оқиғалардың тұрақты жерлерде өтуі, бір жағынан, эпостың тарихқа қатысын көрсетеді. Бұл жағдай географиялық тұтастануға әкеліп тұр.

«Едіге» эпосы *шежірелік тұтастануға* да түскен. «Тұтастанудың бұл түрі, негізінен, қаһармандық және ғашықтық эпосқа тән. Рас, батырлық ертегіде де ұшырасады. Тегінде, шежірелік тұтастану екі мақсаттан пайда болатын тәрізді. Бірі – батырды дәріптеу болса, екіншісі – ұрпақтардың, ата мен баланың, аға мен інінің ынтымақта болуын ардақтау, туыстық қарым-қатынастың үзілмей, тығыз байланыста болуын көксеу. Екінші сөзбен айтқанда, «атадан ұл туса игі еді, ата жолын қуса игі еді» деп армандайтын халық жыршыдан өзінің сүйікті батыры туралы жырлаумен қатар, оның баласы жайында да әңгімелеуді талап еткен. Сөйтіп, жыршы «әке кегін баласы, аға кегін інісі алады» деген патриархалды-феодалдық түсінік пен тыңдаушылардың тілегіне сәйкес бір батыр ғана емес, оның ата-бабасы мен ұрпақтары немесе інілері жөнінде жырлап, оны бастапқы бір шығармаға қосып, үлкен туынды жасайтын болған», – деген ғылыми тұжырымға сүйене отырып, Нұраддиннің басынан өтетін оқиғалардың шежірелік тұтастануға тікелей қатысты екенін аңдау қиын емес. Архаитиптік Шоқан нұсқасында Нұраддин әкесінің кегін алушы батыр есебінде көрінсе, кейінгі башқұрт, қарақалпақ нұсқаларында әкесінің кегіне қоса өзінің де өшін алушы ретінде бейнеленеді. Әке батырдың қартайған шағында оның орнын басатын жас батырдың пайда болуы – тұтастанған жырлар үшін қалыптасқан жағдай. Ол туралы фольклортанушы ғалым С.Садырбаев: «Қарт батыр шау тартқанда, жас батыр сахнаға шығады. Жас батырдың әлеумет ісіне араласуымен жаңа

жау, жаңа араздық тағы да туады. Жеке батыр жастық жігердің жәрмеңкесін ұзатып, ду базардың шетіне шыққанда, іле-шала қолындағы қаруын, үстіндегі сауыт-сайманын іліп әкететін жас батыр пайда болады. Бейбіт елдің бейқам көшін әрі қарай бастай беру жас батырдың азаматтық борышына беріледі», – деп дұрыс көрсеткен [5, 468-б.].

Эпос басты қаһарманның өмірін баяндап қана қоймай, батырдың баласының ерліктерін де дәріптейді. Мұнымен де шектелмей басты кейіпкердің қарапайым адам емес екендігін дәлелдеу үшін арғы ата-бабаларын да мадақтап көрсетеді. Сөйтіп, батырдың ата-бабасы, әке-шешесі, өзі, баласы туралы жырлар үлкен бір цикл құрайды. «Едіге» жырын жеке алып қарастырғанның өзінде оны батырдың ата-анасы, өзі, баласы туралы үш түрлі шығармадан бас құрап тұр деп айтуға болады.

Шежірелік тұтастануға түскен эпостарда ретіне қарай оқтын-оқтын басты кейіпкердің бұрынғы өткен бабалары аталып, мінездеме беріліп отырылады. Бұл жағдай «Едіге» эпосының барлық версияларында кездеседі. Мысалы, ноғай версиясында Едіге Тоқтамыс ханға:

Сенинь атань Тойкожа,
Тойкожадынъ улы Токтамыс,
Асылым Алшаньгыр деп мактанма.
Асылынъ Алшаньгыр болса не болгай?
Дугажи Махмун Керемет,
Кереметтинъ улы Анъшыбай,
Анъшыбайдынъ улы Бирперие,
Бирпериединъ улы Баркая,
Мен Баркаядынъ улы анавда
Кутлы-Кая улы ман, –

десе [6, 31-б], татарша версияда Нұраддин Тоқтамыс ханға:

Туйгужа улы Туктамыш
Аслы Чыңғыз булса, ни булды?
Чәчле-төкле Хужа Әхмәт,
Аннан туган Ир Әхмәт,
Аннан туган Тимеркыя,
Аннан туган Котлыкыя,
Аннан туган Идегәй,
Идегәйдән туган Норадын,
Алла юмарттыр,
Аңа бирде морадын!
Ант кылычка житкәндә
Әйтерең булса, әйтеп кал,
Кылырың булса, кылып кал, – дейді [7, Б.181-182].

Эпоста шежірелік мәліметтердің берілуі, арғы аталарының мақтанышпен айтылуы – басты қаһармандарды тұлғалай түсу үшін қолданылатын әдіс-

тәсілдердің бірі. Эпос қаһармандары үшін арғы ата-бабаларының аруағын сыйлау, олардың атына кір келтірмеу, ерлік істерін жалғастыру – басты борыш. Қысылған кезде солардың аруағына сыйынады, жорыққа аттанған сәтте әкесінің келісімін алады. Шежірелік тұтастану бойынша әкесінің батырлық ісін оның баласы ғана емес, немере, шөберелері де жалғастыруы керек. Әкеден бала үлгі алып отырады және оның ерлігі алдыңғылардан асып түседі. Әкенің істей алмаған ерлігін, қолы жетпеген мұратын кейінгі баласы істейді. Мұндай іс-әрекет барлық батырларға тән, себебі эпоста өмір осылай болса екен деген халықтың арман аңсары жатады.

Қаһармандық эпостардың біразында әке батыр, бала батырға жауды қалай жеңу турасында ақыл, кеңес береді. Мұндай кеңес беру «Едіге» жырында да бар. Тоқтамыстың соңынан қуып бара жатырған Нұраддинге әкесі Едіге, Әй, балам, маған қырық ерден бата тиді, іздесең табарсың, – деді. – Тауып, Тоқтамыстың басын аларсың, – деді. Кеңестің Кең Жанбай қай жағыннан жолығар екен?, – деді. – Саған бір жағыннан жолығар, – деді. – Егер жан үшін жалынып сөз айтса, басын ал, өзінменен қарсыласып сөз айтса – бір ерді тимегейсің, дейд. Сол сияқты Мұрын жырау нұсқасында да Ындыс еліне соғысқа аттанғалы жатқан Нұраддинге әкесі:

Жақын емес бұл ындыстың қаласы,
Жүдә қашық арасы
Тоқсан күндік жол еді,
Бұл ындысты сұрасаң,
Өзі мықты зор еді.
Қиындығы сол еді,
Бекітіп салған қаласы,
Келмей жүр еді оған
Талай барған шамасы.
Ындыстың қаны Тарқас-ты,
Тарқастың берік қаласы...
... Баяғы мінген шұбардың
Баласы еді Телшұбар
Атасыменен тең шығар
... Жақсы үлкен ақсауыт,
Шарайна киіп сыртынан,
Дулыға киіп басыңа,
Балдағы алтын көк берен
Беліңе бекен буыңыз.
Жан көтермеген сұр жебе
Ер қасына іліңіз, –

деп баласының барар жерінің жөн-жосығын, астына мінер тұлпары мен қару-жарағының ретін айтады.

Эпостағы шежірелік мәліметтер турасында диссертацияның екінші бөлімде де жазылды. Онда тарихи есімдермен қатар белгілі бір санды толтыру үшін келтірілетін есімдердің де бар екендігіне көңіл аударған дұрыс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Батырлар жыры. – Алматы: Жазушы, 1989.
2. Башкорт халық ижады. – Өфе: Китап, 2000
3. Едиге. Қияс варианты // Едиге. – Нөкис: Қарақалпақстан, 1990
4. Татар эпосы. Дастаннар. – Казан: Раннур нәшрияты, 2004.
5. Қасқабасов С. Жаназық. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.
6. Ногайдынъ кырк баптири. Эдиге. – Махачкала, 1991.
7. 50 Идэгә. – Казан: Татарстан китап нәшрияты, 1988.

АБАЙ МУЗЕЙІНДЕГІ БІРЕГЕЙ ЖӘДІГЕРЛЕР ШЕЖІРЕСІ

Қиықбай Қ.Қ. - магистр
Абайдың «Жидебай-Бөрілі»
мемлекеттік музей-қорығы,
Семей қ.

Аннотация. «Ер қанаты ат» деген сөз қазақта ежелден бар. Жылқы түлігін қасиетті жеті қазынаға балап, ғасыр қойнауынан жақұт болып жеткен жырларда, дәуір жүгін арқалаған дастандарда азаматы мен қазанаты қоса суреттеліп отырған. Дала данышпаны хакім Абайдың да жылқыға деген көзқарасы ерекше. Біз мұны ақынның шығармалары мен замандастар қалдырған естеліктер арқылы білуге болады.

Ғасырға жуық тарихы бар, іргетасын жиырмамыншы ғасырда қазақ қайраткерлері қалап кеткен Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық музейінде Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы мен оның айналасында ғұмыр кешкен туыстарының һәм жақын адамдарының ер-тоқымдары сақталған. Музейдің асыл қорындағы жеті ер-тоқым да бүгінгі күні алыс-жақыннан Абайын тануға асығып жететін Алаш баласы мен «Адамзаттың Абайын» білуге құштар қиырдан келетін қонақтардың назарына ұсынылады.

Хакім Абай өзінің «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ» өлеңінде:
Тығылмай әм сүрінбей, жүрсө көсем,
Иек қағып, еліріп басса әсем.
Шапса – жүйрік, мінсе – берік, жуан, жуас,
Разы емен осындай ат мінбесем.

Аяңы тымақты алшы кигізгендей,
Кісіні бол-бол қағып жүргізгендей.
Шапқан атқа жеткізбес бөкен желіс,

Ыза қылдың қолыма бір тигізбей! [1,63] – деп өзі арман еткен жануардың сынын келістіріп-ақ береді. Осы өлеңдегі соңғы жолды оқығанда қажы баласының жақсы атқа қолы жетпеді ме деген ойға қалатынымыз рас.

Ал, Абай туралы естеліктерді парақтағанда Абай мен інісі Оспан аулынан алуан түрлі жүйрік ат пен қыран құстың, ұшқыр тазының сапырылысып елден-елге ауысып жатқанын ұғамыз.

Ұлы ақынның ат құмарлығы жайында Турағұл Абайұлы: «Шаруаның үш түрін ескеруші еді, жақсы қонысты таңдап қону, жақсы малшыны іздеп тауып ақысын қымбатсынбай алу, жылқының аса ер өтіп кеткені бар ма соны ғана қараушы еді. Жақсы ат, айғыр сықылды жылқысы болмаса, жалпы жылқысын танымайды... Бір ғадаты жақсы атқа, қыран құсқа құмар еді... Өз атымды өзім мінемін, өз құсымды өзім саламын деп ат пен құс секілді асылы бар кісі қаптал сеніп отыра алмаушы еді... Бір жылы жайлауда біреудің қоңыр атын құлынды биесін беріп сатып алды да, оған көңілі толмай, бауырға түскенде, түйесін беріп Қуқұла деген Қаракесекте атағы шыққан атын алды. Сол секілді біреудің атына көңілі түсіп бұлдап алады да, тез жеріп бір болымсыз адамға бере салғыш еді». [10]

Әрхам Ысқақов «Абайдың өмір жолы» атты естелігінде де Абай мен Оспанның ат пен құсқа деген құмарлығы айтылады: «Жүйрік ат пен қыран құс бізде ғана болу керек деп өзге жұрттан сұрап алып, оны тағы біреуге беріп жіберу, біздің әдетіміз болған ғой. Мен мойындадым. Бұдан былай елдің жүйрігін, қыранын алмаймын, біреуге әпермеймін. Оспанға барып айтыңдар, о да мұнан былай бұндай істен тиылсын». [9]

Данышпан ақынның кенже інісі Оспан да айналасына сал-серілерді жиып, жүйрік жылқының талай түрін ұстапты. Мырзалығы келіскен ақынның кенже інісі ағасы Абай секілді қолындағы асылын өзі жақсы көрген адамына сыйлағыш екен. Бұл туралы Абайдың досы әрі шәкірті болған Көкбай Жанатайұлының «Оспанның ат сұрап айтқаны» өлеңін дәлел етуге болады.

Сұр шолақ мінген атым өзі шабан,
Мың салса бір баспайды қызыл табан.
Еті арық, құйрығы да тым-ақ шолақ,
Кәпірдің көрер көзге түрі жаман. [7,80]

Ел аузында Абай ауылында «Жирен ат», «Аққасқа», «Кербесті», «Қуқұла», «Қарақасқа» сияқты жүйрік аттардың, тұрпаты бөлек тұлпарлардың болғандығы туралы көп сөз сақталған. Хакім Абайдың ат танығыштығы, жүйрік жылқыға құмарлығы қажы Құнанбайдан дарығаны рас-ты. Бәйбішесі Күңкемен шаңырақ көтеріп, Өскенбайдан еншісін алып, бөлек шыққан Құнанбай қажы Ағанас бидің ауылына барып Торшолақ атты қолқалағаны да қызықты хикая. Құнанбай қажы мен Ағанас бидің арасындағы әңгіме туралы Ахат Құдайбердиевтің естелігіне сүйеніп шағын ғана үзінді келтірейік: «Ағанас би Құнанбай қажының кетерінде: - Өзіңнің қалаған-сұрағаның бар ма? – дейді. Құнанбай: - Мен басқа мал алмаймын, Торшолақ атты қалап келдім, - дегенде, Ағанас би: - Мен Торшолақ атты бермеймін, одан басқа не қаласаң соны ал, - дейді. Құнанбай: - Мен басқа ештеме қалап келгем жоқ, - деп киіне бастағанда, Ағанастың бәйбішесі: - Би, ол іші бөк, сырты түк бір қара емес пе? Балаңыздан тор атты несін аядыңыз? – дейді. Ағанас би: - Мен бұдан атты аяп отырғаным жоқ. Өзін аяп отырмын. Қазір Тобықты басқа елмен жауласып отыр. Еліне жау шапса, бұл жауға,

аттанға шаппай отыра ала ма? Бұл жауға шапса, осы торы атпен шабады. Қара көрсе тоқтамайтын ат оны алып жауға кіреді, не мұның бейнетіне, не ажалына себеп болады» - дейді. [2, 249-250]

Алған бетінен қайтпайтын алғыр мырза сол жолы Ағанас бидің Торшолақ атына мініп еліне қайтады. Еліміз айтатын сол «есті жануармен» бірге Өскенбай баласының атағы шығып, «аттандап» жауға тиіп, жас Құнанбайдың тұлғасы танылып, абыройы үстем болады. Бала Абай мен Алшынбай бидің де арасында осы тектес сөз ел арасында кең тараған. Ділдәмен отау құрғаннан кейін Абай да қайын жұрты, Арғын, Қаракесек Алшынбайға сәлем бере барғанында бабамыздың кәнігі салтымен «қалаған-сұрағаның бар ма?» деген сөзге шұбар айғырдың үйірі мен бір қысырақты алғысы келетінін айтады. Алшынбай айтқанын бермеген соң, қажы баласы тауаны қайтып, өкпелеп қайтып кетеді. [3, 42]

Құнанбай ұрпағы Шәкәрім қажының да «Қоңыр ат» дейтін есті жануары болған. Бұл туралы Ахат ақсақалдың естелігі оқырманға үлкен ой салады: «Қоңыр атты әкей дөненінде мінді. Мұны басында жылқышы мінген болатын. Әкей өзінің мініп жүрген дағдылы атын тастап, сол қоңыр дөненді қалап алды. Соған қарағанда, жақсы ат болатынын әкей сезген сияқты. Ал, Қоңыр атты алсақ – биік, аяғы асадалдың аяғындай тік, сіңірлі. Қысқа бел, басы етсіз, екі көзі оттай жайнап тұратын, жал-құйрығы қара, тұяғы құланның тұяғындай дөңгелек, тік бақай, сүрінбейтін, жүрісі жайлы, әлді ат болатын. Сол дөненінен мінген Қоңыр ат әкейге біржола үйреніп кеткен. Әкейді жалғыз тастап кетпейтін болған». [6, 30-34]

Кемеңгер ақын Қоңыр атпен сырласып, елсізде жатып тілдесіп, көлемді дастан арнаған. Шығармасына арқау етіп, өз жайынан хабар берген:

- Ей, Қоңыр ат! Қоңыр ат!
Айтайын саған біраз дат!
Тысқарға алып барайын,
Жүгенің шешіп алайын,
Ауылға хабар салайын,
Елге қарай сырқырат,
Кейде желіп, кейде шап.
Көдені жайлап жұлып ап.
Таба жүріп тамақты,
Таң атқанша үйді тап! [5, 317]

Қызыл жендеттердің қыспағынан аман құтылу үшін Зият Шәкәрімұлы әкесінің Қоңыр атымен Қытайға асып кетеді. Қиыр жайлап, шет қонып, елден алыста жүргенде ақынның ұлы да Қоңыр атқа ішіндегі мұң-зарын айтып жыр арнайды. Осыдан-ақ Құнанбай қажы мен ұрпақтарының жылқы түлігіне деген көзқарасы тым жоғары болғанын аңғарамыз.

Жә, енді, музей қорында сақталған ер-тоқымдар жайына ойысайық. Қазақ халқында ердің «Қазақ ері», «Қоқан ері», «Құранды ер», «Ашамай ер», «Қазық бас ер», «Орыс ері» деп аталатын көптеген түрлері кездеседі. Әр рудың аймақтың өзіндік үлгілері болған. Сол сияқты ер-тоқымның түрлері, өзіне тән ерекшеліктері бар. Ер-тоқым – қазақтың ең көп пайдаланатын

мүлікінің бірі, бағалы тұрмыстық заты. Бағзы заманда бабаларымыз үйіне келген мейманның мінген аты мен атының әбзелдеріне қарап-ақ оның қай рудан, қай жерден келгенін жазбай танып, дәрежесінің деңгейін, қай өңірдің тумасы екенін де айырып отырған. Ең аяғы қамшыны қалай ұстаудың да өзіндік айтары болған. Егер келген кісі қамшысын бүктеп ұстап келсе, дау айтуға келгені, бүлдіргісінен іліп, сүйретіп келсе жоқ іздеп жүрген жан, ал қонақ қамшысын сол үйге қалтырып кетсе, қайта айналып соғамын деген мағынаны білдірген.

Халық арасында ердің жасалу үлгісіне қарай «Арғын ері», «Найман ері», «Дулат ері» және «Мұрын ері» деген түрлерін де кездестіруге болады. Әйелдерге арналған ерлерді алтын, күміс сияқты аса бағалы тастармен әшекейлеп жасату да елі ішінде кең таралып, қолданыс аясын кеңейтіп отырған.

Абай Қарқаралыға барып жүргенде Еркін деген ершінің ерін көріп ұнатып, бір ер сатып әкеледі екен. Өз еліндегі Жігітек Өтеп деген ершіні шақырып алып: «Сен ерді осындай қылып қос, бұрынғы атқа ауыр, алдыңғы қасы биік, адамға жайсыз үлгіні таста. Бірақ, Қарқаралы елі ерді желдік салып мінеді екен, ол артық зат. Сондықтан желдік салмағанда да ат арқасына батпайтын болсын», - деп өзі қатынаса отырып, әрі жеңіл, әрі сұлу, әрі адамға жайлы ат арқасына тимейтін ер жасатып шығарып кейінгі жас ершілерге үлгі қалдырады. [2, 159]

Ақынның інісі әрі шәкірті Шәкәрім Абай айтқан «Өлең сөздің патшасы сөз сарасы» деген өлшемге лайық сөз сөйлеуді және он саусағынан өнер тамған ершінің өнерін аса жауапты іс екенін әспеттеп, өзінің «Ер қоспақ пен сөз сөйлемек» атты ойлы шығармасын дүниеге әкелген:

Ер қосқанға ұқсайды сөз сөйлемек,
Қисындырып жымпитып қойсам демек.
Атқа тыныш, адамға жайлы келіп,
Көзге сұлу, өзі оңды болса керек.

«Ол қалайша ұқсайды?» - деп ойлама,
Байқарсың сөзімді оқып, қылсаң шама.
Ер мен сөзді қарарлық салыстырып,
Біреуіне-біреуі ұйқаса ма?

Кей ердің алды биік, арты аласа,
Оны көрсем қаламын таң-тамаша.
Алды қаңқақ, ерінің арты жалпақ,
Атын жауыр қылады-ау, байқамаса.

Біреу сөйлер басында батыр шығып,
Жеп жіберер кісімсіп жерге тығып.
Ер жүректі еркекке жолыққанда,
Ыржаң қағып, жалынып кетеді ығып. [4, 59-60]

(КП-7294) Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік қорық-музейіндегі «Ұлы дала» бөлімінде көрермен назарына ұсынылған аса құнды тарихи жәдігер Абайдың нағашы атасы Тұрпанның ері. Тұрпан - Арғын ішінде айтқыштығымен аты шыққан Тонтайдың інісі әрі Абайдай ақынға өмір сыйлаған Ұлжан ананың туған әкесі. Бұл ер Арқада ақтар мен қызылдардың арасында болған қантөгіс пен бай-бағландардың мүлкін тәркілеу кезінде қолды болмай, көненің көзіндей сақталып қалған құнды мүліктің бірі.

(КП-1383) Бас музейдегі «Абай дәуірі» залынан орын алған екінші ер-тоқым Абайдың көзі тірісінде пайдаланған ері. «Жасында атқа болдырмайтын жүргіш болыпты, мен есімді білген кезде алысырақ жерге арба жегіп, отыз-қырық шақырымдық жерге салт атпен жүруші еді. Жылқы бағып отарға да шығыпты» - Турағұлдың естелігі мен Абай пайдаланған ерді ақын өмірінің куәгері деуге болады. Бұл жәдігер Н.И.Долгополов арқылы Семейдің тарихи-өлкетану музейіне өткізілген. 1964 жылы абайтанушы Қайым Мұхамедхановтың бастамасымен ақын музейіне көшірілген.

(КП-1382) Ер-тұрман әбзелдерінің ең бастысы – күміс ер. Мұндай ердің тағы біреуі «Абай дәуірі» залында орнын тапқан. Абайдың жары Әйгерімнің елінен ұзатылғандағы жасауымен бірге келген күмістелген ер-торқым. Хакім Абай үйінің аса бағалы жәдігері 1928 жылы Турағұл Абайұлының шаңырағын тінту кезінде тәркіленген. Әйгерімнің ер-тоқымы үзеңгі, тартпасы, таралғысы, өмілдірік, құйысқаны түгелдей күмістеліп, қазақы ою-өрнектермен әшекейленіп, түрлі-түсті бағалы тастармен безендірілген. Тоқымын былғарымен қаптап, төменгі жағына екі қатардан ақ түсті металдан қазақы өрнектер таңбаланған. Төменгі жағының екі қатардағысын жалпылай санағанда 18 үшбұрышты, 13 гүлді және 4 жағынан бұрыштай жапсырылған зооморфтық өрнекті көреміз. Бұл күміс ердің алдыңғы және артқы қастары түгелдей дерлік күміспен жабылып, өрнек, мық шегелермен және үш түрлі бағалы тастармен безендірілуі назар аудартады.

(КП-6423) Абайдың Жидебайдағы музей-үйінде Абайдың жары Әйгерімнің заты делінетін екінші ер-тоқым бар. Бұны Абай өзінің сүйген жары Әйгерімге сыйлаған. Жидебайдағы ер-тоқымның да алдыңғы және артқы қастары күміспен бедерленген. Алғашқы ер-тоқымнан айырмашылығы алдыңғы қасында бағалы әшекей бұйымдар жоқ және тоқымының пішіні Найман үлгісіне келеді. Осыған қарағанда Найман шеберінің қолынан шыққан бағалы бұйым болса керек.

(КП-7002) Сонымен бірге, музей қорындағы асыл жәдігерлердің бірі – «Алаш арыстары-Мұхтар Әуезов» музей экспозициясындағы Мұхтар Әуезовтің ері. Бұл ер ХХ ғ. 50 жылдары жасалған. 1957 жылы ғұлама жазушы 60 жылдық мерейтойы қарсаңында елге келгенде пайдаланған. Күмістелген элементтері бар. Жасыл түсті. Ұзындығы – 62 см, биіктігі – 28 см.

(КП-3450) «Шәкәрім саят қорасы» музейінде тұрған тағы бір бағалы жәдігер Абай өнер мектебінің көрнекті өкілдерінің бірі, халық ақыны Тәңірберген Әміреновтың ер-тоқымы. Ер-тоқымда «Ер иесі СССР

Жазушылар Одағының мүшесі, халық ақыны-Тәңірберген Амренов» деген жазу таңбаланған.

(КП-5962) Абай музейінің асыл қорындағы жетінші ер-тоқым «Жаз» залында келушілер назарына ұсынылған. Бұл ер-тоқым Ырыздықбай қорасынан табылған. Иесі белгісіз. Жақсы сақталғаны көзге анық көрінеді.

Жоғарыда аталған ертоқымдардың жасалу үлгісі бір-біріне жақын. Оған қоса күмістелген ертоқымдардың айтарлықтай айырмашылықтары жоқ. Тарихи тұлғалардың өмір сүру кезеңіне қарай қызығушылық танытқан жандарға берері көп. Ұлтты ғылым мен өнерге үндеген, ағартушылықтың дәнегін сепкен Абай да бағзы замандағы бабаларымыз қалыптастырған атқа міну мәдениетін одан әрі дамытып, халыққа үлгі-өнеге көрсеткеніне таңдануға болмас.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Абай шығармаларының толық жинағы. I том, Алматы, «Жазушы», 2005 жыл.
2. Абай туралы естеліктер (Абайдың мемлекеттік қорық-музейінің асыл қорынан), Алматы, «Қаламгер», 2018 жыл.
3. М.Әуезов, «Абай Құнанбаев» монографиялық зерттеу. Алматы, «Санат», 1995 жыл.
4. Ш. Құдайбердиев шығармалары (Өлеңдер, дастандар, қара сөздер), Алматы, «Жазушы», 1988 жыл.
5. Ш.Құдайбердіұлы шығармалары, I том, Астана, «Фолиант», 2018 жыл.
6. А.Шәкәрімұлы «Менің әкем, Халық ұлы – Шәкәрім», «Жұлдыз» журналы, №11, 1992 жыл.
7. Қ.Мұхамедханов «Абайдың ақын шәкірттері» (Екінші кітап), Алматы, «Дәуір», 1994 жыл.
8. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры», 21.11.2018 жыл,
9. Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік қорық-музейінің қолжазбалар қоры; КП-27.
10. Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік қорық-музейінің қолжазбалар қоры; КП-6714.
11. Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік қорық-музейінің қолжазбалар қоры; КП-4464.
12. «Абайдың мемлекеттік қорық-мұражайының жәдігерлері», (№1 кітапша), Семей, 2010 жыл.
13. «Абайдың мемлекеттік қорық-мұражайының жәдігерлері», (№3 кітапша), Семей, 2012 жыл.
14. М. Бейсенбаев «Абай және оның заманы», Алматы, «Жазушы», 1988 жыл.
15. «Абай» энциклопедиясы, Алматы, «Атамұра», 1995 жыл.
16. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, Алматы, «Дайк-Пресс», 2008 жыл.

17. Б.Исабаев «Ұлылар мекені», Новосибирск, 2001 жыл.

18. Т. Жұртбай «Құнанбай», Алматы, «Алаш», 2004 жыл.

У.Х. ШӘЛЕКЕНОВТЫҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

У.Т. Ахметова - т.ғ.д., Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының профессоры
Ж. Қалиақпар - Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 2 курс магистранты
E-mail: ulzhan.a67@mail.ru

Андатпа. Мақала ғалым Уахит Хамзаұлы Шәлекеновтің ғылыми археологиялық зерттеулеріне арналған. Ғалымның археология саласындағы бірнеше жылдық зерттеулері, оның ішінде монографиялық зерттеуі сараланады.

Тірек сөздер: Қазақстан тарихы; қазақ тарихы ғылымы, археология, ғалым, зерттеулер, қазба, еңбек, монография, Баласағұн

Кіріспе. Тарихты жеткізуші де, жазушы да, жасаушы да заманының тарихшысы. Қазақ тарихын бүтіндеуге бар ғұмырын арнаған тарихшы археолог, этнолог мамандарымыздың бірі - У.Х. Шәлекенов. Ол 1924 жылы мамырдың 12 ші жұлдызында Астрахань облысы Қарабайлы ауданындағы Серікті ауылында өмірге келген. XX ғасырдың 30-шы жылдары Шәлекеновтер әулеті қиыншылық заманда Қарабайлыға Батыс Қазақстанның Бөрілі ауылынан қоныс аударған [1, 4 б.]. Кейін отбасылық жағдайына байланысты Қарақалпақстандағы Мойнақ ауданы, Үрге ауылына қоныс аударған. 1948 жылы У.Х. Шәлекенов Қарақалпақ мемлекеттік педагогикалық қазіргі таңдағы Т.Г. Шевченко атындағы Нөкіс мемлекеттік университетінің тарих факультетін үздік бітірген. 1950-1953 жылдар аралығында КСРО Ғылымдар академиясының Н.Н. Миклуха-Маклай атындағы этнография институтының аспирантурасын тәмамдап, тарих ғылымдарының кандидаты атанған [2, 175б.]. 1953-1970 жылдарда У. Шәлекенов Өзбек ғылымдар Академиясының Қарақалпақ филиалында археология және этнография секторының меңгерушісі болып істеді. Аталған сектор бөлімін меңгере жүріп, У.Х. Шәлекенов тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін 1967 жылдың 16 мамырында «Казахи низовьев Амударии к истории взаимоотношений народов Каракалпакии в XVIII-XXвв.» атты тақырыпта докторлық диссертациясын қорғаған [3,5п.].

Уахит Хамзаұлы Шәлекенов – отандық археология ғылымында өз мектебін қалыптастырған, зерттеулерімен тарихта қалған ғалым-ұстаз. Ғалымның археологиялық ізденістері Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Қарақалпақстан филиалында 20 жылға жуық жасаған

қызметінен бастау алады. Онда «Археология және этнография» секторын басқарып, ғылыми қызметкерлерімен бірге археологиялық және этнографиялық экспедицияларға қатысып, зерттеу жұмыстарын жүргізген болатын. Осы жылдарда «Тоқтау» (Тоққала), «Мекхер қала», «Қуаныш қала», «Мыздахан кешені», «Назым сұлу мавзолейі», «Сұлтандүздаг», «Қаракүмишан», «Дәуітатак» және өзге де тарихи-мәдени ескерткіштерде жүргізілген зерттеу жұмыстарына қатысты. Археолог С.П. Толстов, Т.А. Жданко басқарған Хорезм кешенді археология және этнографиялық экспедицияларына бірнеше жыл қатысып, мол тәжірибе жинаған У.Х. Шәлекенов мекеменің археологиялық және этнографиялық зерттеулерінің табысты жүруіне өзінің сүбелі үлесін қоса білді.

Ғалымның отыз жылдан аса өмірі далалық археологиялық экспедицияда өтіпті. Аталған жылдар ішінде бірнеше айтулы ғалымдармен бірлесе зерттеулер жүргізген. Солардың ішінде назар ғылым жолында аса сыйласып араласқан Әлкей Марғұланмен қарым – қатынасын архив құжаттарынан кездестіреміз [3]. Археолог академик Ә.Марғұланмен ХХ ғасыр 60 жылдарынан соң хат жазыса бастаған. Ә. Марғұлан қорында бірнеше жеке жазысқан хаттары сақталған. Хат мәтінінің біразы қос ғалымның пікір алмасуына, ақыл-кеңестері, ортақ тақырыптарды талқылауы көзге көрінбейтін ағалы-інілі сыйластыққа, өзара құрметке құрылғанын байқаймыз.

1971 жылы Әлкей Хақанұлына жазған хатында Шымкент мемлекеттік педагогикалық мәдениет институтына конкурспен қабылданып, профессор болып орналасқанын хабарлайды [3,18п.]. Одан әрі 1971-1972 оқу жылында СССР тарихы кафедрасын ашып, кафедра меңгерушісі қызметіне кіріскенін жазады. Кафедра 6 оқытушы құрамымен, олардың көбі ғылыми атағы жоқ жастар екені, әйтседе, бұл жағдай уақытша екені, көш жүре бара түзелер деп, олардың болашақта қорғайтынына зор үмітпен қарап, Әлкей Хақанұлына уақытын бөліп, институтқа келіп дәріс оқып кетуге ұсыныс білдіреді [3,21п.]. 1972 жылдың 30 желтоқсанында жазған Ә. Марғұланмен жазысқан хатында: «... 1972 жылдың қыркүйек айында құрамында 8 адаммен Созақ ауданында ғылыми-этнографиялық экспедициясына шыққанын, оның сапар қорытындылары туралы баяндайды. Онда: «...Шолақорған, Баба-Ата, Кушкент, Сауды-кенттерді аралап, ел ішінен естеліктер, тарихи аңыздарын жазып алғанын және Қазақстан археологиялық картасына енбеген тарихи ескерткіштерді тапқандығын, ел ішіндегі этнографиялық материалдармен қатар археологиялық материалдық ескерткіштерді жергілікті музейге тапсырғанын жазады» [3, 26п.]. Ғалым 1972 жылы профессор атағын иеленді.

Одан әрі Уахит Хамзаұлы Әлкей Марғұланмен Бетпақдаланы басып өтіп, Қарахан мемлекетінің астанасы деп дәлелдеп жүрген Шу, Ақсу өзендерінің бойындағы Баласағұн қаласын ашып зерттеуге үлесін қосты. Уахит Хамзаұлының жетекшілігімен 35 жылдан астам уақыт ішінде жүргізілген археологиялық және этнографиялық жұмыстардың, алынған құнды деректердің, Баласағұн қаласына қатысты барлық тарихи мәліметтерді, болжамдарды, әртүрлі нұсқаларды талдау, қорытындылау

нәтижесінде бірнеше жылдан анықталмай келе жатқан ортағасырлық түркі мемлекеттерінің астанасы болған Баласағұн қаласының қазақ жерінде, Шу өзенінің орта бойында, Ақтөбе қалашығының орнында орналасқандығын көп жылдық ізденістері ғылыми деректермен дәлелденеді. Ерте ортағасырлық Баласағұн қаласының орнын анықтау профессор археолог У.Х. Шәлекеновтың ашқан XX ғасырдағы ірі археологиялық жаңалық ретінде тарихқа енген болатын [4, 274 б.].

Ғалым 1973 жылдан ҚазҰУ-да декан, кафедра меңгерушісі болып жұмыс жасайды. 1973 жылдан бастап, Әл-Фараби атындағы қазақ мемлекеттік ұлттық университетінде тарих факультетінің деканы болып қызмет атқарды. 1973 жылы У.Х. Шәлекенов Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясына қатысып, А.Х. Марғұланның тікелей басшылығымен қоян қолтық біріге жұмыс жасайды. Кейін монографиясында автор былайша жазады: «Ақтөбе ескерткішін зерттеуде өздерінің ғылыми тәжірибесімен бөліскен белгілі археологтарды арнайы еске салмақшымын» - деп, алдымен Әлкей Хақанұлын айрықша атап өтіп: «Ақтөбе ескерткішін көріп, оны зерттеуді алғаш мақұлдаған, ғылыми кеңес берген, оның зерттелуіне ұдайы көңіл бөліп отырған Ә.Х. Марғұлан болатын», - деп, әрқашанда ғылыми басшы бола білгенін ризашылықпен еске алған [5, 6 б.].

1974 жылға дейін тарих факультетінің 1-курс студенттері оқу жылының соңында өтетін археологиялық-этнографиялық практиканы университеттің өткізер тұрақты археологиялық базасы болмаған. Профессор У.Х. Шәлекеновтың назар аударған бұл мәселені тыңғылықты шешуге белсене кіріседі. Университет ректоры академик Ө.А. Жолдасбековпен, факультет деканы, профессор Д.И. Дулатовамен кеңесе отыра, 1974 жылы көктемде археолог Н.О. Алдабергеновпен бірге Шу өңіріндегі бірнеше ортағасырлық қалаларды аралап, археологиялық база болуға ыңғайлы ескерткіштер іздестіріп қайтады [4, 275 б.].

Ғылымда ұстазы санаған академик Ә.Х. Марғұланның кеңесі бойынша Жамбыл облысы Шу ауданы Калинин колхозының жерінде ортағасырлық Ақтөбе қаласы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері практикадан өтетеін археологиялық база болып алынады. Профессор Уахит Хамзаұлы сол жерде археологиялық база жасауға аса ыждағаттылықпен кірісті. Ректор, академик Ө.А. Жолдасбековтың көмегімен 80-жылдардың басында ортағасырлық Ақтөбе қаласында студенттер мен оқытушыларға арналған жатақхана салынып, университеттің археологиялық базасы іске қосылды. Бұл КСРО көлеміндегі Жоғары оқу орындарында ашылған екі археологиялық база болатын болса, соның екіншісі еді. Ал бірінші база – Мәскеу мемлекеттік университетінің базасы еді. Тарих факультетінің базасын салу барысында профессор Уахит Хамзаұлы қыруар күш қайратын жұмсап, іскерлік таныта білді [4, 276 б.].

1974-2013 жылдар аралығында ортағасырлық Ақтөбе қаласындағы археологиялық базада бірнеше мың болашақ тарихшы, археолог пен этнолог университет қабырғасында алған білімін тәжірибелерімен ұштастырып,

жақсы маман болып, олардың қатарында қазіргі таңда елімізге, шетелге белгілі ғалымдар да бар екені белгілі.

Сонымен археолог, этнолог ғалымның археология бағытындағы «V-XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы» атты басты монографиялық еңбегіне тоқталмақпыз [5]. Профессор У.Шәлекеновтің монографиясы тарихи деректерге, 30 жыл бойы жинақталған құнды археологиялық жәдігерлерге сүйене, ерте ортағасырлық Баласағұн қаласының орны анықталып, оның ортағасырлардағы түркі мемлекеттерінің әлеуметтік-саяси, экономикалық және рухани мәдениет орталығы болғанын ғылыми дәлелдеген еңбек болды. Монографияның алғы сөзін жазған тарих ғылымдарының докторы, профессор, академик Оразақ Смағұловтың пікірінше: «У.Шәлекеновтің еңбегінде Түркеш (Сарыүйсін), Қарлұқ, Қарахан және Қарақытай (Қарақидан) сияқты ортағасырдағы түркі мемлекеттерінің бас астанасы болған, Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағында орналасқан Баласағұн қаласының тарихы жан-жақты қарастырылған», - деген тұжырымға келген [5, 4 б.]. Баласағұн қаласын археологиялық ескерткіш ретінде 1974 жылдан тұрақты зерттеу жұмысын Қазақ ұлттық университетінің археологиялық экспедициясы қолға алады.

Еңбек алғысөзден, автор түсіндірмесінен, кіріспе, 8 тараудан, тараушалардан және түйіннен, қысқартылған сөздер тізімінен тұрады. Бірінші тарауында Орталық Азияда жүргізілген археологиялық зерттеулерге қысқаша шолу жасап, ал екінші тарауында Баласағұн қаласының тарихи әдебиеттерде берілу тарихнамасына тоқталған. Баласағұн қаласы туралы тарихи жазба деректер ортағасырлық ғалымдардың, саяхатшылардың еңбектерінде азды-көпті кездеседі. VIII-IX ғасырларда өмір сүрген Әл-Хорезми дүниежүзілік географиялық карта жасап, Шу, Талас, Жетісу өңірлеріндегі түрлі қалаларды картаға түсірген, олардың координаттарын белгілеген. Солардың ішінде Баласағұн қаласы да бар. Ортағасырлық ғалым Әбу-Райхан Әл-Бируни (X-XI ғ.) және араб саяхатшылары Ибн Хордадбек (IX ғ.), Әл-Хамадани (X ғ.), Әл-Макдиси (X ғ.) өздерінің еңбектерінде Баласағұн туралы аздап мағлұмат береді. Ортағасырлық ғұламалардың ішінде Баласағұн туралы жан-жақты мағлұмат берген — Махмұд Қашқари еңбегіне тоқталған. У.Х. Шәлекенов «V-XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы» деген еңбегінде М.Қашқаридың сызған дөңгелек картасы мен «Диуани лұғат ат-түрк» ғылыми мұрасынан көптеген деректер келтірген. М. Қашқари еңбегінде табиғи-географиялық жағдайды ескере отырып, Баласағұн екі таудың арасында орналасқан деген қорытынды жасаған. Олар Ақтөбе (Баласағұн) қаласының солтүстік шығысында созылып жатқан Жайсан тауы мен оңтүстігінде Қырғыз Алатауы екені байқалып тұр. Ортағасырлық ғалымдардың зерттеулеріне қарасақ, Баласағұнды түркілер әр түрлі атаған. Ал, М. Қашқаридың деректері бойынша қаланың аты екі сөзден тұрады: Баласағұн. Бірінші сөз «жас» деген ұғымды білдірсе, екінші сөз «сағұн» Түркеш мемлекетінде билеушілерге берілетін «Хақан» деген ұғымды білдіреді. Яғни, «Жас хақан» - Баласағұн қаласының этимологиясы. Тарихта белгілі, Түрік, Түркеш және Қарлұқ қағанаттарын және басқа да

мемлекеттерді хақандар басқарған. М. Қашқаридың деректеріне сүйенсек, Батыс Түрік қағанатында VIII ғасырдағы атақты хақандардың бірі - Шу есімді хан болған. Ол Баласағұн жанынан жаңа қала салдырған және оны өз есімімен Шу деп атаған. Профессор У.Х. Шәлекеновтың ғылыми болжамдары бойынша: «... бір қаланы өзінің есімімен Шу деп, ал екіншісін Баласағұн, яғни, жас хақанның қаласы деп атағаны жазба деректермен дәлелдене түседі. Ортағасырларда әр қаланың өзінің билеушісі болғаны тарихта белгілі. М.Қашқаридың еңбегінде «Шу-Баласағұнға жақын шаһар...» деп жазылған. Сонымен бірге Баласағұнға жақын жатқан қалалардың да атын атайды. Солардың бірі - Тасқала қазіргі «Тасөткел» су қоймасы орналасқан жерде, Тоқтали қаласы-қазіргі Тоқташ деп аталып жүрген жерде болса керек», - деп болжам жасаған [5, 58 б.].

3-ші тарауында қала құрылымына тоқталса, ал 4-ші тарауында Баласағұн қаласын археологиялық зерттеулеріне арнайы тоқталған. Ақтөбедегі (Баласағұндағы) 30 жылдан астам археологиялық зерттеу жұмыстары нәтижесі цитадельде, шахристанда және рабадта бай деректерге қол жеткізілген. Табылған деректерге негізделе отырып жазылған мақалалар мен кітаптардың хронологиясы барынша сарапталған [5, 59 б.].

Тарихи деректерге сүйенсек, VIII ғасырдың I-жартысында Шу және Баласағұн қалалары Түркеш қағанатының құрамына енген. Олай болса, Шу қаласының тарихы VIII ғасырдың I жартысынан басталады деп айтуға толық ғылыми негіз бар екендігін У.Х. Шәлекенов дәлелдеді. Ол: «Шу қаласы XII ғасыр өтсе де өзінің алғашқы атын сақтап келе жатқан тарихи ортағасырлық қалалардың бірі. Көне Шу қаласының тарихи қалдықтарын археологиялық тұрғыдан зерттеу — болашақтың ісі де», - деген ойын білдірген [5, 61 б.].

Монографияда Баласағұн қаласының негізін салуда Алты Алаштың перзенттері қатысқаны туралы деректер келтірген, олардың ішінде ежелден отырықшы өмір сүрген оғыз тайпалары болғанын ерекше айтады. Әсіресе, «алты алаш» сөзінің семантикасы туралы пікір айтылғанмен, оның ғылыми анықтамасы жеткілікті зерттелмегенін ескереді. Монографияда «алты алаш» ұғымы Білге қаған, Күлтегін және Тоныкөктердің басқарып тұрған кезінде пайда болғандығы туралы батыл болжам жасайды.

Одан әрі 5-ші тарауында қала орнынан табылған деректерге талдау жасаған. «Белгілі шығыстанушы зертеуші академик В.В. Бартольд Баласағұн қаласының тарихына және оның қай жерде орналасқанын көңіл бөлген. XIV ғасырдың бірінші онжылдығында Баласағұн өзінің атымен аталғандығы белгілі. Алайда, Ақсақ Темір жорықтарын жазғанда Баласағұнның аты аталмайды. Олай болса, Шу, Іле және Талас қалалары сияқты XIV ғасырдан бұрын үздіксіз болып жатқан тақ үшін өзара күрестердің нәтижесінде қираған болуы керек деген пікірді айтқан. Шығыс ғұламаларының бірі XVI ғасыр орта шамасында жасаған Мухаммед-Хайдардың еңбектерінде Баласағұн және Гобалық қалаларын тек кітаптар арқылы жазғанын олардың қай жерде орналасқанын қазіргідей сол кезде де белгісіз болғанын айтқан. Ғалымның пікірі бойынша, Шу, Талас, Жетісу өңірлеріндегі көптеген қалалар, соның ішінде Баласағұн да бұрынғы тарихи мәнінен айырылып,

кирап, уақыттың өтуімен, бұл қалалардың аттары да және орналасқан жерлерде жергілікті тұрғындардың естерінен шығып қала берген. Тек, олардың жер бетінде болғандығы туралы азды-көпті деректер ғана сақталған»,- [6, 180-182 б.] деген сынды тағы біраз тарихшылардың Баласағұн жөніндегі деректеріне шолу жасайды.

Сонымен қоса, автор монографияда Ақтөбе (Баласағұн) қаласын зерттеу кезіндегі табылған деректерге де шолу жасаған. Уахит Хамзаұлы Ақтөбеден табылған археологиялық деректер негізінде, өз алдына «Ортағасырлық Баласағұн мәдениеті» атты альбом ретінде 2002 жылы Анкарадан басылып шығарады. Ғалымның пікірі бойынша, Ақтөбедегі археологиялық зерттеу кезінде табылған археологиялық деректер, ертедегі ортағасырда Батыс Түрік қағанатының тұрғындарының жалпы мәдениетінің, соның ішінде заттай мәдениетінің өркендеу дәрежесінің жоғары болғанының дәлелі. Ертеден жалғасын тауып жатқан қыштан жасалатын бұйымдардың түрлері көбейіп, олардың сапасының артқанын көреміз. Бұрынғы қолмен жапсырылып жасалатын қыш бұйымдар қолөнер кәсібінен ығыстырылып, оның орнына ұршықтай айналмалы құралдарды пайдаланып шығарған әдемі бұйымдар кең орын алған. Оның жоғарғы дәрежеде дамуының арқасында, нақышталған ою-өрнекті ыдыстарды шығаруға қол жеткізген және оларды өсімдіктің гүлімен безеген. Өсімдіктердің гүлі мен жапырағымен бұйымдарды безеу, сол халықтардың мәдениетінің өркендеу дәуіріне жеткенін дәлелдейтін дерек. Бұл кездерде түріктер түсті және қара темірлерді де кең түрде пайдаланып, олардына үй тұрмысына керекті заттарды шығарумен бірқатарда, соғыс құралдарынан семсер, қылыш, садақтың ұшы, теңгелерді және зергерлік бұйымдарды шығарған. Әсіресе, түріктердің қолөнер кәсібі, мәдениеті Қарахан әулеттерінің басқарып тұрған кезінде тамаша өскен. Сондықтан да, Қарахан кезеңі түрік әлемінің өркениетті заманы деуге толық болады деген тарихи деректермен нақты тұжырымға келген.

Автор қорытындылай келе: «Біздің пікірімізше, 1974 жылдан бері зерттеп келе жатқан Ақтөбе қаласының – Баласағұнға баламалаймыз. Оның алып жатқан жер көлемі, одан табылған археологиялық және жазба деректер Баласағұнның жасаған тарихи өмірін толық сәулелендіреді», - деген түйінге келген [5, 153-154 б.].

Ал 6-шы тарауында қаланың онамастикалық және археологиялық деректерін талдайды. Тарихи деректерге қарағанда, X ғасырдың аяғы мен XI ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген Хорезм елінің ұлы ғалымы Әбу-Райхан Бируни жасаған дүниежүзінің географиялық картасында Баласағұнды 91°30' бойлықта, 44°40' ендікте жатқанын көрсеткен. Автор Өзбекстанның белгілі совет ғалымы географ, профессор Хамидулла Хасеновпен кездесіп, онымен жүздескенде Уахит Хамзаұлына өзбек географы Птолемейдің, Әл-Хорезмидің, Әл-Бирунидің, М.Қашқаридің карталарын көрсеткен. Бәрін салыстыра келіп, Баласағұн қаласы Әл-Бирунидің картасында дәл көрсетілген деген пікірге тоқталады. Ол Таластың шығысында шамамен 200 шықырым қашықтықта орналасқан деп пайымдайды. Бұл тұжырымды В.В.

Бартольдтың болжамымен де тура келеді. Сонымен тарихшы Уахит Хамзаұлының пікірі бойынша, Баласағұнның тұрған жері қазіргі ортағасырлық қаланың орны Ақтөбеге дәл келеді [5, 90 б.].

Осы мәліметтер нәтижелі болу үшін осы кезге дейін көптеген экспедициялар ұйымдастырылған болатын. 1941 жылы археолог Г.И. Пацевич Ақтөбеге (Баласағұнға) барып, онда барлау жұмысын жүргізеді; сонан соң 1954 жылы П.Н. Кожемянко Ақтөбе қонысын зерттеп, оған Степнин қалашығы (Ақтөбе) деп ат берген. Тек, 1974 жылы С.М. Киров атындағы (Әл-Фараби) қазақ мемлекеттік университетінің археологтары Ақтөбені көріп, оның үлкен қала екендігіне көздері жетіп, сол жылдан бастап, Ақтөбеде археологиялық қазба жұмыстары жандана бастайды. Сол жылы ұйымдастырылған университеттің археологиялық экспедициясы жоспарлы түрде әр жылы зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Ақтөбенің жалпы көлемін анықтау үшін, 1980 жылы мамырдың 5-інде самолетпен масштабты 1:2000 аэрофотосы түсіріліп, қала орнын анықтайды. Бұл да археолог Уахит Хамзаұлының қолға алған шаруаларының нәтижесі деп айта аламыз [5, 91-92 б.].

Баласағұнның ірі мәдени орталық болғаны туралы және онда көптеген ғұламалардың өсіп шыққан ұясының бірі туралы мағлұматтар беріледі. Олардың ішінен Абу-Абдаллах Мухаммед Ибн-Мұса әл-Баласағұн ерекше аталады. Деректер бойынша ол Ат-Түрік деген есімімен белгілі. Ол ең әуелі Бағдатта оқыған, одан кейін Шамға (Сирияға), Дамаскіге барып қызмет атқарған. Профессор У.Х. Шәлекенов белгілі деректерге сүйене отырып, Афрасиабтық барлық түркілердің құрметіне бөленген көсемі болғанын дәлелдейді. Оның кезінде салынған қалалар: Ниса, Мерв, Термез, Самарқанд (Афрасиаб), Бұхара, Соғда, Мар, Пайкент, Ферғана, Ахсикент, Ходжент, Өзкент, Ош, Ташкент, Түркістан, Янкент, Қият, Үргеніш, Испиджаб (Сайрам), Манкент, Құмкент, Саудакент, Бабата, Тараз, Құлан, Мерке, Баласағұн, Аспара, Қарақастек, Алматы, Қойлық, Жаркент, Қашқар және т.б. Бұл қалалардың басым көпшілігі Қазақстан жеріне салынған және оларды салған оғыздар. «Тарихта дәлелденген мәселенің бірі, оғыздар осы күнгі түркмен, азербайжан, Осман түріктерінің этногенезіне белгілі үлесін қосқан тайпа. Олар ертедегі ортағасырда Орталық Азияны мекендеген. Кейін әртүрлі тарихтың тәлкегімен оғыздардың бір бөлігі батысқа қарай жылжып, жаңа қоныстарға ие болған. Солай болса, олар ертеде отырықшы мәдениетінің орталықтарына айналған қалалар салған, әсіресе Ұлы Жібек жолдарында». Автор Тұран елін мекендеген, оны өздерінің Отанына ежелден айналдырған түріктерге тоқталып, Амудария мен Сырдария өлкесіндегі түріктердің отырықшы мәдениеттің бір белгісі болғанын баяндайды. Түрік жеріндегі қалаларды антикалық заманнан бастап-ақ жергілікті түрік нәсілді халықтар салған. Олар келместен бұрында Тұранның оңтүстігінде қала көп болған. Бұндай отырықшы мәдениеттің ежелден орталығы болған ірі-ірі қалалар Амудария мен Сырдарияның алқаптарында бар екенін археологиялық және жазба деректерге сүйеніп, дәлелдеуге тырысады. Қос өзеннің бойындағы Хорезм, Ферғана аймақтарындағы үлкен шаһарларды тілге тиек етіп, ол

шаһарлардың түрік өркениетінде алар орны мен ерекшелігін анықтайды [8, 22-23 б.].

7-ші тарауында түркілердің отырықшылық мәдениеті туралы мәселелерді толғайды. Автор Орталық Азия түркілерінің құл иеленушілік дәуірін де назардан тыс қалдырмайды. Еуропалық тарихнамалардағы «Түркілер құл иеленушілік қоғамды бастарынан өткермей, алғашқы қауымдық қоғамнан бірден феодализмге өткен» деген тұжырымдаманы батыл сынға алады. Бұл жерде ғалым барлық өмірін түркілердің тарихын зерттеуге арнаған Л.Н. Гумилевтың тұжырымдарын қолдайды. Монографияда б.з.б II – б.з. V ғғ. ертедегі сақтардың ұрпақтары қаңлы, Ферғана, Тохаристан құл иеленушілік мемлекеттерінің болғаны туралы деректерді келтіреді. Атасақ, III-VII ғасырларда қаңлы тайпасының әлем түркілерінің арасында құл иеленушіліктің таралуы жан-жақты сарапталған. «Көшпенді (номадизм),- дейді ғалым: адам баласының тарихи дамуының барысында келіп шыққан түсінік. Алғашқы энеолит кезінде ірі қоғамдық еңбек бөлінуінің нәтижесінде келіп шығып, мал шаруашылығы өз алдында дамыды. Көшпенділік терминді тарих ғылымында кең көлемде қарап, оған терімшілікпен, аңшылықпен, балықшылықпен айналысқан австралиялық тайпаларды осы көшпенділер концепциясына жатқызған... Көшпенділердің негізгі шаруашылығы мал болғанымен оған қосалқы түрінде егіншілік, аңшылық және қолөнершіліктер де жүріп отырған. Бір тайпаның, рудың кейбір бөліктері отырықшыл болса, қалған бөліктері жартылай, әйтпесе көшпенділік өмір сүрген. Барлық халық былай тұрсын, оның ішіндегі тайпалардың барлығы көшпенді болмаған... Керісінше, олар төңірегіндегі егіншілікпен, балықшылықпен, қолөнер кәсібімен айналысатын бауырларымен тығыз экономикалық және мәдени тығыз байланыста жасаған» [5, 206-208 б.].

«Жоғарыда айтқан жағдайдан шыққан «көшпенділік» ұғымын Ресей отаршылары қағып алып, Петр I-нің Шығыс саясатын іске асыруда кеңінен қолданған. Өйткені, бұл ұғым отарлау саясатына қолайлы болған. Ресей Қазақстанды отарлау арқылы бүкіл Орталық азия халықтарында отарлаған. Олар Қазақстанның жерін, байлығын иелеумен қатар, ең жаманы халықты рухани жағынан да қанаған»,- деп, қазақ халқының «жабайы көшпенділер» сөзінің қалайша бізге себепсіз ілінгенін ашып көрсетеді. Кейін автор өзінің бұл сөздеріне ғылыми материалдық дәлелдер ретінде әр жылдары Орта Азия даласында жүргізілген түркі өркениетінен хабар беретін археологиялық қазбалардың нәтижелерін береді.

Монографияның соңғы тарауында Ұлы Жібек жолының тарихы да Баласағұн қаласымен тікелей байланысты екені жазылған. Түркілердің көрші халықтармен сауда-саттық байланысы, сауда орталықтары, дипломатиялық қарым-қатынастары, экономикалық және мәдени байланыстылығы жөнінде зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Ортағасырларда түркілердің сауда жолының ең негізі Ұлы Жібек жолы екенін білдіріп, еендігі кезекте Басыт назарды солбайланыс жолы – Ұлы Жібек жолына аударады. «Б.з.б. I ғасырдың ортасында ғана Ұлы Жібек жолы тұрақты дипломатиялық және сауда

жұмыстарын жүргізу дәрежесіне дейін көтерілген. Ол Шығыс пен Батыс елдерді саяси, экономикалық және мәдени байланыстық орнатқан. Өз сағасын ертеден алатын Шығыс халықтарының мәдени табыстарын Батысқа таратқан», - деп Жібек жолының маңызын көрсетеді [5, 228-229 б.]. Осылайша түркілердің өзге елдермен байланысын көрсете отырып: «Жібек жолының халықаралық сауда жүйелеріне айналуымен, соғданың көпестері Қазақстанның оңтүстігіндегі Талас, Шу және Жетісу бойындағы үлкенді-кішілі қалаларға таралып, Жібек жолындағы сауда дамытуға өздерінің үлестерін қосып отырған. Сауда керуендерінің жүретін жолындағы ірі қалалардан: Мерв-Чаржуй-Бұхара-Самарқанд-Чач-Исфиджаб-Талас-Сужаб-Жаркент және басқа көптеген қалалар, одан әрі Шығыс Түркістанның ойпатындағы Лобнор көліне дейін барып Қытай елімен жалғасқан...», - деп [5, 230-231 б.], ұлы сауда жолының траекториясын анықтайды. Автор жоғарыдағы мәліметтерге сілтеме жасай келіп, әлі күнге шейін әлі де ашылмай келе жатқан рухани мәдениет көздері бар екендігін және оның ашылуы және халыққа жеткізілуі келер ұрпақ сыбағасы екенін жазады. Оларды ашу арқылы өткенге кең көз жүгіртіп, болашақта жастарды немесе халықты рухтандыруға мол әсерін тигізетініне сенеді [5, 232 б.].

Монографиялық жұмысын қорыта келе, автор қазақ халқының ұлттық тарихын жазу туралы бірнеше ұсыныстар келтірген, әсіресе, қазақ тарихы алдымен мемлекет тілінде жазылып, ол «Қазақ халқының тарихы» деп аталынуы керек деген. Ол үшін жаратылыстану және гуманитарлық ғылым салаларындағы халқымыздың тарихын жаза алатын, ұлттық менталитеті бар мамандардың басын қосып, еңбек ету арқылы шешетін күрделі мәселе екенін және қазіргі кезеңнің талабы болып отыр», - деген тұжырымға келген [5, 233 б.]. Әрине, ғалымның ғылыми көзқарастары бірнеше ғылыми ортада талқыдан өткен, жүйеленген ғылыми түйін деп есептейміз.

Қорытынды. Ғалымның бірнеше жылдық бірнеше ғалымдармен біріге жүргізген археологиялық зерттеулері негізінде ғалымдарды алты ғасырдан бері мазалаған Баласағұнның орналасқан жері туралы жұмбақ өз шешімін тапты. Сонау Кеңестік Қазақстан дәуірі басталып, «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көрген археолог У.Х. Шәлекеновтың «V-XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы» атты монографиясы Қазақстан тарихына ғана емес, әлемдік өркениетке қосылған ғылыми еңбек. Нәтижесінде, бұрынғы Ақтөбе археологиялық қазба орны тарихи Баласағұн екені ғылыми негізде дәлелдеген.

Уахит Хамзаұлы Шәлекенов 1984 жылы Қазақстан Республикасының және Өзбекстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері болды. 1991 жылы Қазақстан Республикасы Гуманитарлық ғылым академиясының академигі атанды. Ғалымның жалпы 700-ден астам ғылыми мақалалары, монографиялары және оқу құралдары жарық көрді.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының құрметті академигі Уахит Хамзаұлы Шәлекенов 96 жасында 2020 жылы Алматы қаласында артына айта қаларлықтай тарихи мұра қалдырып өмірден озды. Уахит Хамзаұлының тарих, этнография және

археология салалары бойынша зерттеулері қазірде қазақ тарихы ғылымы айналымында. Ғалым жазған ғылыми монографиялық еңбектері Қазақстан жоғары оқу орындарындағы тарихшы студенттерінің күнделікті оқу құралына айналды. Археолог-этнолог Уахит Хамзаұлы Шәлекеновтың қазақ археологиясы ғылымының ілгері дамуына қосқан үлесінің нәтижесі қазірде археология саласында еңбектеніп жүрген шәкірттері деп айта аламыз. Ұстаз - ілімін жалғастырушы шәкіртімен мәңгі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Ғалым ұстаз Уахит Хамзаұлы Шәлекенов (биобиблиографиялық жинақ сериясы)/- Алматы: Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті баспа орталығы, 1994. -21б.

2 Қалиақпар Ж. У.Х. Шәлекеновтың өмірі мен қызметі / «Атырау өлкесі тарихының өзекті мәселелері: өткені мен бүгіні» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдарының жинағы. – Атырау: «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ баспа орталығы, 2022. – 223 бет. -174-177б.

3 Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (одан әрі – ҚР ОМА) Қ.2415.,1 т., 636 іс

4 Өнегелі өмір /Шәлекенов Уахит/ ред. басқ. Ғ.М. Мұтанов. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. - Ш.33. – 389 б., сур.

5 Шәлекенов У.Х. V-XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы.– Алматы: Жібек жолы, 2007. – 2-бас. - 248 б. + 16 қосарбет.

6 Шәлекенов У.Х. Ежелгі Баласағұн қаласы // Жұлдыз. – 1990. - №10. – 179-187 б.

7 Шәлекенов У.Х. Баласағұннан табылған соғда жазуы // ҚазМУ хабаршысы. Информация сериясы. – 1996. - №2. – 41-45 б.

8 Шәлекенов У.Х. Ертедегі және орта ғасырдағы қазақ жеріндегі қалалар // ҚазМУ хабаршысы. Тарих сериясы. – 1999. - №12. – 12-25 б.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ КАН АРНАЛАРЫ ЖӘНЕ СУФАЛАР

Ж.Р. Байғалиев- «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК-ның ғылыми қызметкері, магистр (baigaliievzh@mail.ru)

Аннотация. Еліміздің тарихы ерте кезеңдерден бастап еуразия құрлығындағы халықтардың тарихымен тығыз байланыста дамып келеді. Халқымыз осы уақыт аралығында сан түрлі саяси оқиғалардың куәсі болды. Бүгінде қазақ халқы өзінің терең тарихын, рухани құндылықтары мен мәдени-мұраларын қалпына келтірумен айналысуда. Соның бірі қазақ тарихының маңызды бөлшегі ретінде алтынордалық ортағасырлық қалалар

тарихын айта аламыз. Ұлы Жібек жолының қарқынды дамуы, қала аумағы арқылы сан ғасырлар бойы жолдар, саяхатшылар, миссионерлер, ғалымдар, көптеген саудагерлердің жүруі Орта Азия аумағында қалалық мәдениеттің дамуына түрткі болды. Оған дәлел қалаларды жылыту жүйелері болған қан арналары және суфалардың салынғандығы, су, кәріз құбырлары және т.б. Мақалада Батыс Қазақстан аумағында орналасқан ортағасырлық қалалар туралы мәлімет келтірілген.

Аннотация. История нашей страны с ранних времен развивается в тесном контакте с историей народов евразийского континента. За это время наш народ стал свидетелем различных политических событий. Сегодня казахский народ занимается восстановлением своей глубокой истории, духовных ценностей и культурного наследия. Одним из них можно назвать историю золотоордынских средневековых городов как важной части казахской истории. Бурное развитие Великого Шелкового пути, многовековые маршруты по территории города, передвижение путешественников, миссионеров, ученых, многочисленных торговцев стимулировали развитие городской культуры на территории Средней Азии. Доказательством тому служат канальные каналы и суфы, которые являлись системами отопления городов, водопроводные, канализационные трубы и т.д. В статье приводятся сведения о средневековых городах, расположенных на территории Западного Казахстана.

Annotation. The history of our country has been developing since the earliest times in close contact with the history of the peoples of the Eurasian continent. During this time, our people have witnessed various political events. Today, the Kazakh people are engaged in restoring their deep history, spiritual values and cultural heritage. One of them, as an important part of the Kazakh history, is the history of the medieval cities of altynorda. The rapid development of the Great Silk Road, the movement of roads, travelers, missionaries, scientists, and many merchants through the territory of the city for many centuries stimulated the development of urban culture in Central Asia. This is evidenced by the Kan canals, which were heating systems for cities, and the construction of sufaf, water, sewer pipes, etc.the article provides information about medieval cities located on the territory of western Kazakhstan.

Тірек сөздер. Алтын Орда, Батыс Қазақстан, тарих, археология, Сарайшық, суфа, қан арнасы, ғылыми зерттеулер

Ключевые слова. Золотая Орда, Западный Казахстан, история, археология, Сарайшык, суфа, қан, научные исследования.

Keywords. Golden Horde, Western Kazakhstan, history, archeology, Saraishyq, sufa, blood channel, scientific research

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет Комитетінің 2021-2023 жылдарға арналған BR10164208 «Қазақстанның батыс өңіріндегі Алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» атты ғылыми жобасы аясында даярланды.

Бүгінгі таңда еліміздің тарихшы ғалымдары ғылыми-зерттеу жұмыстарын Алтын Орда тарихына және сол кезеңдегі Қазақстандағы қалаларының дамуы мен қалыптасуына байланысты жүргізіп келеді. Еліміздің батыс аймағында бірнеше ортағасырлық қалалар орналасқан. Қазақстанның ұлан-байтақ жерінде ежелгі замандардан бері халықтар мал шаруашылығы және егіншілікпен айналысқан. Ортағасырдан бізге жеткен қалалық өмір, ондағы халықтардың әлеуметтік жағдайы, дамыған ірі-ірі қалалардың тарихи - мәдени аймақтарға бөліну арқылы көзге түседі. Бұндай аймаққа Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу өңірін, Орталық және Батыс Қазақстандағы ортағасырлық қалаларды жатқызамыз. Қала мәдениетінің дамуына негіз болған фактор ретінде ортағасырлардағы сауда жолдарының дамуын айта аламыз. Сауданың дамуы қолөнер, зат айырбастау және мәдениеттің дамуына ықпал етті. Қалалар - қолөнер мен сауданың орталығы болды. Елді мекендер шет елдермен, қала маңындағы дала көшпенділерімен алыс-беріс саудамен айналысты. Ал бұл өз кезегінде қолөнершілік, егіншілік пен малшаруашылығы, тоқымашылық және тиын жасау шеберханаларының өркендеуіне себеп болды. Сонымен қатар, Қазақстандық археологтар ұзақ жылдар бойы Іле және Жоңғар Алатауы, Іле бойы алқабы, Орталық Қазақстан аймағы, Алтай таулары мен Балқаш бойы, Үстірт жазықтығы, Сырдария және Жайық өзені бойларында зерттеу жұмыстарын жүргізді. Олар бұл аймақтарда көне қалалардан Отырар, Тараз, Сығанақ, Сарайшық, Түркістан (Йасы), Қойлық, Сауран, Сайрам қазбаларын зерттеп, тарихи деректерді жариялады [1, 5 б.].

Батыс Қазақстанда ортағасырлық қалалар Жайық өзені бойында орналасқан болып, Алтын Орда кезінде Ұлы Жібек жолының қарқынды дамуы нәтижесінде қалаларда мәдениет, ғылым, білім дамуын жалғастырды. Олардан Сарайшық, Жалпақтал және Жайық, Ақтөбе-Лаэти, қалаларын айта аламыз. Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалар орнында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде ортағасырларда қалалалық мәдениеттің дамығанын байқаймыз [2, С.159].

Сарайшық – орта ғасырларда шығыс пен батысты байланыстыратын Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан қолөнері мен саудасы дамыған және қала құрылыс саласының өркендеуі, халықтың тұрмысы, мәдениеттер алмасуы орын алған жазба деректерде Ұлысу деп аталатын ағысы күшті өзеннің оң жағалауында орналасқан өркениетті қалалардың бірі. Тарихи қала орнында жүргізілген қазба жұмыстары барысында қыш-құмыра фрагменттері, мыс және күміс тиындар, сүйектен жасалған бұйымдар, одан өзге сол кездегі халықтың тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін тұрғын үй-жайлар, суфалар және қан арналары анықталды. Ортағасырлық Сарайшықта қаласы орнында археологиялық зерттеулер XX ғасырдың 20-30 жылдарынан бастап қолға алынды. 1937 жылы Н.К. Арзютов кешенді қазба жұмыстарын бастайды. Сонымен қатар С.П.Толстов бастаған Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы ортағасырлық Сарайшық қаласы орнына

барлау жасады. 1950 жылы археолог Ә.Х. Марғұлан, ғылыми қызметкер Г.И. Пацевич және фотограф А.А. Попов бастаған топ Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясын ұйымдастырды. Ортағасырлық Сарайшық қаласы орнында жүргізген зерттеулері нәтижесінде қала тарихы, Алтын Орда мемлекеті құрамындағы орны және қаланың мәдени қабатына байланысты маңызды мәліметтер келтіреді. Ә.Марғұлан зерттеулерінен кейін бірқанша уақытқа Сарайшықты кешенді зерттеу мәселесі кейінге қалдырылып келді. Бұл аралықта XX ғасырдың 70-80 жылдарындағы Л.Галкин зерттеулерін де атап өткен жөн. 1989 жылға келіп қала орнында археологиялық зерттеулер қайта жаңғыра түсті. Бұл зерттеулерді археолог З.Самашев жетекшілігінде Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы жүргізді [3, 21 б.].

Н.К. Арзютов археологиялық қазба жұмыстарын бастамас бұрын қала тарихын әртүрлі деректер негізінде зерттеуді қолға алады. Оның жұмысының негізгі мақсаттарының бірі ортағасырлық тұрғын үйлер орнын анықтау болды. 1937 жылғы археологиялық қазба жұмыстары барысында «кан» арналары және «суфалар» табылған. Зерттеу нәтижелері «Отчет и дневник о раскопах на месте развалин Золотоордынского города Сарайчик» есебінде келтіріледі. Кешендегі қазба жұмыстары кезінде №13 траншеядан көптеген жәдігерлер табылған. Анықталған бөлмелердің бірінде печь және «кан» арнасы дерлік толық күйінде сақталған [4, С.7]. Н.К. Арзютов зерттеулерінен кейін Ә. Марғұлан және Л.Л. Галкин де ортағасырлық қала аймағынан кан және суфаларды кездестіреді.

Л.Л. Галкин 1981 жылы Сарайшыққа жасаған барлау жұмыстары барысында Жайық өзені жағасындағы қаланың мәдени қабатын су шайып, көптеген ғимараттар су астында қалғанын келтіреді. Одан өзге барлау кезінде XIII-XIV ғасырға тән мәдени қабат ашылып қалған. Ол шикі кірпіштен салынған ғимараттың қалдықтары болып шықты. Сонымен қатар жағалауда басқа да ғимарат іздері қалған, мысалы жылыту жүйесі болған «кан» арнасы [5, С. 14].

Кейінгі жылдары Сарайшықтағы қазба жұмыстары жалғасып отырды. Бұл зерттеулер археолог З.Самашевтың есімімен тығыз байланысты.

1990 жылғы археологиялық зерттеулер нәтижесінде ортағасырлық қаланың мәдени қабатын шамамен 3-3,5 м-ге дейін жетіп, оны XII-XVI ғасырларға жатқызады. Одан өзге қаланың мәдени қабатын екі кезеңге бөліп көрсетеді. Олар: төменгі қабат - XII – XIII ғғ. және жоғарғы қабат - XIV – XV ғғ. Ал одан да кейінгі кезең ретінде XVI – XVII ғғ. жатқызады. Сонымен қатар, анықталған тұрғын үйде тандыр мен «кан» жылыту жүйесінің қалдықтары тазартылды. Жылыту «кан» арналары суфалардың біреуінің (немесе екеуінің) астында орналасқан. Ғимарат суфасының жанында қарапайым пеш немесе тандыр болуы мүмкін. Тандырдың қалдықтары №3 нысанда кездесіп, оның негізгі диаметрі 42 см, сақталған биіктігі 28 см, қабырғаларда қалыптың ішкі жағында тарақ тәрізді өрнектер салынған [6, С. 1-3].

1996 жылғы археологиялық қазба жұмыстары барысында көптеген құнды жәдігерлер анықталды. Н.К. Арзютов және Л.Л. Галкинның жұмыстарымен салыстырғанда 1996 жылғы қазба жұмысы нәтижесінде

бірнеше кан арнасы мен суфалар, оған қоса тандыр пештер мен ошақтар анықталған. Қазба жұмыстары туралы «Отчет о работах Заподно-Казахстанской экспедиции в Атырауской и Манкыстауской областях в 1996 году» есепте суфалар мен кан арналарына толықтай сипаттама берілген. Кан арналары ме суфа №2 қазба нысанында табылған. Қазба жұмыстары кезінде ені 240 см келетін суфа кездескен. Оның отүстік бөлігі жақсы сақталған болып, 21x20x6 см өлшемді шикі кірпіштерден пайдаланылған. Ал кан арналары суфаның батыс бөлігі арқылы жүргізілген. Одан өзге бұл аймақтан 4 жылыту мұржалары табылған. Олардың ені 10-15 см-ге тең. Қазба аймағының солтүстік-батысынан ошақ орны анықталып, ол өңтүстіктен келген кан арнасына байланысқан. №2 қазба орнынан осыған ұқсас тағы бірнеше суфа мен кан арналары кездесіп отырған. [7, С. 77]

1997 жылғы археологиялық қазба жұмыстары 9 секторда жүргізілді. 1996 жылғы қазба жұмыстарымен салыстырған аумағы біршама үлкен болды. №12, №21 нысанда жүргізілген зерттеулер нәтижесінде әр бірінен 2 суфа орны анықталған. №12 нысан өлшемі 5,40 x 3,65 м, ал қабырға биіктігі 1,5 - 1,7 м. Оның солтүстік-шығыс қабырғасын бойынан тандыр іздері және кан арнасы табылды. Оған қарама-қарсы қабырға бойында екінші суфа анықталған. Ал №21 өлшемі 4,15 x 4,85 м, қабырғасының биіктігі 1,1 – 1,2 м, қалыңдығы 0,75 – 0,87 м. Оның оңтүстік-батыс бұрышында есік ашылған, оның төменгі бөлігінде ағаш табалдырықтың іздері сақталған. Тандыр, оның айналасында кан, екі суфа және басқа да интерьерлер орналасқан. Нысанда анықталған суфа өзіндік ерекшелікке ие. Яғни «Одно суфа сложена комбинированно: низ- из трех рядов обожженного, а верх- одного ряда сырцового кирпичей, затем полностью обмазана глиной» деп келтірілген [8, С. 2].

Одан өзге 2003 жылғы археологиялық қазба жұмыстары өзенге жақын аймақтардың мәдени қабаты Алтын Орда кезеңіне дейін қазылды. Нәтижесінде 2 түрдегі тұрғын үйлер орны анықталды. Олардың біріншісі, қазбаның оңтүстік бөлігінде орналасқан. 2-4 бөлмелі үйлерден құралған. Қабырғасына саз балшықтан жасалған кірпіштерден пайдаланылған. Бөлменің өлшемі 4x5 м болып, суфа және тандыр пештер орналасқан. Суфаның биіктігі 40 см, ал ені 9-150 см болды. Бөлме іші сыланып ақталған. Ал екінші типтегі үйлер қазба аймағының орталық бөлігінде орналасқан. Олар көп бөлмелі үйлер болды. Бұл құрылымдардың қабырғалары көбінесе сазды кірпіштерден басқа, 75x50x20 см өлшемді пахса блоктарын қамтыды. Сонымен қатар, үй-жайларда 2 түрдегі ошақтар байқалды. Бірі тіктөртбұрышты болса, екінші онша үлкен болмаған тандыр пеш көлемінде. Археологтар жоғарыда келтірілген сипаттамалар негізінде тұрғын үйлерді XIV ғасырдың басына келеді. Одан өзге осы жылғы археологиялық қазба жұмыстарында табылған нумизматикалық жәдігерлерге негізделіп айтқанда Сарайшықтың саяси-экономикалық жағдайы өзгергенін байқаймыз. Бұл жылғы қазба жұмыстары барысында анықталған суфалардың бір ерекшелігі еден және суфа үстінде қамыс іздерінің сақталғандығы [9, С.9].

Жалпы алғанда 1999 және 2003 жылғы қазба жұмыстары кезінде анықталған суфалар ерекшелікке ие. 1999 жылғы суфада өрнектер байқалған болса, 2003 жылғы суфада қамыс төсеніштері орны байқалған. Ол тұрғындардың әлеуметтік жағдайына байланысты жасалған болса керек.

И. Тасмағамбетов, З.Самашевтің «Сарайшық» атты еңбегінде қала тарихы бірнеше кезеңге бөліп қарастырады. Қаланың екінші кезеңінде тән болған құрылыс нысандарынан П және Г әрпі көрінісіндегі суфалар кездесіп отырған. Сонымен қатар, еңбекте суфаларды туралы мынадай: «Стены и суфы штукатурились, белились, украшались кошмой и коврами. В ряде домов полы выкладывались красным жженым кирпичом с белоснежной алебастровой расшивкой. Рядом с топкой обычно фиксировалась ташнау, представлявшая собой большой сосуд без дна, полностью врытый в землю, над которым в полу делалась выкладка из обожженных кирпичей с отверстиями...» делінген. Ал үшінші кезеңінде қалада тұрғын үйлер тығыз орналасқан болып, көп бөлмелі кешендер 20x12 м көлемде болса, тұрғын үй бөлмелері 4x5 м-ге тең жетті. Осы кезеңге тән болған үйлер мен суфалардың ерекшелігі төмендегідей: «Некоторые суфы имели топки, характерные для домостроительства бассейна р. Сырдарьи без топчного пода с закладочным отверстием сверху. В жилых помещениях пол был сложен из обожженного кирпича. В архитектуре и внутренних интерьерах сплетаются традиции Нижнего Поволжья, Хорезма и Сырдарьи» [10, С. 62-72].

Батыс Қазақстанда Сарайшықтан басқа ескерткіштер мен ортағасырлық қалалар және шағын қалашықтар кездеседі. Солардың бірі XIV ғасырға тиесілі қалашық Атырау қаласынан 6 шақырымда солтүстік-шығыс бетінде орналасқан Ақтөбе-Лаэти қалашығы болды. Археолог Л.Л. Галкин өзінің негізгі зерттеулерін осы тарихы орында алып барды. Осындай зерттеулерінің бірінде қаланың тұрғын үй кешеніне назар аударды. Яғни «...что жилые помещения с очагами и отапливаемыми канами суфами располагались в восточной части усадбы, примыкавшей к главной улице поселка». Анықталған ғимараттың батыс бөлігі арнайы тұрмыстық мақсаттарда пайланылған. Зерттеулер нәтижесінде осы аймақтан шыны бұйымдар, сүйектен жасалған заттар, керамикалық ыдыстар мыс және алтын тиындар анықталған. Алтын тиында Алтын Орда дәуіріндегі хорезмдік тиындар екені белгілі болды [11, С.17]. Л.Л. Галкинның 1979 жылғы зерттеулері нәтижесінде 38 ғимарат анықталды. Бұл өткен жылдармен салыстырғанда үлкен нәтиже болған. Ғимараттардың дерлік көпшілігінде суфалар және кан арналары анықталған. Бірақ кей жағдайларда ұзын кан арналары да кездескен [2, С. 170]. Бұл анықталған ғимарат бөлмелерінің өзіндік құрылысы не болмаса көлеміне байланысты болған. Себебі, осыған ұқсас кан арналары Сарайшық, Жалпақтал қалалары орындарында анықталмаған. Бұл да болса Ақтөбе-Лаэти қаласының алтын Орда дәуірінде қарқынды дамығандығын көрсетеді.

Жалпақтал қалашығы Батыс Қазақстан облысының Казталов және Жаңақала аудандарының шекарасында, Қарасұқ ауылдық округінде орналасқан. Аумағы 68 гектар. Қалашықтың орталық бөлігінде биіктігі 2 м –

ге дейін және диаметрі 50 м-ге дейін бірнеше ірі төбелер, қалған бөлігінде бірнеше ондаған кіші төбешіктер байқалады. Қала орнында 2010 жылы қазба жұмыстары жүргізіліп, 10x10 м аумақта барлау қазба жұмыстары жүргізілді. Бұл жылғы қазба жұмыстарының ерекшелігі мәдени қабаттың тарихи жәдігерлерге бола болуы. 2010 жылғы қазба жұмыстары барысында 4000-ға күйдірілген керамикалық ыдыстар анықталды. Келесі жылы №1 қазба аймағында 2010 жылғы жұмыстар одан әрі жалғасты. Қазба жұмыстары барысында төртбұрышты мекенжай анықталып, онда кішігірім екі құрылыс орны сақталған. Көлемі – 6,9 – 7,1 x 9,4 м. Оның жанынан суфа ашылды. II – пішіндес келген суфаның батысында тандыр пеш орны байқалған. Суфалар 2012 жылғы қазба жұмыстары барысында да кездескен. Дегенмен олардың барлығы стандартты көріністе болды. Суфалар қыш құландыларымен толтырған. Олардың арасынан сүйектен жасалған өлшемі 7,4 x 3,5 см көлемдегі жәдігерлер анықталған [12, С. 163-164].

Жалпақтал қаласынан табылған суфалар Сарайшық қаласымен салыстырған табылған жәдігерлері арқылы ерекшеленеді. Жалпы алғанда суфалардың көлемі және сыртқы көріністері ұқсас келгенін байқаймыз. Осыған байланысты М.Н. Сдықов өзінің «Средневековые города бассейна реки Урал» атты еңбегінде Жалпақтал қаласы суфаларының Сарайшық және Жайық қалаларындағы суфалардан ерекшелігі «ташнаудың» кездеспегендігі болды [13, С. 112].

Батыс Қазақстанда орналасқан келесі қалалардың бірі – Жайық. Қала орны 2001 жылы профессор М.Н. Сдықов басшылығында жүргізілген зерттеулер нәтижесінде анықталған. Ал 2005 жылы «Жайық» деп аталған. Қала орны жалпы 10 гектар аумақты алып жатыр. Сонымен қатар, екі бөлікке бөлінген. Біріншісі – қала орналасқан аймақ 8 гектар шамасында болса, екіншісі 2 гектар көлемдегі жерлеу орындары. Жайық қаласында жүргізілген қазба жұмыстары барысында тұрғын үй-жайлар, қыш күйдіру орындары, жерленімдер анықталып, олардан сан түрлі құнды жәдігерлер табылған. Одан өзге II – секторынан сафа және кан іздері байқалған. Қазба жұмыстары барысында қыш кірпіштермен қалағандығы белгілі болды. Жанында тандыр пеш орны сақталған. Суфаның көлемі 90 x 30 см, биіктігі 20 см. Жалпы алғанда қала құрылысы оның алтынордалық мекендердің бірі екендігін білдіреді. Сонымен қатар, т.ғ.к. М. Қалменов қаланы археологиялық қабаты бір кезеңнен тұратындығын, сондықтан бұл жерде халық қысқа уақытқа ғана қоныстанған деген пікірде [14, С. 171-191].

Қорыта келгенде Каспийдің солтүстігі және Жайық өзені жағасында орналасқан ортағасырлық қалалардың құрылысы бір-біріне ұқсас келеді. Жалпы жылыту жүйесі суфа және кан арналарында да тым қатты ерекшеліктер байқалмайды. Бұл қалалардың архитектуралық құрылыс өнері Хорезм және Орталық Азия қалаларына тән. Суфа және кан арналарының қазба жұмыстары кезінде жиі-жиі табылуы аймақта қала құрылысының жоғары дамығандығын көрсетеді. Бұндай қалалар Алтын Орда мемлекетінің қаншалықты өркендегеніне дәлел екені ақиқат.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Байпақов К.М. Ежелгі және орта ғасырлардағы Отырар. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2007. - 248 бет.
- 2 Сагидуллаев Д.З. Золотоордынские поселения Северо-Восточного Прикаспия: география, топография, домостроительство. Поволжская археология, 2022. - №2 (40). – 159-174 ст.
- 3 Байғалиев Ж.Р. Ортағасырлық Сарайшық қаласының археологиялық зерттелу тарихынан /магистрлік диссертация жұмысы. – Атырау, 2022. – 70 б.
- 4 Арзютов Н. Отчет и дневник о раскопах на месте развалин Золотоордынского города Сарайчик. АН КазССР институт истории, археологии и этнографии им. Ч. Валиханова. г. Алматы. 1937. – 15 л.
- 5 Галкин Л.Л. Отчет о работе Средне-волжской экспедиции Института археологии АН СССР проведенной в 1975 году в Гурьевской области Казахской ССР. 19 с. / Фонд Атырауского областного историко-краеведческого музея. КП 2606.
- 6 ҚР БҒМ ӘМА АИА. 1990 ж., 2 т., 2306 іс., 5 п.
- 7 ҚР БҒМ ӘМА АИА. 1996 ж., 2 т., 2463 іс., 438 п.
- 8 Самашев З. «Восточный Прикаспий в древности и средневековье. Проблемы трансформации и взаимодействия кочевых и оседлых культур» / Отчет о работах Западно-Казахстанской археологической экспедиции ИА МН – АН РК на городище Сарайчик в 1997 году по договору с Атырауским областным Управлением культуры. Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі. Алматы, 1998. - 312 с.
- 9 «Отчет по договору с РГКП «Хан Ордалы Сарайшық» по теме «Археологические раскопки аварийно-спасательного характера на городище Сарайчик» в 2003 году. Сарайшық музей-қорығы. -Алматы, 2004. - Т.1. – 189 с.
- 10 Тасмагамбетов И. Самашев З. Сарайчик. - Алматы: ОФ «Берел», 2001. – 320 с.
- 11 Л.Л. Галкин. Отчет о работах Волго-Уралской экспедиции института археологии АН СССР в 1981 г. Гурьевской области Казахской ССР. Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі. 1975. - 22 с.
- 12 Марискин Д.В. Городище Жалпактал. Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. Ежегодник. Вып. 1. / под.ред. Сдыкова М.Н. – Уральск, 2014 – 248 с.,32 с. цв. иллюстр.
- 13 Средневековые города бассейна реки Урал / Ред. М.Н. Сдыков. Уральск: Полиграфсервис, 2014. - 187 с.
- 14 Калменов М.Д. Городище Жайык. Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. Ежегодник. Вып. 1. / под.ред. Сдыкова М.Н. – Уральск, 2014 – 248 с.,32 с. цв. иллюстр.

ТАРИХИ- МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШТЕРІМІЗДІ ТУРИЗМ АЙМАҒЫНА АЙНАЛДЫРУ – БОЛАШАҒЫМЫЗҒА КЕЛЕЛІ НӘРСЕ ҚАЛДЫРУ

Нүрпейісова Э.С. - п.ғ. магистр
Қызылорда қаласы, Қызылорда
медициналық жоғары колледжі
тарих пәні оқытушысы

Аңдатпа. Автор бұл мақалада тарихи-мәдени ескерткіштерімізді туризм аймағына айналдыру қажет екендігін, осы арқылы болашағымызға келелі нәрсе қалдыра алатынымызды баяндайды.

Аннотация. В этой статье автор объясняет, что необходимо превратить наши памятники истории и культуры в туристические зоны, чтобы мы могли оставить что-то хорошее на будущее.

Annotation. In this article, the author explains that it is necessary to turn our historical and cultural monuments into tourist areas so that we can leave something good for the future.

Кілт сөздер: тарихи-мәдени ескерткіштер, киелі жерлер, туризм, тарихи мұражай

Ключевые слова: памятники истории и культуры, священные места, туризм, исторический музей

Keywords: monuments of history and culture, sacred places, tourism, historical museum

Большой интерес к геоглифам Тургайского прогиба со стороны международного сообщества подтолкнул к необходимости в разработке и осуществлении новой программы по исследованию загадочных сооружений. Дмитрий Дэй решил перевести проект по исследованию геоглифов из частного статуса в народный и переименовать его в «Народный проект Геоглифы Тургая». Научно-исследовательский проект Turgay Discovery станет структурным подразделением нового народного проекта. Каждый заинтересованный человек сможет стать участником большой исследовательской команды, участвовать в дискуссиях, выдвигать собственные гипотезы или присоединятся к рабочим группам, выдвинувшим свою гипотезу. Всем зарегистрированным участникам проекта будет предоставлена вся накопленная за многие годы исследований информация и отчеты археологических экспедиций. В том числе будут открыты координаты всех геоглифов из базы данных проекта Turgay Discovery. По результатам голосований и рейтингов в поддержку той или иной гипотезы, будет формироваться план полевых исследований с заказом на проведение необходимых работ. Это будет большой интерактивный проект с возможностью работы в нем через мобильное приложение на Android и IOS. Архитектура проекта разрабатывается на данный момент. Кто, когда и зачем соорудил гигантские геоглифы в Тургайских степях, а также проанализируем - какое влияние оказали племена, соорудившие геоглифы в Тургайском прогибе, на мировую историю.

Для нас показалось странным, что люди из других стран проявляют больший интерес к этим не разгаданным объектам, чем наше государство и общество. Нам бы хотелось, чтобы послания наших предков были разгаданы, и роль в этом нашего государства была не последней.

Ибрай Алтынсарин умер в 1889 году и был похоронен рядом с озером, располагающимся в Костанайском районе. 10 сентября 1947 года исполнительный комитет Костанайского городского совета народных

депутатов принял решение о «Сохранении места захоронения видного казахского просветителя Ибрая Алтынсарина». В 1961 году, в честь 120-летия со дня рождения педагога, на месте его захоронения поставили гранитный камень. В 1991 году, когда в Казахстане широко отмечали 150-летие просветителя, вокруг гранитного камня построили мавзолей. Он представлял собой сооружение из красного кирпича портално-купольного типа. Мавзолей стал объектом паломничества местных жителей и молодоженов. С годами здание обветшало, а территория вокруг мавзолея после каждого посещения свадебных кортежей напоминала свалку.

Провели ремонт мемориала, который предложили жители Мичуринского сельского округа. В рамках реализации программы «Рухани жаңғыру» объект внесли в Сакральную карту Костанайской области [5], и местные власти изыскали средства на проведение реконструкции. На реставрацию было потрачено 81 млн. тенге, провели благоустройство, так же проложили новую дорогу стоимостью 72 млн. тенге. Ведь дорога последний раз строилась в 1991 году, когда был открыт мавзолей. В 2017 году провели большую реконструкцию мавзолея и отдали дань просветителю, который в сложные годы провел большую работу по открытию первых школ, подготовки учебников.

В 2021 году торжественно отмечали 180-летие великого казахского просветителя.

Площадь мавзолея увеличилась до 68 квадратного метра, а высота составляет 15 метров. В качестве отделки использован Жанаозенский известняк-ракушечник и мангистауский гранит. На фасаде имеется декор в национальном стиле. Также подрядная организация сделала новую входную группу, ограждение, освещение и благоустроила прилегающую территорию. Были установлены два гранитных стенда, на одном из которых высечены слова Елбасы об Ибрае Алтынсарине, а на второй нанесена карта школ, открытых просветителем. Объект передали на баланс отдела ЖКХ, пассажирского транспорта и автодорог Костанайского района, которое будет отвечать за соблюдение чистоты на территории мемориального комплекса. Управлением культуры и развития языков акимата Костанайской области и Костанайского района организовываются посещения «Мавзолея И. Алтынсарина», которые проводятся на ежегодной основе.

Кто-кто, а мы с детства были наслышаны о героизме и отчаянности Кейки батыра. Еще наши деды и бабушки рассказывали нам о подвигах этого незаслуженно забытого народного героя Торгайской степи – Кейки Кокембайулы [6]. Его имя было известно нам давно, и смерть Кейки батыра тоже известна. Только сведения касательно его смерти были искажены. Конечно, народ не желал ему смерти. Если одни говорили, что он ушел в Восточный Туркестан, то другие говорили, что он ушел в пески Кызылкума, но истина есть истина, только вот дату его смерти указывают по-разному, то 1922 год, то 1923 год. По-моему субъективному мнению Кейки убил отряд Дудина. Кейки был убит 29 марта 1922 года. На памятнике Кейки батыра в Аркалыке, да и в других местах указан 1923 год, что является спорным. Ему

отрубили голову и повесили на всеобщее обозрение в Торгае. Если говорить о самом Кейки, то бесспорно, что он занимает немаловажную роль в истории.

Во-первых, восстание 1916 года является самым крупным и сильным противостоянием казахского народа против Царского Правительства, и особенно Торгайское восстание было самым продолжительным среди восстаний инородцев, в том числе и на территории Средней Азии, которое продолжалось вплоть до падения царской власти и установления Временного правительства. Вообще-то, известно, что это восстание рассматривалось однобоко, как восстание против богачей, угнетателей. Тем не менее, восстание 1916 года приобрело широкомасштабный народный характер. Количество восставших на пике восстания в Торгае достигало до 60 000 человек. Конечно, если учитывать, что в Торгайском уезде проживало 110 000 человек, то становится ясно, что с одного уезда не могло собраться столько народа, это означает, что в нем принимали участие и выходцы и из соседних регионов. Что не говори, но восстание происходило очень организовано, согласно архивным данным, были организованы 2 аргынских, 1 кыпчакских ханства, позже 1 аргынский и 1 кыпчакский ханства, нам известно, что, восстание поддержали жители 6 аргынских, 6 кыпчакских и 1 найманского волостей.

Если говорить о Кейки батыре, то в народе говорят «Амангелдінің көзі мерген, Кейкінің қолы мерген», то есть оба батыра были меткими стрелками, но Кейки стрелял, не целясь и точно попадал в цель. Восстание не смогли подавить, и поэтому Царское Правительство направило дополнительные силы, отозвав с Западного фронта; Торгайских повстанцев даже бомбили с самолетов. Повстанцы же были вооружены фитильным ружьем, самодельным оружием. Встречаются сведения, что они подумывали перевалить и в Иран. Кажется, только падение Царского режима и установление Временного Правительства остановило их от этих мыслей. Однако, и царское Правительство, и Советская власть побоялись упоминать имя Кейки батыра Кокембайулы. Потому что Кейки батыр был символом духа казахского народа, его независимости, героизма.

В свое время под руководством заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан Имангали Тасмагамбетова было принято постановление о возвращении черепа батыра Кейки Кокембайулы на родину и о предании его останков земле, проведении соответствующих мероприятий по захоронению и возведению мавзолея. И вот, буквально на днях, в Торгайском регионе были проведены все мероприятия, посвященные памяти народного батыра, все прошло организовано и на высшем уровне.

15 сентября 2017 года в селе Тасты Амангельдинского района Костанайской области состоялось торжественное открытие мавзолея народного батыра Кейки Кокембайулы, на котором принимала участие официальная делегация во главе с Государственным секретарем Республики Казахстан Гульшарой Абдыкалыковой, в составе министра культуры и спорта Арыстанбека Мухамедиулы и акима Костанайской области Архимеда Мухамбетова. Также в мероприятиях приняли участие посол Венгрии в

Казахстане Барани Андраш, депутат Парламента Республики Казахстан Куаныш Султанов, писатель Сабит Досанов, Серик Акылбай. Приехало около 7-8 тысяч гостей со всех регионов республики, и останки батыра захоронили на родной земле [7].

В долине вблизи аула Екидын (Сарыторгай) расположены так называемые дыны - два древних сооружения сферической формы из дикого камня. Долина и холмы, на которых расположены дыны, считаются у местного населения сакральным местом, полным загадок и тайн.

Предположительная датировка этого исторического объекта ранний железный век. По мнению, некоторых ученых изначально они имели сакральное, обрядовое назначение. Этот исторический памятник имеет общее название Екидын («Екідін» - два дына) [8], он состоит из двух объектов находящихся на разных холмах, на относительно большом расстоянии друг от друга. Екидын – I расположен на левом берегу реки Кара Тургай. Екидын – II расположен на возвышенном месте и является ориентиром, виден издали [9].

Существуют местные легенды согласно которым, в XVII–XVIII веках в долине между холмами, на которых стоят дыны, произошло кровопролитное сражение. Именно здесь располагались ставки военачальников враждующих родов. Весьма любопытно, что у ученых существует версия, согласно которой эти древние сооружения активно использовались в IX-XI веках и служили они смотровыми вышками для казахских сарбазов.

Вот как описывает дыны известный казахский ученый академик А.Х. Маргулан: «Подлинной жемчужиной природных богатств и памятников истории является древний Екидын. К доисламским временам относятся два древних сооружения сферической формы из дикого камня – дыны, давшие название аулу. Эти, достаточно редко встречающиеся на территории Казахстана сооружения, известные под название «Уйтас» или «дынг», построены в форме древнейшего казахского жилища «шошалы» и, возможно, имели ритуальное значение [10].

Список использованных источников:

1. Дей Д. По следам капитана Николая Рычкова //Наша газета,2015. - 27 августа. - С.14.
2. Колоколова О. Тайна Торгайских геоглифов //Караван,2015. - 9 октября. - С. 22-23.
3. https://qazaqgeography.kz/upload/Rus_QazaqGeography_Turgai.pdf
4. http://ruh.kz/kz/geo/view/turgaiskie_geoglifi
5. Сакральные места и объекты Костанайской области. – Костанай,2018. – 212 с.
6. Кейки (Нурмагамбет) Кокембайулы //Казахстан. Национальная энциклопедия в 5 т. /гл. ред. Р.Н. Нурғалиев. - Алматы,2005. - Т.3. - С.233.
7. http://ruh.kz/ru/geo/view/mavzolei_keikibatira
8. Дюсенов А. Еки-Дын. //Казахская ССР: краткая энцикл.: в 4 т. /гл. ред. Р.Н. Нурғалиев.-Т.4. - Алма-Ата, 1991. - С.224.

9.Еки Дын //Казахстан: нац. энцикл.: в 5 т. /гл. ред. Р.Н. Нурғалиев. - Алматы, 2005. - Т.2 (Г-Й). - С.233.

10.Марғулан А.Х. Дынг 1, Дынг 2. Сочинения /А.Х. Марғулан. – Алматы,2011. – Т.8. – С.291-292.

АЛТЫН ОРДА МЕМЛЕКЕТІ: ЖАҢА ТАРИХИ КӨЗҚАРАСТАР МЕН ҒЫЛЫМИ ТҰЖЫРЫМДАР

Утеулиев Ж.Т. - №13Д.Байбосынов атындағы мектеп-гимназия «шебер педагог» санатты тарих және құқық пәні мұғалімі, «Өрлеу» БАҰО АҚФ Атырау облысы бойынша ПҚ БАИ тренері

Кеңес тарихнамасында әкімшіл-әміршіл жүйе ықпалымен жазылған еңбектерді қарастыра отырып, олар ұзақ уақыт бойы ғылыми сынға емес, керісінше идеологиялық ықпал астында болғаны жайлы ой қалыптасады. Осыған орай, Қазақстан тарихындағы орта ғасыр кезеңін зерттеуге қатысты тұжырымдардың өзгергенін білеміз. Коммунистік партия өкіметі билігі кезінде Жошы Ұлысы тақырыбы зерттеліп келгенімен, теріс баға беретін пікірлер көбейді. Себебі, кеңестік саясатты жүзеге асыру барысында халық санасына әсер етуге тырысты. Алтын Орда тарихын зерттеу КСРО кезеңінде қатаң бақылауда болғанына қарамастан кеңестік, шетелдік зерттеушілер үшін қызық тақырыптардың бірі болды. Алғашқы уақыттары Алтын Орда мемлекетінің Киев Русіне әсері, әлеуметтік-экономикалық, мәдени тұстары кеңестік зерттеушілердің назарына ілікті. Сол себепті, Алтын Орда тарихын баяндауда зерттеушілердің тараптарынан түрлі көзқарастар барына көз жеткізе аламыз. Кеңестік, шетелдік ғалымдардың еңбектерін қарастыру арқылы Жошы ұлысы тарихына қатысты мәліметтерге талдау жасап, өткен ғасырдан дұрыс тарихи тәжірибе алуға мүмкіндік туады. Кеңестік кезеңде жазылған еңбектер маркстік-лениндік тұрғыдан қарастырылып, орталық биліктің ұстанымына бағынды [1].

Осы орайда, кеңестік және шетелдік ғалымдардың еңбектерін талдау өзекті мәселе болып табылады.

«Еуразияның ұлы даласында орнаған арғы дәуірдегі сақ, ғұн, үйсін мемлекеттерінің бергі замандағы Ұлы Түрік қағандығы, Дешті Қыпшық пен Алтын Орда мемлекеттерінің заңды мұрагері» деп баса айтуы – тарихшыларға жаңа бағытта зерттеу жүргізуге жол салды [2].

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры», «Мәдени мұра бағдарламасы және «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақалаларының өзектілігі өз маңызын жойған жоқ. Онда кез келген халық, оның ұрпағы өзінің тарихын, адамзат дамуына қосқан үлесі туралы білуі тиіс деп көрсетілген. Осы міндеттерді жүзеге асыру ең бірінше тарихшы ғалымдардың құзырында [3].

2019 жылдың 24 тамызында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Ұлытау халықаралық деңгейдегі этнографиялық туризмнің орталығына айналуы

тиіс., қазақ халқы, ұлы тарихи тұлғалардың ізбасар ұрпағы екенімізді ешқашан ұмытпауымыз қажет», - деп Алтын Орда 750 жылдық мерейтойын атап өтуді, сонымен қатар оның негізін қалаған Жошы ханның есімін ұлықтау туралы бастама жасады (Тоқаев 2019:1). Осындай игі бастамадан кейін өңірлерде жиындар, дөңгелек үстелдер өткізіліп, бұрындары көп қозғала бермейтін Алтын Орда, Шыңғыс ханның тұңғышы Жошы және оның құрған алып империясы туралы тың пікірлер талқыға түсіп жатыр. Жошы ұлысы – дүниенің төрт бұрышына билігін жүргізген Шыңғыс ханның өз иелігіндегі жерлерін төрт бөліп бергенде Жошының үлесіне тиген аса үлкен аумақ. Кейін бұл аумақтың Ресейдің еуропалық өңірі, Балтық теңізінің шығысындағы өлкелер, Польша, Мажарстан, Балтық елдері, Солтүстік Кавказ, Хорезм және Дешті Қыпшақ даласы енген. Қыпшақ даласында құрылған Жошы ұлысы кейіннен Алтын Ордаға айналды. Орыс кінәздіктері, Ноғай ордасы, Көшпелі Өзбек мемлекеті, Моғолстан секілді елдер осы Алтын Ордадан бөлініп шыққаны белгілі

Жошы Ұлысы (Алтын Орда) шамамен 200-250 жылдай уақыт өмір сүріп, оның құрамына енген халықтардың әлеуметтік – экономикалық мәдени институтына әсерін тигізгені сөзсіз. Алайда, ортағасырлық мемлекет тарихына объективті бағаның әлсіз болғанын кеңес тарихнамасының мұрасы дәлелдейді. Сондай-ақ кеңестік дәуірде Алтын Орда тарихына қатысты тарихнамалық дәстүрдің біркелкі болмағаны белгілі. Тарихына белгілі ресми мәліметтерден бөлек, саяси ықпал әсерінен арнаулы түрде жасырынды, бұрмаланған тұстары жеткілікті. Осылайша, кеңестік дәуірдің еңбектері қатаң «партиялық-идеологиялық» сынға түсіп, белсенді түрде ғылыми айналымдардан бірден алынып, кеңестік саясатына сай еңбектер көп мөлшерде баспаға жарияланып отырды.

Шығыстанушы Френнің пікірінше: «Алтын Орда деген атпен белгілі Жошы Ұлысы тарихын жазу, сыни тұрғыдан өңделген шығыс дереккөздерін, әсіресе, хан әулетінен теңгелі ескерткіштерді сақтаған мұсылман қолжазбаларын, ежелгі славян, поляк, венгер халықтарының қолжазбалары үзінділерін келтірген еңбектерді пайдалану қажет». Френнің ұсынған жұмысында Алтын Орда тарихына қатысты жаңа мәліметтер кездеседі, алайда Жошы Ұлысындағы әлеуметтік – экономикалық тақырып мәселесі қарастырылмады. Ғалымның тұжырымдамасына сәйкес, «Бізге моңғол үстемдігі жылдары Алтын Орда деген атпен белгілі болған ортағасырлық мемлекет, сондай-ақ мұсылмандар үшін Жошы Ұлысы деген атпен белгілі..., екі жарым ғасырға жуық уақыт бойы Ресейдің қасіретіне айналып, оны сөзсіз құлдықта ұстап, отанымыздаң тағдырына, құрылымына, құрылу тарихы мен тіліне әсерін тигізді» [4].

Шыңғыс ханының үлкен ұлы Жошы Ұрпақтары негізін салған Алтын Орданың тікелей мұрагері – қазақ деген пікірді растайтын деректер аз емес. Солардың ең бастыларының бірі Жошы мазарынан ұлысқа қарасты 26 тайпаның таңбалары табылған. Ғалымдар 1/осы 26 таңбаның түгелі бүгінгі қазақ руларына тиесілі белгілер екенін айтады. Олардың ішінде қазіргі моңғол ұлтына жататын рулардың бірде-біреуінің белгісі кездеспеген. Кезінде ресейлік антрополог Л.Т.Яблонский Алтын Орданың көшпенділердің бас сүйегін, қаңқасын зерттей келе, орта ғасырларда өмір сүрген Алтынордалықтардың бет-пішініне, қазіргі халықтардың ішіндегі тек қазақтар қатты ұқсайды деген пікірі тарихтан белгілі.

Кейін қазақтан шыққан тұңғыш антрополог ғалым Оразақ Самғұлов бастаған генетик ғалымдар қазақтарда бар антропологиялық типтің XIII ғ. қалыптасқанын дәлелдеп келеді (Тоқтабай. 2020; 6-7) [5].

Көп жылдар бойы Юань империясы, Иран, Еуропа елдерімен тең дәрежеде қарым қатынас орнатып, сауда жолын қалыптастыра білген Алтын Орда мемлекеті туралы ашық айтылмады. Қазақстан ресми тарихында Алтын Орда «қазақтардың ата-бабаларының жерлерін жаулап алған» бөтен шетелдік ретінде қарастырылады. Орта ғасырлық Қазақстан тарихында алғашқы кеңестік осы бұрмаланған көзқарасының орнығуына Б. Греков пен А. Якубовскийдің 1937т жылы жарық көрген ғылыми монографиясы негіз болады.

Сарайшық, Кіші Сарай – орта ғасырларда Алтын Орданың ірі сауда және экономикалық орталығы. Бұл қала Жайық өзенінің қазіргі Атырау қаласынан 50 км жоғары орналасқан. Қала кезінде күллі Еуразияның тағдырын шешкен шаһар болған. Орыс княздары қаласын билеуге ұлықсатты осы Алтын Орданың астанасына келіп алатын болған. Бұл қалада Алтын Орданың ұлы, атақты хандары жерленген. Қасым ханның тұсында Сарайшық қазақтың астанасын айналды[6].

2000 жылдың аяғынан бері ғалымдар Алтын Орда Еуразияны мекендеген көптеген түркі тайпаларының, соның ішінде қазақтардың да ортақ ата-бабасы ретінде көрсетті. Сонымен қатар «қазақтар – Ақ Орданың мұрагері» деген тезис әлі күнге дейін өмір сүруін тоқтатқан емес. Елбасы өзінің Ұлытауда берген сұхбатында: «Біздің еліміз, қазақ жұртының арғы түбі ғұндардан басталады. Ғұндардан кейін көк түріктерге жалғасады. Одан кейін алтын Орда орнығады. Сөйтіп хандық дәуірге ұласып, кейін біртіндеп Тәуелсіздікке келіп тіреледі. Бұл - ... ғұндардың да, көк түріктердің де, Алтын Орданың да орталығы болған жер» десе, 2014 жылдың желтоқсанында Н.Ә.Назарбаев Алтын Орданы Қазақ хандығының негізін қалаушы деп тағы да жариялады. Осының нәтижесінде моңғол империясы ыдырағаннан кейін де, жеке дара империяға айналған ұлыстарда (Жошы ұлысы, Төле ұлысы, шағатай ұлысы, Үгедей ұлысы) бұл ұлыстар ыдырап, құрылған хандықтарды да Шыңғыс хан ұрпақтарының билігі заңды деп, таққа тек Шыңғыс хан ұрпақтары отырды. Қазақ хандығында да осы дәстүр сақталды .

Көптеген қазақ зиялылары қазақтардың Алтын Ордадан шыққанын біліп келді. Шоқан Уалиханов қазақтарды Алтын Орданың ұрпағы деп ашық жазды. Ал қазақ әдебиетінің классигі І.Есенберлин қазақтың шығу тегі туралы баяндайтын «Алты басты айдаһар», «Айдаһардың алты басы» және «айдаһардың өлімі» атты романдардан тұратын «Алтын Орда» трилогиясын жазды[7].

Моңғолдардың сұрапыл жорықтарының нәтижесінде Еуразияның саяси картасы өзгеріп, ғасырлар бойы осы аумақты мекен еткен халықтардың тарихи даму процесін белгілі бір уақытқа дейін тежеген сол кезеңнің тарихи деректерінде сипатталғандай, үлкен апаттарды алып келгені мәлім. Алайда, әскери жорықтардың нәтижесінде Еуразия даласында Алтын Орда мемлекеті құрылғаннан кейін, оның жүргізген саясатының нәтижесінде ортағасырлық феодалдық қоғамның әр түрлі тайпалары мен халықтары арасындағы күрес бірсыпыра тоқтатылып, олардың кейін мемлекет ретінде одан әрі қалыптасуына оң әсерін тигізді. Осы тұрғыдан алғанда, мәселенің ара салмағын салыстырмалы қарастыру арқылы ғана объективтілікке қол жеткізуге болады. Алтын Орда күш-қайраты мол кезеңінде өз геосаяси

мүмкіндіктеріне сүйене отырып, Шығыс пен Орта Азия мен Сібір, Таяу, Орта Шығыс елдеріне байланысты саясатын жүргізген шын мәнісінде қуатты державалық мемлекет болды. Осыған байланысты Алтын Орда мемлекеті өзінің сыртқы саясатын әлемдік саясат аясында батыс, шығыс және оңтүстік бағыттарында (векторлар) жүргізгені анық көрінеді. Бату мен Берке хандар тұсында Алтын Орданың нақты тәуелсіздігі белгіленген болатын. Бұл хандардың пәрменді билігінің арқасында орныққан Алтын Орданың Еуразиядағы ең қуатты мемлекетке айналғандығының сипаттамасын беру тақырыптың өзектілігін айқындай түсетіні сөзсіз.

Алтын Орда мемлекеті тарихтың мәселелері бойынша жүргізілген зерттеулерді екі топқа – шетелдік, отандық деп топтастырып қарастыруға болады. Шетелдік зерттеушілердің қатарына И.Хаммер-Пургшталь, Г.Ховарс, Б.Шпулер т.б жатқызуға болады. Олар алғашқыларының бірі Алтын Орда мемлекеті тарихының мәселелеріне қатысты көптеген ортағасырлық қолжазбалық деректерді кеңінен қолдана отырып, ғылыми айналымға енгізді .

Қорытынды. Қазақ жері түгелдей Жошы ұлысының құрамына кіріп, Алтын Орданың хандарына сүйеу болған негізгі күш қазіргі қазақты құрап отырған тайпалар болғанына тарих куә. XIII ғасырдың 40 жылдары Үгедей хан тұсында «Моңғолдың құпия шежіресі» атты еңбектің жазылуының бір мақсаты Шыңғыс хан және оның ұрпақтарының жаулап алған аймақтардағы билігін идеологиялық тұрғыдан негіздеу болды. Ал одан кейінгі ғасырларды бұл идеология ислам дінімен біте қайнасып, шыңғыстық идеологияға алып келеді. Қазақ хандығы дәуірінде бұл идеология жергілікті этностың санасына сіңдірілді. Жалпы қорыта айтқанда Алтын орда мен Қазақ хандығы арасындағы тарихи сабақтастық мәселесі жан-жақты және ғылыми тұрғыда терең талдауды, болашақта күрделі зерттеуді қажет етеді.

Әдебиеттер:

1.Жошы ұлысы тарихы:Кеңес тарихнамасында зерттелуі. /Құр. А.Сақтаған/Ғыл.ред. Ә.Ж.Салықбай.-Алматы:Қазақ тарихы журналы ғыл.-әдіс.журналы, 2021.-40б.

2.Алтын Орда-қазақ мемлекетінің бастауында. /Құр. Е.Т.Берлібаев, Г.Б.Қозғамбаева/Ғыл.ред. Ә.Ж.Салықбай.-Алматы:Қазақ тарихы журналы ғыл.-әдіс.журналы, 2020. -№12 -11б.

3. Алтын Орда-қазақ мемлекетінің бастауында. /Құр. Е.Т.Берлібаев, Г.Б.Қозғамбаева/Ғыл.ред. Ә.Ж.Салықбай.-Алматы:Қазақ тарихы журналы ғыл.-әдіс.журналы, 2020. -№12 -12б.

4.Жошы ұлысы тарихы:Кеңес тарихнамасында зерттелуі. /Құр. А.Сақтаған/Ғыл.ред. Ә.Ж.Салықбай.-Алматы:Қазақ тарихы журналы ғыл.-әдіс.журналы, 2021.-41б.

5.Алтын Орда-қазақ мемлекетінің бастауында. /Құр. Е.Т.Берлібаев, Г.Б.Қозғамбаева/Ғыл.ред. Ә.Ж.Салықбай.-Алматы:Қазақ тарихы журналы ғыл.-әдіс.журналы, 2020. -№12 -12б.

6. Алтын Орда-қазақ мемлекетінің бастауында. /Құр. Е.Т.Берлібаев, Г.Б.Қозғамбаева/Ғыл.ред. Ә.Ж.Салықбай.-Алматы:Қазақ тарихы журналы ғыл.-әдіс.журналы, 2020. -№12 -12б.

7. Алтын Орда-қазақ мемлекетінің бастауында. /Құр. Е.Т.Берлібаев, Г.Б.Қозғамбаева/Ғыл.ред. Ә.Ж.Салықбай.-Алматы:Қазақ тарихы журналы ғыл.-әдіс.журналы, 2020. -№12 -13б.

8. Алтын Орда-еуразиядағы ең қуатты мемлекет:Бату мен Берке хандар тұсы. /Құр. З.Токбергенова/Ғыл.ред. Ә.Ж.Салықбай.-Алматы:Қазақ тарихы журналы ғыл.-әдіс.журналы, 2021.-11-12б.

9. Ұлы дала мемлекеттері /Құр. Е.Жайнақова/БасРед. Қ.Байғабылва.-Алматы: «Аруна» баспасы, 2010, 112б.

Отчёт экскурсий в «Историко-культурный, архетиктурно – этнографический музей – заповедник Хан ордасы, Бокейординского района, Западно-Казахстанской области»

Исалиев А.Б. - педагог-организатор
ГККП Центр детско-юношеского туризма
и экологий «Атамекен»
г.Уральск

Аннотация:

Автор Бөкей Орда ауданы, Хан Ордасы ауылына экскурсияны ұйымдастыру мен өткізу жөнінде айтады.

Автор доклада рассказывает об организации и проведении экскурсии в село Хан Ордасы Бокейординского района.

The author of the report talks about organizing and conducting excursions to the village of Khan Orda in the Bokey Orda region.

Ключевые слова:

Хан Ордасы, туризм, экскурсия.

Хан Ордасы, туризм, экскурсия.

Khan Ordasi, tourism. excursion.

Музей истории Бокеевской орды открыт 15 декабря 1962 года на основе 55 экспонатов. Его организатор – Заслуженный учитель Казахстана, ветеран Гражданской войны, местный краевед Ахметфаиз Тажетдинов. В 1967 году музей обрел статус государственного, в 1969 году переведен в здание казначейства – архитектурный памятник XIX века. В 1997 году Урдинский историко-революционный музей переименован в Музей истории Бокеевской орды. При нем был открыт новый отдел – «Народное образование в Бокеевской орде». В 2002 году на основе Музея истории Бокеевской орды и отреставрированных, бывших на его балансе, нескольких зданий был организован Бокейординский историко-музейный комплекс.[1]

1. Для полного введение в процесс экскурсий, доклад был написан в виде распорядка дня. Из-за проливных дождей во время этого похода путь выдался дольше чем ожидалось.

Дорога до села Хан орда из г.Уральск заняла у нас 10 часов 50 минут.

06:00 Сбор участников экскурсий в г.Уральск в ЦДЮТиЭ «Атамекен».

В составе были: Директор ЦДЮТиЭ «Атамекен» Курумбаев Айбулат Шамуратович, педагоги дополнительного образование Анатолий Райымбек, Исалиев Азамат, Казымов Шернияз, Батырханов Ахмедияр

Первого апреля в 07:00 Выехали из г.Уральска,

8:26 Доехали до села Чапаев, Акжайыкского района. Остановились на заправке.

10:34 В Жангалинском районе, около поселка Петимар (Бес оба) остановились в мавзолее Туякберди и Мамена. Туякберди Кажигерейулы Шамелов Родился 6 сентября 1951 года в Жангалинском районе Западно-Казахстанской области. В 1978 году окончил Алма-Атинское музыкальное училище, в 1983 году Алма-Атинскую государственную консерваторию (класс народного артиста Казахской ССР Кали Жантлеуова). С 1970 года работал кюйши-домбристом в составе Казахского академического оркестра народных инструментов. Исполнял произведения выдающихся музыкантов казахской степи Абыла, Даулеткеря, Дины, Курмангазы, Сейтека, Таттимбета. Автор нескольких кюев и песен. С 1980 года — солист, главный концертмейстер, художественный руководитель Казахского государственного академического оркестра народных инструментов имени Курмангазы. Был на гастролях за рубежом (в Афганистане, Италии, Коре, Китае, Португалии и т. д.) Заслуженный артист Казахской ССР; Народный артист Казахстана (1998); Орден «Курмет» (2006); Благодарственное письмо Первого Президента Республики Казахстан; Награждён юбилейными и правительственными медалями Республики Казахстан; Звания «Почётный гражданин Жангалинского района Западно-Казахстанской области» [2];



рис.4 Мавзолей Мамена и Туякберди

12:40 село Жанакала, Жанкалинского района.

Посетили памятник «сражению Тастобе». После памятник «Бөкей көші»



рис. 2 Памятник «Бөкей көші»

17:50 доехали до села Хан орда.

Остановились в гостевом доме.

2.09:00 Выехали в ГП Урдинский лесхоз села Хан орда. Первые деревья тут были посажены в 1845 г.

11:00 Мы посетили Ханский лес. Каждый год тут высаживают новые деревья. Удивительное место, где посреди песка растет целый лес.



рис. 3 Ханский лес

12:00 Мы приехали в «Историко-культурный, архитектурно – этнографический музей – заповедник Хан ордасы»

В 2002 году образован «Бокейординский историко-музейный комплекс» в составе следующих музеев:

- Урдинский историко-революционный музей. Был открыт в 1962 году в честь 45-летия советской власти. В 1997-м его переименовали в Урдинский исторический музей, с 2002 года - музей истории Бокеевской орды,

- музей Независимости,
- оружейная палата ханского дворца
- музей народного образования в Бокеевской орде,
- дом А. Сергачева,
- музей истории первой школы Казахстана,
- здание педагогического техникума, построенное в 1868 году,[3]

Комплекс интересен тем, что это первый населенный пункт в Западном Казахстане городского типа – Ханская ставка, Хан-кала, Жангир-кала, возведенный в красивейшем урочище с поэтичным названием Жас-Кус. Построен он был в 1801 году по инициативе хана Младшего жуза Жангира Букеева (1804 – 1845 г.г.). За короткий срок Хан-кала стала административным центром образованного султаном Бокеем нового ханства, по географическому положению – внутри границ Российской империи – как Внутренняя орда. 20 лет назад Музей-заповедник Хан ордасы стал членом Международного совета музеев (ИСОМ) и зарегистрирован в Париже.[4]



рис. 4 Ставка хана Жангира

17:00 Наша экскурсия продолжилась в пантеоне памяти состоящий из трех мавзолеев Жангир - хана, Даулеткерей (двоюродного брата хана) и Мухамедсалыка Бабаджанова. Казахский общественный деятель, просветитель, этнограф. Все три мавзолея построены в разных архитектурных стилях.[5]

Надгробие ханшы Фатимы (жена Жангир хана).[6]

В том же мавзолее лежит Фатима ханша. Выдающейся женщиной своего времени была ханша Фатима, жена хана Жангира. Она прославилась своей красотой не только в казахской степи, но и в Российской империи. Когда Жангир-хан с женой проводили время на балу в Кремле, молодую девушку заметил император Николай I. Он попросил ее о танце, и был приятно удивлен образованностью и острым умом Фатимы.[7]

Около пантеона стоят около пяти ста каменных стел. Каменные стелы характерные VI-IX вв., С проникновением ислама в нашу территорию запрещавший изобразительное искусства, в место них начали ставить удлиненные каменные-стелы. [8,с.12]



рис. 5 Пантеон

18:00 выехали обратно в г. Уральск

00:23 доехали в поселок Казталовка, район Казталовка. Из-за сложностей в дороге под дождем путь был на полтора часа удлиннен. Заехали на заправку.

04:00 Доехали до Чапаева.

06:00 Доехали до г. Уральск.

Поселок Хан Ордасы перспективное туристическое место, с богатой историей, аурой витающий в ставке Хана. Сложность и дальность дороги не мешает этому месту быть популярной в Казахстане и даже в странах СНГ. Но постройка дороги по этому маршруту дала бы этому месту второе дыхание. «Западно – Казахстанской областной историко- культурный, архитектурно – этнографический музей – заповедник Хан Ордасы» является для казахского народа одним из важнейших мест в изучениях историй. Развитие в этом месте внутреннего туризма поднимет наши духовные ценности.

Список использованных источников

1. Динара Ермек Музей Хан Ордасы: от истории до современности <https://nadezhda.kz/2023/03/society/istorija-i-sovremennost-muzeja-han-ordasy/>

2. Шамелов, Туякберди Кажигерейулы [https:// ru. wikipedia. org/ wiki/ Шамелов,_Туякберди_Кажигерейулы](https://ru.wikipedia.org/wiki/Шамелов,_Туякберди_Кажигерейулы).

3. Ханская ставка Букеевской орды [https:// qazaqstan3d.kz /ru/place/view? id=128](https://qazaqstan3d.kz/ru/place/view?id=128)

4. Википедия Хан Ордасы https://ru.wikipedia.org/wiki/Хан_Ордасы

5. Википедия Жангир хан [https://ru.wikipedia.org/ wiki/ Жангир-хан_\(Казахское_ханство\)](https://ru.wikipedia.org/wiki/Жангир-хан_(Казахское_ханство))

6. Арал Сатыбалдин Фатима или красавица в красном камзоле <https://aktobetimes.kz/novosti/766-fatima-ili-krasavica-v-krasnom-kamzole.html>

7. Алтынзер Даулетбаева Ханша Фатима <https://e-history.kz /ru/ news/ show/ 4038>

8. Айбулат Курумбаев. Газета «Приуралье» «Хан – зираты» - комплекс эпиграфических памятников Стр.12

ҚАЗАҚ МҰНАЙ ӨНДІРІСІ ЖӘНЕ МҰНАЙШЫЛАР

У.Т. Ахметова - т.ғ.д., Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының профессоры

И. Айса - Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 1 курс магистранты

E-mail: ulzhan.a67@mail.ru, aisainabat2001@mail.ru

Қазақ мұнай өндірісі және мұнайшылар

Аңдатпа. Табиғи байлықтардың ішінде мұнай және газдың экономикалық та, саяси да орны өзгеше әрі ерекше. Қазіргі әлемде өндірілген мұнайдың 16 пайызы энергетика бермейтін салаларда қолданылып, түрлі өнімдер беруде. Қазіргі таңда қара алтыннан 200- дей сорты болса, олардан 6 мыңға жуық өнімдер алады. Бұл дегеніңіз күнделікті тұтынатын тауарлардың басым бөлігі мұнайды өңдеу кезінде шығатын өнімдермен тығыз байланысты деген сөз. Мұнай өндірісі сонау ерте дәуірде бастау алып, қазіргі таңда жаңа инновациялық технологиялар негізінде өндіріліп, ел игілігіне қолданылуда. Қазіргі таңда еліміз дәлелденген мұнай қоры көрсеткіштері бойынша алғашқы ондыққа кіреді.

Мақалада Қазақстанның ХХ ғасырдағы мұнай өндірісінің және маман кадрлар даярлау ісінің зерттелу тарихы кәсіби тарихшылар және өлкетанушылар еңбектері арқылы сараланды.

Тірек сөздер: Қазақстан тарихы, қазақ ғылымы, мұнай, мұнай тарихы, өндіріс, зерттеулер, кен орындары, естеліктер

Аннотация. Казахстан занимает одно из ведущих мест в мире по запасам нефти. В современном мире 16 процентов добытой нефти используется в отраслях энергетики и поставляет различные продукты. В настоящее время в черном золоте насчитывается около 200 сортов, из них около 6 тысяч. Это означает, что большая часть товаров повседневного потребления тесно связана с продуктами, выходящими при переработке нефти. Нефтедобыча началась еще в далекую эпоху и в настоящее время добывается на основе новых инновационных технологий и применяется на благо страны. В настоящее время страна входит в первую десятку по показателям нефти.

В статье рассказывается история развития нефтедобычи Казахстана в XX веке

Ключевые слова: История Казахстана, казахская наука, нефть, история нефти, производство, исследования, месторождения, воспоминания

Annotation. *Kazakhstan occupies one of the leading places in the world in terms of oil reserves. In the modern world, 16 percent of the extracted oil is used in the energy industries and supplies various products. Currently, there are about 200 varieties in black gold, of which about 6 thousand. This means that most of the goods of everyday consumption are closely related to the products that come out during oil refining. Oil production began in a distant era and is currently being produced on the basis of new innovative technologies and is used for the benefit of the country.*

Keywords: *History of Kazakhstan, Kazakh science, oil, history of oil, production, research, deposits, memories*

Кіріспе. КСРО кезінде Қазақстанның өнеркәсібі жалпы одақтық маңызы бар көп салалы ірі өнеркәсіп кешендерінің бірі ретінде қалыптасты. Қазақстанның ұлттық өнеркәсібінің пайда болуы мен дамуы, кен орындарын жаңа технологиямен жабдықтау мәселелеріне одақ басшылығы көңіл бөлмеді. 1970 жылдары Маңғыстау аймағында ірі жаңа мұнай-газ кен орындарының ашылуы кешенді өнеркәсіптен мұнай-газ өндірісінің бөлініп, өз алдына бөлек қалыптасуына әкелді. Қазақстанның мұнай-газ өндірісі өз бастауын 1899 жылғы Қарашұңғыл мұнай бұрқағынан басталғаны тарихтан белгілі.

Ембі мұнайының табылуы және игерілуі майталман мұнайшылар, шетел, оның ішінде әсіресе Ресейдің зерттеушілері мен ғалымдардың қажырлы еңбектерінің нәтижесінде елеулі табыстарға қол жеткізді.

Көмірсутегі өнімдерін іздестіру, өндіру 1890-1920 жылдары Жайық-Жем ауданында ғана жүргізілсе, 1930 жылдары Ақтөбе облысы, 1960 жылдары Маңғыстау мұнайы, 1980 жылдары Қызылордадағы Құмкөл кеніші, Батыс Қазақстанның Қарашығанақ кеніші ашылып мұнай-газ кешенінің алып кен орындары қалыптастып, ұлттық экономикамызды қайта құруға мүмкіндік берді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев мұнай-газ химия саласының дамуы экономиканы жаңғыртудың маңызды бағыты екенін атап, экономиканың басқа салаларына мультипликативті ықпал етеді, деп атап көрсеткен [1]. Сондықтан да еліміз үшін дүниежүзілік озық тәжірибеге негізделген индустриалды-инновациялық стратегияны қалыптастырудың маңыздылығын ескере отырып, заманауи технологияға негізделген дүниежүзілік стандартқа сай сапалы өнім өндіретін өнеркәсіп орындарын дамыту керек. Оның өзі озық тәжірибелі, заманауи мамандарға тікелей байланысты екендігі сөзсіз. Кеңес үкіметінің әлеуметтік саясатына байланысты орын алған кемшіліктерге, ұлттың саясатындағы келеңсіз жағдайларға, материалдық өндіріске басты бағыт беруіне қарамастан, мұнай-

газ саласындағы мамандар бай тәжірибе жинақтағанын көрсетеді. Оны ыждағатты түрде зерттеп, пайымдаудың озық жақтарын бүгінгі күннің қажетіне орай пайдаланудың практикалық маңызы ерекше. Ұрпақтар сабақтастығын, өндірістік дәстүрлер жалғастығын қамтамасыз ету тұрғысынан да зерттеу тақырыбы өзекті, ол мұнайшылардың жаңа буынын қалыптастыруға, оларға ұлтжандылық тәрбие беруге көмектеседі.

Тақырыптың зерттелу нәтижелері. Мұнай өндірісінің аймақтық саласына қатысты алғашқы кешенді еңбектің бірі Ә. Мұқтардың «Қазақ мұнайы тарихында» атты еңбегінде мұнай өндірісінің тарихы ғылыми зерттелген [2].

Қ.Қаллыоразұлының еңбегі Батыс Қазақстанның, соның ішінде Ембіде өлшеусіз еңбек етіп кен орындарын ашқан әмбебеп мамандар, Социалистік Еңбек Ерлері Әбдірахман Ұлықпан, Балгенжиев Зинел, Махудов Әбілғазы, Мақамбаев Ақаштың өмір жолдары, Қазақстан мұнай өнеркәсібін дамытуға қосқан үлестері баяндалады [3].

Қазақстанның мұнай-газ өндірісі маман кадрларының қалыптасу және өсу жолдары, алғашқы ұлттық жұмысшы, инженер техникалық кадрларды дайындау жолдары және олардың сандық және сапалық көрсеткіштері, жас және жыныс ерекшелігі мәселелері Л.Б. Бердіғожиннің монографиясында жан-жақты зерделенген [4].

Өлкетанушы Құлиев Ж. [5], Әміржанұлы А. [6], Казиев Ә. [7], Смадиярованың А. [8] еңбектерінде мұнайшылардың әңгіме-очерктері жан-жақты сараланып, құнды мәліметтер келтіреді.

Зерттеу әдісі. Зерттеуде логикалық, тарихи-салыстырмалық, жинақтау, қорыту, жүйелеу, әдістері қолданылды. Зерттеу барысында жаңа бағыттағы ғылыми ой-пікірлер мен тұжырымдар, жаңа тарихи көзқарас тұрғысынан жазылған зерттеулер басшылыққа алынды. Сондай-ақ, белгілі бір тарихи оқиғаларды немесе саяси ахуалдарды баяндауда ғылыми зерттеу материалдарын, биографиялық естеліктер мен баспасөз материалдарын салыстыра талдау әдісі кеңінен қолданылды.

Негізгі бөлім. Мұнайлы өлке атанған өлкеміздің тарихы өте ертеден басталады. Көптеген ғалымдарымыздың тұжырымы бойынша, қазақ халқы мұнайдың бар екенін өте ерте замандардан білген. Мұны түрлі жерлердің аттары: Майқұдық, Жақсымай, Мұнайлы деген сөздер дәлелдейді. Халықтың айтуы бойынша Мәтен деген молда XVIII ғасырда өзіне келген науқас адамдарды мұнаймен емдеп, емге қолданған. Оның үстіне, көптеген көшпелілер жер бетіне шығып жатқан мұнайды шырақ жағу үшін май орнына пайдаланған.

Жер бетіне шығып жатқан мұнай туралы әдебиетте алғашқы мәліметті 1840 ж. «Кен журналында» Ковалевский жазып шығарды. Мұнан кейін 1857 жылы Н.Северцев Ембі ауданын зерттеп, Мұнайлы мен Қарашүңгілде мұнайдың жер бетіне шығып жатқандығын жол үстінде байқағандығын алғаш рет жазды. 1857 жылы «Кен журналында» инженер М. Новаковскийдің очеркі басылып шықты. Мұнда Орал облысының геологиялық құрылысы және минерал байлықтары туралы қысқаша

мәліметтер болды, сонымен қатар Мұнайлы, Мәтенқожа, Ескене, Қарашүңгіл және басқа жерлерде де мұнай бар екендігі айтылды [6,145 б.]. 1860 орыс геологы Н. Северцев «Горный» журналына мақала жазып, Доссордың маңында мұнай көргенін айтқан. «Бұл жердің мұнайы су бетіне қалқып шығып жатады екен», - деп жазған. Жалпы сол кездегі орыс ғалымдарының көбінің еңбектерінде Доссор, Қарашүңгіл, Мақат, Ескене алаңдарында мұнайдың табиғи жолмен сыртқа шығып, жайылып жатқаны туралы айтылған [5, 22 б.].

Алматының «Исламнұр» баспасынан жарық көрген «Атамұнай» атты жинақта Гурьев өлкесіне қызығушылық таныту Ресей патшалығында І Петрдің тұсынан басталғаны айтылады. Хиуаға 1714-1717 жылдары жорық жасаған орыс патшасының экспедициясымен А.Бекович-Черкасский деген ғалым алдымен топографиялық картасын жасаған екен. Ол Каспий бойын, соның ішінде Атырау өлкесін қағазға түсіреді. Ал 1768-1774 жылдары Ресейдің Ғылым Академиясы М.Ломоносовтың басшылығымен И.Лепехин, С.Гмелин, И.Фальк, И.Георги және т.б. бір топ ғалымдарды Гурьев өлкесін зерттеуге аттанған. Олар зерттеу барысында Жем мен Жайық бойынан жерге шығып жатқан мұнайды көргенін алғаш жазғандар. Ол кездегі ғалымдардың негізгі мақсаты темір, көмір, алтын, күміс және т.б. кен орындарын табу болған. Ал мұнайды олар жол- жөнекей, жердің үстіне шығып жатқанын атап өткен.

Қазақ даласын көп зерттеген орыстың тарихшысы, этнограф ғалым А.Левшин «Описание киргиз казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей» деген 1832 жылы Санкт-Петербург қаласында шыққан кітабында қазақтардың Сағыз өзенінің бастауында жер бетіне шығып жатқан мұнай сілемдерін түрлі қажеттіліктеріне пайдаланып жүргенін жазады.

1892 жылы Ембі мұнайлы ауданын зерттеу үшін «Рязань-Орал» темір жол салу компаниясы және Геологиялық комитет Жайық бойына және Үстіртке жаңа сол салатын орын трассаны зерттеу үшін экспедиция жіберді. геолог С.Никитиннің бастаған арнаулы экспедиция мүшелері тұңғыш рет қолмен бұрғы салу арқылы мұнай қорын барлау жұмыстарын жүргізді. Олар тереңдігі 6-9 метрден аспайтын ұңғымалардың алтауын Доссорда, біреуін Ескенеде, бесеуін Қарашүңгілде қазды.

1892 жылы Жайық-Жем ауданындағы мұнайды барлау жұмысымен орыс инвесторы Юрий Лебедев бұрғылау жұмыстарын жүргізіп, Дөңгелексор, Ескене, Ащықұдық, Мұнайлы және Қарашүңгілге ұңғымалар салды. Алайда оның қаражаты мұнай барлау ісін ұзақ мезгіл жүргізуге жетпей, барлық меншігін сатуына тура келеді. 26 мың рубльге сатып алған кәсіпкер В.Леман өзінің кәсіпорынын «Леман и К» деп тіркетіп, жеті жыл жұмыс істеді. Қазақ даласында алғашқы мұнай кәсіпорыны болған бұл компания 1898 жылы қолмен 60 ұңғыма қазған. Бір ғана Қарашүңгілде 38-ден 275 метрге дейін баратын 21 ұңғыма қазылған. Соның ішінде 1899 жылы 13-18 қараша аралығында Қарашүңгілде тереңдігі 40 метр, нөмері 7 ұңғымадан алғашқы мұнай бұрқағы атқылады. Тәулігіне 22-25 мың тонна

мұнай атқылаған ұңғымадан 5 мың тонна мұнай алынды. Бұл Қазақстан жеріндегі тұңғыш мұнай бұрқағы еді.

Өлкенің экономикалық және саяси даму тарихында осы тұңғыш мұнай фонтанының маңызы орасан зор болды. Ол Қазақстанда мұнай іздеуге және мұнай өнеркәсібінің онан сайын өркендеуіне себепші болып қана қоймай, бұл аудандағы жергілікті халықтың тұрмысына үлкен өзгеріс алып келді.

1911 ж. 29 сәуірде Досор маңындағы №3 ұңғымадан да қуатты бұрқақ атқылап, 30 сағаттың ішінде 17 мың тонна берді. Оның биіктігі жерден 20-25 метргедейін көтерілді. Мұнайдың сапасы да жоғары, құрамындағы керосин қоспасы 70 пайызға жеткен. Бұл кәсіпкерлерді қатты қызықтырады, өйткені ол кезде мұнайдың ең басты қажетті өнімі керосин болған. Ал іштен жану двигателдері енді ғана жасалып жатқан. Сөйтіп, аса ірі Ембі мұнай кәсіпшілігінің даму, өркендеу тарихы басталды [8, 147 б.].

Мұнайлы өлке дамуында Мақат ауданын барлау, бұрғылау ісімен төрт мұнай қоғамы айналысты. Олар: Жайық-Каспий мұнай қоры 1910 жылдан 649 метрлік бір ұңғы, «Ембі» қоғамы 1913 жылдан бастап 1839,8 метрлік төрт ұңғы, «Ембі-Каспий» қоғамы 1913 ж. 824,3 метрлік екі ұңғы, «Калхида» қоғамы 1913 ж. 750 метрлік бір ұңғыда бұрғылау жұмыстарын жүргізген [3, б. 68]. Ембі мұнайын іздеуге тек ресей капиталистері ғана емес, ағылшын капиталистері де жұмылды. Соның ішінде ағылшын алпауыттары Эдуард Юмь-Шведер мен Отто Лист Жайық-Ембі аудандарына инженерлер мен геологтарды жіберіп, Гурьев уезіндегі Бұлан, Қарамайлы, Қарашағыр, Ембі, Атырау, Кермеқас, Ақбас және Жаршық болыстарындағы кен орындарды зерттеді.

Қазан төңкерісіне дейін бұл өлкелерде жағдай ауыр болды. Ембіде екі промысел – Доссор мен Мақат промыселдері жұмыс жасады, олардың өздері де бұзылып тұрған. Техника жағынан әлсіз болған. Мұнай көбінесе қауғамен алынатын. Мұнайшылар өте қиын жағдайда өмір сүрген. Еңбек өте ауыр болды. Жұмысшыларға арнаулы киімдер берілмегендіктен олар мұнай жауынының астында қап-қара болып, шылқып жүрген. Жұмыстың бәрін қолмен жасалды. Жұмыс күні 10-12 сағатқа дейін созылды, түскі тамаққа бір жарым сағат үзіліс болды. Еңбек қорғау деген мүлде болған жоқ. Жұмысшылардың тамақтары мардымсыз еді. Мұнайшылардың тұрғын үй тұрмыс жағдайы да адам айтқысыз еді. Олар қараңғы тар, аласа, жер кепелерде тұрды. Барактарда (үй) орын тар болған. Әкімшілік белгілеген ішкі тәртіп ережесін сәл ғана бұзғаны үшін жұмысшыларға айып салынды. Көбінесе оның мөлшері жұмысшының екі үш күндік жалақысының мөлшеріне дейін жетті. Олардың алатын болмашы жалақысы ептеп күнелтуіне де жетпейтін. Ішетін тұщы судың жоқтығы жұмысшыларды қатты күйзелтіп жіберді» [9, 3 б.].

Кеңес кезеңінде Ембінің мұнай өнеркәсібі өркендеу жолына түсті. Коммунистік партияның басшылығымен Ембі мұнайшылары мұнай кәсіпшіліктерінің шаруашылықтарын қалпына келтіру ісіне белсене қатысты. Мұнайшылар Ембіден жоғары сапаоы мұнай өндіру, жаңа мұнай кен орындарын барлау, игеру сияқты жұмыстарға белсене араласты. Ембі

Қазақстанның ірі өнеркәсіпті орталықтарының біріне айналды. Қазақстанда мұнай өнеркәсібінің өркендеуі, еліміздің, оның ішінде республикамыздың халық шаруашылығы үшін ерекше маңызды шара болуымен қатар, қазақ халқы үшін орасан зор саяси маңызы бар оқиға болды. Ембі мұнай өндірісі жөнінде Кеңес Одағында үшінші орын алды.

Тарихи деректерде Ембінің өркендеуіне қолдау Халық Комиссарлар Советі құрылды. 1920 жылдары Халық Комиссарлар Советінің ұйымдастыруымен Ембі мұнайын халық шаруашылығына қажетіні ұйымдастыру туралы қаулы, 1921 ж. 5 қаңтарда мұнай кәсіпкерлерді азық түлікпен, транспорт құралдарымен қамтамасыз ету туралы қаулы қабылданды [5, 227 б.].

Бірінші бесжылдықтар тұсында Ембінің алдында колхоздардың механизацияланған шаруашылығын және шығыста өркендеп келе жатқан өнеркәсіпті мұнаймен қамтамасыз ету міндеті қойылды. Сөйтіп, Ембі еліміздің индустриялануын қамтамасыз ететін екпінді құрылыстар қатарына қосылды.

Ембі өндірістері 1920 жылы қалпына келтіріле бастады. Сол жылы Гурьев мұнай комитеті ұйымдастырылды. Мұнай комитетінің басқармасы 1918 жылдан бастап түрлі ұйымдардың қолында кеткен машиналарды, құрал-жабдықтарды, станоктарды тауып, қайтарып ала бастады, мұнан кейін Доссор, Мақат өндірістері мен Ракушин заводтарын қалпына келтіруге кірісті. 1917 жылы Ембі өзінің жұмысын осылай бастады. Өндірістерді қалпына келтіру жұмыстары баяу жүргізілді, техниканы білетін мамандар мен жұмысшылар, қажетті материалдар, құрал-саймандар, әсіресе, жұмысшылар үшін азық-түлік өте жеткіліксіз болды. Тек 1923-1924 жылдары ғана Ембіде жағдай өзгеріп, ескі өндіріс алаңдарын бұрғылау жұмысы жүргізіле бастады.

Осы жылдары Қарашүңгілден тәулігіне 90 мың пұт өнім, Доссордан бір миллион пұт өнім берген. Содан кейін зерттеу жұмыстары күшейтіле бастады. Жем аймағының әр жерінде Қосшағыл, Төлес, Мұнайлы, Қасқыр бұлақ, Қызыл қала, Ақши, Әлібай, Жосалысай, Иманқара, Қойқара, Қарамұрат, Орыс қазған тағы басқа жерлерден мұнай белгілері байқалып, зерттеу жұмыстары қарқынды жүргізілді [6, 98 б.].

Атырау өңіріндегі алғашқы бұрғы түскен кен орындары - Қарашүңгіл, Доссор, Мақатты зерттеу 1925-1928 жылдары Н.Н. Тихонович бастаған геологтар тобы зерттеді. 1929 жылы Петр Яковлевич Авров геологиялық, ал, геолог Н.Н. Михайлов маршруттары гравитациялық түсірулер жүргізді. Дегенмен жан- жақты зерттеу 1932 жылы басталды. Бірақ зерттеу, барлау жұмыстары жол қатынасының қиындығына, құрылыс материалдары мен техникалық құралдардың, адам күшінің жетіспеушілігіне байланысты біразға шейін баяу қарқынды жүрді. Әрбір жаңа электр станциясы, механикалық шеберхана, мұнай сақтайтын резервуарлар паркі, мұнай, су айдайтын құбырлар, тұрғын үйлер, мектеп, аурухана, балалар бақшалары, тағы басқа да құрылыстар салу қыруар күшті талап етті. Осы мәселелерді шешіп, мұнай өнімін арттыруға толық жағдай туғызу үшін «Эмбанефть» трестің

басшылары Москвадағы ауыр өнеркәсіп Халық Комиссариатына барды, Ембінің жағдайын баяндап, жаңа кәсіпшіліктерді игеруге, бұрғылау жұмыстарын күшейтуге, ауыз су құбырларын салуға көмек сұрады. Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің бірінші секретары Мирзоян, Қазақ ССР Халық комиссарлары Советінің председателі Исаев жергілікті мұнайшылардың талаптарын қабылдап, ұсыныстарын енгізді. Халық Комиссариаты Ембі кәсіпшіліктерінің өнім беру мүмкіншілігін арттыруға бағытталған нақтылы шаралар белгіленді, қаражат, материалдық жабдықтар, көптеген техника, жаңа станоктар бөлінді. Ең қиыны ауыз су мәселесі болатын.

1930 жылы 15 қарашада Ембі ауданындағы мұнайлы жерлерде барлау ісін тездетуге ерекше көңіл бөлу мәселесін Халық шаруашылығының Жоғарғы басқармасының басшылығымен бұрғылау жұмыстары жүргізілді. Жаңа геофизикалық әдістер – каротаж, гравиометрия, сейсмика, магниометрия, электр барлауы қолданылып, барлау жұмыстары күшті қарқын алды. 1935 жылы Ембі мұнай өндірістеріне дүниежүзіндегі ең ұзын мұнай айдау құбыры салынды [6, 215 б.].

Мұнан кейінгі жылдары Ембіні бүкіл елмен байланыстыратын Гурьев-Қандыағаш теміржолы салынды. Ембіде ондаған қуатты электр станциялары жұмыс істеді. Мұнда машина жасау, оңдау базасының салынуы, мұнай айыру және құрылыс, өнеркәсіп салаларының ұйымдастырылуы мұнайлы Ембіні күшті қарқынмен өркендетуге негіз қалады. Тұщы су мәселесі де шешілді. Барлық промыселдерді сумен қамтамасыз ететін жүздеген километрге турбалар төселді. Осылайша, Ұлы Отан соғысы басталғанға дейін мұнайлы Ембі Одақтағы ірі өнеркәсіпті аудандардың біріне айналды.

Өңірлерде су мәселесі 1938 жылы партияның Орталық Комитетінің Саяси бюросы Гурьев пен Қосшағыл аралығына су құбырын салу мәселесін қарап, Ембі мұнайшыларын ауыз сумен қамтамасыз ету жөнінде арнайы қаулы қабылдап, үш -төрт айдың ішінде жоба жасалынып, қаражат бөлініп, қазақ мұнайының атасы Сафи Өтебаевтың бастамасымен Гурьев- Қосшағыл су құбыры іске қосылды [6, 70 б.].

Ембінің мұнай өнеркәсібінің өсіп-өркендеуімен қатар, маман кадрлар, оның ішінде қазақтың ұлы кадрлары өсіп жетілді. Оларды тәрбиелеуде орыс жұмысшылары мен ғалымдары көп көмек көрсетті.

Алғашқы зерттеу, экспедиция, геологиялық барлау жұмыстары, бүтін өнеркәсіп объектілердің құрылысы (промысел, темір жол, электр станция, мұнай, су айдау жолдары және басқалары) және оларды игеру жұмыстары орыс инженерлерінің, мастерлерінің басшылығымен жүргізілді. Олар барлау, бұрғылау, мұнай өндіру, өндіріс объектілерін салумен қатар көшпелілерді жаңа мамандыққа үйретіп, оқытты. Бұлар: Ембіге алғашқы жол салған кен инженерлері Северцев пен Борщев (1857 ж.), Кирпичников (1874 ж.), Новоковский (1887 ж.), Никитин, Тихонович, Замяткин, академиктер И.М.Губкин, Степан Ильич Миронов және басқалары. Қарашүңгілдегі алғашқы бұрғылау жұмысын Леинград мастері Демин, Доссорда мастер Карабанов және басқалары жүргізді.

Марксизм ленинизм идеясына берілгендігі, дүние жүзінде капитализмін құрып, коммунистік қоғамның салтанат құратынына сендіру, социалистік идеологиялардан басқа идеологиялардың бәрін жек көру, дінді жек көру рухында тәрбиелеу болды. Тәрбиенің мұндай бағыттарының теріс екендігін өмір тәжірибесі көрсетті. Сондықтан біз қазір (Қазақстан мектептеріндегі) тәрбиенің міндеттерін анықтағанда мұндай теріс бағыттардан бас тартамыз. Тарих сабақтарында оқушылардың дүниеге

ғылыми тарихи көзқарасы қалыптастырылады, адамгершілікке, имандылыққа, ізгілікке тәрбиеленеді.

Кез келген өркениетті, дамыған елдер өз мемлекетінің барлық азаматтарын тарихи біліммен қаруландыруға ұмтылады және де оны алдымен өз халқының, өз елінің тарихын оқытып үйретуден бастайды. Тарихи білімді меңгерген адам өзі өмір сүрген қоғамдағы орының атқаратын қызметін, басқа да іс-әрекеттерін дәл анықтай алады. Сондықтан да Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық Кеңес бекіткен 1995 жылғы Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптастыру тұжырымдамасын қабылдаған болатын. Бұл тұжырымдамада оқу орындарында тарихты, әсіресе Қазақстан тарихын оқытуды алдын - ала мәжелеу жөнінде аса жауапты міндеттер қойылған.

Ол міндеттер алдымен жалпы білім беретін мектептерде жүзеге асады. Өйткені елдің барлық азаматтарына жүйелі тарихи білім беретін оқу орны — мектеп. Ол пәнді оқытатын — тарихшы мұғалімдер. Сондықтан да университеттер мен пединституттардың тарих факультеттерінде болашақ тарихшылар 4 - 5 жыл оқып, орта мектептің тарихшы мұғалімі деген мамандық алады. Осы факультетте оқылатын пәндердің арасында "Тарихты оқыту теориясы мен әдістемесі" пәнінің орны ерекше. Тарихты оқыту күрделі үрдіс, ол өзара байланысты: оқытудың мақсатын анықтау, білім мазмұнын іріктеу, білімді оқытып-үйрету және оны меңгеруге басшылық ету — оқушылардың оқу қызметі – және оқытудың нәтижесі сияқты құрамдас бөлімдерден құралады. Оқыту үрдісі үнемі қозғалыста болады, демек дамып отырады, ол туындаған қайшылықтарды шешу арқылы жетіледі.

Қазақ елінің оның халықтарының тарихы оқу орындарында қашаннан бастап оқытылған деген сұраққа жауап іздеу барысында мұсылман мектептері мен медреселер Қазақстан жерінде VII-VIII ғасырлардан бастап болған. Исфиджаб, Тараз, Сайрам, Отырар, Түркістан, т.б. қалалардағы ірі медреселер құдай жолын үйрететін пәндерден басқа заң, әдебиет, логика, риторика, жағырафия, философия сияқты пәндер оқытылған. Ал, тарих XV ғасырға дейін оқу жоспарына дербес пән болып енгізілмеген, бірақ тарихи материалдар әдебиет, жағырафия, дін, философия сабақтарына қосылып оқытылған. Отырардан шыққан атақты ойшыл, ұлы ғұлама Әбу-Насыр әл-Фараби де алғашқы білімді осы қаланың медресесінде алған.

Ал, XV-XVI ғасырлардағы орта Азия мен Қазақстандағы кейбір медреселердің оқу жоспарына діни, ғылыми пәндермен қатар тарих пәні де енгізілген. Оңтүстік Қазақстанның Отырар, Сайрам, Түркістан, т.б. медреселері Бұқара, Самарқанд медреселерінің оқу жоспарларын пайдаланған. Олардағы тарихи білім мазмұны сол дәуірлерге дейінгі Орта Азия мен Қазақстандағы түркітілді тайпалар мен мемлекеттер тарихын баяндауға арналған. Бұл медреселердің оқу жоспарына тарихтың дербес пән болып енгізілуі Ұлықбектің есімімен байланысты. Кейбір ғылыми деректерге қарағанда оның бастауымен XV ғасырда-ақ медреселердің оқу жоспарына тарих дербес пән болып енгізілген. Алғашқы уақытта оның сабақтарында Әлем тарихы, Орта Азия тарихы, Ислам тарихы таныстырылды. Тарих оқу

жоспарына енгеннен кейін алғашқы тарих оқулығын Ұлықбектің өзі жазған және ол өмір шындығын сол қалпында көрсеткен. Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих и Рашиди» атты еңбегінде Ұлықбектің тарихшы болғанын және «Шыңғыс ханның төрт мемлекеті» оқулығын жазғанын атап өтеді. Бұл оқулықта ұлы монғол империясы — «Ұлы үй» ыдырағаннан кейінгі төрт ұлыстың: Қытай, Монғолия, Жошы ұлысы (Алтын-орда) туралы жазылған. Орта Азия тарихы баяндалады. Бұл оқулық тек Самарқанд медреселерінде ғана емес, Жошы ұрпақтары билік құрған Түркістан, Созақ, Сығанақ, Отырар, Сайрам, Баласағұн қалаларындағы медреселерде де пайдаланылған. Ұлықбек медреселерінде Әбу Райхан Берунидің «Өткен ұрпақ ескерткіштері» оқулығы пайдаланылған. Осы кезеңдердегі негізгі тарихи оқиғалар желісі арқылы білім алушылардың тарихи ой өрісі, логикалық жүйелеу қабілеті қалыптасып дамиды.

Жалпы, Ортағасырлардан бастап оқытыла бастаған ел тарихын өскелең ұрпаққа танытуда Алтын Орда мемлекетінің тарихын зерттеу мен оқытудың маңыздылығы ерекше.

Алтын Орда тарихының мәселелері бойынша жүргізілген зерттеулерде бастапқы кезеңнен бастап-ақ, Батыс Еуропа және Ресей зерттеушілері үлкен белсенділік танытты. Өйткені Кеңес дәуірі тұсында белгілі Ресей ғалымдары Батыс Еуропа зерттеушілерінің тақырыпқа қатысты мәселелер бойынша жазған еңбектерінің ғылыми құндылығын жоққа шығаруға тырысты. Ал отандық тарихнамада бұл тақырып төңірегіндегі мәселелер ХХ ғ. бас кезеңінде қазақ зиялыларының еңбектері мен Кеңес дәуірі кезеңіндегі қазақстандық зерттеушілердің еңбектерінде біршама қарастырылғанымен, тақырыпқа қатысты мәселелер арнайы зерттеудің объектісі болмады және бұл кезеңнің тарихын шынайы тарихи тұрғыда оқытуға аса мән берілмеді. Кейде тіпті билік тарапынан оған қатаң бақылау қойылғаныда тарихтан белгілі. Тек ХХ ғ. 90-шы жылдарынан бастап, тақырыпқа қатысты мәселелер бойынша отандық зерттеушілер еңбектерінде арнайы қарастырыла бастады. Осыған орай, тақырыптың ұзақ жылдар бойы зерттелу деңгейінің ерекшеліктеріне байланысты оларды батысеуропалық тарихнама (ағылшын, француз, неміс және т.б.), ресейлік тарихнама (Патшалық Ресей, Кеңестік Ресей және қазіргі Ресей тарихнамасы) және отандық тарихнама деп үш топқа топтастырып, жүйелі түрде объективті талдадық.

Ғылыми деңгейі жоғары, сапалы еңбектер қатарында 1834-1835 жылдары көлемді француз тілінде төрт томдық К.Д'Оссонның [1] зерттеу еңбегін ерекше атап өтуге болады. К.Д'Оссонның зерттеу еңбегі моңғолдар тарихының шеңберінде тақырыпқа қатысты мәселелерді кеңінен қарастырған. Зерттеуші еңбегінде өзінің назарын көп жағдайда саяси оқиғаларға арнаған, әсіресе тақырыпқа қатысты моңғолдардың Еуропаға жорығының мәселелері кеңінен талданған. Сондай-ақ, зерттеуші өз еңбегінде алғашқылардың қатарында Рашид ад-Дин шығармасын кеңінен пайдаланған. К.Д'Оссон енгізген мағлұматтар кейбір кемшіліктеріне қарамастан, кейінгі моңғол мемлекеттерінің тарихын зерттеудің бағыт-бағдарын айқындап берді.

Алтын Орда тарихына қатысты мәселелер бойынша ең алғашқы жүйелі түрде қарастырған Й. Хаммер-Пургштальдің [2] ғылыми-зерттеу еңбегі деректерді пайдалану жағынан тыңғылықтылығымен де, ғылыми құндылығының маңыздылығымен де ерекшеленеді. Австриялық шығыстанушы ғалымның неміс тіліндегі «Geschichte der Goldenen Horde in Kiptschak, d. i. Der Mongolen in Russland» атты еңбегі 1826, 1835 жылдары Ресей Ғылым Академиясының «Ресейдегі моңғол билігінің, мемлекеттің саяси байланыстарына, басқаруға, ішкі басшылыққа, тағы басқаларына қалай әсер еткені және оның салдары» тақырыбында арнайы сыйақы тағайындалып, жарияланған конкурс нәтижесінде жазылған ғылыми зерттеу жұмысы еді. Бірақ академиялық комиссия шешімі бойынша зерттеу жұмысының кемшіліктеріне байланысты конкурсқа ұсынылған жалғыз ғылыми еңбекке сыйақы беруден бас тартты.

Дегенмен, автор оған қарамастан ғылыми зерттеу жұмысының бірқатар кемшіліктерін түзетіп, 1840 жылы Пештте неміс тілінде жарыққа шығарды. Бұл ғылыми еңбек жөнінде Кеңес тарихшысы М.Г. Сафарғалиев былайша пікір айтты: «Хаммердің сәтсіздігі, оппоненттердің айтқанындай автордың асығыстығы мен дайындықсыздығы себеп болды деген пікірлері орынсыз айтылған. Ол кезеңде әлі де зерттелмеген аса ауқымды мәліметтерді алғаш рет жинақтап шығып, бір жүйеге келтіру сол кезеңдегі ешбір зерттеушінің қолынан келмейтін іс еді... кейінгі Алтын Орда тарихын жазған батысеуропалық шығыстанушылардың қай-қайсысы да Хаммер еңбегінде қолданылған деректермен де, Жошы ұлысының тарихын мазмұндаудағы тыңғылықтылығымен де тайталаса алмайтын еді» [3, б. 4-5]. Бірақ нақ Алтын Орда тарихына қатысты Й. Хаммер-Пургштальдің еңбегі сияқты ауқымды, іргелі ғылыми еңбек Ресейде немесе Батыс Еуропа елдерінде 100 жылға таяу уақыт шеңберінде жарыққа шықпады. Тек 1937 жылы Кеңес үкіметі кезінде Алтын Орданың тарихы жөніндегі маркстік-лениндік ұстаным бойынша ғылыми еңбек жазудың маңыздылығын түсінген екі көрнекті кеңес тарихшылары – Б.Д. Греков пен А.Ю. Якубовский алғашқы іргелі еңбекті жарыққа шығарды. Бұл ғылыми еңбек Ресей зерттеушілерінің 1832 жылы Ресей Ғылым Академиясының қойған талабына жауабы еді [4, б. 23-24].

XX ғ. Батыс Еуропа тарихнамасында танымал зерттеушілер М. Правдиннің (Ресейлік эмигрант), Р. Груссенің, Дж. Бойлдің, Ч. Галпериннің, И. де Рачевилтздің, Д. Синордың еңбектерінде тақырыпқа қатысты маңызды мәселелер қарастырылған. Ал соңғы жылдары Батыс Еуропа тарихнамасында тақырыпқа қатысты мәселелер бойынша маңызы бар еңбектер қатарында П. Джексонның, А. Руотсаланың, Кристофер П. Атвудтың еңбектері жарыққа шықты. Бұл зерттеушілердің еңбектеріндегі тұжырымдамалық пікірлер мен маңызды мәліметтер Алтын Орда тарихын оқытуда өте өзекті болып табылады.

Ресей шығыстану мектебінде тақырыпқа қатысты мәселелер бойынша қол жеткізген ірі жетістіктердің бірі, Алтын Орда тарихының деректерін жинақтау, аудару мәселелерімен көп жыл айналысқан зерттеуші ғалым В.Г. Тизенгаузеннің Алтын Орда тарихына қатысты араб, парсы және түркі жазба

деректері негізінде үзінділер түрінде құралған аударма еңбектерін жазып, оның бұл салада бүгінгі күнге дейінгі басты дерек көздері ретінде өзінің ғылыми құндылығын әлі де жоғалтпаған еңбектер қатарынан орын алды. В.Г. Тизенгаузен еңбектері [5] өзі жинақтаған материалдары негізінде 1884 жылы Алтын Орда тарихына қатысты араб деректеріне негізделген еңбегі жарыққа шықты, ал өзі өмірден өткен соң, парсы, түрік деректеріне қатысты жинақтаған мәліметтерінің негізінде 1941 жылы А.А. Ромаскевич және С.Л. Волиннің өңдеуімен жарыққа шықты. Сондай-ақ, Ресейлік аса танымалшығыстанушы-ғалым академик В.В. Бартольд (1869-1930) тақырыпқа қатысты жекелеген мәселелер бойынша аса маңызды тұжырымдамалық пікірлер айтып өтті. Шығыс тілдерін (араб, парсы және түрік) жетік білген шығыстанушы ғалым Батыс Еуропаның, Орта Азияның қалалары және Каир, Стамбул қалаларындағы ірі кітапханаларда ізденіс жұмыстарын жүргізіп, араб-парсы және түрік тілдеріндегі қолжазбалық деректерге талдаулар жасай отырып, тың деректерді өз еңбектерінде кеңінен пайдаланды [6].

Сондай-ақ, Түркия Республикасында зерттеулер жүргізетін Ресей зерттеушісі И. Камаловтың [7] еңбегінде Алтын Орданың Оңтүстік Кавказ жеріндегі саясаты жөнінде мәселелер тыңғылықты қарастырылған.

Алтын Орданың сыртқы саясатына қатысты қазақ зерттеушілері ХХ ғ. бас кезінен-ақ, жанама болса да өз зерттеулерінде тақырыпқа қатысты туындаған мәселелерді қарастырды. Қазақ халқының ұлттық рухани сана-сезімінің өркендеу кезеңінде қазақ зиялылары (М. Тынышпаев, С. Асфендияров және т.б.) өз еңбектерінде кейбір жекелеген мәселелерге қатысты біршама ой-пікірлерін айтып өткен. Кеңес дәуірі тұсында тақырып шеңберіндегі кейбір мәселелерге қатысты қазақстандық зерттеушілер арасында В.П. Юдиннің, К.А. Пищулинаның, С.М. Ахинжановтың және тағы басқа зерттеушілердің еңбектерін ерекше атауға болады. Кеңес үкіметінің ыдырауына байланысты, тәуелсіздікке қол жеткізген кезеңнен бастап, отандық тарихнамада моңғол билігі дәуіріндегі Қазақстан тарихының шеңберінде тақырыпқа қатысты мәселелер бойынша зерттеулерде тың серпіліс кезеңі болғаны анық байқалады. Тақырыпқа қатысты мәселелер бойынша отандық зерттеушілер арасында Б.Е. Көмековтің, З. Қинаятұлының, Б. Батыршаұлының, Қ. Өскенбайдың, А.К.Көшкімбаевтың еңбектерінде өзіндік ғылыми ой-пікірлер, тұжырымдамалар мен қорытындылар келтірілген. Отандық тарихнамада соңғы жылдары ерекше атап өтерлік еңбектер қатарында моңғолтанушы, медиевист ғалым З. Қинаятұлының еңбектерінде тақырыпқа қатысты дискуссиялық мәселелерді қарастыру мен талдауда объективті көзқарасқа негізделген тұжырымдамалық ой-пікірлері маңыздылығымен ерекшеленеді.

Алтын Орданың сыртқы саясатына қатысты деректер сан түрлілігімен ерекшеленеді. Өкінішке орай, Алтын Орданың өзіндік жазба деректері сақталмаған, тек хан жарлықтары сияқты шағын ғана ресми құжаттар сақталған. Бірақ державаның көптеген алыс, жақын шет мемлекеттермен тығыз қарым-қатынастарға түсуінің арқасында қазірге дейін тақырыпқа

қатысты араб, парсы, моңғол, қытай, орыс, латын, армян және тағы басқа тілдердегі жазба деректер жеткен. Тарихи жазба деректердің сан алуандығы мен ерекшеліктеріне байланысты оларды топтастырып қарастырғанмыз жөн:

– араб-мысыр деректері қатарында Ибн әл-Асир, Рукн ад-Дин Бейбарс, ан-Нувейри, әл-Айни, әл-Омари, әл-Муфаддал, Ибн Баттута, Ибн Халдун, Ибн Арабшах сияқты авторлардың шығармаларын атауға болады. Араб-мысыр авторларының басым көпшілігі тарихи кезеңнің замандастары болғандықтан, олардың қалдырған деректері маңызды болып табылады. Бірақ кемшіліктері – Алтын Орданың алғашқы онжылдығының тарихы жалпылама түрде және хронологиялық қателіктермен баяндалған. Бұл түсінікті жайт. Өйткені Алтын Орда мен Мысыр арасындағы тұрақты дипломатиялық қарым-қатынастардың орнауына дейінгі Жошы ұлысына қатысты мәліметтер тек саудагерлер мен саяхатшылардың ақпараттары негізінде қағаз бетіне түсірілді.

– парсы-хулагулық деректері қатарында оқиғалармен замандас куәгерлердің мәліметтері негізінде жазылған Джувейнидің «Тарих-и Жаһангушай» (1252-1260) тарихи шығармасы және замандас тарихшы ғалымдар, жылнамашылар, өз заманының озық ойлы адамдарынан жиналған мәліметтері негізінде жазылған Рашид-ад-Диннің «Жами-ат-тауарих» (1300-1311) энциклопедиялық тарихи шығармасы, сондай-ақ, Хамдаллах Казвинидің «Тарих-и гузиде» (1329-1330) сияқты бірқатар парсы авторларының деректерін атауға болады. Бірақ Хулагулық Иран көптеген уақыт бойына Алтын Ордамен жауластықта болған мемлекет еді.

Сондықтан көптеген парсы авторлары Алтын Орданы жауласушы мемлекет ретінде қарастырып, көптеген тарихи оқиғаларды, әсіресе екі моңғол ұлыстары арасындағы қарым-қатынаста мемлекет құрылымның және билеушілерінің саясатының ресми концепциясы негізінде қарастырды. Осыған сәйкес, бұл кезеңде Иранда жоғарғы мемлекеттік қызметте болған авторлар, тиісінше оқиғалардың ресми версиясын ғана баяндады. Бірақ бұл парсы авторларының барлығына қатысты емес. Мысалы, Джувейни өз шығармасын Алтын Орда мен Иран арасындағы әскери қақтығыс басталғанға дейін бірнеше жыл бұрын толықтай жазып бітірген еді.

– түркілік тарихи шығармалары ішінде Өтеміш-қажының «Шыңғыс-наме» (XVI ғ. ортасы), хорезмдік (хиуалық) Әбілғазы Бахадур-ханның «Түрік шежіресі» (1643-1663 жж.) шығармалары бірнеше ғасырлардан кейін жазылса да, бұл еңбектердің мәліметтері айтарлықтай маңызды және басқа деректермен салыстырмалы түрде қарағанда оқиғаларға шынайы сипаттағаны байқалады. «Шыңғыс-наме» шығармасы XVIII ғ. мен XIX ғ. басына қатысты, негізінен діни тақырыптағы өзге жеті шығармамен бірге түптелген. Өкінішке қарай, онда да толық емес, Тоқтамыс хан (782/1380-797/1395) билікке келген уақыттан кейін оқиғалар желісі үзіліп қалады. Бұл мәтін Шайбанның ұрпағы Еш-сұлтанның (965/1558 жылы өлтірілген) тапсырмасымен XVI ғ. алғашқы жартысында жазылған. Келесі түрік шығармасын жазған Хиуа хандығының билеушісі және ортағасырлық

Шығыстың ірі тарихшысы Әбілғазы Бахадур-хан жазған еді. Оның шығармасы «Түрік шежіресі» 1664 жылы өзі өмірден өткен соң, әкесінің тапсырмасымен оның ұлы Ануш Мұхаммед аяқтаған. Еңбек жазылған соң, жарты ғасырдан аса уақыттан кейін Тобылда айдауда жүрген тұтқын шведтік офицер Табберт фон Страленбург «Түрік шежіресі» қолжазбасын тауып алып, оны ғылымға әйгілі етті. Бұл еңбекте Жошы ұлысының саяси мәселелері, Батудың Батысқа жорығы және Алтын Орданың тарихына қатысты жекелеген мәселелер бойынша мәліметтер сипатталған.

Алтын Орда тарихына қатысты жоғарыда аталған зерттеу қорытындыларын сабақ ретінде оқытуда көптеген әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Тақырыптың мазмұнына, сабақты қабылдаушы аудиторияның жас мөлшеріне қарай оқытудың түрлі тәсілдерін қолдана білу оқытушының жеке шеберлігіне байланысты болмақ. Мысалы, Алтын Орда хандарының билік жылдарының хронологиясын анықтауға және жекелеген тарихи оқиғаларды дұрыс түсіну үшін келесідей әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы тарихи білімді оқытушылар санасына сіңіруге болады.

Тарих сабағын инновациялық жаңа әдіс-тәсілдер арқылы оқытудың тиімділігі оқушылардың өз бетінше жұмыс жүргізу дағдысын қалыптастырады. Оқушының жеке дара жұмыс істеуіне қажетті тапсырманы үш түрге бөлуге болады.

1. Теориялық білімді тәжірбиеде қолдана білуге үйрететін тапсырмалар.

2. Белгілі заттар мен құбылыстарға іс жүзінде әсер етуге дағдыландыратын тапсырмалар.

3. Теориялық білімді тәжірбиеде шығармашылықпен қолдануға дағдыландыратын тапсырмалар.

Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама.

Бұл технологияның басты мақсаты – дамыта оқыту негізінде сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту бағдарламасын іске асыру, балаларға терең білім беру. Бұл бағдарлама Қазақстан қоры жанынан 1998 ж. қазан айынан бастап жүргізіліп келеді. Жаңа технология ретінде ең озық әдістерді дер кезінде игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу – әрбір ұстаздың басты міндеті. RWCT бағдарламасы – ағылшын тілінен аударғанда сын тұрғысынан ойлау үшін оқу мен жазу дегенді білдіреді. Бұл бағдарлама оқытудың 60 түрлі стратегияларынан: әдістерінен тұрады. «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасы бойынша ол:

- шындалған ойлау кез келген даму деңгейіне байланысты мәселелерге сыни көзбен қарау;

- күрделі мәселелерді шешуге, аса маңызды, жауапты шешімдер қабылдауға құштарлық;

- үйрету мен үйрену бірлігінен, үйренудің қызығушылығынан тұратын, үйренушінің сеніміне негізделген құрылым.

Мысалы Алтын Орда тарихына қатысты тақырыпты өткен уақытта. «Джиксо» ұжымдық оқыту әдісін қолдануға болады. Оның мақсаты – жалпы мәселені алдымен жұпта, сосын ұжымда талқылқылау. Бұл жағдайда әрбір оқушы бір сәт өзін мұғалім ретінде сезінеді, оқуға деген жауапкершілік артады.

Қазіргі оқыту үрдісінде бір мәселені талқылу, оған өз көз қарасын білдіру, әріптес ойымен пікір алмасу секілді жұмыс түрлеріне көп көңіл бөлінеді. Дегенмен, кей оқытушы оқушыға сұрақтар беріп оның сөйлеуіне, мәселеге пікірін білдіруге түрткі болдым дегенмен, оқушы мүмкіндігін шектегенін байқамай қалады. Көп жағдайда оқытушы оқушы ойын басқарады, яғни бағыт бер немесе жеткешілік етуден гөрі ол басшылық қызметіне ауысады. Бұл психологтар көрсеткендей, оқушылардың өз бетінше ойлау мүмкіндіктерін шектейді. Мысалы, дөңгелек үстел, пікірталас мәселесін оқытушы өзі дайындап, жоспарды еріп, оқушыдан сөйлеу барысында тек оған сүйенуін талап етеді. Яғни, өз ойын айтуда тұлғаға еркіндік бермейді. Студент мәселені түсінбей, маңызды, өзіне қажетті ақпаратты ала алмай, мәселені шешуге шығармашылық тұрғыдан келе алмай, өзінше ой қортып, тұжырымдау және қызықты пікірлер айта алу қабілетін ие бола алмайды. Мәселені ашуда жаңа ой, құнды пікір білдіру маңызды және ол міндетті түрде қортындылап, көрініске ие болуы оқытудың тиімділігін арттырады. Тұлғаның сыни ойлау іскерліктерінің қалыптасуына тиімді тәсіл ретінде бізге ғалымдар «Ассоциациямен» жұмыс, «Mind Map» тәсілін ұсынады.

Тәсілді басқаша ойды, әңгімені жазып алу техникасы деп атауға болады. Жазу өте жылдам өтеді және оның өзінше құндылықтарды бар. Алдымен сөз, ой, мәселе туындайды. Одан кейін қағазда көрсетілуге тиісті ойлар туындайды және олар шектелмейді. Жұмысты жеке және топта жасауға болады. Көп ойды бір уақытта мида сақтау психофизиологиялық тұрғыдан мүмкін емес.

Қорыта айтақанда, «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады» деген ұлы ақын Абай сөзі барлық уақытта өз мәнін жойған емес. Озық ойлы, білімдар адамдар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне өз үлесін қосады. Осындай қоғамдық әлеуметтік, мәдени өзгерістер, дамулар мектептің оқыту процесіне әсер етеді. Соңғы жылдары жеке адамды қалыптастыруды дамыту мен оған жан – жақты терең білім беру мақсатында оқытудың жаңа технологияларын ұсынылуда.

Инновациялық технологияның басты мақсаттарының бірі – жас ұрпақты оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру және осы заманға сай білімді, әрі білікті мамандар даярлау болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Оссон К.Д. История монголов от Чингиз-хана до Тамерлана / пер. и предисловие проф. Н.Козьмина. – Алматы: Санат, 1996. - 2 изд. – 255 с.
2. Hammer-Purgstall J. von. Geschichte der Goldenen Horde in Kiptschak, das ist: der Mongolen in Russland. – Pesth: C.A.Hartleben's Verlag, 1840. – 683 s.

3. Сафарғалиев М.Г. Распад Золотой Орды // Ученые записки Мордовского гос. университета.– Саранск: Мордовское книж. изд-во, 1960. – Вып. 9. – 276 с.

4. Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда. Очерк истории Улуса Джучи в период сложения и расцвета в XIII-XIV веков / под ред. В. Быстрянского. – Л.: Соцэкгиз, 1937. – 201

5. Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. В.Г. Тизенгаузена. Извлечения из сочинений арабских. – СПб., 1884. - Т.I. –25 с.

6. 21 Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений. Собранные В.Г. Тизенгаузенем и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. – М.-Л., 1941. – Т.II. – 308 с.

7. Kamalov I. Mogollarin Kafkasyapolitikasi. – Istanbul: Kakmusyayinlari, 2003. – 152 s.

НҮРАДДИН – ЕДИГЕНІҢ ЕҢ ДАҢҚТЫ ҰЛЫ

Баймаганбетова Н.К. - №27 мектеп-лицей оқытушысы, Ақтөбе қ.

Абдуллина М. - №38 қазақ орта мектебі оқытушысы, Ақтөбе қ.

Жұманазар А. – ф.ғ.д. С.Баишев Университетінің профессоры, Ақтөбе қ.

Андатпа: Мақалада Алтын Ордада үлкен билікке жеткен Едігеұлы Нұраддиннің өмірбаянына қатысты нақты деректер жинақталып, ол деректер «Едіге» тарихи-қаһармандық эпосының ұлттық версияларымен салыстыра зерттелген.

Кілт сөздер: Нұраддин, Едіге, Алтын Орда, Қадырберді, Еділ, Жайық, эпос.

Аннотация. В статье собраны конкретные данные биографии Эдигулы Нураддина, достигшего великой власти в Золотой Орде, и сопоставлены эти данные с национальными вариантами историко-героического эпоса «Едиге».

Ключевые слова: Нураддин, Едиге, Алтын Орда, Кадырберды, Едил, Жайық, эпос

Annotation: The article collects the real data related to the biography of Nuraddin, the sun of Edige, who reached much authority in Altyn Orda and investigates this data in comparison with the national versions of the historical-heroic epic “Edige”.

Keywords: Nuraddin, Edige, Altyn Orda, Kadyrberdi, Edil, Zhaiyk, epic.

Нұраддиннің өмірде болған адам екендігі тарихи деректерде айқын таңбаланған. Мәселен, Ноғайлардың биі Ысмайлдың Москва князіне жіберген жолдауында:

«1559 г., сентября 22. – Приезд в Москву из Ногайской Орды от Исмаил-бия посла Темира.

Послание Исмаил-бия.

Всего христьянства государю, брату моему Белому царю от Исмаила князя поклон. Мы здорово живем, а и ты бы на многие лета здоров был. После слово то.

А Волга и Яик отца моево юрт, потому что отец мой князь велики на Яике, а другой отец же мне Нұрадын мирза на Волге, то ведаеш. И ныне Волга у тебя, как у нас же, потому что есмь в братстве. А братен живот з братов вопче бывает, – делінген [1, 123-б.].

Ал 1560 жылғы 15 қазанда Исмайлдың ұлы Орыс мырза өз жолдауында: «Бог богатый. Царю великому князю, многово христьянства государю, брату Белому князю...

Да в Астрахани есть пошлина взимок карасноп слово, праотцу нашему Нұрадын мирзе пожаловал Темир Кутлуев царев сын, в жалованье даывал, и язь о том бью челом, – дейді [1, 125-б.]. Ысмайыл би 1563 жылы 23 қазанда, Дінахмет мырза 1564 жылы 6 қарашада Москва билеушісіне жіберген хаттарында бұрын Бозан өзенінің екі жағы да арғы атасы Нұраддиндікі болғандықтан өзіне қайтарып беруін өтінеді [1, Б.138,142]. Көріп отырғанымыздай, Нұраддиннің аты тарихи құжаттарда айқын таңбаланған.

Қадырғали би Қосымұлының шежіресінде: «Едіге бидің ұлдары туралы толық мәлімет мынадай: Нұраддин мырза, Мырза Қасым, Сейдғали мырза. Жасында қаза болған екеуінің есімдері белгісіз. Бұл бесеуі бір анадан. Қожа ханның қызы Бақтылы ханымнан туған еді. Сейдғали мырза да жасында өлді», – делінген [2, 256-б.]. Эпостың ноғай мен қазақша версияларында Нұраддин Сәтемір ханның қызынан туған. Ал қарақалпақшада Тоқтамыс ханның елінде қалған Қарақастан туған. Қарақас – қожаның қызы [3, 14-б.].

Қазақша нұсқада да:

Алғаным Әл-Омар қожа ханның қызы еді,

Сағынбақтан сарғайсын,

Салқын түспей барман-ды,

Ібін-сібін екі нақ

Сыбырласып сөйлесіп,

Сыңқылдасып күлісіп,

Ши түбінде сырласып,

Жең ұшында жалғасып,

Мен не дегенін білмен-ді –

Құлағым саңырау болған-ды, – деген жолдар бар [4, 40-б.].

Тарихшылар айтқандай, Нұраддин хан қызынан туған ба, әлде Қадырғали би жазғандай қожа қызынан туған ба, бұл анықтай түсуді қажет етеді. Біздіңше, Нұраддин Қадырғали жазғандай қожа ханның қызы Бақтылыдан туған. Бақтылының әкесінің аты эпоста айтылғандай, әл-Омар. Ақсақ Темірдің 1395 жылғы жорығынан соң ұлыстың сол жақ қанатында, яғни шығыс бөлігінде қазына-мүлік көбірек сақталып қалды. Халық та тығыз орналасқан еді. Сол қанат Едігенің билігінде болады. Ұлыстың батыс

канатын Нұраддин басқарады. Бұл кейіннен елшілік кітабында Ноғай Ордасының ұлы биі Ысмайылдың хаты арқылы: «А Волга и Яик – обои то отца моево юрт, потому что отец мой князь Великий на Яике, а другой отец же мне, Нураддин мирза, – на Волге», – деп көрініс тапқан [1, 129-б.].

Ноғай Ордасының тарихын жан-жақты зерттеген профессор В.В.Трепавлов Едіге өлген 1419-20 жылдан кейін Нұраддин ел биледі деген пікірді теріске шығарады. Тарихи деректерге сүйене отырып, әкесі өлген соң, Едіге балалары Мансұр мен Қазының билік тұтқасын ұстағанын дәлелдейді [1, 82-б.]. Ол жөнінде Қадырғали би Қосымұлы шежіресінде де «Мансұр би. Бұл Құйыршық ханның қызы Сүйдүнімден туған еді. Қази, Наурыз. Бұл екеуінің анасы Қоңырат қауымының қызы еді. Аты мәлім емес. Едіге биден соң Мансұр би болды. Ол атасының қайым мақамында болды» делінген [2, 256-б.]. Бұдан әрі: «Мансұр би атасының ұлысын биледі. Оны Барақ хан өлтірді. Содан соң Қази, Наурыз Барақ ханмен соғысты. Барақ хан сол соғыста өлді. Ол ұлыста Мансұр бидің орнына Қази би болды», – деп таңбаланған [2, 256-б.]. В.В.Трепавлов Қадырғалидың шежіресіндегі «Ол уақытта, (яғни) Едіге бидің көзі тірісінде, Нұраддин мырза іш ауруы тиіп, отыз жеті жасында қаза болды», – деген деректің шындыққа келетінін алға тартады [5, 255-б.].

Л.Лянглениң жазуынша, Едіге Болат ханды тақтан тайдырады. Нұраддин әкесіне таққа не өзің отыр, не мен отырайын дейді. Әкесі мұнымен келіспейді, Темірді хан қылады. Наразы болған Нұраддин кішігірім қақтығысқа шейін барады. Орыс жылнамаларында да Темір патшалық құрған уақытта Едігенің Ордадан кеткендігі жазылған. Халық эпостарында бұл жағдай нақты көрініс тапқан. Қазақша нұсқада әкесімен араздасқан Нұраддин турасында: «Жұртты екі бөліп алып кетті. Судың екі жағында екеуі жатты», – деп көрсетілген [4, 61-б.].

Ал татаршада:

Идегай алай әйткәндә,
Дәрәжәгә чиккәндә,
Ир азамат Норадын
Хан булам дип уйлады,
Атасы хан итмәде,
Үзә дә хан булмады.
Норадын моны күргәндә
Қаһәрәннән қайналды,

Идегәйгә анда әйтте:

– Әйткәнәннен барысын
Қылғаның хак, и ата!
Әткәнәннен берсен дә
Қылғаның юк, и ата!
Тирлегем алтын булмады,
Тәгем минәр булмады:
Хан жыены би улы
Норадын хан булмады,

Хан булганның нисе артык?
Үзебездән соңгыга
Өлгеләп өлге булмады.
Иә син үзең хан булгын, –
деп тепсінген Нұраддин әкесі келіспеген соң оған:
Иә син мине хан қылғыл!
Иә син мине үтергел,
Иә мин сине үтерим!
Иә күземә күренмә,
Казак чыгып кит! – диде [6, 210-б.].

Ноғайша версияда әкелі-балалылардың бір-біріне қарым-қатынастары басқа версияларымен салыстырғанда осыған ұқсас етіп беріледі. Жеңіске масаттанған Нұраддин эпостың аяғында менменшілдікке, қызуқандылыққа жол беріп, әке мен бала арасындағы әдеп өлшемдеріне сыйыспайтұғын жат әрекеттер істейді. Кеңжанбайдың екіжүзділігіне ерген ол әкесі Едігеге «тай мұннан!», «елден кет!» деп ауыр сөздер айтады [7, 44 б.]. Мұнда да әкелі-балалылар арасындағы тартыс кезінде Едіге ақылдырақ болып көзге түседі. Осылайша эпос версияларында Нұраддин мен Едігенің арасында бір мезгіл қақтығыс, қырғи-қабақтылық орын алып отыруының астарында тарихи шындық жатқанын пайымдау қиын емес.

Қантөгіске жеткізбеу үшін бектер бегі Хорезмге кетеді. Әкесінің осындай шыдамдылығына риза болған Нұраддин оның кері оралуын талап етеді. В.В.Трепавлов Болат ханның орнына Темір келгеннен соңғы (1410 ж.) бұлғақ кезінде, Жалил-ад-дин хандық құрған уақытта әкесімен арасы суыған Нұраддиннің жоғары билікке араласуы мүмкін екенін көрсетеді. Бұл жағдай да халық эпосы нұсқаларында көрініс тапқан. Ноғайша версиясында Сиқырлы деген көлде құс аулап жүрген Нұраддин тағы да Жанбайдың екіжүзділігіне ұшырап, абайсызда Тоқтамыстың баласы Қадірбердінің қолына түседі. Қанша азаптаса да, дұшпан алдында тізе бүкпейді. Осы мәрттік қасиеті оны Қадірбердімен достастырып, күйеу баласы болып қалуына себепші болады. «Нұраддин Қадырберди мен досласады, яма Янбайды сол ерде ольтиредилер. Солай этип Нурадин киеви болып, Қадырберди қайын иниси болып, онып-оьсип қаладылар», – дейді халық эпосы, өз шешімінде [7, 52 б.]. Алайда, эпос – нақты тарих кітабы емес, ондағы кейіпкерлер аты өзгере береді. Қадірберді Едігені өлтіріп атаққа шыққан соң эпоста Жалал-ад-диннің, немесе Керімберді мен Жаппарбердінің орнында айтыла береді. Бұл эпос табиғатына қайшы келмейді.

В.В.Трепавловтың жазуынша, Нұраддин әкесінен бұрын дүниеден озған. Эпостың бір версиясында жорықтан қайтқан батырдың ескі жаралары ашылып, қан кетіп, содан өледі. Татарлардағы Нығмет Хәкім нұсқасында Кеңжанбайдың көмегімен Нұраддинді тұтқындаған Қадырберді оны қадалардың үстінде отырғызып, жауап алады. Нұраддин қабақ шытпастан, оның бар сауалына өзінің істеген істерін ерлік есебінде баяндап береді. Нұраддиннің ерлігіне, өткен істі бұрмаламай айтқан шыншылдығына риза болған Қадырберді батырды өзара келісімге шақырады. Оны өзіне түменбасы

етіп тағайындайды. Нұраддин бірнеше соғыстарға қатысады. Соның бірінде жарасы ашылып, қан кетіп өледі [8, 326 б.].

Шоқан нұсқасында әкелі-балалы екеуі қатар өлсе, татар нұсқаларында Нұраддин әкесінен бұрын өледі.

В.В.Трепавлов бұған қатысты былай деп жазады: «В некоторых версиях дастана «Эдиге» говорится, что Нур-ад-дин (Нурадил) возглавил Юрт после смерти отца. То же утверждение встречается и в научной литературе, причем иногда даже называются, без всяких ссылок на источники, даты правление Нур-ад-дина : – 1426-1440 гг. (История 1993, с.182; Кочекаев 1988, с. 19; Очерки 1953, с. 465; Очерки 1967, с. 143; Сафаргалиев 1960, с.228). Но сыновья Эдиге, которых средневековые авторы после его гибели в 1419г. Помещали во главе Юрта, – это Мансур и Гази. Значит, правление Нур-ад-дина с большей вероятностью следует отнести ко времени, когда был жив его отец. Именно на склоне лет Эдиге между ними разразился конфликт» – дейді белгілі тарихшы [5, 82-б.].

Шығарманың барлық версияларында, бас-аяғы бүтін жазып алынған нұсқалардың барлығында дерлік Едіге мен оның баласының арасындағы келіспеушілік, араздық мотиві орын алған. Кейбір нұсқаларда осы араздық, яғни жауларына бірігіп күреспеген соң, ақыр аяғында екі батырдың да өліміне себепші болады. Эпостың ұлттық версияларындағы бұл тұрақты мотив тарихи шындықтан алыс емес.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

1. История Казахстана в русских источниках. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2005. – Т-1. – 704 с.
2. Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 272-б.
3. Едиге. – Нөкис: Қарақалпақстан, 1990. – 400 б.
4. Мағауин Е. Едіге. – Алматы: Айқап, 1993. – 76 б.
5. Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. – Москва: Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 2001. – 752 с.
6. Идәгә. – Казан: Татарстан китап нәшрияты, 1988. – 254 б.
7. Ногайдынъ кырк баптири. Эдиге. – Махачкала, 1991. – 158 б.
8. Татар эпосы. Дастаннар. – Казан: Раннур нәшрияты, 2004. – 640 б.

СЫПЫРА ЖЫРАУ

Баймаганбетова Н.К. - №27 мектеп-лицей оқытушысы, Ақтөбе қ.

Абдуллина М. - №38 қазақ орта мектебі оқытушысы, Ақтөбе қ.

Жұманазар А. – ф.ғ.д. С.Баишев Университетінің профессоры, Ақтөбе қ.

Аңдатпа: Мақалада Алтын Орда дәуірінің атақты тұлғаларының бірі Сыпыра жырау туралы тарихи деректер мен эпостардағы деректер салыстыра берілген.

Кілт сөздер: Сыпыра жырау, Тоқтамыс хан, Мұрын жырау, Сарайшық қаласы, фольклор, эпикалық бейне.

Аннотация: В статье рассказывается об одной из знаменитых личностей эпохи Золотой Орды Сыпыра жырау, даётся сопоставительный анализ данных из исторических источников и эпосов.

Ключевые слова: Сыпыра жырау, Тоқтамыс хан, Мұрын жырау, город Сарайчик, фольклор, эпический образ.

Annotation: The article considers the historical data and the data from the epic about one of the famous people of Altyn Orda era Syryra zhyrau in a comparative way.

Keywords: Syryra zhyrau, Toktamys khan, Muryn zhyrau, Saraishyk city, folklore, epic image

Сыпыра жырау туралы пікір айтқанда, оның өзге туысқан әдебиеттерде жасалған бейнесіне де көңіл аударып, салыстыра зерттеуге тиіспіз. Сыпыра жырауға әсіресе «Едіге» тарихи-қаһармандық эпосында мол орын берілген. «Едігенің» барлық ұлттық версияларда Сыпыра жырау бейнесі бар. Ноғайшада Сыпыра теңдесі жоқ шыншыл жырау, ақиқатты айтуда өлімнен де қорықпайтын мәрт адам ретінде көзге түседі. Жырау мұнда Едігенің ең жақын кеңесшісі, қамқоршысы ретінде көрінеді. Тоқтамыстан қашып құтыл деп кеңес беріп, оны өлімнен аман қалуына себепші болады. Башқұртшада Сыпыра Орал бойы халықтарының жасы үлкені, данышпан, ойшылы ретінде бейнеленген. Ол өзінің астарлы толғауында басқыншылықты, зұлымдықты өткір сынға алып, ел-халқы үшін жан қиған батырларды көкке көтере мақтайды. Сыпыра образын жасауда да жырды шығарған жыраулар асқан шеберлікке барып, қарама-қайшылықты бейне жасаудың үлгісін көрсетеді. Едіге мен Нұраддиннің батырлығын, адалдығын айта отырып, ханға оларды өлтіру жөнінде де ұсыныс жасайды. Мұны зерттеушілер әйгілі жыраудың ел тыныштығын ойлауынан деп түсіндіреді.

Сыпыра жыраудың аты «Едіге» жырының барлық ұлттық версияларында, «Ер Тарғын», «Мамай» (ноғай нұсқасында), «Қырымның қырық батыры» сияқты жәдігерлерде аталады. Осы жәдігерлерді айтқан жыршылардың барлығы Сыпыраны тарихта болған деп есептейді. Мәселен, «Қырымның қырық батырын» жырлаған Мұрын жырау өзінің арғы атасын Сыпыра деп есептейді. Оған қатысты әңгіме қылған жерлерінде қазақ, татар, ноғай, башқұрт ғалымдары Сыпыраны өмірде болған, XIII–XIV ғасырларда өмір сүрген тарихи тұлғаға жатқызады. Мәселен, Ә. Марғұлан: «Біздің дәуірге жақындаған сайын көне заман жыршыларының бейнесі айқын сипатқа ие бола бастайды. Қыпшақ руынан шығып, аты аңызға айналған Сыпыра жырау бейнесін XIV ғасырға жатқызған жөн», – [1,168 б.] десе, ноғай ғалымы Ә. Сикалиев: «Патриархом ногайских певцов и поэтов считается Сыбра йырау. ... Будущий крупнейшим мастером художественного

слова XIV в. Сыбра становится старонником барвей ногайских племен с ханоми Золотой Орды за создание независимого государства» [2,46 б.], – дейді. Башқұрт зерттеушісі Х. Кусайнов оны Орал мен Алтайдың атақты жыршысына жатқызады. Қазақтар оны Сыпыра жырау десе, татарлар Сұрғантайұлы Сыпыра, Сафардау, башқұрттар Сыбырай иырысы, қарақалпақтар Соппаслы Сыпыра жырау дейді. Белгілі қарақалпақ ғалымы Н.Дәуқараев Сыпыраны қарақалпақ жырауларының атасы деп бағалайды.

Біраз ғалымдар «Едіге батыр» жырының ұлттық версияларындағы «Мамай», «Ер Тарғын» жырларындағы Сыпыраның атынан берілетін толғауларды, монологтарды, диалогтарды жыраудың төл туындысы деп есептейді. Біздің ойымызша Сыпыраның көпті көрген сәуегей, білгір де көреген дана қарт бейнесінде сипатталуы оның елдік мәні зор әлеуметтік мәселелер көтергендігі, яғни көрнекті тарихи тұлға екендігі, XIV ғасырда өмір сүргендігі шындық. Тіпті Алтын Орда шегіндегі түркілердің жыраулық поэзиясының алғашқы негізін салушыларының бірі болуы да ғажап емес. Бірақ «Едіге» жырының ұлттық версияларындағы, «Ер Тарғын», «Орақ–Мамай» жырларының ұлттық версияларындағы Сыпыра айтты деген жыр жолдарын жыраудың төл сөздері деп кесіп-пішу жаңсақ нәрсе. Олай болған жағдайда батырлар жырындағы «Сонда Алпамыс сөйлейді, сөйлегенде бүй дейді», «Сонда Қобылан сөйлейді, сөйлегенде бүй дейді» дегеннен кейінгі тұрған диалогтар Алпамыс пен Қобыланды батыр шығарған жыр жолдары болып кетер еді. Сыпыра жырау айтқан жырлар бізге өз атымен жеке күйінде сақталып жетпеген. Жоғарыда аталған эпостың бәрінде жырау әдеби кейіпкер ғана. Осыған байланысты қазіргі күнде Сыпыраның жеке туындысы деп жүрген жырлардың ақиқаттығы мейлінше күмәнді нәрсе. Сыпыраның аты аталатын әртүрлі ұлт эпостарын тексеріп қараған уақытта оның жартылай эпос кейіпкері де, жартылай аңыз қаһарманы екендігі анықталады.

Қарақалпақ жыршыларының сөз етуіне қарағанда (Бекмұхамбет, Ерполат, Қияс) Сыпыра жырауды Тоқтамыс өз сарайына Едіге емес, Нұраддин арқылы алдырады. Бұл уақытта Сыпыра жырау 360 жаста еді делінеді. Тоқтамыстың кеңесшілері Нұраддинді Сыпыраны алып келуге жұмсағанда, негізгі мақсаты Нұраддиннің жер түбінде тұратын Сыпыраға жете алмай, өлуін көздеген болатын. Тоқтамыс Сыпыра әкемді көрген, сол қарияны тірі деп естимін, тыңдағым келеді деп сылтау қылады. Нұраддин жолдағы қаншама қиындықтарды жеңіп, Сыпыраға жеткенде оның қырық баласы әкелерінің жол жүруіне қарсы болады. Себебі жырау қартайған, төсектегі адам екен. Жырау балалары соңында іздеушісі жоқ Нұраддинді өлтіріп тастамақ болады, бірақ екі ортадағы ұрыста Нұраддин басым шығуына байланысты, үстіне әлденеше қабат төсек салынған шанаға мініп, Сыпыра хан сарайына келеді. Тоқтамыс оны қарсы алып, құрмет көрсетіп, ләген толы ділдә, жағасы алтын, жеңі зер тон сыйлайды. Өсиет, толғау айтуын өтінеді. Толғау айтқан жырау оның бас уәзірі Кеңжанбайдың (қарақалпақта Кенжембай) жаман қылықтарын әшкерелейді.

Кеңжанбайды құл дейді, құл баласы құлға ұқсайды дейді. Әлгіндегі ләгенге ділдә салып әкелуді хан Кеңжанбайға тапсырады. Ал оның пейілі тарылып, ләгенді ділдәмен емес, бағасы жоқ қара пұлмен толтырып, үстіне қызыл себелеп әкеледі. Міне, осы оқиғадан жырдағы Сыпыраның «Атаңа нәлет, Кеңжембай» деген толғауы пайда болады.

Атаңа нәлет Кеңжембай,
Атаң қара кісі еді,
Нан бергеннің құлы еді,
Енең жаман шоры еді,
Ас бергеннің күні еді,
Шыңғыстан қалған қазинеге,
Сен іркілмей барғандай,
Ата–бабаң кім еді? /3, 47 б./

Осындайлардың сөзі, билігі жүріп тұрғанда, «жесір қатын, жетім ұл ақсақ пен майыптың, мүсәпір мен ғаріптің, бұлардың күні неге ұқсар» деген сын айтады. Жыраудың осы сыны Өтенияз нұсқасында былай аяқталады:

Сөз сөйлеймін қара бек,
Менен саған сөз керек,
Астына қарап пұл салып,
Үстіне қызыл себелеп,
Алдаймын деп келдің бе
Атаңа нәлет, бәдірек, [4,79]

Жыраудың «Едіге» жыры ішіндегі тағы бір толғауы «Ауыз айғақ, тіл тайғақ». Ол толғау Есемұрат нұсқасында толығырақ берілген. Мұнда ол жыраудың монологынан тұрады. Бұл сөзін де жырау ханның рұқсатымен айтады. Толғаудың негізі мазмұны әртүрлі символдық образдармен жақсы күннің үнемі бола бермей, жаман күндердің де келетінін ұғындырып, бұл пікірін толған дарияның бір уақытта құрғап, табанының шаңы шығып қалуымен, жайқалған дарактың құрап қалуымен астарлай жеткізеді. Жыраудың астарлы сөзінің негізінде Алтын Орда мемлекетін ыдыраудан сақтап қалу керек деген меңзеу жатыр. Бұл монологтың ішінде тауып айтылған суретті сөздер негізгі айтпақ оймен астасқан.

Айналайын, ханием,
Арызымды есті, жанием,
Арызым саған айтайын
Айтпай саған қайтейін,
Патша деген атың бар,
Бір Алланың есімі.
Жан алсаң да қолыңнан,
Жан бермектік келмейді,
Ақиқат патша Алла еді,
Күнәм болса, өт ием,
Жазығым болса, кеш ием [5, 219 б.]

Есемұрат жыршының айтуында: «Онан соң патша бабаға қарап айтты: Әй, баба, сөйле, – деді. Онда баба айтты: Сөйлесем өлемін, – деді, өлсең

құныңды беремін, – деді патша. Үш мәртебе баба айтты, үш мәртебе хан айтты. Енді баба: Әй, балам, тілімде сөз болса, жағымда қуат болса, айтайын, – деді. Бір сөзге палуан баба, екі сөзге келгенде айта алмай қарыған, сусап қалған бабаның жақ сүйегін тоқсан қабат торқамен шарыған, әуелі тоқсан биден сөз қозғап, одан соң баба Шыңғыс ханның ар жағынан бір сөз айтты» [5,219 б.] делінген. Сыпыра толғауында хан айналасындағылардың алауыздығын, кемшілігін ел басқарудағы қиғаш істерін астарлай көрсетеді.

Ханның ұлы Қарауыл,
Бектің ұлы Шыңдауыл,
Ел ағасы Ағай би,
Жұрт ағасы Тағай би,
Балар ұлы Байназар,
Қожаның ұлы Қосназар,
Қожа менен Аллаға,
Күнәкар болып құдаға [5,219-б.].

«Едіге» жырының ішіндегі ұлттық версиялардың бәрінде кездесетін Сыпыраның «Қартыңмын» толғауы бір–біріне өте ұқсас. Біреуінде «кәріңмін» десе, екіншісінде «бабаңмын» деген сияқты азды–көпті айырмашылық қана бар. Сондай–ақ, бірінде 120–ға, екіншісінде 160–қа, үшіншісінде 360–қа келіп отырған жыраудың осы жерде тізбелеп айтатын көрген хандарының аттарында өзгешеліктер бар. Бұлардың бәрі эпос табиғатына сыйып кете береді. Эпостың әр жолынан тарихи шындық іздеу қате нәрсе. Себебі эпос көркем туынды, оның жанрлық табиғатына байланысты қалыптасқан айырмашылықтары бар. Бұл жерде эпостың айтайын деп отырғаны нақты тарихта болған хандардың есімі емес, жыраудың ұзақ жасағандығын білдіру. Даналығын сезіндіру. Жаңағы айтқан 120, 160, 360 та эпикалық сандар. Бұлар «көп» деген мағына береді. Яғни, Сыпыраның көп жасағанын меңзейді.

Сыпыра Тоқтамыстың алдына келіп, орнығып, жырлауға бет алғанда былай дейді: «Балаларым, жиырма бес жасымда дөнен серкенің терісінен жаптырған, қарағайды қақтап шаптырған қобызым бар еді. Сол қобызымның менен қалғанына бір жүз қырық жыл болып еді. Қобызымды менің қолыма алып берің. Егер қолымның күші жетсе, себіл қалған қобызымды күйлеп көрейін. Тілімнің қуаты жетсе, жан баламның алдында бес-алты ауыз толғап көрейін» [7,266], – деді. Бұдан әрі атақты жыраудың қолына ұстаған қобызын дастанда былайша сипаттаған: «Балалары қобызын бабаның қолына берді. Өне, баба екі жүз алпыс жасаған, қайыңнан қақтап шаптырған, сары атанның жақ терісін бетіне тартқан, айғырдың ту құйрығын таққан дөнен серкенің мүйізін тап ортасына талтайтып қаққан, жеті құралды біріктіріп, отыз екі күй тартқан, бабаңыздың ісі һәм хаққа жаққан, баба қолына қобызын алды» [7, 266 б.].

Сыпыраның өзі: «Өне, баба өңменін көтеріп, балаларын шақыруға ыңғайланды, бұл бабаның немересі, шөбересі, шөпшегі бір мың да екі жүз адамға толар еді. Балалары да жылдан жылға өніп өсер еді. Өскенінің белгісі

бабасын барлығы қатаң сыйлар еді, сыйлағанның белгісі ұшыр, пітір, садақа, зекетін сол бабасына бағыштар еді. Хан сыйлаған жақсылардан дұға алған, жеті сапар Қызыр көрген қасиетті адам еді, балаларының хақына дұға қылып көңілі қалмаған соң, дұғасы қабыл болып, әулеттерінің өрбіп–өсіп отырғаны содан еді» [7, 259 б.], – деп көрсетіледі.

Ал ноғай версиясында (М.Османов):

Алты ак боз ат джекдирип,
Алтын коьске мингизип,
Беллерин бота мынан бувдырып,
Явларын увла мынан увлатып,
Азувларын шыйратылган ший
Ийфек–минен шырматып,
Колтыгында джезлев таяк суьентип,
Колына алмас кондырып,
Козине зуьнбил суьртдирип,
Оьтирик–ялан демеске
Ийман шахадетин эскертип,
Алып келди джыравды [8,122], – деп

сипатталады.

Тоқтамыс ханның қасындағы кейбір аяр билер туралы атақты жырау (қарақалпақ нұсқасында) былай дейді:

Құл баласы құлға ұқсар,
Құлағы кесік итке ұқсар,
Ағай менен Тағайға,
Патшалықтың ықтияры тиген соң,
Жесір қатын, жетім ұл,
Бұлардың күні неге ұқсар.
Жұртты бұзды Тағайың
Елді бұзды Ағайың [7.34].

Хан қасында мұндай билердің жүруі Едіге мен екі ортадағы дауды ушықтырып жібергені байқалады. «Жесір қатын, жетім ұл, Бұлардың күні неге ұқсар» деген жолдар хан кеңесшілерінің ел арасына да іріткі салып, Тоқтамысқа қарсы наразылық тудыратынын аңдатады. Мұнда да тарихтың ізі бар. Жеме–жемге келгенде Тоқтамыс ту ұстаушысының Ақсақ Темірге сатылып кетуі, Ақтау бидің қиын шақта дау шығарып, қиғаш тартып, майдан алаңын тастап кетуі хан ордасында әлдебір алауыздықтар болғанын айғақтайды.

Қазақтың белгілі зерттеушілері, тарихшы, әдебиетшілері түгел дерлік Сыпыраның тарихта болған адам екеніне күмін келтірмейді. Бәрі де оның ұлы жырау болғанын мойындайды. Сыпыраны Мұрын жырау өзінің арғы бабасы деп есептейді. Академик Ә. Марғұлан: «Біздің заманымызға неғұрлым жақындаған сайын, ежелгі жыршылардың бейнесі соғұрлым шынайы суреттеле түседі. Әйгілі Сыпыра жырау бейнесі XIV ғасырға жатады. Сұрғалтайұлы Сыпыра жырау XV-XVIII ғасыр аралығындағы көптеген қазақ ақындарының көшбастаушысы, әрі ноғай-қыпшақ эпосының

(Ноғайлы жыры) негізін салушы. Тарихи аңыздарға және кейбір әдеби жазбаларға қарағанда Сыпыра жырау Жайық өзенінің жағасындағы, яғни осы қаланы көріп қайтқан Ибн Батути оны «Сарайшықта тұрған түркінің ұлы жыршысы» деп атаған [1,168 б.], – дейді. Сәбит Мұқанов: «Сыпыра жырау, Асанқайғы, Бұқар жыраулар ХІХ ғасырға дейінгі қазақ ақындарының символы, олар хан қасында отырып, батырды жырлаумен қатар, сол кездегі мемлекет мәселесін шешуге қатысады» [9,222 б.], – дейді. Қ. Сәтбаевтың айтуынша да «Сыпыра то бастаған дана, үздік шешен, қайтпас жігер, мұқалмас қайрат иесі. Халық қиялының төрешісі болған қарт жырау». Жыраулар поэзиясын зерттеген Мұқтар Мағауиннің пайымдауынша да Сыпыра өмірде болған адам. Профессор Х. Сүйіншәлиев: Әр түрлі деректерге сүйене отырып: «Сыпыра жырау Тоқтамыс ханның тұсында ХІV ғасырда өмір сүрген. Маңғыстау мен жайық бойын, Сарайшық қаласын мекендеген. Ол – Еділден Донға дейінгі Кубанның кең даласын, Арал теңізі мен Каспий жағасын, Қырым мен Кавказ арасын ен жайлаған қыпшақтар мен ноғай-қазақ ұлыстарының аты аңызға айналған перзенті» [9,217 б.], – деп тұжырым жасайды. Ғалымның пікірінше «Едіге» жырындағы жырау атынан айтылатын монологтар, толғаулар, Сыпыраның өз сөздері. Сыпыра ноғай мен қазақ, қарақалпақ пен татар, башқұрт халықтарына ортақ әдеби тұлға. Қорытып айтқанда, Сыпыра жырауға байланысты мәселенің зерттелетін тұстары баршылық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Марғұлан Ә. Қобызы болған халықтың // Жұлдыз, 1988. №6
2. Сикалиев А. Ногайский героический эпос. – Черкесск, 1994
3. Едиге. Ерполат варианты // Едиге. – Нөкис: Қарақалпақстан, 1990. – 400 б.
4. Едиге. Өтенияз варианты. – Нөкис: Қарақалпақстан, 2001. – 207 б.
5. Едиге. Қияс варианты // Едиге. – Нөкис: Қарақалпақстан, 1990. – 400 б.
6. Ногайдынъ кырк баътири. Эдиге. – Махачкала, 1991. – 158 б.
7. Едиге. – Нөкис: Қарақалпақстан, 1990. – 400 б.
8. Курмансейтова А. Байтеректинъ байлығы. – Черкесск: Карашай-Шеркеш китап баспасы, 1996. – 152 б.
9. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, – 2006.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР- БІЛІМ БАСТАУЫНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Тусупова Н.М. - №40 Зейнолла Қабдолов атындағы жалпы білім беретін мектеп, Атырау қ.

Андатпа. Бұл мақалада қазақ халқына тән асыл қасиеттер, тәлім-тәрбиенің түп қазығы, қайнар көзі ұлттық құндылықтар туралы айтылады.

Қазіргі уақытта қоғам өзгерісіне сай жас ұрпақтың тәрбиесіне, қазақ халқының мәдени-ұлттық құндылықтарын тарих сабақтарында кірістіріп, білім берумен қоса, тәрбиелеу мәселесі қарастырылған.

Түйін сөздер: тарих, ұлттық құндылық, рухани және материалдық мәдениет.

Аннотация, В этой статье речь пойдет о национальных ценностях, которые лежат в основе воспитания. В настоящее время в соответствии с изменениями в обществе, рассматривается вопрос воспитания подрастающего поколения, внедрения на уроках истории культурно-национальных ценностей казахского народа, а также воспитания.

Ключевые слова: история, национальная ценность, духовная и материальная культура.

Annotation. This article will focus on the national values that underlie education. Currently, in accordance with changes in society, the issue of educating the younger generation, introducing the cultural and national values of the Kazakh people in history lessons, as well as education is being considered.

Keywords: history, national value, spiritual and material culture.

Білім ордасы — жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие берумен қатар халықтың биік рухы мен ғасырлар бойы жинақталған мұраларын келешек ұрпақ игілігіне жеткізіп отыратын мәдени орын, ұлттық тәлім-тәрбие орталығы. Қазақ мектебінде ұлттық білім беру -ұлттың болашағына сәуле шашумен тең. Алайда қазіргі уақытта жаңа өзгерістерге, жаңалыққа жаны құмар жастарды қоғамның талабына сай тәрбие мен білім беру, оны отансүйгіштік, ұлттық құндылықтар арқылы жүзеге асыру, көкейтесті мәселелердің бірі болып табылады.

Мектепте жас ұрпақтың бойынан ұлттық құндылықтарды қалыптастыру – оқу мен тәрбие жүйесінің негізгі көзі, сондықтан қазіргі жаһандық қоғамға бет бұрып, әлемдік бәсекелестікке, оның сұраныстарына жауап беру жағдайында бұл мәселенің өзектілігі айшықтала түсуде.

Жалпы ұлттық мәдени құндылықтар деп нені айтамыз? Қарапайым тілмен айтсақ, ұлттық мәдени құндылықтар – белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни халық ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Адамдардың бойында қалыптасқан имандылық қадір-қасиеттер рухани құндылықтарға, ал адамдардың қолымен жасалған тұтыну заттары мен кәсібі материалдық құндылықтарға жатады[1, 31 б].

Құндылықтарға бейімделу, мойындау, әрбір азаматтың көңілінен орын алатын мәдениетті қарым-қатынас жасау жүйесі, жеке тұлғаның өмірлік мәні, бет бейнесі болып табылады. Әр халықтың өзіне тән, тарихи-әлеуметтік даму ерекшеліктерімен, өмір тіршілігіне, тұрмыс- салтына дәстүрлеріне байланысты дүниетанымдық, рухани- материалдық мәдениеттер қалыптасады. Ол ұлттық тәлім-тәрбиенің негізінде дамып

қалыптасады. Ұлттық тәрбие сол ұлттың мәдениетін дамытудың қозғаушы күші болып табылады[1, 26 б.].

Қазіргі кезең – ұлттық құндылықтардың жойылып бара жатқан кезі. Қай заманда болмасын сол қоғамға сай азаматты тәрбиелеудің бірден-бір жолы адамның рухани байлығын арттыру болмақ. Жаңа Қазақстан үшін бүгінде өзіндік қазақ өркениетін дамыту, экономикалық потенциалын өсіру салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін, менталитетін тағыда басқа ұлттық құндылықтар аясын кеңейту өзекті мәселе. Сонымен қатар, өзге халықтың мәдениетін түсінуді ең алдымен өзіңнің ұлттық мәдениетіңнің терең тамырын түсінуден бастау керек.

Соңғы жылдары алыс, жақын шет елдермен қарым-қатынас жасаудың жиілеуі, жастарымыздың шет ел университеттерінде білім алуы, қоғам дамуына әртүрлі әсер етуде. Жақсы жақтары көп, себебі жастарымыз жоғары деңгейде білім алуда, басқа елдердің мәдениеттерімен, салт дәстүрлерімен танысуда, шет ел тілдерін жетік меңгеруде. Ал нашар жақтары: ішімдік ішу, темекі шегу, есірткі қолдану, пайдаға құнығу т.б. Шет ел мәдениетінің жақсы жағынан гөрі, жаман жағының артуына рұқсатсыз әкелініп жатқан видеофильмдердің де әсері мол. Басқа да бұқаралық ақпарат құралдары: теледидар, баспасөз, радио, кино, жарнамаларда өз үлестерін қосуда, яғни, «озық батыс мәдениеті» деп қатыгездікті, нәпсіні, жауыздықты, өзімшілдікті дәріштейтін «өнер үлгілерін» көптеп көрсетіп, табыс көзіне айналдыруда. Осы жағдаяттарды ескере, қазақтың дәстүрлі әдеп жүйесіндегі оң құндылықтарын сақтай отырып, әлемдік ынтымақтастықтың жаңа үлгісін қалыптастыру керек.

«Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті», - дейді М. Жұмабаев. Сонда ол сол халықтың қаны мен жанын, рухын бойына сіңіреді.

Қазіргі кезеңде мектеп табалдырығынан бастап білім беруде ел тарихын терең қозғап, тәрбие сағаттарында қазақ зиялы қауымының еңбектерін, қоғам дамуына қосқан үлесін айтып түсіндіру арқылы оқушылардың адами құндылықтарын қалыптастыруға болады. Қазақстан тарихы пәнінде халықтың ұлттық мәдениетін оқыту 5 сынып оқулығынан басталып 11 сынып оқулығына дейін қамтылған. Халқымыздың ауыз – әдебиеті шығармашылығы ұрпақ тәрбиелеуге өлшеусіз үлес қосты, әліде үлес қосып келеді. Сол бай құндылықтардың ішінде патриотизмді дәріштейтін мұра- батырлық дастандар: Алпамыс, Қобыланды батыр, Едіге, Сырым батыр, Сақ тайпасы, Томирис, Шырақтың ерлігі, Ғұндардың Еуропаға жорығы, Мөде, Атилла патша. 7,8 сыныптарда «Ақтабан-Шұбырынды, алқакөл сұлама» кезіндегі елін жерін сырт жаулардан қорғаған Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай сияқты мыңдаған қазақ батырларына арналған көптеген дастандар, өз халқының мүддесі арман- тілегі, туған жер үшін жан аямаған батырларға деген халықтың сүйіспеншілігі, азаматтардың рухани жан дүниесінің беріктігі, ерлігі мен отаншылдық қасиетін бағалайтын асыл- қазыналары ақын-жыраулардың билердің татулыққа, адамгершілікке

елін сүйеге шақырған өлең- жырлары, шешендік сөздері оқушылардың бойына отаншылдық сезімде қалыптастыруда маңызы өте зор. Енді осы аталғандарға қоса, қоғам жастарының саналы тәрбие алуына қазақ халқының салт-дәстүрлері мен ырым-тыйым сөздерінің де құндылығы өте зор. Тарих сабағында мәдениет бөлімі аясында, қазақ халқының салт-дәстүрлері мен ырым-тыйым сөздерін жан-жақты қолданып, қазіргі білім мен тәрбие аясына енгізсек, жастарымызды әр ырымның астында тәрбенінің түп қазығы жатқандығын ұғындырсақ, жастардың тәрбиесінің жақсы бағытқа өзгеруіне бір серт болары анық.

Қоғамда жеке тұлғаның рухани- адамгершілік дамуы ұлттық дәстүрлерімізді меңгеруімен, құрметтеуінен туындайды. Қазақ халқы көшпелі ғұмыр кешкендіктен, тұрмыс-тіршілігі көбіне төрт-түлік малға байланысты болған. Мінсе-көлік, кесе киім, ішсе-тамақ. Сондықтан оған құрметпен қараған. Олардың иелері бар деп қасиетті санаған. Малға дауыс көтеріп ұрысуға, балағаттап, тіл тигізуге болмайды, иесі өкпелейді деп сенген. Сүйегін отқа жақса, тірі малдың сүйегі сырқырайды, сүтін төксе, малдың желіні іседі, сүті қайтады, жоқшылыққа ұшырайды деген түсінік бар. Осылардың барының негізі бар, осылайша жастарды кесірліктен сақтандырып отырған.

Қазақ халқының дәстүрлі ырымдары мен тыйым салуларында ғибрат, өнеге аларлық мәдениеттілік пен тазалыққа баулитын шектеулер аз емес. Мысалы, «Желіні баспа, аттама», «Сүттің, қымыздың, тамақтың бетін жауып қой», «Құрықты аттама», «Итті құрықтама», «Ауылға қарай шаппа», «Адамы жоқ болса да, үйге сәлем беріп кір», «Түнде суға барма», «Есікті қатты серіппе», «Өлген адамды жамандама, ғайбат сөйлем», «Қаққан қазықтарды суырып таста, ошақтарды, ұраларды көм деп кете береді. Қағулы қалған қазық, қазылған ошақ пен ор, ұра түнде жерген аттыға, жайылған малға, аң қуған атты кісіге қауіп деп білген. Қазір жиі кездесетін отырған жұртын ғана емес, жексенбі күні демалған жерін ластап, жыртылған газеттерін, консерві қалбырларын, бөтелкелерін орындарында тастап кететін адамдарға бұл ғибрат емеспе?![2, 42 б]

Ертедегі дәстүр бойынша жастардың қолын қусыртпайтын, екі қолын артына ұстатпайтын, екі кештің арасында жатқызбайтын, танертен күн шықпай тұрғызатын. Жер тепкізбейтін, ошақтан шоқ шығартпайтын, пышақты шалқасынан жатқызуға рұқсат етпейтін. Біреудің кемістігіне (соқырлығына, саңыраулығына, пұшықтығына, шолақтығына, асқақтығына және т.б.) күлдірмейтін, келеке еткізбейтін. Қос қолын төбесіне қоюға, дауыс шығарып есінеуге, адамға қарап керілуге тыйым салатын. Тырнақ алсаң, жинатып, қағазға оратып көмгізіп тастайтын. Мұнан соң, тырнақ алған пышақты жеті рет жерге сұққызып алатын. Бұларда гигиена, тазалық емес деп кім айта алады.

Қазақтың қалыптасқан дәстүрі бойынша аурудың кешке қарай көңілін сұрамайды. Құстың ұясын бұздырмайды. Қуыс үйден құр шығармайды, дәм ауыз тигізеді. «Жоқ» деген сөзді айтуға тыйым салады. Қазіргі ақылы

мотиваторлардың барлығына «ИӘ де», жоқ деген сөзден аулақ бол деген сөздерінің түп-тамыры біздің данлығымыздың бір пұшпағы емес пе?!

«Судай суық болып кетесіңдер» деп бір-біріне су шашқызып ойнатпайды. «Біреу қалың қалай?» десе, көңіліңді сұраса «Жаман» деп айтпа дейді. Үлкеннің сөзін бөлгізбейді, жүре тыңдатпайды. Баланың аяғын көкке көтертпейді. Баланың мәсілін қайырмайды. Қазақта «жеті атасын білмеген жетесіз» жеті атасын жаттатқан. Шежіреміздің өзі ұлттық генетикалық кодымызды сақтауға, оқушыларды бауырмашылдыққа, ұлтжандылыққа, ата-дәстүрді білуге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеуде өзіндік орны бар [3,113 б].

Атамыз қазақ «Сәлем- сөздің анасы» деп сәлемдесуге үлкен мән берген. Сондықтан үйге кіргенде, адамдар бір-бірімен кездескенде «Ассалаумағалейкум», яғни сізге «Алланың нұры жаусын!» деп, ерлер жағы қол алысып, төс қағыстырып амандасқан. Жас кісілер үлкендердің алдын кесіп өтпеуі керек. Үлкен кісілер ұрысса, онымен сөз жарыстырып тайталасу көргенсіздік саналған. Ата-анасына тіл тиген, жасы үлкен туысына қол жұмсаған жастардың бетіне күйе жағып, мойнына ескі қара құрым киізді тесіп кигізіп, қара өгізге, не есекке теріс қаратып мінгізіп, жетектеп жүріп ауыл-ауылды аралатып жазалаған. Халық ондай жастың бетіне түкіріп, теріс айналып кете беретін, онымен ешкім сөйлеспейтін. Бұл жаза кінәлі жасқа өте қатаң тиіп, басқалар ондайдан қашатын болған. Айтылған дәстүрлер, көптің азы ғана. Қазақстанның әр өңірінің салт-дәстүрінде де, кейбір ырым-тыйым сөздерінде айырмашылықтар байқалады. Алайда ең басты негізгілеріне мән беріп, тарих сабағында ашып түсіндірсек:

- оқушылардың ұлттық сана- сезімін қалыптастырамыз;
- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялатамыз;
- ұлттық рухын дамытамыз;
- ана тілімен діңін оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін рухани мәдени мұраларды қастерлеуге үйретеміз[4, 56 б];

Біздің тәрбие жұмысымен ұзақ жылдар айналысқанда байқағанымыз, қазіргі жастар халықтық педагогиканың қағидаларын біле бермейді, халықтың наным-сенімдеріне, тыйымдарына көбіне-көп мән бермейді, ол талаптарды орындамайды. Оларға ескінің қалдығы деп қалайды. Ал дұрысында ғасырлар бойы жинақталып өмірлік тәжірибеден өткен халықтық қағидаларды білгеннен, оның талаптарын орындағаннан ұтпасақ, ұтылмаймыз. Елімізде көп тілді меңгеріп осы заманғы ақпараттық технологияны еркін игерген жас ұрпақ өсіп келеді. Ал олардың ертеңгі күні төл тарихын білмейтін, ата -бабасын танымайтын өздерінің ұлы мәдениет мұрагерлері екенін түсінбейтін, жаны жалан ұрпақ болмауына біздер, ұстаздар қауымы жауаптымыз.

Әдебиеттер тізімі:

- 1.Қазақстан тарихы- әдістемелік журналы (2021 жыл №9 журнал)
- 2.Қазақстан тарихы – әдістемелік журналы (2018 жыл №6 журнал)

3. Әбілқасов, Ғ. Ұлттық құндылықтар ұлағаты: Монография. - Қарағанды, 2017.

4. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. 1-5 томдар. Алматы «Атамұра»-1996 ж.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ІШКІ ТУРИЗМ САЛАСЫНЫҢ ДАМУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Кабиева Н.С.- №40 Зейнолла Қабдолов атындағы жалпы білім беретін мектеп, Атырау қ.

Аңдатпа. Мақалада Қазақстандағы ішкі туризм индустриясының даму проблемалары, Қазақстанның ішкі туризмінің қазіргі жағдайы, Қазақстандағы ішкі туризм саласының даму мүмкіндіктері қарастырылады. Авторлар Қазақстанның ішкі туризмінің қазіргі таңдағы жағдайына шолу жасау жолдарын талдаған. Шетелдік тәжірибені пайдаланудың мақсаттылығы анықталды.

Түйін сөздер: туризм, турфирма, маркетинг, интенсив.

Аннотация. В статье рассматриваются проблемы развития отрасли внутреннего туризма в Казахстане, современное состояние внутреннего туризма в Казахстане, возможности развития отрасли внутреннего туризма в Казахстане. Авторы проанализировали способы обзора современного состояния внутреннего туризма в Казахстане. Определена целесообразность использования зарубежного опыта.

Ключевые слова: туризм, турфирма, маркетинг, интенсив.

Abstract. The article deals with the problems of development of the domestic tourism industry in Kazakhstan, the current state of domestic tourism in Kazakhstan, the possibilities for the development of the domestic tourism industry in Kazakhstan. The authors analyzed ways to review the current state of domestic tourism in Kazakhstan. The expediency of using foreign experience is determined.

Key words: tourism, travel agency, marketing, intensive.

Қазақстан – бұл Еуразия жүрегінде орналасқан сонау үлкен жерді қамтитын, онда бұрынғы заман мен бүгінгі күн көршілес тұратын, шығыс дәстүрлері батыспен ұштаса отыратын мемлекет! Соңғы кездері Қазақстанға, туристік бағдар ретінде, әлемдік қызығушылық есейіп барғандықтан, көбірек саяхатшыларды тарту үшін, жергілікті туроператорлары ұсынатын қызмет түрлері жылды жылға ұлғайып барады. Бүгінгі күні Қазақстан туризмнің барлық түрлерін ұсынады - танушылық, көңіл көтеретін, этникалық, экологиялық және тағы басқалары.

Туризм – мемлекет жарнамасы. Қазіргі таңда дүниежүзілік мәнге ие болып отырған бұл сала тек көркем табиғатымен ғана шектелмей, тарих пен археологиялық қазбалардың, мәдениет пен өркениеттің, ел мен жердің, сәулет пен ескерткіштердің тартымдылығы мен ерекшеленіп отыр. Осы тұста еліміздің туристік шаңыраққа айналуына әбден мүмкін деген болжаумен келісуге болады. Себебі, әр аймақтың өзіне тән тарихы, археологиялық қазбалары, табиғаты, елі және салт-дәстүрі бар. Дәл осы тәрізді біздің көркем де, әсем жеріміздің түкпір-түкпірінде өзіне ғана тән гаухарларын табуға болады. Мәселен, Жамбылдың Мыңбұлағы, Көкшетаудың Оқжетпесі, Алматының шөлейт аймақтарында орналасқан Тамғалысы және басқа да аты аңызға айналған жерлерді айтуымызға болады. Өкінішке орай, туристердің көпшілігінің әуелі танысып өтетін интернет беттерінде Қазақстанның барлық туристік жерлері туралы біліп, танысуларына мүмкіндік жоқтың қасы. Қызығушылық тудыратындай айтылмаса, жазылмаса, көрсетілмесе шетелдік емес, жергілікті азаматтардың да жеріміздің әсем жерлеріне баруы қиын-ақ, және еліміздің ішкі туризмі өкінішке орай әзірге мақтанып айтарлықтай дәрежеде емес. Сол себепті де Қазақстанда қазіргі таңда көтеріліп жатқан өзекті мәселелердің бірі – туризм болғандықтан, біз дәл осы Қазақстанның ішкі туризмінің бүгінгі жетістіктері мен кемшіліктерін қарастырғанды жөн санадық.

Жұмыс барысында Қазақстанның ішкі туризмін мына тұстардан қарастырсақ:

- Ішкі туризм индустриясының даму проблемалары
 - Қазақстанның ішкі туризмінің қазіргі жағдайы
 - Қазақстандағы ішкі туризм саласының даму мүмкіндіктері
 - Ішкі туризмнің дамуының алғы шарттары
 - Қазақстанда қазіргі кезде кездесетін туристік аймақтар
- Осыған байланысты рефераттың негізгі мақсаты мынандай бөліктерден тұрады:
- Қазақстандағы ішкі туризм дамуының мүмкіншіліктерін қарастыру;
 - Қазақстанның ішкі туризмінің қазіргі таңдағы жағдайына шолу жасау;
 - Қазақстанның ішкі туризм саласының даму мүмкіндіктерін қарастыру.

– Ішкі туризм дамуының алғы шарттарын белгілеу

Туризмнің дамуы барлық жақтан қарап келгенде де тек оң әсерін тигізеді. Мысалға, мұнай өнеркәсібі қоршаған ортаны қатты ластайды, жергілікті тіршілікке үлкен зиянын тигізеді. Ал, туризм саласы, керісінше табиғаттың тазаруы мен күтілімін талап етеді, осыдан туристік кәсіпорындар қызметі тек жалпы экономикаға емес, сонымен қатар, қоршаған ортаға да өз пайдасын тигізеді. [1,3 б]

1. Туризм туралы түсінік

Қазіргі уақытта адам қызметінің түрлі формалары бар, олар жалпы жағдай жасауға және әлемді тануға бағытталған. Халық тұрмысының жақсаруы жаңа әлемді ашуға адамның қажеттілігін, соның ішінде саяхатқа құштарлығын арттырады. Саяхат деген ол – туризм. Туризм тек орын

ауыстыру емес, ол көптеген экономикалық және әлеуметтік аспектілерді құрайды. Соңғы он жылда туризм мықты дербес индустрияға айналды. Дүниежүзілік Туристік Ұйымның мәліметтері бойынша туризм әлемнің өндірістік-сервистік нарық айналымының 10 пайызын қамтамасыз етеді. Туризм сферасына әлемдік ұлттық жиынтық өнімнің 6%, әлемдік инвестицияның 7%, әр 16-шы жұмыс орны, әлемдік тұтынушы шығындарының 11%, барлық салық түсімінің 5% келеді. Бұл сандар туризм индустриясының экономикаға тікелей әсерін көрсетеді.

Туризм түсінігіне теориялық және практикалық тұрғыдан нақты анықтама берілуі керек.

Көптеген авторлар туризмге толық анықтама беруге тырысты. Әр пікір өзгеше болып табылады және бұл терминнің көптеген өлшемін көрсетеді. Алайда туризмнің әр түрлі түсіндірмесін жинақтап қорыту, белгілі бір «оптимум» таңдау өте қиын. [2,56]

2.Қазақстандағы ішкі туризм саласының даму мүмкіндіктері

Халықаралық мамандар қазіргі туризмді құлдырауды білмейтін әлемдік экономика саласына жатқызады. Кіріс жағынан ол тек мұнай экспорты, мұнай мен автомобильге ғана жол береді. Шикізат сату елдің энерго тасымалдаушыларын шығынға ұшыратады, ал туриндустрия жанданып келе жатқан ресурстарда жұмыс істейді. Осыдан келіп туризмді дамыту шикізат сатудан тиімдірек пе деген ойға еріксіз берілесің.

Сонымен қатар Қазақстанның ішкі туризмі – мемлекетіміздің жарнамасы болып табылады. Алайда соңғы жылдары кіріс және ішкі туризмге деген сұраныс өсуде. Халықаралық талдаушылар мен мамандардың ойынша туризм де Қазақстанның өсуі мен өркендеуіне зор ықпалын тигізеді. Осы орайда Алматының туристік инфрақұрылымы елеміздегі ең дамыған инфрақұрылым болып отыр. Алматының туристік қызметтері даму үстінде: 600 жүзден астам туристік агенттіктер бар, 80-нен астам шетелдік компаниялармен байланыстар орнатылған. Өткен жылғы көші қон қызметінің көрсеткіші бойынша қаламызға көпшілігі «іскерлік туризм» өкілдері арқылы алыс және жақын шет елден 76000 қонақ келген. Туристік агенттіктер туристерге қызмет көрсету арқылы мемлекеттік бюджеттің кірісін ұлғатып отырғандығын байқатуды. Туристік агенттіктері арқылы туристік қызмет көрген туристердің саны күні бүгінге өсіп келеді. Ішкі маршруттық көрсеткіштер 3,3 есе өсті.

Қала әкімшілігі туризм дамуына ерекше көңіл бөліп отыр. Алматының туристік индустрия орталығына айналуы қазіргі таңдағы ең негізгі мәселе.

Алматының әсемдігін біз басқа елден келген туристерге көрсетіп, оларды қонақ-жайлылықпен қарсалып, олардың көңілдеріне жақсы әсер қалдырып, Алматы жайында өз елдеріне жеткізіп, қайтадан келулеріне ықпал етуіміз қажет.

Туризм басқа экономикалық сектормен салыстырғанда мультиприкаторлықтың аса үлкен пәрменділігіне ие. Ол тікелей және жанама түрде экономиканың 32 секторына әсер етеді (бұл турфирмалар, көліктің барлық түрлері, қонақүй кешендері, тамақтандыру жүйесі, демалыс

үйлері, санаториилер, ұлттық кәсіптер, парктер және тағы басқалары). Онымен қоса-бұл әлемдік өндірістегі әрбір тоғызыншы жұмыс орны.

Шетелдік туристерге қызмет ету бастапқыда азғана турфирмаларды қызықтырған еді. Туризмнің бұл саласын дамыту көп қаржылай салымды талап етті. Бұл жағдайдың теріс қыры Қазақстанның туризм объектісі ретінде имиджінің қалыптасуының концепциясының жоқтығынан күшейе түсті. Квалификацияландырмаған басқару басқа проблемаларды тудырды; әкімшілік формальды істердің қиындауы (визалар, шетелдік азаматтарды тіркеу, кеден процедуралары), дамымаған инфрақұрылым, қатаң салықтық режим, тұрғылықты халықтың туристерді бейбітшілікпен қабылдамауы. Тіпті интернет жүйесінде Қазақстанды туристерге қауіпті елдердің тізіміне кіргізген мәліметтер де шыққан.

Елге келетін туристер санын көбейті мақсатында туристік ұйымның шетелге шығарған туристің саныелге келетін туристік азаматтар санымен теңесуі керек айла да қолданып көрді. Бұл іске тек қана жекеменшік турбизнес өкілдері ғана емес, сонымен қатар шетелдіктер декарсы болды. Солардың біреуінің ойынша, "тек сауатты ойластырылған саясат қана жағдайды өзгерте алады және 25 пайызға емес, барлық 50 пайыз".

Қазақстанда әуе жолдары да жақсы дамыған, бірақ авиабилет бағасының қымбаттығы Қазақстанның туристік өнім бағасын үлкейтеді, ол сәйкесінше халықаралық рынокта бәсекелестігін төмендетеді. "Мұнай өнімдерін өндірмейтін Қырғызстанда авиабилет құны мұнайлы ел Қазақстандікімен салыстырғанда екі есе арзан" деген болатын қазақстандық турфирмалар.

"Туризм" жайлы жаңа заңның шығуы туристік салада көп өзгерістерге әкеледі деп сендіреді. Мамандардың ойынша, жаңа заңда негізінен ішкі және сыртқы туризмге көп көңіл бөлінген. Екінші баптың он бесінші тармағында кәсіпкерлер арасында түсінбеушілік пен аландаушылыққа әкелді, онда "құзырлы орган соттың араласуынсыз турфирманың лицензиясын алты айға дейін тоқтата алады" делінген. Құзырлы органдардың басқару тетіктерін өздеріне қалдыруға тырысуы түсінікті, бірақ бұл шенеуліктер тарапынан өз міндетін асыра пайдалануға әкелуі мүмкін. Алматы Туристік Фирмалар Ассоциациясы "турфирмалар мен атқарушы билік арасындағы дауды тек қана сот шеше алады" деген ойда. Заң бәріне бірдей - атқарушы билік үшін де, кәсіпкерлер үшін де.

Дүниежүзілік Туристік Ұйымның үшінші мың жылдықта кеңестік республикаларға қатысты оптимистік болжамы бізді әлемдегі ең жемісті ел болуға сендіреді. Бірақ қазақстандық турөнім, елдің өзі тәрізді көпке белгісіз болып қалуда. Шетел сарапшылары айтқандай Қазақстан басқа елдерден ерекшеленіп тұратын "нақты" турөнім жасамағанша туристік қызметтер рыногында өз орнын таппайды деген. Кейбір ерекшеліктер қазірдің өзінде көрініп тұр. Біздің турөнімнің екі базалық компоненті бар: Жібек жолындағы мәдени туризм (дәстүрлі және сиынушылық) және сонымен тығыз байланысқан экооқығалы туризм, (сафари, рафтинг,

орниталогия, альпенизм, аң аулау, балық аулау). Ең жемісті облыстар - Алматы, Оңүстік Қазақстан, Жамбыл, Шығыс Қазақстан.

XXI ғасырда ең бағалы болатын бес бағыт бар: круиздер,

Қазақстандық турбизнесінің ерекшелігі оның әртектілігі. Бұл рыноктың тағы бір кемшілігі- кәсіподақтарда және мемлекеттік құрылымда ақпараттық-аналитикалық орталықтың жоқтығы. Туризмде жұмыс істейтін салалар арасында ақпараттық вакуум пайда болды. Турфирмалар жетістіктерге жету жолында бағыттарды ізденуде. Туризм құрылымдары мен түрлі ведомствалар жеке жоспары мен жарғыларын анықтайды.

Қонақ-үй секторы өзінің баға саясатын орнатады.

Ұлттық мемлекеттік парктер "делдалсыз" халықаралық рынокқа шығуға тырысады. Авиаринок өзінің заңдарымен өмір сүреді.

Қазақстандық елшіліктер мен өкілеттіліктер өз істерімен айналысады.

Кәсіптік экскурсоводтар санаулы ғана қалды. Осы үлкен тізбекте байланыстырғыш звено жоқ. Одан басқа әлемдік туриндустрия үшін Қазақстан белгісіз тақырып болып тұр. Рыноктағы қатысушылар туралы, ұсыныстар мен сұраныстар туралы шынайы жағдай көрсетілген мамандандырылған басылым жоқ. Тіпті туроператорға жарнамалық ақпаратты бастыруға басылым болмайды. Халықаралық көрмелерге қатысу үлкен өзгеріс әкеле қоймайды, ал ондай көрмелерге кез-келген турфирма қатыса алмайды. Объективті ақпарат жоқ, сондықтан - маркетингтік зерттеулер жоқ. Осыдан барып мемлекеттік менеджмент дамымайды. [3]

3. Ішкі туризмнің дамуының алғы шарттары

Адам мен оны қоршаған орта арасындағы қарым-қатынас қарама қарсы. Бір жағынан адам мен қоршаған орта арасындағы қиын комплексті қарым-қатынас, екінші жағынан ғылыми-техникалық прогрестің әсерінен адам қызметінің табиғатты түрлендіруінен болатын қоршаған ортаның интенсивті өзгеруі.

Туризм адам мен қоршаған орта арасындағы қайшылықтарды жоюға бағытталған. Алайда мемлекеттегі жаңа нарықтық жағдай ішкі туризмді дамытудың проблемаларын, әсіресе әлемдік туристік нарықтағы бәсекелестік жағдайын үлкейтті.

Мемлекеттегі қиын экономикалық және қаржылық жағдай туризмнің әлеуметтік мәселелер аспектілерін қиындатты:

- өмір сүру деңгейінің төмендеуі;
- тура табыстың қысқаруы;
- қазақстан халқының табысының шуғыл дифференциясы;
- тұрғындардың сатып алушылық қабілетінің төмендеуі;
- өмір сүру минимумынан табысы төмен тұрғындардың үлкен бөлігі.

Мәдениетке архитектура, өнер, тұрмыс және т.б. жатады. Ал туризм адаммен жасалған мәдениет орындарына сүйенеді. Яғни тек табиғи ресурстарды ғана емес, мәдени және мәдени мұра ресурстарын пайдаланады.

Мәдениет және туризм қарым-қатынасын екі аспектіде қарастыруға болады:

1. Мәдениеттің туризмге әсер етуі.
2. Туризмнің мәдениетке әсері.

Мәдениеттің туризмге әсері бірқатар жағдайларға байланысты, олар:

- белгілі территорияда материалдық жағдайының болуы;
- әлеуметтік инфрақұрылымының дамуы, сонымен қатар мәдениет саласы;
- тарихи-мәдени, архитектуралық-этнологиялық, археологиялық және т.б. ескерткіштердің орналасу орны;
- ғылым-білім потенциалының болуы.

Белгілі территорияның материалдық жағдайының болғандығын мәдениеттің туризмге әсер етуінен материалды инфрақұрылымның дамығандығын айқындайды (инженерлік, агротехникалық, сызықтық құралдар). Бұл объектілерде мәдени қызметтің негізі қаланады.

Әлеуметтік инфрақұрылымның тұрғысынан бұл әсер ерекше айқындалады. Н.Ф. Голиковтың анықтамасы бойынша оған мәдени-тұрмыстық бағыттағы, денсаулық сақтау, білім беру, демалу объектілері және т.б. жатады. Аталған объектілерден демалыс - әлеуметтік инфрақұрылымның негізгі бөлігі болып табылады. Адамдар демалысты күнделікті ауыр жұмыстан өзін босату деп түсінеді. Демалыс орны рекреациямен бірдей ұғым, өйткені соңғы сөзіміз «демалу», «тынығу» дегенді білдіреді. Сондықтан демалыс әлеуметтік инфрақұрылымның негізгі функциясы ретінде көптеген мәдени аспектілерді қамтиды.

Тарихи-мәдени архитектуралық-этнологиялық, археологиялық және басқа ескерткіштер орналасу жағынан туризмге әсері әр түрлі бола алады. Бұл Қазақстанның барлық территориясы көне ескерткіштердің көптігімен сипатталады. Мысал ретінде, Қазақстанның «Ұлы Жібек жолы» бойында орналасқан туристік орталықтарын айтсақ болады. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президентінің «Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта өркендету, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау және сабақтастыра дамыту, туризмнің инфрақұрылымын жасау» атты мемлекеттік бағдарламаға жарғы қабылдауы туризм индустриясын және қонақжайлылықты дамытуға және қалыптастыруға себеп болып отыр.

Ғылым-білім потенциалының болуы мәдениеттің туризмге әсерінің бастапқы нүктесі болып табылады. Туризм өзінің танымдық функцияларын қоса туристерді қабылдаушы мемлекет тұрғындары ғылым және білім негізіне сүйену керек. Сондықтан Қазақстанда жоғары квалификациялы кадрлар көп болса, резидент емес туристерді мемлекетке тарту мүмкіндігі де көп болады. Тұрғындардың ғылым-білім потенциалы дегеніміз - тек кәсіптік білім категориясы ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің тарихын және салт-дәстүрін, әр түрлі өнердің және қолөнердің түрлерін меңгеру, бірнеше шет тілін білуі керек. Бұл резиденттердің және резидент емес туристердің жақын қарым-қатынасын айқындайды.

Туризм табиғи, мәдени объектілердің болуын ғана емес, сондай-ақ басты фактор жұмыс күшін анықтайды. Қазіргі кезде әлемде туризм индустриясында 212 миллион жұмыс орны бар, ал кешелектегі он жылда оның саны 338 миллионға дейін өсуі ықтимал.

Жұмысшыларды туристік салаға нәтижелі тарту үшін еңбек биржасында есепте тұрған жұмыссыздарды тарту керек. Қазіргі кезде Қазақстанда еңбек нарығында қиын жағдай қалыптасты. Экономиканы қайта қалыптастырудың нәтижесінде көптеген жұмыс орындары қысқарды, яғни жұмыссыздардың саны көбейді.

Халықаралық маңызы бар «белсенді» жобаларды іске асыру

Түрлі еуропалық және азиялық нарықтадағы ахуалды зерделеу нәтижесінде мынадай қорытынды шығаруға болады:

Тұтастай алғанда Орталық Азияның және дәлірек айтқанда Қазақстанның әлі де болса жаңа халықаралық туристік бағыттар бөлігінде белгісіз болып қалып отыр;

“Қазақстан” сөзі жиі танылады, бірақ әлі де арнаулы туристік имиджі жоқ; [4]

Қорытынды

Қазақстан Республикасында ішкі туризм әлі де болса бір тұтас индустрия ретінде қалыптаспаған. Бірақ туризм саласына мемлекет белсене қатысатын болса, Қазақстан экономикасындағы үлкен табысты шаруашылыққа айналдыруға болады. Әрине 5 жыл өтсін, 10 жыл өтсін деген ой-пікір болмайды, бірақ осы салада оң өзгерістер қалыптасып келеді, әлемнің туризм саласы дамыған елдерден үйрену керек, өзіміздің мамандарды дайындау қажет және де өзіміздің үйімізге махаббатпен, сүйіспеншілікпен қарауымыз керек. Толығымен айтсақ мынандай қорытынды шығаруға болады:

1. Қазақстанда ішкі туризмді дамыту бағытында аса ірі потенциалды мүмкіншіліктер бар, бірақ ішкі туризмнен түскен табыс ұлттық табыстың 0,1%-ын ғана құрайды. Республикамыз көп ғасырлық салт дәстүріне, ғажап архитектуралық құрылыстарына, қызықты мәдени ескерткіштерге, мұражай жүйелеріне, мәдени мекемелеріне және фальклорлық этнографиялық халықтар ассамблеяларына, өсімдіктер дүниесімен жануарлар дүниесіне, климаттық және туристік зоналарына, табиғи ландшафтыларға ие. [5]

Соңғы кезде халықаралық туристік индустрияда көзқарастың оң өзгеру тенденциясы байқалып, яғни халқы тығыз емес және өзіндік мәдени ерекшеліктері бар елдерге қызығушылық байқалып отыр.

2. Қазақстанның туристік дамыту бағыты маусымдық қана, сондықтан біздің туристік фирмалар көрсетіп отырған туристік қызметті диверсификациялау және туристік өнімді модернизациялау керек.

3. Туристік өнімнің жылдам қозғалуына жарнама үлкен әсерін тигізеді. Қазақстандық туристік фирмалар бұқаралық ақпараттар құралдарындағы рекламаны жақсы қолдануда және де интернетте тиімді пайдалану қажет.

4. Туризмнің әлеуметтік мәдениетке әсері зор. Туризм индустриясын дамыту жаңа жұмыс орындарының пайда болуына, шетелдік валютаның мемлекетке түсуінің өсуіне, ірі және кіші мекемелердің дамуына, жергілікті транспорттық инфраструктураның жаңаруына, оның ішінде байланыс және сервистің дамуына алып келеді. Осы дамуымен жергілікті, аймақтық және халықаралық экономикалық, саяси байланыстарды жақсартады.

5. Туризм қоршаған ортаның едәуір жақсаруына әсерін тигізеді, себебі туризм қоршаған ортамен тығыз байланыста.

6. Фирмалардың көп бөлігі шығу туризміне жұмыс істесе, кейінгі кезде келу туризміне жұмыс істеуші фирмалар санының көбею тенденциясы байқалуда (90% және 10%).

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстандағы ішкі туризм саласының даму мүмкіндіктері. Т.Кіршібаев. Ақпарат дереккөзі: https://massaget.kz/mangilik_el/40929/
2. Туризмді жеке экономикалық сала ретінде зерттеу. Ақпарат дереккөзі <https://stud.kz/>
3. Туризм мемлекет жарнамасы. <https://ontustiktv.kz/kz>
4. С.Сұрағанова, Б.Сабатаева «Туризм инфрақұрылымы», Алматы 2012 жыл.
5. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. <https://kk.encyclopedia.kz/index.php/https://kk.encyclopedia.kz/index.php/>

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ТӘРБИЕ НЕГІЗІ

Коркитова С.М. - №40 Зейнолла Қабдолов атындағы жалпы білім беретін мектеп, Атырау қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ халқына тән ерекше ұлттық құндылықтарға сипаттама беріліп, қазақ халқының дәстүрлі тәлім тәрбиесін жетілдіру жолдары айтылады.

Түйін сөздер: тарих, ұлттық құндылық, тіл, діл, дін.

Аннотация. В данной статье описаны уникальные национальные ценности казахского народа и пути совершенствования традиционного образования казахского народа.

Ключевые слова: история, национальная ценность, язык, религия, религия.

Annotation. This article describes the unique national values of the Kazakh people and ways to improve the traditional education of the Kazakh people.

Keywords: history, national value, language, religion, religion.

Жалпы адамзаттық құндылық – белгілі бір дүниенің маңыздылығы, мәнділігі, құндылығы. Құндылықтар дүниесі жеке тұлғаның дүниетанымына негізделген іс әрекет пен тұрмыс-тіршілігін сипаттайтын, өмірлік ұстанымының беріктігін анықтайтын, адамзатқа қоғамға, имандылыққа, білімге, ғылымға, өнерге қатысты, өзі терең түсініп қабылдаған, ішкі және сыртқы әсерлерге байланыста, биік мақсат көздеген ізгі қасиеттердің өмір сүру барысындағы көрінісі деп тұжырымдауға болады. Қазақ қоғамының өмір сүру салтында рухани құндылықтарды жоғары бағалау, өскелең ұрпақты соған баулу мызғымас дәстүрге айналған.

Жеке тұлғаның рухани-адамгершілік құндылығы: оның сүйіспеншілік, қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, әділеттік, шығармашылық, еркіндік, борыш сезімдеріне, шығармашылық мүмкіндіктеріне негізделген ішкі жан дүниесінің көрініс табуы десе де болады. Қазақ халқы-зор рухани байлықтың мұрагері.

Ұлттық құндылықтар ол әрине – тарих. Белгілі бір елдің тілі, ділі, діні, жазуы, мәдениеті және өнері. Ұлттық құндылық белгілі бір халықтың қалыптасу кезінде жинаған мұраттары мен мақсаттары нәтижесінде туындаған көрінісі. Сан ғасырлар нәтижесінде қалыптасқан өзіндік ерекшеліктері. Және осы ұлттық құндылықтардың әрбір халық өмірінде алатын орны да өзгеше. Яғни, халықтың ғасырлар бойы жүріп өткен жолы, тұрмыс-тіршілігі, салт-санасы, әдет-ғұрпы.

Көптеген ғасырлар бойы қазақ халқының өзіндік бірегей әдет-ғұрыптары мен салт дәстүрлері қалыптасты. Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері отбасылық құндылықты сақтауда және түрлі қоғамдық қарым-қатынастарды қалыптастыруда үлкен рөл атқарды. Қазақ халқының ұлттық құндылықтары жөнінде көптеген өзге ұлт өкілдерінің де этнографиялық еңбектері баршылық.

«Қырғыздардың (қазақтардың) ерекше қабілетке ие екендігіне еш күмән жоқ. Бұл халық бүгінгі күні өзінің бірегейлігін сақтап қалған. Халық шығармашылығының үлгілері: мақал-мәтелдер, ән мен күй, ертегілер, жұмбақтар, тарихи әңгімелер т.б. туындылар халықтың бай тарихының бар екенін айғақтап, болашақ дамуының кепілі болып табылады. Бостандыққа, еркіндікке ұмтылу, кішіпейілділік, білімге құмарлық-қырғыздарға (қазақтарға) тән қасиеттер...» деп А. Васильев қазақ халқының ерекше қасиеттеріне тоқталған. [1, 28-29 беттер]

Ал, енді осы ұлттық құндылықтарды сақтау жолына тоқталатын болсақ, ұлттық болмысқа құндылықтарды сіңіру үшін әр адам өз отбасынан бастауы керек. Өсіп келе жатқан бүлдіршін кезінен үлкенді сыйлауға, ана тілінде таза сөйлеуге баулысақ, есейгенде де сол құндылықтарды дәріптеп жүретін боламыз.

Қазақ халқындағы ұлттық құндылықтарды адам бойындағы қасиеттерден байқауымызға болады. Мысалы, әрине қыз баладан биязылық, ізеттілік, нәзіктік сияқты қасиеттерді көруге тырысуы. Ал, ұл балалардан

батырлық, қайсарлық, тік мінезділік пен турашылдық сынды қасиеттердің болғанын қалаған. Балаларын да сәби кездерінен осы бір құндылықтарды дәріптеп, баулып өсірген, осындай тәрбие арқылы қалыптастырған. Ұлттық құндылықтар – әрбір ұлттың ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа мирас болған адамгершілік қағидаттары. Ғасырдан ғасырға жеткен халықтың қазынасы – тілі, салт-дәстүрі, әдебиеті, өнері жалпы ұлтымыздың байлығы. Ұлттық құндылық, ұлттық патриотизм – әрбір адамды, әрбір халықтың өзіндік ұлттық ойлау қабілеті, ұлттық әдет-ғұрып, ұлттық салт дәстүр қоршауында сақтайтын негізгі рухани байлық көзі. Тіл, діл, дін-санамызға рухани құндылықтардың сәулесін шашар сауыттар іспеттес. Осы аталмыш қасиеттер ұлттың ұлағатты ұрпақ өсіруіне бірден-бір қажетті құнарлылық. Жалпы ұлттық болмыс, оны насихаттау әрбір отбасы тәрбиесінен бастау алмақ. Халқымыз ұрпақ тәрбиесіне, жалпы адам тәрбиесіне терең мән беріп, оның ұтымды, бұлжымас қағидаларын, ережелерін қалыптастырған халық. Бұл ережелер көзге көрінбейтін астарлы құбылыс сияқты ұлттық салт-дәстүрлердің аясында жүзеге асып отырған. Тәрбиені сәби ана құрсағында жатқаннан қолға алған халық өз ұрпағының тағылымды, парасатты болып өсуіне аса мән берген. Ұрпағымызды елжандылыққа тәрбиелеудің ең ұтымды тұсы да осы ұлттың тәрбие ісіндегі салт-дәстүр, әдет-ғұрып үлгілері. Ұлтымыздың ізгілікті дәстүрлерін бойына сіңіріп, ұлтының ұлылығын ұғынған ұрпақ өзге елдің де туған тынысы емес екенін, өзгеге еліктеу ұлтын құрдымға апаратынын түсінер еді. Мүмкіндігінше ұлттық ұғымдарды бойына сіңірген, ұлтының ұлылығын ұғынған сайын өз ұлтына деген құрметі артып, қазақы менталитеттің терең иірімдерінің ешкімге ұқсамайтын ғажап тәрбие екенін ұғынар еді. Ғасырлар бойы жинаған ұлттық құндылықтардың бірі қазақ әндеріне деген орыс ғалымы Г.Н.Потаниннің көзқарасы да ерекше: « Қазақ әншілерінің арасында әнді ғажап орындайтын талантты жандар бар. Олар әннің айтылу мәнері мен әсерін өздерінше күшейтіп жібере алады. Мұның өзі жай ғана ән салу емес, әнді нақышына келтіріп, артистік шеберлікпен орындау болып табылады. Қазақ халқы әндерін өндеп, көркемдік қасиеттерін арттырудан жалығып көрген емес. Соның арқасында қазақ әндері өзінше бөлек, әсем болып келеді. Оның әуенін ести бастағаннан – ақ қазақтардың әлдебір өзінше бөлек, ғажайып ортасына еніп кеткендей сезінесің. Қазақ даласының бірде аптап ыстық ауасын, бірде жерінің ғажайып сұлу көрінісін көз алдыңа елестеткендей, тіпті дала өсімдіктерінің аңқыған хош иісін сезінгендей боласың...» [2, 116 бет]

Әлем халықтарының арасында қазақ халқы ерекше ұлттық құндылықтарымен таныла білген ғажап халық. Мейірімділік, адамгершілік, жанашырлық, ашықтық, төзімділік сияқты қасиеттер Ұлы даланы мекен еткен қазақ халқының ұлттық болмысында ерекше танылған. Қазақ халқының ғасырлар бойы жинаған дәстүрі мен мәдени құндылықтары бейбітшілік пен тыныштықты сақтауға мүмкіндік беріп отыр. Ұлтымыздың мінезіндегі ғасырлар бойы қалыптасқан үлкенді сыйлау, сөзге беріктік,

әйелді құрметтеу сияқты қасиеттер құндылықтарымыздың берік тұғыры саналады. Жасы үлкен кісілерді құрметтеу дәстүрі мыңдаған жылдар бойы қанымызға сіңген қасиет ретінде көпұлтты Қазақстан елімізде әлі күнге дейін сақталып, ұлттық құндылықтарымыздың бірі саналады. Ұлы дала тұрғындарына дәстүрлі қонақжайлылық ежелден тән. Бұл қасиет көптеген ғасырлар барысында қалыптасқан. Әдептілік пен сыпайылық ықылым заманнан бері халқымыздың сүйегіне сіңген қадір қасиеттерінің бірі болып табылады. Қазақ халқында өзара көмек, кез келген қамкөңіл жандарға қол ұшын созу дәстүрі ертеден келе жатқан әдет-ғұрыптарға жатады. Халық арасында мұндай көмектің орын алуы қазақ қоғамында кедейлердің болмауына септігін тигізген. Қазақ даласында жұртшылық, асар деген әдет-ғұрып қалыптасты.

Ұлттық санаға сілкініс әкелу үшін ұлттық мәдениеттің бастауы мен бұлағының көзін ашып жарқыратып көрсету, мешеулеп қалған адамзаттың қарым - қатынас құралы тілді, тіл мәдениетін өркендетуге толық күш салу керек. Ұлттық құндылықтары арқылы ұлттық болмысын сақтап, осы заманға жетіп отыр.

Ұлттық құндылықтардың бірегейі- қазақ тілі. Алпыс екі тамырынан қазақ ұлтының қаны ағып жатқан ұлы дала перзенттері ардақты ана тілін өз ғұмырынан артық бағалайды. Себебі, ана тіліміз- ұлттық құндылығымыздың биік бастамасы. Қазақ тілін шарықтату үшін оның бағасын білу шарт. Халық қазынасы да, жақсылыққа толы өзекті өмірдің жарқын белесі де – ұлттық тілінде. Іңгәлап дүние есігін аттағаннан бастап, аяулы анамыздың қоңыр үнімен әсем әуезін естіп, бойға құю- ана тілінің бағасын биіктетеді. Халқымыз сол себепті де оны қадірлі санап, әспеттейді. Күллі қазақ жұрты егемен елдің тумасы болғанын кеуде кере мақтаныш тұтып, ана сүтінен дарыған киелі қазақ тілін өз өмірінен бір саты жоғары қоюға міндетті. Әрбір қазақ есте тұтқаны жөн: ұлтымыздың қасиетті ана тілі жойылса-құндылықтарымыз бен кең даланың азаттығынан айрылуымыз бек мүмкін. Себебі, қазақтың тілі- ұлттың нағыз болмысы, ертеңгі күннің көрінісі. Қазақ хандығы пайда болып, өркендеу кезеңінде отаншылдықты ту еткен қазақ халқының ұлы мұрасы, ұлттық және рухани құндылықтары, жүрек түкпірінде сақталған бағаланбас тарихы, елдікке бастаған белестері, асыл ана тілі ешқашан жойылмайды, жойылмақ та емес. Сондықтан әрбір азамат егемен еліміздің сарқылмас қазынасы-қазақ тілін көзінің қарашығындай сақтап, қадірін арттырса, бағамыздың биік болары сөзсіз.

Болашақ ұрпақ ұлтжанды, отаншыл, патриот болып өссін десек, әр отбасында, білім ордасында осы бастан ата-дәстүрімізді ардақтауды үйретіп, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірте білуіміз керек. Жас ұрпақ ұлттық құндылықтарымызды бойына сіңіре білсе, еліміздің ертеңі жарқын болмақ. Бүгінгі күні қазақ халқының ұлттық мәдениетінің қайта өркендеу жағдайында жеткіншек ұрпақты ұлттық дәстүрлерде тәрбиелеудің заңды объективті қажеттігі туды. Мұндай жағдайда жеткіншек ұрпақтың өз халқының рухани қазынасымен, оның ұлттық мәдениетімен, әдет – ғұрып

дәстүрлерімен неғұрлым тереңірек танысу қажеттігі бірінші орында тұр. Өйткені, мұндай негіздерді білмей, өз халқының ұлттық ерекшеліктерін сезбей, басқа халықтың өзіне тән ерекшеліктерімен салыстырмай, бағаламай өз рухани байлығын арттыра түсу мүмкін емес.[3,78 бет]

Жалпыадамзаттық құндылықтар адам бойына тумысынан берілген сый және олар адамның рухани дамуының барлық кезеңіне нәр болады. Тұлғаның адамгершілік қасиеттерінің көріну деңгейі оның рухани деңгейін білдіреді. Оқыту үрдісіне мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтарды енгізу тұлғаның адами ізгілік қасиеттерін ашуға, сонымен қатар адамның рухани дамуына ықпал етеді. Мәңгілік құндылықтар білім негізі және оның өзегі болып табылады. Ұлттық құндылықтар барлық кезеңдегі адамдар үшін маңызды, аса қажетті, мағынасы зор құндылықтар.

Қай заманда болсын жас ұрпақтың өнеге тұтар өзіндік ұлттық тәлім – тәрбиесі болатындығы белгілі. Жаһандану заманы болашақ ұрпақтарының сана - сезімін, ұлттық психологиясын, оның ерте замандағы ата - бабалар салт – дәстүрімен сабақтастыра тәрбиелеу қазіргі күннің ең өзекті мәселесі екендігін өмірдің өзі көрсетіп отыр. [4,89 бет]

Мұхтар Шахановтың: «Адам қанша болғанымен дарынды әрі табанды,Туған жерін сүймей тұрып сүймек емес ғаламды» деген өлең жолдары жоғарыда келтірілген ойларымызды растағандай. Жаһандану заманында бірнеше тілді меңгерсекте, шетелде тұрсақта ата-бабамыздың қанымен, анамыздың ақ сүтімен келген ұлттық құндылықтарымызды жоғалтпау, сақтау – баршамыздың парызымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

- 1.Васильев А.В . Татарлар мен қырғыздардың (қазақтардың)өзара қарым қатынас туралы сипаттау материалдарына алдын ала қысқаша очерк.Орынбор,1898 ж.
- 2.Потанин Г.Н. Үш томдық таңдамалы шығармалары.Павлодар,2005,3-том.
- 3.Тынышбаев М. Қазақ халқының тарихы.-Алматы,1993.
- 4.Уәлиханов Ш.Ш. Шығармалар жинағы. 5 томдық. Алматы, 1984-1985.

КӨКЖАР МЕШІТІНІҢ ТАРИХЫ МЕН ТАҒЫЛЫМЫ

Самаликова Ж.Ш. - №40 Зейнолла Қабдолов атындағы жалпы білім беретін мектеп, Атырау қ.

Андатпа. Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл селосында орналасқан Көкжар мешітінің құрлысына қатысты аңыз бен ақиқатқа толы тарихы баяндалады. Кеңес өкіметі кезіндегі мешіт пен мешіт имамдарының тағдыры зерделенген. Қайта құру кезеңіндегі мешіттің халық үшін қызмет етуіне

ықпал еткен соғыс ардагерлерінің өлшеусіз еңбектеріне баға беріліп, ұрпақтар сабақтастығы қазіргі жастарға үлгі ету ұсынылған.

Түйін сөздер: мәдени мұра, мешіт, жерасты жолдары, қуғын-сүргін, қайта құру, ардагерлер.

Аннотация. В статье рассказывается история строительства Кокжарской мечети, полная легенд и истин расположенной в селе Уил, Уилского района, Актюбинской области. Изучена судьба имамов мечети и мечети при советской власти. Дана оценка неизмеримым трудам ветеранов войны, которые способствовали служению мечети для населения в период перестройки, и представлена преемственность поколений, чтобы служить примером для современной молодежи.

Ключевые слова: культурное наследия, мечеть, подземные дороги, репрессия, перестройка, ветераны.

Abstract. The article tells the story of the construction of the Kokzhar mosque, full of legends and truths, located in the village of Wil, Wil district, Aktobe region. The fate of the imams of the mosque and the mosque under Soviet rule has been studied. The immeasurable works of war veterans who contributed to the service of the mosque for the population during the reconstruction period are evaluated, and the continuity of generations is presented to serve as an example for modern youth.

Keywords: cultural heritage, mosque, underground roads, repression, rearrangement, veterans.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан берігі 30 жылдам асқандағы үлкен жетістігінің бірі «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы. Елімізде 2003 жылдан бастап Қазақстанның үлкен мәдени мұрасын, мемлекеттік тілде гуманитарлық білім қорын, тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіруді, ұлттық әдебиет пен жазудағы көпғасырлы тәжірибені біріктіруді зерттеудегі бірыңғай жүйе қалыптастыруға бағытталған бағдарлама жасалды. Осының негізінде 2004 жылдан қолға алынған бағдарлама әлі де жалғасын тауып, көптеген игі істерге тұтқа болды.

Қазіргі таңда елімізде «Мәдени мұра» бағдарламасы негізінде ұмыт қалған көптеген тарихи ескерткіштер қорғауға алынып, жөндеуден өтуде. Осындай мешіттер қатарындағы Ақтөбе облысындағы ең ескі мешіттердің біріне саналатын Көкжар мешітінің салыну тарихы сауда қатынасымен және патшалы Ресейдің отарлау саясатымен байланысты. Ұзындығы жеті мың шақырымнан асатын Ұлы жібек жолының сан тармағының қазақ жерін басып өткені белгілі. “Ұлы жібек жолы” дегеніміздің өзі Еуразия құрлығындағы сауда, керуен жолдарының жалпы атауы. Осы жолдың бір тармағымен ұштасқан қасиетті Көкжар жерінің тарихына Асан Қайғы атамыздың берген бағасына құн жетпейді. IX ғасырдың аяғымен XI ғасырдың бас кезінде оғыз тайпалары Сырдарияның орта ағысынан, Еділдің төменгі бойына дейінгі орасан кең жерлерді мекендейді. Оғыздардың қоныс өрістері Ырғыз, Орал, Ембі, Ойыл өзендерінің бойларында, Сырдарияның Қаратау баурайлары мен Исфиджаб шегіне дейін жеткен. Олар Сырдарияның орта және төменгі ағысы

бойында, Арал өңірі мен Каспий аймағында шоғырланып қоныс тепті. [1] Қазірдің өзінде Ойыл өңірі Каспий теңізінің орны болғандығына дәлел жеткілікті, жер атауларынан өзге, теңіз жәндіктерінің кабыршақтарына толы сайлар еш күмән туғызбасы анық. Олай болса бұл өңір ертеден-ак тұрғылықты халқы бар өлке болған. Осындай құнарлы да шұрайлы өңір патша үкіметінің назарынан тыс қалмаған.

XVIII ғасырдың ортасынан өзінің отарлық саясатын күшейтіп, 1960 жылдардан бастап елде реформалар жүргізген патша үкіметінің Ойыл жеріне қатысты өз жоспары болған. Ең алдымен жергілікті халықтан қолдау табу мақсатында, 1863 жылы мешіт салынуына ықпал еткен. Байырғы тұрғындардың сеніміне дін арқылы еніп, өз мақсатына жеткен. Ресей империясының қол астында боданда болған кезеңде бірнеше мешіттер салынды. Патша үкіметінің өзіне тәуелді аймақтардағы халықтарды біртоталықтан басқару үшін дінді де өз мақсаттарында пайдаланғаны тарихтан белгілі. Кеңес үкіметіне дейін Ақтөбе облысында мұрағат құжаттарына қарағанда, 1917 жылға дейін облыс аймағында 200-дей мешіт халыққа қызмет еткен. Кеңес өкіметі оларды 1936-37 жылдар бұздырып, кірпіштерін үй салуға пайдаланған. Алайда көне мешіттердің орнын жергілікті халық қастерлеп жадында сақтап келді. 200 мешіттің көбі жермен жексен болып, аз ғана мешіт аман қалған. (Шалқар қаласындағы XI-XII ғасырларға жататын Балғасын күмбезін есептегенде)

Солардың бірі XIX ғасырлардың ортасында салынған мешіттердің бірі, әрі өз маңызын жоғалтпай Ойыл халқының қасиетті ордасына айналған Көкжар мешіті. [2, 45 б.]

Мешіттің салыну тарихында үш түрлі жыл көрсетіледі. Олар: 1863, 1893, 1912 жылдар. Көрсетілген жылдардың қайсысы ақиқат екендігіне деректерден дәйек келтіре отырып, қорытынды жасайық.

1864 жылғы мәлімет бойынша қазіргі Ойыл ауданының аумағы: Орынбор губерниясы, Орал облысына қарасты Калмыков уезінің №2 ауылы болған. Ауыл тұрғандарының негізін көшпелі Ысық, Кете, Есентемір, Ожырай, Адай рулары құраған. Веревкин басқарған комиссия 3 ай жұмыс жасап, нәтижесінде Ойыл бекінісінің жобалық түп-нұсқа сызбасы жасалды. 1865 жылдың 19 маусымда Ойыл бекінісінің алғашқы кірпіштасы қаланды.

Бекініс үш бөліктен құралған:

1. Әскери тұрғындар мекені болған.
2. Бұл бөлікте негізінен қоныс аударушылар (переселендер) тұрса
3. Бөлікте, сауда саттық кешендері мен керуен сарайларының объектілері орналасқан.

1865 жылы басталып Ойыл бекінісінің құрылысы 1867 жылы пайдалануға беріледі. Құрылыс негізінен жергілікті жердің сазы мен топырағынан соғылған кірпіш тастармен тұрғызылды. Құрылыстың басым бөлігін сауда үйлері мен керуен сарайлары құрайды. Жалпы 18 құрылыс нысаны бар және 9 дүңгіршектен тұратын 15 кешен болған.

Орал облысының әскери губернаторының 1869 жылғы қатынас қағазында: Орал облысының аумағында тұңғыш рет қазіргі заман талабына

сай керуен сарайы тұрғызылды. Саудагерлер мен көпестерге барлық жағдай жасалынды. Алғашқы жәрмеңкенің ашылу салтанатына орайластырылып, ат жарыс таңғы сағат 7-лер шамасында басталып, бәйге ұзақтығы үш сағатқа созылды.

Бас бәйгеге тігілген (20 рубльді) Байбақты руының өкілі Құлсүйіндіков иеленсе, екінші болып мәре сызылған Жаппас руының өкілі Жолдас Өтәләевтың аты өтті. Бәйгесі 10 рубль болды.

Орынбор өлкесіндегі жәрмеңкелердің ішінде “Базарбасы” қызметі алғаш рет біздің Көкжәр жәрмеңкесінде енгізілген. Бұл турасында Орынбор генерал-губернаторы өзінің Сауда министріне жіберген хабарламасында: “Өлкедегі дала жәрмеңкелерінің ішінде

“Базарбасы” қызметі алғаш рет Көкжәр жәрмеңкесінде өз қызметін бастады. Көкжәр жәрмеңкесінің Базарбасы болып **Ашықпай Лепесов** тағайындалды” деп, хабарлайды. [3] осы оқиғалардан соң ғана 1893 жылы салынғандығы туралы деректер бар. «... Көкжәр жәрмеңкесіне келген саудагерлердің сұранысы бойынша табаны шикі кірпішпен қаланып, тастама ағаштарын Орынбордан түйе арбамен әкеліп 1893 жылы салған.» [3]

Осы дерек тағы бір еңбектер қайталанады. “Атаулардың пайда болу тарихы” атты Ақтөбе қаласында 2007 жылы жарық көрген жинақта: “1893 жылы салына бастаған. Іргетасы жабайы тастан төселіп, тастама белдеуліктері түйе арбамен Орынбордан тасылған қызыл кірпіштен қаланған. Алғашқы имамы Ізтілеуов Сағидолла – араб, парсы, орыс тілдерін игерген сауатты адам. Одан кейінгі имам – Хазірет Хасан. XX ғасырдың 30-шы жылдары мешіттің діни белгілері қиратылып, драма театр үйіне, техникалық – шаруашылық қоймаға айналдырылды. 1999 жылы жөнделіп, қайтадан мешіттік қалпына келтірілді.” [4, 81 б.]

Бұл еңбектер бірдей датаны көрсетіп тұр. Бұл дерекке сенсек 1867 жылдан 1893 жылға дейін 30 жыл бойына патша үкіметі саудагерлердің ұсынысын орындамаған ба, әлде саудагерлер мешіт салдыруға 30 жыл ойланып барып, сұраныс берген бе деген ой келеді. Бұл өңірде бұрыннан да сауда байланыстары болғандығын, ал патша үкіметі тек оны заңдастырып, өзінің қазынасына саудадан түскен түсімді алу масатында жәрмеңке орнына бекініс салғанын ескерсек, бұл шындыққа жанаспайды. Сондай-ақ бұл кезде патшалы Ресейде саяси тұрақсыздық ушығып, жер мәселесі күрделенген шақ екенін ұмытпаған дұрыс.

Олай болса 1863 жылға назар аударайық. «Ақтөбе облысындағы ең ескі мешіттердің бірі – Ойыл мешітінің іргетасы 1863 жылы қаланыпты. Мешітті Ойылдағы әйгілі Көкжәр жәрмеңкесіне тауар тасушы татар көпестері салған.» [5]

Ұзақ жылдар мешітті басқанған бұрынғы мешіт имамы, аудандық ішкі саясат бөлімінің діни істер жөніндегі бөлімінің маман болған, қажы Алтынбек Какиевтен 2012 жылдың жазында берген сұхбатында: « Мен 1995 жылы Станбулдағы медресені бітіріп келгеннен кейін осында жұмысқа тұрдым. Сол кезде Е.Бермұқашев маған осы мешітті тапсырып отырып, сол кездегі машинкамен басылған, мешіт тарихы жазылған бір парақ құжатты

ұсынды. Онда мешіт жобамен 1912 жылы пайдалануға берілген...» деп ескірген қағазды көрсетті. Бұл да соңғы кездегі жазылып алынған дерек екені белгілі.

Сырым Бақтыгереевтің «Түлеген Ойыл өңірі» (Ақтөбе, 2001 ж.) кітабында (159 бет) мешіттің ашылуына қатысқан Федор Трофимович Карпенконың (1896 – 1972) естелігін, сонымен бірге қызмет еткен Аққали Берғалиевтың деректерін келтіреді. Естелікте мешіт 1906 жылы бастап салынып, 1913 жылдың қыркүйегінде (Романовтар тұқымының патшалық құрғанының үш жүз жылдығы қарсаңында) ашылу рәсімі өткен. Осы дерек жобаға келетін сияқты. Өйткені, келесі архивтік материалдан аттап кете алмаспыз. Орал қаласында (губерния орталығы) 1868 жылдан бастап жарыққа шыққан «Обзор Уральской области по годам. Уральск 1868-1916. Изд. является Приложением к Все под даннейшему отчету военного губернатора» кітаптарында әр жылдың аяғында губерния бойынша салынған ғимараттар туралы тұрақты мәлімет беріп отырған. Мәселен 1907 жылғы басылымында (№15 ведомость) Темір уезінің Шиповск (Ойылдың бұрынғы аты) болысында тастан салынған мешіт жоқ деп келтіреді. Тек қана 1910 жылдың есебінде (№14 ведомость) тас мешіт көрінеді. Осыған қоса айта кетер тағы да бір мәселе – мешітті салуға қомақты үлес қосқан меценаттар. Ұрпақтарының естеліктері бойынша және архивтік деректерге сүйене отыра осы қатарда Утешев Хафиз — екінші гильдиядағы көпес, сауда қатарларын ұстаған. Өзінің тұрған үйі мен сауда орны сақталған (Кеңес үкіметі кезінде ол ғимараттарда телеграф, почта орналасқан) (естелікті берген немересі Ахат Утешев 2009 ж.). Кульмаметов Гайнетдин – сауда орындарын, диірмен ұстаған. Тұрғын үйлері мен сауда орындары бір көшені тұтас алып тұрған (Кеңес үкіметі кезінде милиция ғимаратынан бастап бұрынғы кітап дүкенімен қоса). Қазіргі Ветстанция орналасқан мекемеден «Көкжар» дүкеніне дейінгі аралық. Қазаннан саудасымен келіп жүрген Исмагулов Лутфулла атты көпестің Майшараф деген қызын келін қылып мешітке орналастырып, өзі сол мешіттің тұрақты қадағалаушысы болған. (естелікті берген шөбересі Рамиль Кульмаметов, 2022 ж.) [6]

Қорытындылай келгенде, мешіттің іргетасы 1863 жылы Ойыл бекінісінен бұрын қаланған. Оның тұрғызылуына себепкер болған патша үкіметі екені де даусыз. Жоғарда атап көрсетілгендей далалық-көшпелі дәстүрдің ізімен қалыптасқан сауданы өз қорына қосуды жоспарлағаны анық. Егер мешіт жергілікті тұрғындар тарапынан салынса, онда патша үкіметі өзінің түпкі мақсатына жету үшін күшті қолдануы қажет еді. Ол жергілікті халықпен келіспеушілікке алып келеді. Сондықтанда отарлық жүйенің басты қағидасымен өз саясатын жүзеге асыратын өзіне бұрыннан тәуелді, татар мұсылмандарын өз мақсатында пайдаланған. Патша үкіметіне дейін көрші жатқан мұсылман елдерінің саудагерлерінің ұйытқасы болған өңірде мешіт осылай өз тарихын бастаған.

Мешіттің құрлысы және тарихы. Мешіттің салынуына Орынбор татарларының тікелей қатысы барын анықтау мақсатында,

Орынбардағы ескі мешіттердің архитектуралық құрлысына, салыну ерекшелігімен безендірілуіне сәйкес келеді



3-сурет. Орынбор қаласында орналасқан
“Рамазан



4-сурет. Ойылдағы «Көкжар» мешіті

Орынбордағы 3-суреттегі алғашқы болып салынған бір қабатты ескі ағаш мешіт. Мешіт терезелері, ішкі кіретін есігі, көлемі, пішіні Ойыл мешітіне сәйкес, тек ағаштан тұрғызылған. Күмбезі жоқты мен ағаштан салынғанын ескермесек, сыртқы құрылымы «Көкжар» мешітіне сай келеді. Орынбордағы тастан қаланған ескі мешіт. Бұл жерде мешіттің жоғарғы бөлігі-мұнарасы көзге ерекше түседі.



1-сурет. Орынбордағы Хусейін атындағы
медресе.



2-сурет. Орынбордағы Орталық мешіт

Ойыл мешітінің мұнарасы, салынуы, құрлыстың көлеміндегі ұқсастығы анық. Артқы жағынан да, алдыңғы жағынан да архитектуралық сәйкестік толық анық білініп тұр. Терезелерінің пішіні, орналасуы да дәл келеді. 1-және 2-суреттердегі Орынбордағы екі қабатты ғимараттардың да құрлысы өз мешітімізді еске түсіреді. Орталық мешітке дұрыстап назар салсақ, Орынбордағы екі қабатты орталық мешітінің терезе жақтаулары, қабырға бұрыштары да Ойылдағы мешітпен қатар өзге де құрылыстардағы тас қалау ерекшелігіне сәйкес келеді. Екеуіде қызыл кірпішпен қаланған, терезе жақтауларының тастан өріп қалану үлгісі де таныс.

Дәл осындай сәйкестікті 3-4 суреттерге назар аударып, Орынбор қаласында орналасқан “Рамазан” мешітінің құрылысы мен Көкжар мешітінің құрлысынан да көруге болады. Бұдан шығатын қорытынды: Ойылдағы

мешітнің құрылысын Орынбор қаласындағы мешіттердің құрамдас бір бөлшегі ретінде қарастыруға болады. Ендігі уақытта бұл мешітті салған архитектор туралы мәлімет жинақтау. Сол арқылы өз өлкеміздегі мешіт ғимаратын Патшалы Ресей дәуірінен қалған тарихи сәулет өнерінің туындысындай сақтау.

Аңыз бен ақиқат. Мешіт тарихына қатысты ел аузында тараған аңызға толы әңгімелер бар. олардың бірі Ойылдағы жер асты жолының мешітпен ұштасып жатқандығы. Қызылдардан қашқан бай-көпестер дүние мүліктерін атқа артқан күйі осы мешітке кіріп кетеді екен. Соңдарынан ере кірген кеңес жауынгерлері түк таппай дал болып, бас шайқасқан. Жерге сіңіп кеткендей жоғалған тұрғындар жер асты жолымен қашып кетіп отырған деген уәж айтады. Енді аңыздың ақиқатына көшейік. 2010 жылы Какиев Алтынбек қажының айтуына қарағанда жылу жүйесін кіргізу мақсатында мешіт қабырғаларының іргесін қазған кезде іргетасынан төмен қарай ұласып жатқан қабырғаға тап болған, шамамен 3 метрге жететіндей болған. Яғни мешіттің үстіңгі бөлігімен сәйкес келетін бөлме, мешіт астында да орналасқан деген сөз. оған дәлел мешіт қабырғасының қалыңдығы.

Тағы бір қызық дерек, сол кезде терезе жақтауларын бұрғымен тескен кезде, бірінші кірпіштің түсіндей қызыл ұнтақтар ұшса, орта тұсына жақындағанда ақ ұнтақтар ұшады, бірақ кірпішті жарып қарағанда кірпіштер арасынан ешқандай ақ қоспа табылмаған. Осы кірпіштерге биенің сүтін қосқан деген ел аузындағы мәліметке тағы бір дәлел табылғандай.

Бұл мешіттің тасы жергілікті жерден алынғанына нақты дәйек бар. Қызыл кірпіш тастарын күйдірген қазаншұңқыр Көкжардың оңтүстігінде 2 км жерде орналасқан. Көкжар мешітінде сақталған XIX ғасырда қолданылған көне құран кітабының сақталуы бұл деректі растай түседі.

Сонымен, Ойылдағы Көкжар мешіті бойына бүккен сыры көп тарихи құндылығы жоғары тарихи- мәдени ескерткіш қана емес, қазақ қоғамындағы ислам дінінің ұйытқысы болған имандылық ордасы.

Мешіт Кеңес үкіметінің аяси құғын-сүргін жылдарында.

1937-38 жылдардағы Сталиннің қазақтың бас көтерген зиялыларын жаппай тұтқындап, жалған жаламен ұстап атуға үкім шығарған себебі бәрімізге анық. Кеңес үкіметін құру қарсанында да өз алдарына Алаш үкіметін құруға жұмыстанған қазақ зиялылары заманның ағыммынан қалай тез арада қанаттанып, елі үшін аянбай еңбек етті. Оқулықтар жазды қазақ тілінде, мектеп интернетта балаларын оқытты, қаншама соқыр саясаттын қыспағына түссе де, алға ұмтылды. Осындай халықтан сескенген Кеңес үкіметінің басшысы өзінің ертеңін ойлап, бүгіннен қамданып, ҚазақАКСР-да негізгі мәдениет, ғылым, саясат салаларында билікке араласуға мүмкіндігі бар, елінің біртуар ұлдарына қол салып, барін темір тордың артына тықты. Қараңғы қапаста олардың сағын сындырмағасын тағдырларын бір ғана оқпен шешті. Бұл олардың мықты держава құрудағы жанталаса жасаған амалдары еді. Осындай қарбалас сәтте қазақ ауылының ұйытқысы болып, рухани бірлікті берік ұстауғы ықпал еткен діни орталықтар мен оның имамдары да тыс қалмады.

«Алғашқы бас имамы Мәдинада дәріс алған Сағидолла Ізтілеуов. 1871 жылы Ойыл ауданының 21-ауылында ауқатты молда жанұясында өмірге келген. Ізтілеу қарт оның кезінде заман талабына сәйкес орта арнаулы діни оқу орнын бітірген, бірнеше рет Меккеге қажыға барған үлгілі әулет еді. Сағидолланы ауылдағы мешіт жанындағы мектепке оқытқан. 1902-1906 жылдары Мәдина қаласында діни университетті бітірген сол кездегі зиялы қазақ жастарының бірі Сағидолла атамыз кейін Орынбор, Қазан, Уфа қалаларында шығарылған басылымдармен тығыз байланыс жасап, татар тіліндегі «Увакит» газетінде мұхбер (тілші) болып жұмыс жасаған. Алаш зиялылары Ахмет Байтұрсыновпен бірнеше рет кездесіп, пікірлескен. Күнбатыс Алашорда Ұйымының 1917 жылы сәуірде Оралда, сол жылы маусым айында Көкжарда, 1918 жылы қаңтарда Қаратөбеде өткен съездеріне қатысады. Күнбатыс Алашорда ұйымы талқандалып, мүшелері тұтқындалған кезде Сағидолла Ізтілеуов 1921 жылдың 25 тамызынан 1922 жылдың 5 сәуіріне дейін революциялық жұмысқа қатысқаны үшін Орал қаласының түресіне отырған. Көп тілді меңгергендіктен, шетелдік басылымдармен таныс Сағидолла халықаралық жағдайды талдау жасап, Қытай мен Жапония арасындағы соғыс, фашистік Германияның Польша жеріндегі басқыншылық гапқыншылығын тұрақты хабарлап отырған. Ақыры 1937 жылы 17 қарашада 64 жасында тергеу камерасындағы көз жұмған дәрігерлік актіде «...жасының ұлғайына және жүрегінің соғуының тоқталуына байланысты қайтыс болды»- деп көрсетілген.»

«1928 жылы республикада күштеу негізіндегі қысымның артуына Қазақстан ХКК және ОАК-нің «Аса ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу және қоныс аудару туралы» жарғысы шықты. [7, 134 б.] Осы қаулының желеуімен 1936-37 жылдарға дейін жалғасын тапқан саяси қуғын-сүргінде молдалар, ишандар да алғашқы большевиктік тәжірибенің құрсауына ілікті. Бұл қаулымен имамның тағдыры тағы да түрмелерде жалғасты. Ойыл, Ақтөбе түрмелерінде отырып, Мұғалжарда тас өндіру кәсіпшілігінде жазасын өтеген, Алматыдағы лагерьге қамалған. Саяси қудалау жылдарында оның үстінен тағы да іс қозғалып, 1937 жылы тамызда РСФСР Кодекісінің 58-бабының 10-тармағымен іс жасақталып, 101 беттен тұратын іс парақтары нақақ айыптаулармен толтырылады. Сол жылы 16 тамызда берген жауабында былай деп жазды: *«Бүгін бір жағымсыз түс көрдім, бәрібір сендер мені атасыздар, сондықтан қалай жауап берсем де маған бәрібір, мен және менің жанұям жетімдік (қорлық) көрсін. Басқаларды атап, жазықсыз адамдарды жетім еткім келмейді.»* Имамға панисламдық ұйымды құрушы деген айып тағылып, Мұстафа Шоқай, Халел Досмұхамбетұлы және Жанша Досмұхамбетұлымен, Құрамысовпен байланыста болды деген айып тағылған. Жұбайы Айбарша мен Қансұлтанов Оңайды қатыстырып, тіниткенде үйінен діни басқармадан келген 10 беттік құжаттар және бір қалың дәптерді тәркілейді. Ол 1937 жылы қарашада 64 жасында тергеу камерасында көз жұмады. Дәрігерлік актіде: «...Жасының ұлғайына байланысты және жүрегінің соғуының тоқталуына байланысты қайтыс болды» деп жазылған. Осылай халық үшін ауызбіршілік пен рухани

тазалықтың дiңгегi болған дiндi уағыздап, әр адамның жүрегiне жол тауып, адами құндылықтарға дәрiптеген мешiт имамының тағдыры мен мешiт жұмысы да тәлкек болады. Өзiн және отбасы мүшелерiн не күтiп тұрғанын анық бiлсе де, жанындағы үзеңгiлес жолдастарына тажал отынан араша болды. «..Мен және менiң жанұям жетiмдiк (қорлық) көрсiн. Басқаларды атап, жазықсыз адамдарды жетiм еткiм келмейдi.» деген қасиеттi сөздерi имамның бiр адамға болса да қиянат жасаудан аулақ, жан дүниесiн шынайылығын айқындайды. Жанымен дiнiне берiк туған елiнiң перзентiнiң тағдырыс осылай шешiлдi. Одан кейiнгi имам – Хазiрет Хасан. ХХ ғасырдың 30-шы жылдары мешiттiң дiнi белгiлерi қиратылып, драма театр үйiне, техникалық – шаруашылық қоймаға айналдырылды. 50 жылдам астам уақыт халыққа қызмет етiп, елдiң рухани азығы болған, ұлты өзге болса, сенiмi бiр болған елдiң мешiтiнiң дәуiрi аяқталады.

Үзiлген үмiттi жалғағандар: Арды ойлаған азаматтар.

Тек мемлекеттiк билiктi алып қана қоймай, қазақ халқының санасын, тiлiн, дiнiн бұрмалап, қанды қырғынмен үлкен нәубеттi ала келген кеңес үкiметiнiң де дәуiрi өттi. Сеңдi бұзған 1986 жылы Алматыдағы жастар қозғалысы аяқсыз қалмады. «1985 жылы наурызда КОКП-ның басшылығына Михаил Сергеевич Горбачев бастаған, жаңаша ойлап, жаңаша әрекет ететiн топ келгенi белгiлi. Компартияның осы жылы сәуiр айындағы пленумында КСРО-ның әлеуметтiк-экономикалық дамуын жеделдету бағыты қабылданды.

«Қайта құру және партияның кадр саясаты туралы» мәселе қараған КОКП ОК-нiң қаңтар (1987) пленумында партия мен бұкiл қоғам қызметiнiң басты мақсаты қайта құру болып табылатыны жарияланды. Жеделдету бағыты сияқты қайта құру да «демократия көбiрек болсын» «заңдылық пен тәртәп көп болсын»[8, 74 б.] Мiне, осы 1987 жылғы алғашқы демократиялық бағыттағы қадам Ойыл өңiрiне де жеттi. Сан жылдар сарғая күткен еркiндiктiң самал желiнiң болар-болмас лебiн жүректерiндегi сусындаған рухани сағыныштарына медеу еткен Ойылдың алдыңғы қатар аға буын өкiлдерi жаңаша қадамдар жасайды.

Заманы өткен, сарғайған қағаздар iшiнде бiр қағаз көзге ерекше iлiндi. Жоғарғы жағында тайға таңба басқандай КСРО-ның гербiсi орналасқан, «Госстрой Казахской ССР инспекция Государственного Архитектурно-строительного контроля АКТ №4 осмотра строительства от 22 сентября 1987 г.» деп басталған акты Ойылдағы мешiт ғимаратының мәдениет бөлiмiнiң басшысы Е.Бермұқашевтiң қатысуымен тексерiп, нәтижесiнде қайта жөндеу туралы шешiм қабылданады. Барлығы 12 беттен тұратын құжаттың соңғы бетi (нақты болсын деп құжаттағы мекеме атаулар орысша берiлдi:Ж.С.) Уилский райотдел культуры мен СИРМ и Актюбреставрация мекемелерi 1987 жылдың 5 маусымында жасасқан келiсiмшарт негiзiндегi 1987 жылдың қыркүйегiнде жасалған жұмыстар қорытындысымен аяқталады. Облыстан аудандағы мешiттi қайта жөндеуден өткiзуге қомақты ақша бөлiнгенi сайрап тұрған сарғайған қағаздардан түсiнiктi, бiрақ жұмыс нәтиже бермеген. Бұл туралы Алтынбек ағай мешiттi қабылдап алған кезде берiлген құжаттарда

анық жазылған. «...Ойылдағы Мешіт үйін қалпына келтіру жұмысы Алматы «Казрестоврация» мекемесінің сметасы бойынша 1987 жылы 6 шілде күні басталды. Бұл жұмысты «Актюбреставрация» мекемесі қолға алды. Сол кездегі бастығы Дикеев Қосдәулет деген жігіт. Ақтөбеден келген жігіттер бригадасында грек, орыс, қазақтар болды, олар жетік мамандар емес екен.

Бригада келіп, кетіп жұмысты өндірмеді. Өңдеу жұмысы созыла-созыла ақыры өзіміздің ауданның адамдарынан бригада құрылды.»

1990 жылы сәуірдің 18 жұлдызында ауыл тұрғыны Қосжанов Амангелді бастаған үш адамнан тұратын бригада құрылды. Құрамында Байдуашев Назарқұл, Орынбасаров Төлеп. Осы үш адамның күшімен мешіттің шатырларын көтеруге Барқын құмынан қарағай ағаштары пайдаланылған. Оларды кестіріп, кептіріп, тілдіріп материал дайындаған. Мешіттің төбесіне тастарды, балшықты және күмбез орнатуға ағаштарды шығару үшін мешіт алдында өсіп тұрған қара ағашты пайдаланған. Мешіттің шатырын көтеру 1990 жылы 4 қазан күні күндізгі сағат 8:00-де басталып, кешкі 19:00-де аяқталады. Мешітке жылу жүйесін ауыл тұрғыны Мелакумов Анатолий, ал ішкі өрнектермен безендіруін Нугманов Манас атқарады. Осылай Ойылдықтар рухани тазалықтың орталығы болған мешіттің жөндеу жұмысына өздері ықпал етеді.

1991 жылы 7 ақпанда аудан орталығында Ойыл селосы ардагерлерінің жиналысы болады. Жиналысқа селода тұратын соғыс және еңбек ардагерлерінен 86 адам қатысып, мешіт үйін халыққа пайдалануға беру туралы мәселені қарайды. Ақтөбе облыстық Совет атқару комитеті жанындағы Дін істері жөніндегі басқармадан, Алматы шаһарындағы Мұфтимен келісе отырып, мешітке исламдық оқуға адам жіберуді сұраған, хаттамаға М.Кубаев пен К.Ақпанов қол қойған. Ардагерлер бұнымен тынбай сол күні Халық депутаттары Ойыл аудандық Советі атқару комитетінің атына 10 адам болып арыз жазады. Онда өздерінің мұсылман дініне қарайтын азаматтар ретінде діни нанымдарды бірлесіп өтеу үшін діни қоғам құруды, оны тіркеп, мешіт ғимаратын беруді өтініп, он адам қол қойған. Осы ұсыныспен Ақтөбе облыстық жоспарлау комитетінің председателі Я.Тампаевке Халық депутаттарының аудандық Совет атқару комитетінің председателі О.Габбасов хат жолдаған. Ақсақалдар бастамасы аяқсыз болмай, 1991 жылы 30 қазанда мешіт салтанатты түрде ашылып, арнайы оқыған білімі болмаса да, жастайынан үлкен ақсақалдардан ауызша құран оқып үйренген, Ойыл тұрғыны Идірісов Тілепқали ата молда болып, мешіттегі діни рәсімдерді орындап отырған. [9]

Көкжар мешітінің алғашқы имамы Сағидолла Ізтілеуовтың ұрпақтары: баласы Қажығали, немересі Шамиль, шөбересі Равиль. Алматы қаласының тұрғыны Қажығалиев Равиль 2009 жылы мешітке келді, содан бері тығыз байланыста. 2010 жылы мешіттің имамы А.Какиевке демеушілік жасап өз қаражатына Меккеге қажылыққа баруға қолдау көрсетті. Хазірет Хасанның Атырау қаласында тұратын ұрпақтары 2010 жылы маусым айында Ойыл мешітіне келіп кетті.

Қусайынов Абылай – Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Абай селосы

Қусайынов Аманғос –Ақтау қаласы

Қусайынов Аманбай – Атырау облысы, Махат ауданы, Махат ауылы

Қусайынов Арыстанбай - Атырау облысы, Махат ауданы, Махат ауыл

Қусайынов Қуаныш, Хисметов Ертай - Атырау обл, Махат ауд, Махат ауыл

Қусайынов Қуантай - Ақтау қаласы

Осындай сабақтастық жойылмай, біздің санамызда арандатушылардың ғаламтор арқылы уланған уағызы емес, ата-бабаларымыз ұстанған тәрбиелік тәлімі мол, ғылым мен білім жолына бастама жасаған, салт-дәстүрімізді насихаттайтын бейбітшіліктің бесігін тербеткен дін туралы ақпараттар берілсе, біз секілді жас ұрпақ діни төзімділігі басым, рухы биік, өз елінің шынайы патриоты болар еді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. <http://www.tarih.spring.kz>
2. Ақтөбе облысының мешіттері. Ақтөбе, 2000
3. <http://uil.aktobe.gov.kz>
4. Ақтөбе облысының топонимикалық кеңістігі. ”Атаулардың пайда болу тарихы” Ақтөбе, 2007 жылы К.Қожахметұлы, Ә.Шүпекөв, М.Ғұбайдуллина, Р.Бекіш
5. <https://oiyl.kz/wp-content/uploads/2021/04/uil-17.pdf> Ойыл газеті, №17, 28.04.2021
6. <https://oiyl.kz/archives/5289> Ойыл мешіті – қай жылы салынды? Нұрлан Жұмағалиев, 13.04.2022
7. Алдабек Н.А, Мақашева К.Н, Байзақова Қ.И. Дүниежүзі тарихы 8-9 сынып, Алматы «Мектеп» 2019
8. Аяған Б.Ғ, Әдиет А.Б, Сатанов А.Б. Қазақстан тарихы, Алматы «Атамұра» 2019
9. Жаңылсын Самаликова «Арды ойлаған азаматтар үшін Ойыл мешітінің орны» «Ойыл», 2012 тамыз

АТЫРАУ ӨЛКЕСІНДЕГІ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАР МЕН МЕКЕНДЕР

Айжарық Л.Б. - №13 Д.Байбосынов атындағы мектеп-гимназиясының тарих пәні мұғалімі педагог-зерттеуші

Атырау өңірінде ортағасырларда бірнеше қалалар мен елді мекендер Алтын Орда дәуірінде дамып өркендеді.Өңірдегі отырықшылық ескерткіштердің салыну кезеңі Х-ХV ғасырлар аралықтарын қамтиды. Оларды қызметіне және жобасына қарап төрт түрге бөлінеді.Ордалық қала,Қорғаныс-бекініс қала,Керуен сарай мен мекендер.

Археологиялық тұрғыдан кешкенді зерттеу барысында өңірден 5 қала мен 3 мекен болғаны белгілі болды. Олар: Сарайшық (XIII-XVI ғғ.), Ақтөбе - Лаэти (XIV-XVI ғғ.), Қызылқорған (X -XV ғғ.), Қорғанша (X-XV ғғ.), Ұшқан (Тристарго) (XIII-XV ғғ.) қалалары

Археологиялық зерттеулер арқылы мекендердің орны анықталып сипаттамасы жасалуда. Өңірдегі отырықшылық ескерткіштердің салыну кезеңі X-XVI ғасырларды қамтиды. Оларды қызметіне және жобасына қарап төрт түрге бөлуге болады. 1. Қала. 2. Бекініс қала. 3. Керуен сарай. 4. Мекен.

Өңірде жүргізілген археологиялық барлауда бірнеше ортағасырлық мекендердің орны анықталып зерттелді. [1].

Соңғы жылдары Сарайшық пен Ақтөбе - Лаэти қалаларына тұрақты кешенді археологиялық қазба жұмысы жүргізілуде. Мекендерден Таскешу керуен сарайы мен Тасоба мекеніне археологиялық зерттеу жүргізілді.

Ақтөбе – Лаэти қаласы. Қала Атырау қаласынан 10 км, Теңдік ауылы маңында орналасқан. Ақтөбе қаласын бұрынғы Италияндық картадағы Лаэти қаласы болғандығын растайтын деректерде кездесед. Ақтөбе (Лаэти, Теңдік) атаулары қоса аталады. 1989-1991 жж. Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы зерттеген. Ескерткіш бір-бірімен жалғаса орналасқан қолөнер, зергерлік өндіріс және үй-жайы бар құрылыстардан тұрады. Қала ол су астында жатып жақсы сақталған. XX ғасырдың 50 жылдары су тартылып қала көрінген. Кебу салдарынан қатты бұзылған. Мәдени қабат қалыңдығы - 0,15- 60 см аралығында. Қала үстінде қыш сынықтары, мал сүйектері шашылып жатыр. Қала үстінде кейінгі бейіттер бар. Үстіндегі қазбадан темір, қыш ыдыс, моншақ, сақина, білезік, XIV ғасырдың алтын тиыны – басқада зергерлік заттар табылды. Жақсы сақталған мекен-жай орындары бар. Археологиялық қазба кезінде жақсы сақталған үйлердің және қыш күйдіру ошақтары ашылды.[2].Ғылыми жобаны зерттеу барысында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік Университетінің тарих ғалымдар кандидаты археолог Қасенов Марат Сейітжанұлымен Ақтөбе-Лаэти қала орнына оқушымен бардық.Тарихи сыры мол қала орнының салыну тарихын,қала халқының тұрмысы мәдениеті т.б құнды деректер мен ақпараттармен жұмысымыз толықтырды.

Ортағасырда Алтын Орда қалаларынан шыққан керуендер Хорезм, Иранға Ақтөбе арқылы өткен. Қала XIII-XV ғасырда Каспий ойпатындағы Алтын Орданың гүлденген қалаларының бірі болған.

Ұшқан қаласы. Қала Алтын Орда заманында XIII-XV ғасырл шамасында салынған. Жылой ауданы, ескі Мұнайлы ауылынан оңтүстікке қарай 20 шақырым, Құлсары қаласынан 40 шақырым оңтүстік-шығысқа қарай орналасқан. Ертедегі Шығыс Европадан Сарайшық арқылы Хорезмге баратын жол бойында. Қала үстінде Ұшқан-ата қорымы бар. Онда тастан ойып жасалған құлпытастар, кесенелер, сағантамдар салынған.

Ұшқан (Тристарго) қаласы туралы алғашқы мәлімет италияндықтардың XIV ғасырдағы картасында кездеседі.

XIX ғасырда Ұшқан қаласы туралы А.И. Левшин жазады. Оның Ноғай сауда жолындағы қала болғанын, тұщы құдық бар екенін атап өтеді. [4, с. 32].

Қаланың көлемі: 150 x 100 метр солтүстіктен - оңтүстікке созылып жатыр. Мәдени қабатының биіктігі 0,40 - 1 м. Қала үсті қорымның құлпытастары мен сағантамдардан қатты бүлінген. Қаладан шығыста 50 метр жерде көлемі 8-10 метрлік болатын 4 кірпіш күйдіру пештері анықталды. Археолог

Л.Л. Галкиннің пікірінше қала қолөнер қаласы емес, «әулиелі» жер болған. Ол қалада қыштардың аздығы мен мәдени қабаттың жұқалығын аттаған. Қала XIV-XV ғасырда салынған деп анықтаған. [5].

Тарихи - археологиялық жағынан Ұшқан қаласы мен қорымы жүйелі зерттелген қала Алтын Орда дәуірінде, керуен жолына салынған қала. Кейінгі кезде Ұшқан - ата жерленіп, қала қорымы «әулиелі» жерге айналып жүздеген құлпытас, сағана, кесене салынған.

Қызылқорған қаласы. Жылой ауданы, Құлсары қаласының солтүстік шығысында 31 шақырым және Құлсары - Мұқыр тас жолынан шығысқа 3 шақырымда орналасқан. Қорған ішінің орталығында батыстан шығысқа созылған көлемі; 100 x 30 метр, биіктігі 1 м құрылыс құланды қалдықтарының орны байқалады. Қорған үстін шөп басқан. Беткі қабатынан құмыра, көзе, құм, қыш қазан сынықтары көптеп кездесті. Қыш ыдыстарға қыш ұнтақтарын (шамот), қоға, камыс үлпегін, кварц құмын қосып жасаған. Олар қара, қызыл түсті, өте майда сынықтар. Қалада қақпа орны байқалмайды. Қаланың өмір сүрген уақыты ортағасыр кезең (XV-XVI ғ.ғ.). [7].

Қорғанша қаласы. Қаланың Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Қаракөл ауылының солтүстік-шығысында 15 шақырым қашықтықта, Жаңақора мекенінен 4 шақырым шығыста, Ақтөбе мекенінен 8 шақырым оңтүстік - батыста, Ақши мекенінен 6 шақырым солтүстік - батыста орналасқан. Ол қазір құрғап қалған, маңына қалың шалғын шөп өскен.

Қала ішінің оңтүстік-батысында да биіктігі 1 м болатын құрылыс қалдықтары байқалады. Қала құрылыстары мен қорғаны шикі кірпіштен қаланған. Қазір құрылыс үсті тегістелген. Қала көлемі мен қорған жалынның биіктігіне қарап, ол орта ғасырда үлкен қала болған.

Қаланы алғаш зерттеген Мәскеулік археолог Л.Л. Галкин оны Урал өзенінің саласы «Қурайлы» бойында деп көрсеткен, жобасын алған, ал оның салынған уақыты жоңғар шапқыншылығы кезінде деп көрсеткен. [8, с. 26].

Қорғанша қаласының жобасына қарап, ол қорғаныс қала қызметін атқарғаны айқын. Қала туралы жазбаша деректер табылмай отыр. Негізгі дерек көзі жыр-дастандар мен аңыздар. Ел аузында Қорғанша үстіне қорған тұрғызып, жау келгенде хабарлау үшін қарауыл мұнарасын орнатқан деген аңыз бар.

Қорғанша қаласы туралы аңыз-жырлар халық арасына көп тараған. Аңыз бойынша оны Асан Қайғы салған дейді. Асан Қайғы Еділден бері көшкенде бірнеше жүз адаммен сол жер үйге салып он жыл отырған. Ол туралы жыршы Мұрат Мөңкеұлының (1843-1906 ж.) «Үш қиян» - деген жыр толғауынында кездестіреміз.

Қорғанша қаласына 2006 - 2007 жылдары Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті ұйымдастыруымен археологиялық қазба жүргізілді. [11].

Қазба -3. Қорғанша қаласының оңтүстік-батысындағы қорғанис қамалына салынды. Жалпы қамалдың құланды биіктігі 3 метр, ені 25 метрге жететін жал-үйінді түрінде сақталған. Оның сыртын ені 10 метр, тереңдігі 1,5 метр ор қоршап жатыр. Қамалға ұзындығы 14 метр, ені 1 метр ор-кесінді салынды.

Негізгі мақсат: қала қамалының құрылысын және көлемін анықтау үшін. 25 см тереңдіктен құланды кірпіштің сынық қалдықтары кездеседі. 0,5метр тереңдіктен шикі кірпіштен қаланған «қабырға қамал» ашылды.

Қамалдың сақталған биіктігі 1,5 метр, қалыңдығы 9 метр.Өте сапалы, арасына лай ерітіндісін салып қалаған. Қалану тәсілі: кірпіштер ұзынынан, көлденеңнен қойылып отырған. Қамалдың ішкі қабырғасы тік қаланған 13 қатар кірпіш қабырғадан тұрады. Сыртқы қамал қабырғасы қатты бұзылған. Қорғанша қаласының беткі қабатынан және 2 қазбадан көптеген қыш ыдыс сынықтары жиналды.

Тасоба мекені. Индер ауданы, 5 ауылдан 10 км. солтүстікте, 7 ауылдан 5 км солтүстікте. Аумағы 10, 15, 30 метрлік, биіктігі 50 см бірнеше құланды төбешіктер орны байқалады. Бетінде қыш құмыра, сырлы ыдыс, шыны сынықтары кездеседі. **Алтын орда мекені** XIII - XV ғ.ғ. [12].

Таскешу керуен сарайы. Қазіргі кезде бұл жерде құрылыстың қирандысы ғана қалған. Ол Қызылқоға ауданы шекарасында Кенбай елді мекенінің солтүстік шығысында. Одан шығыста 1 шақырым жерде Жетібай зираты бар.

Ескі Ноғай керуен жолы деп аталған Жібек жолының бір тармағы Сарайшық қаласы мен Көне Үргеніш қаласын жалғайтын жол болды. Осы жол бойында ондаған қалалар мен керуен сарайлары салынып өркендеді. Ол XI-XVIII ғасыр аралығында Европа мен Азияны байланыстырған жол еді. Батыс Қазақстан аймағында бұл жолдың екі тармағы қалыптасты.

Біріншісі солтүстік жол: Сарайшық – Тасқұдық – Таскешу керуен сарайы мен көпірі, Қайнар бұлағы – Боқаш әулие – Ұшқан ата – Маңсуалмас (Қосқұдық) бекеттері арқылы жүрді.

Екінші оңтүстік жол тармағы: Қосқұдықтан оңтүстік батысқа қарай бұрылып Көптам – Сам және Қарақалпақ жеріндегі үуруқ – Белеулі – Қосбұлақ – Бұлақ Үшқұдық, Пулжай – Үстірт – Дәукескен – Үргеніш қаласына жеткен.

Осы керуен жолымен жүрген керуендерге өзендерден кедергісіз өтіп, демалатын қонақ үйлер қызметін атқарған керуен сарайлар мен көпірлер салынған. Соның ішінде біз айтып отырған Сағыз өзеніне салынған Тас кешу көпірі мен керуен сарайы бар.

Тас кешу керуен сарайын алғаш зерттеген Әлкей Марғұлан 1950 жылы Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы (БҚАЭ-1950 ж.) оның, жобасын алды. [14].

Оны Сағыз өзенінің сол жағында, қыш кірпіштен салынған деп көрсетті. Ә. Марғұланның Тас кешу керуен сарайы туралы ғылыми есебі сақталмаған, жобасының сызбасы бар.

Керуен сарай Сағыз өзенінен солтүстікте 150 метр жерде орналасқан. Қазіргі кезде керуен сарайдың құланды орны әзер ғана белгілі. Оның көлемі 45x42 метр, биіктігі 1,50 м. Керуен сарай ортасы ашық алаң болып келген, бөлмелері қабырғаларға тақалып айналдыра салынған. Бұндай жоба бойынша орталық алаңға жүк пен түйелер тұрған. Ғимарат қақпасы оңтүстік шығысқа қаратылған. Сарайдың сыртында терең сай-орлар орны байқалады. Бұлар кезінде су сақтайтын хауз немесе қорғаныс ор қызметін атқарса керек. Жобалық жағынан керуен сарай ортағасырлық керуен сарайларға ұқсас. Көлемі: 28x28x6 см қыш кірпіштерден қаланған. Сарайдың кірпіштері солтүстік-шығыста орналасқан Жетібай зиратына тасылып мазарлар мен кесенелер салынған. Онда XVIII - XIX ғасырда ондаған мазарлары мен құлпытастары салынған. Сарай үстінен қыш ыдыстар, тас диірмен, 2 мыс тиын, мөлдір моншақ табылды. Тиындар Алтын Орда кезінде соғылған. Керуен сарайдың солтүстік батысында 400 метр қашықта Сағыз өзенінде көпір қалдығы сақталған. А.И. Левшин керуен сарайды «Ұзын там» бекінісі құландысы деп көрсетеді. [15, с. 97].

1950 жылы Хорезмдік археология - этнографикалық экспедицияның Урал-Үстірт отряды. Таскешу керуен сарайы көлемінің құрылыс қалдығын зерттеді. Бірақ экспедиция «Ұзынтам» бекінісі туралы жазбаған. [16, с.15].

Сағыздың Таскешу көпірі туралы Л.Мейер былай деп жазады: «Өткел қырланып тегістелген ақ тастардан төселіп, су оның бетіне шыққанымен тереңдігі төрт вершоктап (4,5см) жоғарламайтын, оны салдырған Шыңғыс ұлдарының бірі делінеді».

Таскешу керуен сарайында қазба жұмысы жүргізілуде. Керуен сарайдың батыс жақ жартысы толық қазылды. 11 бөлме аршылып, оңтүстікте орналасқан қақпасы ашылды. Бұл құрлыс қыштан қаланып, қамалға тақалып бөлмелер салынған, ортасы ашық алаң болған, бұрыштарында мұнаралары бар. Үйлер кан ошақтарымен жылытылған. Алтын Орда теңгелері мен қыш ыдыстары, құрлыстың XIII - XV ғасырларда болғанын айғақтайды. [17,103 бет, 22 сызба].

Қорытындылай келгенде Атырау өңірінде XIII-XVIII ғасырларда мекендер мен қалалар салынған. Ноғай - қазақтар Жем, Ойыл, Жайық, Сағыз, Қобда бойындағы шұрайлы жерлерге қоныстанды. Жаугершілікте қоныс, кент, қорған салды. Көшпенді халықтың өз ставкалары, ордалары болды. Ол орталық бекініс қызметін атқарды. Хан ордалары маңында «Қорғаныс» қмалдары салынды. Батыс Қазақстан аумағындағы ондаған қалалар мен елді-мекендер осы кезеңде салынған. Келешекте Батыс Қазақстан аймағындағы ортағасырлық қалалар мен елді - мекендерге жүйелі зерттеулер жүргізу арқылы, өңірдегі отырықшылық мәдениеттің қалыптасуы мен өркендеуін ашу қажет.

Кейінгі зерттеулер көрсеткендей бұл өңірде елді-мекендер көп болғаны белгілі болып отыр. Олардың көбісі соңғы ортағасыр кезеңінде салынған.

Олардың орналасу аймағы су бойлары мен керуен жол тармақтарының маңы. Ауылдық мекендердің үлкен қалаларға айналмау себебі олардың табиғаты қатал аймақта орналасуы болды. Қалалар мен елді-мекендердің көлемі мен орнын анықтауда негізгі қиыншылық олардың қорғаныс қамалдарының жоқтығынан.

Қалалар мен мекендердің дамымауы негізгі себебі жалпы Алтын Орданың саяси-экономикалық жағдайына байланысты болды.

Келешекте Батыс Қазақстан аймағындағы қалалар мен елді-мекендерді біртұтас жүйе ретінде қарастырып, олардың өзара мәдени экономикалық саяси қатынастарын анықтау ғана, толық отырықшы мәдениетінің дамуын анықтауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Атырау облысы тарихи-мәдени ескерткіштер жиынтығының археологиялық экспедициясы. (АТЕАЭ) 2006 ж.
2. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. - А., 1996.
3. Галкин Л.Л. Отчет о работах Волго-Уральской экспедиции в северо-восточном Прикаспии в 1983 году.
4. Атырау облысы тарихи-мәдени ескерткіштер жиынтығының археологиялық экспедициясы. (АТЕАЭ) 2006 жыл .
5. Галкин Л.Л. «Отчет о работах Волго-Уральской археологической экспедиции в 1977 году». ВУАЭ.
6. Қорғанша қаласындағы, Жолайшағыл құмтөбелі қабірінднгі археологиялық зерттеу жұмысының және Атырау облысында жүргізілген археологиялық барлау жұмысының 2006 жылғы есебі. Атырау, 2007.
7. Касенов М.С. Таскешу. - Атырау: Х.Досмұхамедов атындағы АМУ баспасы, 2019.




1 сурет. Ақтөбе - Лазти қаласы



2 сурет. Қорғанша қаласы



3 сурет. Қызылқорған қаласы



4 сурет. Таскешу керуен сарайы

MUSEUM STORYTELLING

Mustazhap A.Sh.

*State Historical and Cultural
Museum-Reserve "Sarayshyq", guide*

Abstract. Museum storytelling is when a museum tells a story about exhibits the way the media would. All the tools are involved here: multimedia, interactive, the development of history in space, promotion, user content.

The museum is a repository of the past, a place where you will be told about history and secrets, forgotten events and little-known facts. And its main value is the exhibits. Each exhibit, like a person, has its own interesting fate, distinctive character. And now that everyone has access to the Internet, attracting visitors with storytelling is a good strategy.

Keywords: *storytelling, media, exhibits, history, online.*

Storytelling is the practice of telling a story in front of an audience. Gaining popularity around the world recently, this method is used mainly in business trainings. However, we decided to look at this idea from a different angle.

For some participants, storytelling is an opportunity to tell in a new way about the long—known, using metaphors and allegories, unusual intonations. In my opinion, this is the best strategy for museums right now. During quarantine while there are no visitors, it is strange to broadcast empty museum halls, also virtual tours have a rather limited audience. Without an interesting scenario both will be boring. Therefore, those museums that make non-standard products based on various stories win today. Museum products for online demonstration should be conceived and made specifically for the remote format, not in the logic of direct transfer, and those museums that can prepare them promptly will not only retain a loyal audience, but also significantly expand their audience.

"Museums are new media" – this thesis is increasingly heard at conferences dedicated to the present and future of museums. The role of the media is claimed not only by the websites of museums, their public posts on social networks and channels in messengers, but the very principle of interaction with the audience, new formats of exhibitions and presentations of collections are increasingly being built in accordance with the basic rules of working with the media audience. Experts note the convergence of tasks, common processes, common key performance indicators for museums and media, and the practice of museum storytelling is becoming one of the important phenomena in the concept of the modern information space.

It is equally important to reduce the distance between the museum, as a cultural institution working with "high art" and heritage, and the ordinary visitor. There are no fundamental differences between large and small museums in terms of online strategies. Large museums usually have wider technical capabilities for organizing virtual tours and broadcasts, but the effect of an expensive museum broadcast is often inferior to the effect of a creative project on Facebook. It is

important to ensure that remote forms of work with the viewer motivate him to return to the museum after the quarantine is completed and discover something new through direct museum experience. Technical differences don't solve much here.

A lot of actions in the online space are completely ineffective, because it is not clear who they are focused on. It is important to determine how and for whom we work, which tools allow us to maintain interest in the museum product. Museum professionals will have to respond to these challenges quickly and systematically. The online activities of museums, forced due to quarantine, will be more actively used after the end of the epidemic in their educational and communication activities. The use of remote technologies will become more competent and meaningful, will go beyond posting photos from the opening of the exhibition in social networks and online broadcasts watched by several people.

The development of the museum concept begins with the construction of a story that can engage the visitor both intellectually and emotionally. Museums analyze the behavior of the audience, its interests, habits and preferences in order to create interactive expositions and engaging content. The selection of technologies in the museum environment should be approached carefully. Fashionable and new developments do not always enrich the experience and often attract excessive attention to the technological solution, not to the essence of the exposition.

Museum storytelling is when a museum tells a story about exhibits the way the media would. All the tools are involved here: multimedia, interactive, the development of history in space, promotion, user content. There are top 3 trivial factors. The first is that digital tools do not provide a good story, although we often encounter the opposite view of the world. The second is that there are many free useful tools, and the third is that they are easy to use.

Design: visual series, structure and logic.

Content: texts and media.

Development: software and hardware.

But the main thing is the story. Moreover, the museum has always been a storyteller. Any modern exhibition or exposition is built according to the laws of drama: the beginning, the culmination and the finale. After the exhibition, the viewer should receive some kind of set of emotions that is comparable to reading a good book or watching a movie.

During the quarantine period, the "Saraishyq" Museum launched the project "The History of One exhibit". In order to avoid a repeat of the project of the same name in all museums, this year the name of the project was replaced with "The Thing in focus". The aim of the project is to tell our audience about the inconspicuous, but at the same time interesting and unusual exhibits stored in our collections. We wanted to introduce them to museum rarities and stay in touch with them.

My first story in this project was about ceramic dishes with stamped ornaments. Listening to the story about these dishes, you could find out they were

a special group of ceramic products. Therefore, their color varies from light brown to light gray, and they have almost identical ornaments.

For the manufacture of "stamped" products, different types of clay were used. For the convenience of forming, a mixture of different loess-like and hardened clays was most often used, since they differ in the degree of plasticity. In all the products studied, the dough was dense. And their peculiarity was that they were formed in parts.

Unusually diverse ornaments were the decoration of these dishes. The found exhibits often have geometric (circles, rhombs, crosses) and plant ornaments. An epigraphic ornament consisting of relief Arabic inscriptions occupies a significant place in the decoration of stamped ceramics of Sarayshyq. Most of the space between the ornaments was filled with convex dots. Along with other ornaments, the masters also used zoomorphic plots. The image of fish was widely used, where they mostly stood vertically, in a solid row, or plots where they showed how these fish swim one after another. The reason why fish images were often used is that in the art of the peoples of Central Asia, fish symbolized happiness. (Fig. 1)



Figure 1. Fragments of stamped ceramics, Saraishyq.

This was just one of many exhibits that we have already introduced to our audience during our project. Pottery, ceramic jugs, porcelain bowls and plates, spheroconuses, copper coins, money boxes and various decorative ornaments, even found buttons made of bone – all this has its own unique history, and we are happy to share it with our visitors. For example, one of the exhibits I have described is a brick-talisman with a wolf trail (Fig.2). During the study of this material, I learned from what and how such bricks are made, for what purposes they are used, widespread beliefs and prejudices about them, and medieval cities and places where they were used.

It's known that since ancient times, the wolf has been a sacred concept not only for Kazakhs, but also for all Turkic peoples. The grey wolf (kók bóri) is a totemic symbol and there are many traditional beliefs about them. Therefore, at that time, various things were popular as amulets associated with wolves.

Bricks with wolf tracks were used as a talisman. Many sincerely believed that if they built a house with such a brick, then this amulet would protect the family from evil and they would always be accompanied by prosperity and luck. Such bricks were made from local clay, and used in the construction of houses and mausoleums. In order to prepare them, they found wolf tracks that were clearly visible after the rain, cut them out before they dried, and only when they began to harden, processed them in the form of bricks. They leveled the sides, cut out the

corners, and only then burned them. Sometimes, when searching, they found traces of other animals, cut out and made bricks out of them, too.

Such bricks are found not only in Saraishyq, but also in the medieval city of Koktam and in the mausoleum of Alasha Khan in Ulytau. The bricks found in Saraishyq belong to the Golden Horde period.



Figure 2. Brick-talisman with a wolf trail, Saraishyq.

All these stories were accompanied by very interesting images of the exhibits from different angles, places where they were found, and we also showed other things that were mentioned in the video so that people not only heard, but also saw with their own eyes all this. In this way we tried to evoke visual associations in our listeners. We do everything to provide our audience with high-quality content.

The museum is a repository of the past, a place where you will be told about history and secrets, forgotten events and little-known facts. And its main value is the exhibits. Each exhibit, like a person, has its own interesting fate, distinctive character. Nothing can compare to see all these things with your own eyes in person. However creating and using new online projects is a new step towards the future. The digital age bears the imprint of a new information society. And now that everyone has access to the internet, attracting visitors with storytelling is a good strategy.

List of used literature:

1. Huseynova A.G., Features of excursion storytelling on the example of fabulous images of tourist complexes and museums of the Yaroslavl region.
2. Wiesinberg J., Storytelling in museums (and not only). Lorem Ipsum, New York.
3. Karpova O. Flash Mobs and storytelling: Museums are mastering new online strategies.
4. Samashev Z., Kuznetsova O., Plakhov V. Ceramics of the Saraishyq.

ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮР – ХАЛЫҚТЫҢ СЫРТҚЫ БЕЙНЕСІ

Қартанбаева Н.Т. - «Сарайшық»
мемлекеттік тарихи-мәдени
музей-қорығы, жәдігерлермен
таныстырушысы

«Біздің заманымыз – өткен заманның баласы, келер заманның атасы» деген еді Алаш ардақтысы А.Байтұрсынұлы. Таста қашалған жазулар, папирусты қағаздар, кітаптар, газеттер, радиотеледидар - барлығы да ақпарат құралдары. Дәстүрлі медиа - баспасөзде жарияланатын мақалалар мен теледидардан көрсетілетін жаңалықтар болса, ал жаңа медиа дегеніміз – жаңа құралдар арқылы ақпарат тарату. Жаңа медиа құралдары - күнделікті қолданатын ұялы телефон, компьютер, ондағы сайттар, блогтар.

Ақпарат құралдары арқылы адам күніне қанша ақпарат алатынын білу үшін, 2020 жылы орташа есеппен күн сайын қанша дерек пайда болғанын қарап көрейік. Бұл сан күніне 2,5 квинтиллион байтты құраған. Квинтиллион деген сан мөлшерін бірінші рет көріп тұрсаңыз, жалғыз емессіз. Салыстырып көру үшін 18 нөлі бар екенін айта кетейік. Әрине, осы секілді адам күніне, секундына қанша ақпарат өңдейтінін көрсететін толып жатқан өзге де статистиканы келтіре беруге болады.

Медиум сөзі - орта деген мағынаны білдірсе, медиа дегеніміз - ақпараттың ортада емін-еркін алмасуы дегенді білдіреді. Мысалы, дәстүрлі медиада ақпаратты белгілі адамдар тобы немесе журналистер бере алатын болса, жаңа медиа ерекшелігі жаңалықты кез-кезкелген адам тарата алады. Мұның өзі қоғамдық ортада пікір алмасу еркіндігін білдіреді. Жаңа медианың тағы бір қыры - контенттің бит өлшемдеріне дейін ұсақталуы, оның үнемі онлайн режимде әзірленіп, таратылуы болып саналады.

Жаңа медиа ХХ ғасырдың соңында фильм, сурет, музыка, ауызекі және жазбаша сөз тәрізді дәстүрлі медианы қамтитын компьютер мен коммуникациялық технологиялардың, компьютермен лайықталған құрылғылар мен Интернеттің интерактивті қызметтерін танытатын медиа ғылымда пайда болған термин [1].

Бүгінде дәстүрлі медиа мен жаңа медианың бірігіп жұмыс атқаруы қарқынды дамып келеді. Жаңа медианың ең басты ерекшелігі- екі жақты қатынастан тұрады. Ақпаратты беруші және оған жауап қайтарушы. Яғни сайт арқылы проблемалық мақала көтерілетін болса, астында бұқараның өткір де өзекті пікірлерін көре аласыз. Жаңа медиа - жаһандандудың үлгісі ғана емес, жаңалық берудің жаңа жаршысы.

Ал музейдегі медиа дегеніміз бұл көрермен мен музей экспозициясын байланыстырушы деп қарауға болады. Интерактивті және мультимедиялық өзара байланыс түрлері бүгінде музей жұмысының барлық аспектілерін қамтиды. Жаһандану, инновациялық экономика, музейлерге онлайн-

технологиялардың енуі, қоғамның инновациялар мен болашаққа бет бұруы бүкіл әлемдегі музейлер дамуының негізгі қозғаушы факторына айналды.

Қазіргі уақытта басты талап келушілер мен музей экспозициясы, жәдігерлер арасындағы алшақтықты азайтудың жаңа тәсілдерін іздеу болмақ. Соңғы уақыттағы үрдіс-ақпаратты нысаннан(жәдігерден) бөліп жеткізу. Техникалық жаңашылдық әлеуметтік прогреске және адамдар мен жаңа технологиялардың арасындағы өнімді байланыстарға әкеледі.

Болашақтың музейі - бұл тарихи-мәдени мұра нысандары туралы ақпаратқа интерактивті қол жеткізу кеңістігі. Музейлерге онлайн-технологиялардың енуі, қоғамның инновациялар мен болашаққа бет бұруы — өзара байланысты әлемдегі музейлердің өзгеруінің, дамуының қозғаушы факторлары болмақ.

Музейдің қазіргі таңда қолданыстағы жаңа медиалары – мультимедиялық технологиялар, ақпараттық дүңгіршектер(киоск), сенсорлық басқару, мобилді қосымша, музей навигациясы, цифрлық жәдігерлер, AR, VR-көзілдіріктер, жеке әсерлер, ғылым мен мәдениеттің байланысы, әлеуметтік желілер, дыбыстық сүйемелдеу.

Дәстүрлі таныстырылым ғана емес, заманауи медиа түрлерін де қолдану арқылы насихат жұмысы жүзеге асырылып келеді. Қазіргі кезде музей жұмысын насихаттауға зор мүмкіндік беріп отырған әлеуметтік желілер. Фейсбук, Инстаграмм сияқты үнемі қолданылатын желілер арқылы музейдің тыныс-тіршілігін насихаттап, түрлі шаралар ұйымдастырып, онлайн байланыстырға шығу заманауи қажеттілікке айналды. Жаһандық пандемия кезінде онлайн жұмысқа тәуелді болдық.

Тарихи экспозициялардағы жаңа медианың бірі – музейдің бейнеэкскурсиялары. Онлайн форматта музей экспозициямен таныстыру ең тиімді жолдың бірі екені көпке мәлім.

Осындай 2020 жылдан жалғасып келе жатқан жобаның бірі «Дәстүрмен кездесу». Қазақтың ұлттық салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын насихаттау мақсатында жүзеге асырып келе жатқан жобада ұлттық бай мұрамыз баяндалады. Салт-дәстүрсіз халық болмайды. Салт-дәстүр халықтың сапалық қасиетінің, моральдық өмір сүру нормасының басты өлшеуіші. Ата салты мен халықтық қасиетін ардақ тұтқан ұтады. Ұлттық салт пен дәстүрдің тууы ұлттың ұлт болып қалыптасуына байланысты. Әдет-ғұрып замандар бойы сыннан өтеді. Өз дәуірінде ардақталып, ата-бабадан әулетке мұра болып ауысып, рудан-руға, ұрпақтан-ұрпаққа жетеді. Олар халықтың сыртқы бейнесі болып табылады. Онсыз халық бет әлпетсіз бейне, болымсыз тас мүсін тәрізді... [2].

Осы таңдағы қазақтың ұлттық тәрбиесінің алтын қазығы оның салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпын әлеуметтік желі арқылы насихаттауды музей қызметі бөлімінің мамандары жолға қойған. Жоба басталғалы «Алаша тоқу», «Ең әдемі киім- ұлтыңның киімі», «Қазақтың саяткерлік өнері», «Өрмек тоқу», «Сазсырнай», «Домбыра», «Қамшыгер», «Зергерлік», «Ағаштан түйін түйген», «Наурыз», « Құда түсу,Қамшы қайтару», «Бесікке салу», «Тұсау кесер», «Үлпершек», тақырыбымен бейнебаяндар дайындалды. Бұл жерде

тек әдемі көріністі көрсетіп қана қоймай, сол тақырыпты ашып, аталмыш салт-дәстүрді бейнелейтін өнерді, бұйымды қалыптастыру жолдарымен таныстырады. Дана ұлтымыздың әрбір салты, әдеті, ғұрпы тегін жасалмаған. Олардың астарында зор философия жатыр.

«Дәстүрмен кездесу» айдарында 12 тақырыпты қамтып, ұлттық дәстүрлерімізді халыққа насихаттадық. Ұлттық дәстүрлер ішінен «Қамшы қайтару мен Құда түсу», «Үлпершек», тақырыптарына тоқтала кетсем.

Қазақтың атадан балаға мұра болып келе жатырған дәстүрлерінің бірі «Құда түсу, Қамшы қайтару».

Құда түсу - қазақтардың ертеден және қазір де жалғасып келе жатқан жақсы әрі жарасты дәстүрлердің бірі.

Жігіттің әкесі немесе оның жақын туыстары қызы бар үйге құда түседі, яғни бойжеткен қызын өз ұлына сұрайды. Құдалар құрметке лайық сыйлы адам деп саналады. Қыз әкесі келісім берген соң құдалықтың жөн-жоралғыларын жасайды. Оның түрі өте көп, мысалы: құда аттанар, құда тарту, ат байлар, құйрық-бауыр жегізу, тағы басқа ырымдары мен кәде алымдары болады. Құдалықты басқарып барған адам “бас құда” деп аталады. Тұрмыс құратын жігіт пен қалыңдықтың әкелері бір-біріне “бауыздау құда” деп аталады.

Құда түсу- қазақтың ең үлкен той думаны, мәртебелі әрі жарасты мән маңызы бар салт-дәстүрлерінің бірі. Онда түрлі ойын-сауық, әзіл-қалжыңдар, балуан күрес, айтыс өлеңдер айтылады. Екі жақ та бір-бірінің артықшылығын байқап кемшілігін сынап отыратыны бес енеден белгілі.

Қамшы қайтару — қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрі. Аталған дәстүр — құдалық, яғни, құда түсу жолында жасалатын таза қазақи ұғымды көрсететін жолдардың бірі. Мұның жөн-жосығы былай. Ұлына қалыңдық іздеген жігіт әкесі ауылдың ақсақалы мен азаматтарына және өз туыс-туғандарына жолығып, шаруасын айтады. Бұған жанашырлар ақыл қосып, пәлен жерде осындай жақсы адам бар және оның бойжеткен қызы барын айтады. Әрине, бұл жерде болашақ құдалардың текті аталардан болуын әркім қалайды. Сөйтіп жігіт әкесі өзінің беделді адамдарын ертіп қыз әкесінің үйіне барып түседі. Қонақасын ішіп аттанған қыз әкесі өз қамшысын кереге басына іліп кетеді. Мұны көрген қыз әкесі келген кісілердің аты-жөнін, ата-тегін білгеннен кейін, оларға тиісті жауабын беруі керек. Егер қыздың басы бос болмаса (яғни, біреуге айттырылып қойылса) немесе қызын бергісі келмесе қамшы иесіне қайтарылады. Мұны «қамшы қайтару» дейді. Бұған жігіт әкесі ешқандайда ренжімейді [3].

Келесі әңгімелейтін дәстүр – үлпершек. Біз біле бермейтін, асхана мәзірінде де мүлдем кездеспейтін, тек кітаптан ғана оқитын немесе үлкен қариялардан ғана естіп біліп жүрген ұлттық тағамдарымыз да өте көп. Қазіргі кезде олардың көпшілігі мүлдем ұмытылып барады десек те болады. Ұмытылып, жадымыздан шығып бара жатқан ұлттық тағам түрлері көп. Сондай тағамдардың бірі- үлпершек. Аты таңсық бұл тағам малдың тұтас жүрегінен дайындалады. Малдың қадірін біліп, қасиетін бағалағ

ан бабаларымыз төрт түліктің еті мен сүтінен тағам түрлерін пайдалана білген. Ертеректе тұрғындарда тоңазытқыш, мұздатқыштар болмағандықтан, мал етін тұздап, сүрлеп пайдаланған, сондықтан тағамның түрлерін, әзірлеу жолдарын ұрпаққа үйрете білген. Маңғыстау өлкесінің тұрғындары үлпершекті тұрақты түрде пайдаланып келген. Мал жүрегінің сыртындағы қапшығы (түйе, қой, жылқы, сиыр) үлпершегінен дайындайды. Әсіресе, түйе мен қойдың үлпершегінен дәмді тағам дайындаған. Маңғыстаулықтар көбінесе қойдың үлпершегінен жасайды. Жүректің сыртқы қабының ішіне жұмсақ ет пен майдан турап салып, тұздап, бұрыштап тілінген жерін тігіп сорғытып, кептіріп, наурыз айында уызбен пісіріп қонақтарға ұсынады. Алыстағы қыздар мен жиендер қонаққа келгенде, басқа еттерге қосып асып, қонақтарына ұсынған. 1970-жылдарға дейін түйенің үлпершегінен де жасағандарын көнекөз әжелер айтады.

Үлпершекті ұзатылған қыздың **сыбағалы асы** деп айтуға да болады. Ерте кезде қызын алысқа ұзатып, артта қалған ата-ана осы үлпершекте тұздалып, сүрленген тамақ арқылы «Сен әке-шешеннің жүрегіндесің! Біз сені сағынып жүрміз!» - дегенді де білдірген екен. Екінші жағдайда, қазақта баланы атасы мен әжесі бауырына басады. Ұзатылған қыз төркіндеп келген кезде анасы құмарланып бауырына баса алмай қиналады. Сол кезде ардақты аналарымыз үлпершекті жасап, қыздарына махаббатын білдіреді екен. Төркініне келген үлпершекті жеген қыз ата-анасының жүрегінде мәңгілік екендігін сезінеді деп ойлаған.

Үлпершек – әдемі жүректің пішініне ұқсас жұмыр болғандықтан, қазақта балаға теңеу айтқанда «үлпершектей» - екен деп те жатады. Қазақ қолөнерінде үлпершек пішінінде қолданылатын өрнек түрі де бар. Пішіні үлпершекке ұқсас өте әдемі болғандықтан, ою-өрнектерге қосқан.

Әсем сөздің мәйегін заңгер, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, Т. Айбергенов атындағы әдеби сыйлықтың иегері Балапан Даража Нәбиқызының «Үлпершек» өлеңімен жеткізуді жөн көрдік.

Көңілге түйіп, көзге ілген,
Сағыныш табын білдірген,
Қазақта бекзат дәстүр бар,
Сыбаға берген үлбірмен.
«Үлпершек» деп ат қойып,
Жүректің қабын үргізген,
Жылқының жылы-жұмсағын,
Ішіне салып бүргізген.
Төркіннен сыйлы сыбаға,
Қыздарға арнап бергізген.
Үкілеген қыздарын
Сәукеле киген шағында
«Үлпершек келді» дегізген.
Жадының жібін жалғатқан,
Ата дәстүр, соны ізбен.
Жүрегінің кеңдігі,

Өлшенген дала, теңізбен.
Ұлдарға - енші, қыздарға-
Сияпат-сыйы егізден.
Асылдан жиып жиһазын,
«Шаңырақ-түйе» мінгізген.
Қайран бабам, ұрпаққа,
Жол салған, ағла - негізден.
Жоралғы, нышан, жөн берген,
Қасиетпен халқым, егіз бе ең?!

Пайдаланған әдебиеттер тізімі.

1. Ажар Орынбасарова. Жаңа медиа - жаһанданудың жаңа үлгісі. Bugin.kz. 28.01.2019ж.
2. Назерке Ерсайынқызы.
Ұлттық салт-дәстүр халқымыздың рухани өзегі.
Адырна. KZ. 17.10.2019 ж
3. Ардақ Сәкенқызы
Әр қазақ қамшының қасиетін білсе... Қармақшы таңы 8 тамыз 2020 ж.

Түйін

Қазақтың ұлттық салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын насихаттау мақсатында жүзеге асырып келе жатқан жобада ұлттық бай мұрамыз баяндалады. Салт-дәстүр халықтың сапалық қасиетінің, моральдық өмір сүру нормасының басты өлшеуіші. Әдет-ғұрып замандар бойы сыннан өтеді. Өз дәуірінде ардақталып, ата-бабадан әулетке мұра болып ауысып, рудан-руға, ұрпақтан-ұрпаққа жетеді. Олар халықтың сыртқы бейнесі болып табылады. Дана ұлтымыздың әрбір салты, әдеті, ғұрпы тегін жасалмаған. Олардың астарында зор философия жатыр.

Түйін сөздер: ақпарат, жаңа медиа, салт-дәстүр, үлпершек.

Резюме

В проекте, реализуемом с целью пропаганды казахских национальных традиций и обычаев, рассказывается о богатом национальном наследии. Традиции являются главным измерителем качественного состава населения, норм нравственной жизни. Обычай подвергается критике на протяжении веков. Уважаемые в свою эпоху, переходя от предков к династиям по наследству, переходит из рода в род, из поколения в поколение. Они являются внешним образом народа. Каждый обычай, традиции нашей мудрой нации созданы неспроста. В их основе лежит огромная философия. Ключевые слова: информация, новые медиа, традиции, үлпершек.

ИННОВАЦИОННЫЕ ИДЕИ МУЗЕЯ

Шеркешбаева А.С. - Государственный историко-культурный музей-заповедник «Сарайшык», экскурсовод

С 2019 года в Государственном историко-культурном музее-заповеднике «Сарайшык» стартовала экспериментальная акция "Я покажу тебе музей". По проекту посетители проводили "авторские" экскурсии по постоянной коллекции и выставкам на нестандартные темы, а также мини-лекции о музее и его коллекциях.

Основной целью проекта было усиление потенциала и развитие мер по сохранению, переосмыслению и продвижению историко-культурного наследия, с тем, чтобы они постепенно становились участниками диалога по вопросам историко-культурного наследия в своих местных сообществах, странах, а также на международном уровне.

Участникам важным является восстановление и сохранение культурных ландшафтов и их разнообразия, правильное и эффективное использование ресурса историко-культурного наследия для развития данного исторического объекта. Поэтому участники проекта обращались не только к проблемам сохранения и использования историко-культурного наследия, но и к современным вызовам, которые стоят перед всеми нами сегодня. Это вызовы, касающиеся интерпретации, переосмысления и введения в современный социокультурный контекст культурных достижений прошлого.

Проект стал долгожданной возможностью обменяться информацией по наиболее важным вопросам с коллегами из разных стран, а также донести свое видение, тревоги и предложения до широкого круга заинтересованных сторон.

Оказалось, что для участников актуальными являются часто одни и те же или схожие задачи и вопросы. Среди них: сохранение уникальных ремесленных традиций и творческих практик; повышение культуры памяти; отношение к историческому наследию, а также работа с историко-культурным наследием; сочетание традиции и инновации в нашей жизни; сбор, детализация и предоставление информации об объектах культурного наследия; формирование стратегий местного развития на основе сильной культурной идентичности, повышение качества жизни средствами культуры и ряд других.

Для движения по этим достаточно сложным темам мы предложили участникам проекта определенную структуру деятельности (см. Схему 1).

Действие → Инфраструктура → Рефлексия → Предъявление

«Действие» означает креативный проект, который ориентирован на достижение практического конкретного результата или продукта через участников.

«Инфраструктура» означает здесь деятельность, которая вносит вклад в устойчивое продолжение нового социокультурного содержания, созданного проектом.

«Рефлексия» — еще один важнейший для нас компонент, включивший организацию мест для осмысления применяемых практик.

«Предъявление» означает на схеме широкое публичное представление и распространение нового содержания, созданного креативным проектом («Действием»).

Наследие сложно определить только через историческую формацию, или событие. Напротив, наследие — это процесс, в ходе которого люди используют прошлое как «дискурсивную конструкцию» с материальными последствиями¹. Поэтому как свойство общества оно вездесуще, вплетено в динамику власти и тесно связано с построением идентичности как на общинном, так и на личностном уровнях.

В ходе совместной работы и двухлетней коммуникации мы все прошли непростой мысле-деятельностный путь:

- от наследия как суммы свойств конкретного памятника;
- через наследие, сформированное пространством памятного места;
- через наследие, используемое как продукт для туризма;

На этом пути мы сменили фокус нашего внимания с распредмечивания (узко предметных и дисциплинарных форм и представлений о наследии) на междисциплинарность, а затем — с защиты памятников и монументов на интерпретацию элементов и связей наследия².

Мы попытались расширить временной диапазон представлений о наследии, дополняя известные и очевидные практики в области наследия в настоящем, историческим опытом обращения с наследием в прошлом и осознанием наследия, как ресурса для будущего³.

Надеемся, что более глубокое понимание наследия позволит нам выйти за рамки его восприятия как простой совокупности проблем, которые необходимо решить здесь и сейчас. Оно послужит инструментом для будущих

дискуссий о национальной идентичности, авторитете в обществе не только на уровне наших стран, но и на международных коммуникационных площадках.

Наследие - не вещь и не существует само по себе. Наследие сложно, если вообще возможно, определить через категории академических дисциплин.

Точные научные данные, историческая хронология, корректная формулировка событий и прямые цитаты имеют мало общего даже с коллективной памятью, не говоря уже о влиянии этих знаний на социальное поведение и социальные отношения. И то, и другое регулируется культурой, а культура во многом базируется на «фундаментальных ценностях».

Однако ценности сами по себе, в их идеальном модусе существования, не подвержены влиянию времени. Время, энтропия, старение, разрушение и

исчезновение грозят не самим ценностям, а материальному или информационному воплощению ценностей.

Наследие — это то новое, что мы делаем из старого. И работая с ним как с тем,

что мы транслируем в будущее, мы по-новому смотрим на прошлое, по-новому понимаем его. Как бы парадоксально это ни выглядело, работа с наследием может творить инновации. Вот таким инновационным шагом стала проведение акции «Я покажу тебе музей».

Список использованной литературы

- 1 Smith, L. 2006. Uses of Heritage, (London; Routledge).
- 2 Cultural Heritage and Politics of the Past: An Interview with Dacia Viejo-Rose (Interviewed by Sherman Teichman).
- 3 Harvey, D.C. 2008. “The History of Heritage,” (in The Ashgate Companion to Heritage and Identity).

«САРАЙШЫҚ» МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫНЫҢ ТМД МУЗЕЙЛЕРІМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Мұғиев Т.А. - қор сақтаушы
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени
музей-қорығы РМҚК

Қазіргі музей қоғамдық пікірді қалыптастыруға қатысады. Бұл жаһандану жағдайында өте маңызды. Халықаралық көрмелер қоғамдық пікірге әсер етеді, сондықтан халықаралық қатынастардың жағдайын анықтайтын факторлардың бірі болып табылады.

Музейдің көрме қызметі музей мен көрермен арасындағы басты байланыстырушы буын болып табылады, музейдің ғылыми жетістіктерін жедел айналымға енгізуге, халықтың күнде өзгеріске ұшырайтын мүдделері мен қажеттіліктеріне ден қоюға мүмкіндік береді. Қазіргі заманғы көрмелер аймақ, ел деңгейінде мәдени оқиға ғана емес, сондай-ақ халықаралық маңызға ие болды [1, 18 б.].

Көптеген музейлерде тұжырымдамасына негізделген және оның ерекше бейнесін жасайтын арнайы дизайны, түсініктемелері бар тұрақты көрмелер бар. Сондай – ақ, музейлерде мәдениетаралық байланыстарды нығайтатын уақытша көрмелер жасақталады. " ... көрмелермен немесе жеке туындылармен халықаралық алмасу әрқашан өте танымал болды және уақыт өте келе оның танымалдығы мен құндылығы арта түсті " –деген маман пікіріне жүгінсек болды [2, с. 66].

Соңғы онжылдықтарда мемлекеттер арасындағы қарым-қатынас процесі, мәдениетаралық байланыстардың нығаюы әлемдік музейлердің көрме қызметіндегі интеграциялық процестердің қарқынды дамуына әкелді. Бұқаралық ақпарат құралдарының бірі ретінде қарастырылған музей көрмесі тек белгілі бір түрде ғана емес, сонымен қатар оқиға немесе құбылыс туралы білімді таратуға, сонымен бірге өткенді жаңартып, оны қазіргіге бейімдеуге және болашаққа әрлеп жеткізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ" ... ұлттық бірегейлік пен өзін-өзі тануды қалыптастырудың ғана емес, сонымен бірге халықтардың интеграциясының факторы ретінде қызмет етеді " [2, с.11]. Музей көрмесінің рөлі мен маңызын осындай түсіну оның мәдениетаралық бағытына баса назар аударуға мүмкіндік береді.

Осылайша, Сарайшық музей-қорығы музей ісі саласында халықаралық мәдени ынтымақтастықты жүзеге асырады. Көрме қызметі арқылы шет елдер музейлерінің, жеке тұлғаларының өнерін көрсете отырып, музей сол елдің мәдениетін жеткізуші болып табылады, халықаралық мәдени байланыстарды нығайтуға және кеңейтуге жәрдемдеседі.

Интерактивті және мультимедиялық өзара байланыс түрлері бүгінде музей жұмысының барлық аспектілерін қамтиды. Жаһандану, инновациялық экономика, музейлерге онлайн-технологиялардың енуі, қоғамның инновациялар мен болашаққа бет бұруы бүкіл әлемдегі музейлер дамуының негізгі қозғаушы факторына айналды.

Болашақтың музейі - бұл тарихи-мәдени мұра нысандары туралы ақпаратқа интерактивті қол жеткізу кеңістігі. Музейлерге онлайн-технологиялардың енуі, қоғамның инновациялар мен болашаққа бет бұруы — өзара байланысты әлемдегі музейлердің өзгеруінің, дамуының қозғаушы факторлары болмақ.

Қазіргі кезде музей жұмысын насихаттауға зор мүмкіндік беріп отырған әлеуметтік желілер. Фейсбук, Инстаграмм сияқты үнемі қолданылатын желілер арқылы музейдің тыныс-тіршілігін насихаттап, түрлі шаралар ұйымдастырып, онлайн байланыстырға шығу заманауи қажеттілікке айналды. Жаһандық пандемия кезінде де онлайн жұмысқа тәуелді болдық.

Тарихи экспозициялардағы жаңа медианың бірі – музейдің бейнеэкскурсиялары. Онлайн форматта музей экспозициямен таныстыру ең тиімді жолдың бірі екені көпке мәлім. Әсіресе, халықаралық мәдени байланыстарда әлеуметтік желілерді қолдану басымдырақ болды. «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы Әзірбайжан Республикасы Әзірбайжан Ұлттық Кілем музейімен 2021 жылы жасалған ынтымақтастық туралы келісімшарт бойынша өзара қарым-қатынасын онлайн-саяхат өткізуден бастады. Екі музей инстаграмм парақшасында тікелей эфирде көрме ұйымдастырып, пікір алмасты.




2021 жылы жүзеге асқан келісімнің бірі - Башқұртстан Республикасы Уфа қаласының қалалық округінің муниципалды бюджеттік мекемесі «Уфа қаласының тарихы» музейімен тікелей эфирде кездесу өткізді. Кездесу барысында музей басшылары Ә.Мұқтар мен Т.Ильясов бірігіп атқарылатын жұмыстарды талқылады. Тарих ғылымдарының кандидаты Тимур Тагирұлы «Уфа қаласының тарихы» музейіне қысқаша шолу жасап, соңынан музейге онлайн-экскурсия жасалды. Уфа қаласының өткені мен бүгінін қамтитын бейнебаян көрсетілді. Кездесу соңында музей басшылары тікелей эфирде өзара ынтымақтастық келісімшартына қол қойды. Бұл болашақта бірігіп атқарылатын іргелі істердің алғышарты болды. Биыл уфалық әріптестерімізге Сарайшық қаласының тарихымен таныстырып, көрме өткізілді.





«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы ағымдағы жылы Ресейдегі Саха Республикасының «Ытык-Кюель әдеби-көркем "Таатта" музей-қорығы» мемлекеттік бюджеттік мекемесімен, Дағыстан Республикасының «Дербент мемлекеттік тарихи-архитектуралық және археологиялық музей-қорығы» мемлекеттік бюджеттік мекемесімен өзара түсіністік және ынтымақтастық меморандумдарына қол қойды. Музейлер келісімшарт бойынша бірлескен жұмыстарды жүргізуді жолға қойды. РФ Саха Республикасындағы Ытык-Кюель «Таатта» әдеби-көркем музей-қорығымен өзара ынтымақтастық келісімшарты бойынша онлайн көрме өткізді. Көрмеде ортағасырлық Сарайшық қаласының тарихымен, археологиялық қазба барысында табылған жәдігерлермен таныстырып, аңыздарын әңгімелейді. Көрме соңында сахалық әріптестер көрмені қызыға тамашалап, ризашылықтарын білдірді. Бұл көрме сахалық әріптестердің 4 қарашаға жоспарлаған «Өнер түні» мәдени шарасы аясында тамашаланды. Ортағасырлық Сарайшықтың тарихына қаныққан сахалық әріптестер өз алғыстарын білдіріп, қазақша ән орындап, қазақтың ұлттық тағамдарын дайындады. Біз де өз тарапымыздан әріптестерге алғысымызды білдіреміз.





Мероприятие прошло на ура 🙌 спасибо за экскурсию

Дағыстан Республикасының "Дербент" мемлекеттік тарихи-архитектуралық және археологиялық музей-қорығының Нарын-қала архитектуралық кешеніне онлайн саяхат жасалды. Қарт Каспийдің жағасында орналасқан Ресейдің ең көне қалаларының бірі саналатын Дербенттегі Нарын қала архитектуралық кешенінің негізі б.з.д. VIII-VII ғғ. қаланған. Сонымен қатар, XIII-XIX ғасырлардағы архитектуралық ескерткіш ғимаратында орналасқан «Ежелгі Дербенттің мәдениеті мен тұрмысы» музейінің нысаны - «Қыздар моншасына» саяхат жасады.



Биылғы жылы тамыз айында "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының қызметкері Т. Мұғиев РФ Тюмень облысы Тоболск қаласында өткен Сібір татарларының XIII Халықаралық "Искер-жыен" фестивалі аясында ұйымдастырылған "Историческая судьба Искера" XIV бүкілресейлік ғылыми-практикалық конференциясына қатысты. Конференция жұмысында "Сарайшық" музей-қорығы атынан сөз сөйлеп, Сарайшықпен байланысқан Қазақ хандығының, Ноғай ордасының Сібір хандығымен, оның астанасы Искер қаласымен тарихи-мәдени байланысы туралы баяндап, "Сарайшық" музей-қорығы атынан естелік сыйлықтар табыстады. Фестивальдің 2-ші күні "Искер-Жыен" жерінде конкурстық бағдарлама болды. Конкурса Ресейдің Омбы, Новосибирск, Қазан, Нефтеюганск, Түмен және Қазақстан Республикасынан Астана қаласынан келген өнерпаздар өнерлерін ортаға салып сайысқа түсті. "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының" қызметкері Т.Мұғиев "Искер-Жыен" фестивалі аясында өткізілген "Историческая судьба Искера" XIV Бүкілресейлік ғылыми-практикалық конференцияға қатысқаны үшін сертификат алып, "Алғыс хатпен" марапатталды.



Сібір татарларымен мәдени байланыс жалғасуын көздеп, РФ Тюмень облысы «Наследие» аймақтық татарлардың қоғамдық ұйымымен ынтымақтастық меморандумы жасақталды.

Биылғы жылғы тағы бір жетістік - Ресей ноғайларының федералдық ұлттық-мәдени автономиясымен байланыс орнату болды. Автономияның Жоғары кеңес басшысы Казаков Валерий Сеперович Сарайшық музей-қорығымен байланысқа шығып, өзара ынтымақтастық келісімін жасап, бірлескен жұмыстар жасауға ниетті екендерін білдірді. Келісімге осы жылдың желтоқсан айында РФ Ставрополь өлкесінің Минеральные Воды қаласында қол қойылмақ.

Бұл жұмыстар өз кезегімен жалғаса береді. Сарайшықтың алдында әлемдік аренаға шығу жоспары тұр және оның алғышарттары жасалып жатыр. 2023 жылы Дағыстан Республикасының «Дербент мемлекеттік тарихи-архитектуралық және археологиялық музей-қорығы» өз көрмесін Сарайшықта өткізбек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Сафонов А.А. Музееведение: учебник и практикум для СПО. М.: Юрайт, 2019. 300 б.
2. Лермонтова Е.Н. Галереи в условиях современного художественного рынка. СПб. СПб ГУП, 2001. 75 б.

Түйін

Музей мәдени тұрғыдан ұлттық мәдениетті халықаралық аренада ұсыну, насихаттау құралы ретінде қызмет етеді. Сарайшық музей-қорығы музей ісі саласында халықаралық мәдени ынтымақтастықты жүзеге асырады. Көрме қызметі арқылы шет елдер музейлерінің, жеке тұлғаларының өнерін көрсете отырып, музей сол елдің мәдениетін жеткізуші болып табылады, халықаралық мәдени байланыстарды нығайтуға және кеңейтуге жәрдемдеседі.

Түйін сөздер: көрме, халықаралық, мәдениетаралық, әлемдік.

Резюме

Музей с культурной точки зрения служит средством представления, пропаганды национальной культуры на международной арене. Музей-заповедник «Сарайшык» осуществляет международное культурное сотрудничество в области музейного дела. Демонстрируя через выставочную деятельность искусство музеев, личностей зарубежных стран, музей является

поставщиком культуры этой страны, содействует укреплению и расширению международных культурных связей.

Ключевые слова: выставка, международный, межкультурный, мировой.

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ САРАЙШЫҚТАН ТАБЫЛҒАН СӘНДІК БҰЙЫМДАР ЖӘНЕ ОНЫҒ ЗЕРТТЕЛУІ

ДИЯРОВА Жанар Кабдулкакимқызы –
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-
қорығы» РМҚК директор орынбасары, магистр
(Атырау қаласы)

Мақалада «Сарайшық» музей-қорығының жәдігерлер топтамасы Қазақстанның материалдық, рухани мұраларын қамтығаны туралы баяндайды.

Қазіргі таңда музей-қорық қорында 5000-нан астам жәдігерлер бар. Олардың көпшілігі Қазақстанның тарихы мен мәдениетінің баға жетпес құндылықтары болып табылады. «Сарайшық» музей-қорығы қорында сақталған сәндік бұйымдарға сипаттама берілген. Және де олардың түсім жолдарын көрсетті. Бірінші және негізгі жолы – археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде табылған артефактілер есебінен коллекцияны толықтыру. Ортағасырлық Сарайшық қаласы орнындағы археологиялық қазба жұмыстары және облыс көлеміндегі басқа да қазба-барлау экспедициялары арқылы. Екінші жолы - экспонаттар санын қарапайым азаматтардан қабылдай отырып «Музейге сый» акциясы есебінен және шет мемлекеттердегі жәдігерлер көшірмелерін алу арқылы.

Бұл мақала Сарайшықты зерттеуші үшін де, қала тарихына қызығушылық танытушылар үшін де пайдалы ақпарат болып табылады.

Негізгі сөздер: Сарайшық, жәдігерлер, музей-қорық, тарих, археология, қор, коллекция.

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет Комитетінің 2021-2023 жылдарға арналған BR10164208 «Қазақстанның батыс өңіріндегі Алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» атты ғылыми жобасы аясында даярланды.

Кіріспе

Сарайшық – Алтын Орданың Ұлы Жібек жолы бойындағы сауда қаласы ретінде ғана танымал емес, ол бай тарихи мұраларды сақтап отырған киелі орын.

Тарихшы ғалымдар Сарайшықтың пайда болуын XIII ғасырда, яғни Шыңғыс ханның немересі Бату ханмен байланыстырады. Әзірге белгілі

болған деректерге сүйенсек, бұл орын туралы жазба мәліметтер XIV ғасырдың алғашқы жартысынан басталады да, оларда Сарайшық гүлденген қолөнері мен сауда қаласы болғандығы айтылады.

Сарайшық туралы алғашқы жазба дерек қалдырған арабтың белгілі географ – ғалымы, саяхатшысы Ибн-Батута. Ол өзінің саяхаттарының бірінде, 1334 жылы «Үлкен Сарай» қаласынан шығып (Сарай-Берке-Алтын Орданың астанасы), Азияға жасаған сапарында Сарайшық қаласында болған. Бұл жөнінде ол: «Біз Сарайшық қаласынан ат жеккен арбамен он күн жол жүріп, Сарайжүк қаласына жеттік. Бұл «Ұлысу деп аталатын» үлкен, терең, ағысы қатты өзеннің жағасындағы гүлденген әсем қала екен және дүние жүзіндегі Бағдаттан кейінгі екінші жүзбелі көпір осында екен» -деп жазған [1, 16 б.]. Сарай-жүк кіші Сарай деген мағынаны білдіреді. Ол кезде Сарай Бату, Сарай Берке қалаларын үлкен Сарай, Сарайшықты кіші Сарай деп атаған. Бұдан кейін Сарайшық жөнінде жазба дерек қалдырған ағылшын көпесі Антоний Дженкинсон. Ол 1558-1559 жылдары Каспий теңізінің солтүстік және шығыс жағалауына саяхат жасауы кезінде Сарайшық қаласына соғады. «Теңізден бір күндік сапарда үлкен өзен жағасындағы гүлденген Сарайшық деген қалаға келдік. Бұл қала орыс патшасымен көңілдес Измаил деген татар князінің қол астында екен. Шығыс пен Батысты байланыстыратын керуен жолының үстінде болғандықтан қолөнері мен саудасы дамыған қала екен» деп сипаттайды.

Сарайшықтың гүлденуіне XIII-XIV ғасырларда керуен жолының Солтүстік Каспий тармағының жандануын тікелей әсер етті. Аталған кезеңде Сарайшықта Жібек Жолының бірнеше тармақтары тоғысты:

- Қытайдан жібек артқан керуен жолдың тіке батысқа шығар тармағымен Алакөл, Дүнгенге, Тараз, Отырар арқылы Сыр бойын жағалап Сарайшыққа келсе,
- Жолдың Қытайдан шығатын келесі бір тармағы Пәкістан, Үнді елдерін аралап, Үргеніш арқылы Сарайшыққа,
- Үшінші тармақ сонау Араб елінен, одан бергі түстік елдерін жуық аралап Сарайшыққа,
- Келесісі Түркия жақтан шығатын жол тармағы, барлығы Сарайшықта тоғысып, сол кезгі астана қалалар – Еділ бойындағы Бату мен Берке атындағы Сарайлардың бірі арқылы одан әрі Еуропаға асатын [2, 81 б.].

Сарайшық қаласы XIII-XVI ғасырларда Батыс пен Шығысты байланыстыратын Ұлы Жібек Жолының бойындағы маңызды бекеттердің бірі болғандығын көруге болады.

Сарайшық қаласының орны зерттеушілердің назарын аударып бастайды. 1937 жылы Сарайшықты Н.Арзютов зерттесе, ал 1950 жылы жазда Қазақ КСР Ғылым Академиясының тарих, археология және этнография институты тапсырмасымен Сарайшыққа Ә.Марғұлан бастаған Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы келеді. Экспедиция құрамында институт ғылыми қызметкері Г.И. Пацевич, аға лаборант П.В.Агапов, фотограф

А.А.Попов болады. Нәтижесінде белгілі археолог Ә.Марғұлан «... қала XIII ғасырда салынған» деп еш бұлтаңсыз дәл айтады [3].

1989-2017 жылдар аралығында ортағасырлық Сарайшық қаласы орнында үздіксіз қазба жұмыстарын белгілі археолог, тарих ғылымдарының докторы З.Самашев жүргізеді [4]. З.Самашевтың зерттеулері нәтижесінде музей-қорық қоры жәдігерлерге толығады.

Музей қорындағы сәндік бұйымдар тобы Сарайшықта жүргізілген қазбалар кезінде табылған және музейге сыйға тапсырылған жәдігерлерден тұрады. Ең ежелгі археологиялық жәдігерге VII ғасырға жататын белемнит тастары мен нефрит тастарын айта аламыз [5].

Ертедегі көне сәндік әшекей бұйымдар көбіне өңделмеген тастардан және әртүрлі жануарлардың тістерінен жасалған. Қазба жұмыстары барысында белемниттер табылған. Белемниттер— басаяқты моллюскілер класына жататын, өліп біткен омыртқасыз жануарлар отряды. Олар жылдар өте табиғи үрдіске байланысты тасқа айналған. Кейін осы белемнит тастарын сәндік бұйымдар ретінде пайдаланған. Музей қорындағы белемнит тастарының ұзындығы 17-20 см, янтарь түсті. «Глядя на белемниты, тридно поверить, что их можно использовать и как украшения. С виду достаточно невзрачные камни, не самого привлекательного цвета. Лишь только форма их притягивает своей необычностью. Однако, после полировки и шлифовки этот минерал может соперничать даже с прославленным янтарем» - деп сипатталады [6.]. Қазіргі уақытта белемниттердің сиқырлы емдік қасиеттері бар деп, негізінен улы бейтараптандыруға қолданады.

Бағзы заманның адамдары асыл тастар адамға зор күш беріп, батыл етеді деп сенген, сонымен қатар жан-жағына кішкентай ғана сәулелерді тарататын қасиеті бар деп санаған. Сондай-ақ тас әшекейлерді адамды түрлі қауіп-қатерден, тіл-көзден, ауру-сырқаудан сақтайтын тұмар ретінде де таққан. Бірақ ол кез-келгеннің қолына түсе бермейтіндіктен, бағалы асыл тастарды көбіне ел басқарған патшалар мен әскери қолбасшылар иелік еткен. Сондықтан ежелгі асыл бұйымдар тек қана ақшалай ғана емес, тарихи жәдігер ретінде жоғары бағаланады.

Осындай бағалы тастардың бірі нефриттен өңдеп жасалған сәндік жапсырмалар музей-қорық қорында сақталған. Шағатай Ұлысына қараған Шыңжаңнан тасылса керек. Тарихта нефриттің негізгі тұтынушысы Қытай елі болған. Сәндік жапсырмалар ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің 2021-2023 жылдарға арналған «BR10164208 Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» жобасы аясында экспедиция нәтижесінде анықталған Қарағайлы мекенінен табылды [7].

Музей қорындағы сәндік бұйымдар қатарына қола айналар, сырғалар, жүзіктер, моншақтар және сүйектен жасалған түймелерді де атауға болады.

Сарайшықта жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған XIII-XIV ғасырлардағы моншақтарға келсек, негізгі бөлігі бір түсті моншақтардан тұрады: ақ, көк, жасыл, қарапайым пішінді қоңыр шыны - шар тәрізді, зоналық, бөшке тәрізді, сақина тәрізді. Ою-өрнекті моншақтар

шыны моншақтардың жалпы санының аз бөлігін ғана құрайды. Ою-өрнек бойынша бұл моншақтар дақты, жасушалы және толқынды болып бөлінеді.

Толқынды сызық тәрізді ою-өрнегі бар жолақты моншақтар спираль түрінде бірнеше рет қайталанып, тесіктің бір шетінен екінші шетіне дейін созылды. Бисер түрлерінің кең таралуы мен ұқсастығына сүйене отырып, зергерлік бұйымдардың жекелеген түрлеріне сұраныс тудырған сән болған деп болжауға болады. Сонымен қатар моншақтар өздерінің түстерімен сипатталады (көк, ақ, қара шыны), бұл осы түстердің белгілі бір мағынасын көрсетеді [5]. Әр түрлі материалдардан жасалған зергерлік бұйымдардың алуан түрлілігі Шығыс және Батыс елдерімен орнатылған сауда қатынастарының дәлелі.

Ең кең таралған қарапайым ақша түрі – моллюсклар немесе қайыршақтар болды. Каури, теңіз моллюсктерінің қайыршағы Азия мен Африка елдерінде бұдан 4000 жыл бұрын ақша ретінде қолданыста болған. Бұндай ерекше ақша түрі Үнді және Тынық мұхит аумағындағы елдерге тән болды. Кауридің отаны Мальдив аралдары болғанымен ол заманында әлемнің көптеген еліне жеткізілген. Кауридің мықтылығы, сирек кездесетіндігі, сақтауға және тасымалдауға көп күш жұмсалмайтындығы оны құнды валютаға айналдырғандығы белгілі, алайда барлық құнды қағаздардай ол да кемшіліксіз болмады. Инфляцияға төтеп бере алмады.

Атауы Каури құдай-ананың атымен аталған. Оның екі құнды қасиеті болды: біріншісі, оның көшірмесін жасау мүмкін емес еді, екіншісі, құны мен өзіндік құны арасындағы орасан айырмашылық. Табиғи валютаның ішінде ұзақ жасаған да каури. Олар б.з.д. II ғасырдан XX ғасырға дейін Африкада, Үндістанда, Үндіқытайда қолданылған. Қытайда каури 3500 жыл бұрын ақша есебінде жүрді, кейін оларды мыс тиындар алмастырды, дегенмен жекелеген провинцияларында XIX ғ. соңына дейін қолданыста болған. Тіпті қытайдың ақша деген иероглифі осы кауридің бейнесінен шыққан [8].

Ұлы Жібек жолының бекеті болған Сарайшықтан археологиялық қазба жұмыстары кезінде каури қайыршақтары жиі табылып тұрады. Қазақтарда жыланбас деген атпен таныс бұл қайыршақтарды кішкентай сәбиді тіл мен көзден қорғайды деп бас киімінің маңдайына тағатын болған.

Одан басқа витриналарда асыл тастардан, қызыл ақық (сердолик) өңделген моншақтарда орналасқан.

«Сарайшық» музей-қорығының экспозициясында орта ғасырларда зергерлер жасаған қоладан жасалған сәндік бұйымдар қойылған. Оның ішінде қоладан жасалған айналар. Бір жағы жылтыр, екінші беті геометриялық өрнекпен безендірілген. Ортасында сынған тұтқасының орны бар. Қола айна әсемдік құралы ретінде қолданыста болды. Көпке беймәлім қола айнаның қасиеті оның оптика заңынан тыс, жылтыр бетіндегі суретке жарық түсірсе келесі беттегі бейненің шағылысу арқылы көлемді суреті көрінуі.

Сарайшық қаласының қазба орнынан табылған, XIY ғасырдағы жылқы бейнесіндегі ілінетін құлып, шеңберлі ою-өрнекпен безендірілген. Құлып қорабында кішкентай серіппелі механизм орнатылған. Құлып ілмешегі доға

болып құлып корпусына бекітілген. Доға бөлігі өткізілетін тесік кілт саңылауы фигураның сұлбасына сәйкес орналасуымен ерекшеленеді. Құлыпты итеріп немесе ұрып жабады, кілтпен бұрап ашады [9].

Ілгектер, түймелер киімдерге тек кейбір бөліктерін қосу үшін ғана емес, сонымен бірге киімнің тұтастай сәнін келтіру үшін де қолданылған. Түймелердің барлығы шар тәрізді, ұзын ілгекті, шағын бір көлемде жасалынған. Түймелердің жасалған материалы—домалақ тас, сүйек және паста [5].

Қазақ халқының кез-келген сәндік бұйымы астарлы ақпаратқа толы аса маңызды құрал. Оның тәрбиелік мәні жайында әртүрлі наным-сенімдер мен салт-дәстүрлер де жетерлік. Мысалы: «шашың ұзын болсын, қалың болсын» деп шашбау сыйласа, «қолың өнерлі болсын» деп білезік, сақина сынды шеберлердің туындыларын ерекше қадір тұтқан. Ал сырғаға қатысты ел аузында «құлағың ауырмасын, жаманшылық естіме, бетің ажарлы болсын» деген өсиет те бар. Кейбір аймақтарда жас нәрестеге «тіл тимесін», «пәле-жаладан аулақ болсын» деген ниетпен кішірек айшық тәрізді күміс сырға салған. Атастырылған қыздың құлағына сырға салу салты тағы бар.

Әшекейлердің ішінде көнеден келе жатқандарының бірі – сырғалар. Ол әйел затының бала кезден бастап, өмірден өткенше тағып жүретін әшекей бұйымдарының бірі, сонымен қатар, сырғаның ғұрыптық та мән-мағынасы бар, ол құлаққа дүлей күштерден сақтау мақсатында тағылатын болған. Сонымен қатар дүниеге кеше ғана келген нәресте қыздың құлағына да бірден сырға тағып қоятын болған. Олардың түсінігінше сырға жас баланы қорғап жүретін бойтұмар деп саналған. Музей қорындағы сырғалар тамшы бейнелі төрт шашақтар ілінген, беті оймышталған өрнектерден тұрады.

Сақина-ықылым заманнан келе жатқан саусаққа тағатын зергерлік әшекей бұйымның бірі. Дөңгелек тоғын пішінде келген сақиналар саусаққа сәндік үшін салынған. Сақина-жүзіктердің көзіне көбінесе бағалы тастар (гауһар, лағыл, жақұт, құбыл тас, т.б.) орнатылған. Қазақ халқының сақина тағу дәстүрінде, атам қазақ «сақинаны сәнге салмайды, ол-тазалыққа таразы» деген. Ертеде халқымыз ас адал болу үшін, тамақ даярлайтын әйел қолында міндетті түрде сақина не жүзік болуы керек деп есептеген. Данагөй халқымыз сақина соғылатын күміс, алтынның таттануға ұшырамайтынын, олардың судың, тамақтың тез бұзылмауына септігін тигізетінін, денсаулыққа жағымды әсер ететінін тым ерте байқап, білген. Тіпті күні бүгінде жас келіншектер кішкентай нәрестесін шомылдырар алдында, яки, баланың жөргек жаялығын жуар сәтте, оған сол үйдің үлкендері: «Қолыңа сақина салып ал, тазалыққа тән болады»,—деп ескертіп жүреді.

Сақина дегенде әрдайым алдымен неке сақинасы ойға келеді. Ырым-жоралғыға жүгінсек, неке сақинасы жұп-жұмыр, кедір-бұдырсыз әрі көзсіз болғаны шарт. Неке сақинасын алмастыру дәстүрін болжам бойынша мысырлықтар ойлап тапқан. Сақинаның дөңгелек формасы мәңгілік жұптар арасындағы шексіз бақыт пен махаббатты білдіреді. Еуропалықтар жас босанған ананың саусағында міндетті түрде неке сақинасы болуы керек деп санаған. Қазақ дәстүрін ерекшелеп сипаттайтын ерекше жәдігер бұл - XIX

ғасырдағы құдағи жүзік. Бұл жүзікті «Сарайшық» музей-қорығы қорына мектеп музейі кезінде тапсырылған, Сарайшық ауылының тұрғыны Маханова Ақбибінің жүзігі, жүзікті немересі Маханов Жасұлан тапсырған. Ортасында екі ақық тасы орнатылған [10].

Қазақтың дәстүрі бойынша құдағай жүзікті қалыңдықтың анасы үйлену тойынан бір жыл өткен соң, күйеу жігіттің анасына тарту еткен. Мұндай бағалы сыйлық келінін өз қызындай жақсы көріп, сыйлаған анаға құда жақтан тарту етілген. Мұндай жүзікті алған құдағи оны мақтанышпен тағып жүрді, бұл оның қамқор және жауапты әйел екенін, құрметке лайық екенінің дәлелі.

Кейбір мәліметтер бойынша, құдағай жүзікті қалыңдықтың анасы үйлену тойында күйеу жігіттің анасына қызымен жақсы қарым-қатынаста болу үшін тарту еткен делінген.

Тағы бір сақталған жүзік – сары түсті металдан жасалған. Беті алтыбұрышты өрнекпен әрленген, жүзіктің бетін шеңберіне жалғаған жерде де өрнектер салынған.

Музей қорында сақтаулы жәдігерлердің бір бөлігі - XIV ғасырдағы киімге тағатын жапсырмалар.

Сары түсті метал, киімді әсемдеуге арналған жапсырмалар көлемі 0,5 x 0,5 см, әр жапсырма бетінде бес күлтелі гүл өрнектелген.

Орта ғасырларда зергерлік өнер жекелеген шеберлердің ықпалынан шығып, қолөнерлік өндіріске айналды. Бұған Қазақстан аумағындағы көне қалалар орнынан табылған ескерткіштер айғақ бола алады. Өлкеміздегі орта ғасырлық Сарайшық қаласында сол кездің әлемін тәнті еткен сәулетті сарайлардың, мешіт, медресе, озық құрылыс үлгілерінің болғандығы мәлім. Сондай-ақ археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу барысында табылған күміс, мыс теңгелер, сүйектен жасалған түймелер, моншақтар, сырғалар, әйнектен жасалған түсті сақиналар, киімге тігілетін қола әшекей бұйымдар басқа да сәндік әшекейлердегі әсем ою-өрнектер қала мәдениетінің жоғары деңгейде болғандығын көрсетеді.

Қорытынды

Музей жәдігерлерін тарихи дереккөз ретінде қорларда қалыптасуына тарихи үдерістердің ықпалы бар. Музей қорларының мазмұнына, саны мен сапасына, қор жинау бағыттарына ерек мән беру қажет. Өйткені болашақ ұрпақтың еншісіне түпнұсқалық сипатта, тарихи-мәдени мұра ретінде қалдыру мүмкіндігін арттырады.

Музей қоғам мүддесіне қызмет ететін мекеме болғандықтан, музей қорындағы жәдігерлерге қолжетімділік болу керек.

Сарайшықтың сақталған жәдігерлері – көркем керамика, мифологиялық бейнелері бар жапсырмалар, әшекейлер, теңгелер т.б. болсын бәрі де біздің ата-бабаларымыздың аса бай рухани әлемін көрсетеді, біз әлі танып үлгірмеген сол бір дәуірдің дерегін сыйлайды. Сондықтан құнды жәдігерлерімізді зерттеп-зерделеп, көпшілік назарына ұсыну музейдің негізгі мақсаты боп қала беретіні сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Тасмағамбетов И., Самашев З. Сарайшық. Saraichik. Сарайчик. Алматы: ОФ «Берел». 2001. б.320
- 2 Ғизатов Ж. Ұлы даланың қасиетті күмбезі. Алматы : 2009. б.287
- 3 Мұқтар Ә., Әлкей Марғұлан және Сарайшық // https://www.researchgate.net/publication/344151345_LKEJ_MARGLAN_ZNE_S_ARAJSYK_ALKEY_MARGULAN_AND_SARAIHYK
- 4 Сарайшық музей-қорығы қоры. Археологиялық жұмыстар есебі.
- 5 Сарайшық музей-қорығы қоры. Музей заттарын тұрақты немесе уақытша пайдалануға қабылдау-тапсру актілері. 2003 – 2008 жж.
- 6 Древнейшие украшения: новая находка // <https://www.archeo.ru/struktura-1/otdel-paleolita/novosti/drevneishie-ukrasheniya-novaya-nahodka>
- 7 Сарайшық музей-қорығы қоры. Научный отчет об археологических работах по теме «Исследование средневекового мавзолея в местности Карагайлы», 2022 ж.
- 8 Сағынбаева О. Ортағасырлық Сарайшық жәдігерлері. «Жошы ұлысы және Сарайшық - қазақ мемлекеттілігінің бастауында» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары (10 қазан, 2019 жыл) / Жалпы редакциясын басқарған Мұқтар Ә., Қанай Ө. Алматы. 2019. б.439
- 9 Сарайшық музей-қорығы қоры. Археологиялық жұмыстар есебі, 2019
- 10 Сарайшық музей-қорығы тарихы (1963-2019 жж.): монография / Ә. Мұқтар, Ж. Диярова. – Алматы : Арыс, 2019. – 192 б.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ

Мұқтар Ә.Қ.	3
------------------	---

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Асан Ж., Төреханова Г. Қалу, Сары – Мұса бидің ұрпақтары.....	4
Бекежан Ө.Қ. Сарайшық және Алтын Орданың діни жағдайы	10
Ахметова У.Т. Сарайшық-Үргеніш-Сарайшық көне керуен жолдар мен керуен сарайлар ізімен (ғылыми-зерттеу экспедициясы жұмысының нәтижелері)	15
Әуелбаев С. Қалабасы - ортағасырлық Сарайшықтың бастауы	26

СЕКЦИЯЛАР БОЙЫНША БАЯНДАМАЛАР

Абсаликов А. А. Границы Белой Орды и «дети Нукая» в исторических источниках	31
Касенов М.С. Қорғанша мен Қызылқорған қалалары	41
Мұқтар Ә.Қ. Сарытоғайлық майдангер және оның ұрпақтары	51
Қожа М.Б. Сарайшық құрылыстары туралы кейбір аңыздар, жазба және археологиялық деректер.....	54
Жумабаев А.Ж. Қарақалпақстан аумағындағы керуен-сарайлар	62
Абилова А.Ж. Жойылу қауіпі бар мәдени мұра объектілерімен жұмыс істеудің шетелдік тәжірибесін талдау	67
Бейсенбаева Г.К. Методические рекомендации по изучению городища Сарайшик на примерах археологических раскопок в школьной программе	72
Данабекова Д.И. Қазақстандағы мәдени туризм және оның даму деңгейі	80
Тұрарұлы А. Сарайшықтағы қонақ қабылдайтын кешенді ғимарат – ханның зерттелу тарихы (1996-2017 жж.)	84
Асан Ж., Қалдыбай Б. «Едіге» тарихи-қаһармандық эпосындағы тұтастану құбылысы: сюжеттік және ғұмырнамалық тұтастану	91

Асан Ж., Қалдыбай Б.	
«Едіге» тарихи-қаһармандық эпосындағы тарихи, географиялық және орталықтық тұтастану.....	96
Қиықбай Қ.Қ.	
Абай музейіндегі бірегей жәдігерлер шежіресі.....	102
Ахметова У.Т., Қалиақпар Ж.	
У.Х. Шәлекеновтың археологиялық зерттеулері	108
Байғалиев Ж.Р.	
Батыс Қазақстанның ортағасырлық қалаларындағы қан арналары және суфалар.....	117
Нұрпейісова Э.С.	
Тарихи-мәдени ескерткіштерімізді туризм аймағына айналдыру – болашағымызға келелі нәрсе қалдыру.....	125
Өмірбекова Н.	
Наурыз – халық мейрамы.....	128
Джамалетдин Р.Х., Короткова И.Г., Гордиенко М.	
Развитие музеев в рамках экологического воспитания	132
Курумбаев А.Ш.	
История изучения комплекса эпиграфических памятников «Хан зираты» Бокейординского района Западно-Казахстанской области	136
Шаукенов Ж.А.	
Историко-культурные памятники Костанайской области	142
Утеулиев Ж.Т.	
Алтын Орда мемлекеті: жаңа тарихи көзқарастар мен ғылыми тұжырымдар.....	148
Исалиев А.Б.	
Отчёт экскурсий в «Историко-культурный, архетиктурно – этнографический музей – заповедник Хан ордасы, Бокейординского района, Западно-Казахстанской области»	152
Ахметова У.Т., Айса И.	
Қазақ мұнай өндірісі және мұнайшылар.....	158
Ешмухамбетова А.Ж.	
Охрана памятников историко-культурного наследия Казахстана	171
Мархаба Ә., Рахметуллин А.К.	
Алтын Орда тарихының зерттелуі және оқытылу мәселелері	181
Баймаганбетова Н.К., Абдуллина М., Жұманазар А.	
Нұраддин – Едігенің ең даңқты ұлы.....	190
Баймаганбетова Н.К., Абдуллина М., Жұманазар А.	
Сыпыра жырау.....	194
Тусупова Н.М.	
Ұлттық құндылықтар-білім бастауының қайнар көзі	200
Қабиева Н.С.	
Қазақстандағы ішкі туризм саласының даму мүмкіндіктері.....	205
Коркитова С.М.	
Ұлттық құндылықтар – тәрбие негізі.....	212

Самаликова Ж.Ш.	
Көкжар мешітінің тарихы мен тағылымы.....	216
Айжарық Л.Б.	
Атырау өлкесіндегі ортағасырлық қалалар мен мекендер.....	226
Mustazhar A.Sh.	
Museum storytelling.....	234
Қартаңбаева Н.Т.	
Ұлттық салт-дәстүр – халықтың сыртқы бейнесі.....	238
Шеркешбаева А.С.	
Инновационные идеи музея.....	243
Мұғиев Т.А.	
Сарайшық музей-қорығының ТМД музейлерімен байланысы	245
Диярова Ж.К.	
Ортағасырлық Сарайшықтан табылған сәндік бұйымдар және оның зерттелуі.....	251